


Амандық Жантеміров
Сағындырған ауылым

76.120.1
Ж26

Әбіт Шұғанов атындағы
Солтүстік Қазақстан облыстық
тіл және әдебиет кітапханасына
автордан

23.04.2014 жыл.





Зак. № 4304-50000

Амандық Жантеміров

Сағындырған ауылым

Қызылжар - 2013 жыл

УДК 070
БКК 76.01
Ж 27

Ж 27 САҒЫНДЫРҒАН АУЫЛЫМ. /Амандық Жантеміров.
Қызылжар қаласы, 2013 жыл, 214 бет.

ISBN 978-601-80037-4-5

ҚР мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі Амандық Жантеміровтың бұл кітабы осыған дейін жарық көрген «Атақоныс-Ақтомпақ», «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі», «Жеті атаңды білесің бе?» деп аталатын еңбектерінің жалғасы іспеттес. Өйткені автордың аты аталған кітаптарына Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс ауылының тарихы, Керей руы ішіндегі Қапсыт шежіресі енгізілсе, бұл еңбекте қазіргідей нарық заманының қыспағына шыдай алмай тұрғындары тарыша шашылып, екі қолға бір күрек іздеп жан-жаққа көшіп, жабылып жатқан елді-мекендердің кебін кимес үшін туған ауылын сақтап қалу жолында атқарылып жатқан үлкен іс-шаралар туралы баяндалады. Сондай-ақ кітапқа жерлестеріміз, академик-жазушылар Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсірепов, өңіріміздің басқа да тұғыры биік тұлғалары туралы, Ислам дінінің құндылықтары жайлы мақалалар, сұхбаттар, автордың қызығы да қиындығы мол журналистік қызметі туралы естеліктер, қойын дәптеріне жазып жүрген қызықты оқиғалар да енгізілген.

48670

УДК 070
ББК 76.01

ISBN 978-601-80037-4-5

©ЖАНТЕМІРОВ А., 2013

АЛҒЫ СӨЗ

Өткен, жиырмасыншы ғасырдың басында ата-бабамыз аш-жалаңаш жүріп, орман-тоғайлардың қойнауларындағы мал-жандарына қолайлы қоныстарын тастап, бір жерге жиналып Қарақамыс көліне тақай ауылдың іргетасын қалаған екен. Киерге киім, ішуге тамақ болмаса да жарқын болашаққа сенімнің арқасында барлық қиыншылықтарды жеңе білген олар. Аштық, қуғын-сүргін жылдарында нағыз денсаулықтары мықтылары, қажыр-қайраттары молдары ғана тірі қалған. Біздің ауылдан кемінде без жүз шақырым жердегі Қиялыға (қазіргі Аққайың ауданында) жаяулап-жалпылап барып масақ жинап, егеуқұйрық ұстап, пісіріп жеп, кейбіреуі сонау Челябі, Қорған Түмен, Омбы асып, жансауғаласа да, естерін жинағасын ата-қоныстарына қайта оралған, тірі қалғандары еңіресіп-құшақтасып, қауышқан.

Сөйтіп, Қарақамыс ауылын сақтап қалған. Содан бері қаншама заман өтті. Бізді оқытқанда «Ресейдегі қазан төңкерісінің арқасында Қазақстан феодалдық құрылымнан капитализмді аттап өтіп, бірден социализмге көшті. Бұл тарихта болмаған жағдай» деп айтатын ұстаздар. Ал сол ғасырдың алпысыншы жылдары КПСС Орталық Комитетінің бірінші хатшысы бір баяндамасында «Кеңестер Одағының халқы сексенінші жылдары коммунизм жағдайында өмір сүре бастайтын болады» дегенде таң қалған едік.

Біз коммунизмге жете алмадық. Есесіне аттап өте шыққан капитализмге қайта оралдық. Экономика нарық қатынасына көшті. Бұрын-соңды ондайды көрмеген халық аңырап қалды. Ауыл-тұрғындары жұмыссыз қалды. Осы кезде басқа ауылдардағы сияқты Қарақамыстың жастары да екі қолға бір күрек іздеп жан-жаққа тарыша шашыла бастады. Ауылдың құлпырып тұрған сол кезі қазір көз алдымызға ғана елестейді, ал қазіргі жастар оны білмейді де.

Осындай қиындықтарды бастан кешіре отырып, ата-бабаларымыз табиғаттың әсем жеріне орналастырған ауылды бізге мұраға етіп қалдырып кетті. Енді оны сақтап қалу біздің міндетіміз. Егеменді ел болдық, өз қолымыз өз аузымызға жетті. Бұрынғыдай не істеу керектігіне жоғарыдан нұсқау күтіп отырмаймыз. Не істесек те өз еркіміз. Тек сол ісіміз халық игілігіне арналып атқарылса болғаны.

1. ҚАРАҚАМЫС ДЕГЕН АУЫЛ БАР

АУЫЛЫМ – АЛТЫН БЕСІГІМ

Жарық дүниеге шыр етіп келіп, кіндігінің қаны тамған топырақ кімге болмасын, ол қай жерде, қай елде тұрса да ыстық. Әрқашан өзіне тартары анық. Өйткені ол саған өмір сыйлаған қасиетті топырақ. Қарақамыс, Қапсыт әулеті үшін сондай ауыл. Қасиетті мекен. Ата-бабамыз қоныс іздеп келгенде адамға да, малға да жайлы, пана болар деп ат басын осы төңірекке тіреген-ау сірә!

Байқап қарасақ, сонау Түменнің қалың нуынан басталатын қарағайы, қайыңы, терегі, талы аралас, бірде ұзын жал, бірде шоқ-шоқ болып өскен ормандар осы Тәкей Қарақамысы, Шақабай Қарақамысы, Назар Қарақамысы деп аталатын көлдерге келіп тірелгенге ұқсайды. Одан әрі мидай дала. Тың игеру жылдары ғана ол жақта елді-мекендер бой көтеріп – Тимирязев ауданы ашылды. Осы маңдағы толып жатқан айдын көлдер де табиғатқа көрік беріп қана қоймайды, тұщы суы барлары балығымен, құсымен бай болса, ащы сулары көптеген сырқаттарға шипа, бұрынғы жылдары тұзы асқа пайдаланылды. Ал бәшке құрағы малға азық, қамысы – құрылыс материалы. Кеңес өкіметі тұсында құс атып, балық аулауға сонау Қорған, Челябі, Свердловск облыстарынан келген аңшылар күзде қаптап кететін.

Жердің беткі қыртысы күрекпен ойып алсаң кірпіш сияқты үй тұрғызуға пайдаланылады. Бертін келе тіпті, трактор соқасымен жыртып, қыртыстан үй салынып жүрді. Астындағы сары балшығынан пеш салатын кірпіш соғылды, одан тереңіректегі ақ балшығы үйдің іші-сыртын әктеуге жарамды. Қазақ «түгін тартсаң майы шығады» деп осындай жерлерді айтқан-ау, тегі.

Енді, міне ауыл маңынан жерасты тұщы суы табылып, осы төңіректегі елді-мекендердің игілігіне жарап отыр. Құбыр арқылы берілетін суды Озерный, Бауман, Қарақамыс, Ақбалық, Жалтырша ауылдары пайдаланады. Осы суды алып тұрған көршілес Октябрь ауылы нарық қыспағына төтеп бере алмай тарап кетті. Су шаруашылығы ауылдың үш азаматын жұмыспен қамтып отыр.

Ауылдың егін өсіретін шұрайлы алқаптары кезінде Қайранкөл совхозына ауып кетті. Басқа алқаптарының құнарлығы онша емес. Олай болатын жөні де бар. Кеңес өкіметі тұсында сеялкаларға салынып, дәнмен бірге топыраққа сіңірілетін минералды тыңайтқыштарды орман ішіне, көзге түспейтін жерге төгіп, тығып тастайтын. Сондай-ақ құнары төмендеу алқаптарға шамалап көң тасылады да, жалған мәлімет беріле салатын. Өйткені, бірде Қостанай, бірде Солтүстік Қазақстан облысына ауысып отырған шекарадағы бұл ауылдарға жоғары жақтан ешкім ат басын бұра бермейтін.

Десек те, кей жылдары астықтан жақсы өнім алынып жүрді. Ал жүгері мен күнбағыс жақсы шығатын. Бұл негізінен мал өсіруге жайлы жер. Содан да болар Көпей қыстауында ірі қара мал фермасы болса, Ақтомпақта- он сегіз мың қойға арналған кешен салынған еді. Қазір осының бірі де жоқ. Ауылда да мал онша көп емес. Мал ұрлығы да аракідік кездесіп қалады. Меніңше, қазақ «асық ойнаған азар, қой бағып көтен жеген озар» деп бекерге айтпаған ғой. Қазір мал ұстауға жағдай жетерлік. Тың игеру кезінде ауыл іргесіне дейін жыртып, шабындық түгілі мал жайылатын жер қалмап еді. Енді қай жерге барсаң да тұнып тұрған шөп. Орағыңды әкел де шаба бер, шаба бер! Бірақ

ауылдан сол шалғы қазір табылар ма екен?!

Әкем, Жантемірдің Мырзахметі бір қарапайым, еңбеккер кедейдің қалай болғанын айтып, құлағыма салып отыратын. Оның айтуынша, кедей жаз бойы шөп шауып, жалғыз атымен бе, әлде өгізімен бе лашығының маңына тасып әкеліп, бөлек-бөлек шошақ қылып үйе беретін болса керек. Қыс соңына қарай мал азығы таусылған көршілер әлгі адамнан шөп сұрай келеді екен. Ол бір шошақты бір торпаққа не бұзауға айырбасқа беретін болыпты. Жылда солай істеп, көп мал жинаған. Олардың төлі өсіп, ақыры байып кеткен. Әкем екеуміз де қысқа шөп дайындап, күзде сабан тартып алушы едік. Мал күндіз сыбанды еркін жеп жүреді, түнде оттыққа шөп салынады. Ол кезде қазіргідей жоқ деген болмайды. Қыстың аяғына таман біздің үйге де шөп сұрап көшетіндер табылатын. Әкем ондай адамдарға жалқаулықтары үшін ұрсып-үрсып, шөп беретін. Бірақ ақы алмайтын. Қазір өзінен артылмақ түгел, малына қысқа жетер шөп шабатындарды кездестіру қиын. Одан да шөпті сатып алғанды тиімді деп санайтындары басым. Сосын барып «шөп қымбат, мал ұстау қиын» деген сылтау айтады.

Бұл біздің ауылға ғана тән кемшілік емес. Қай ауылда болмасын қазір жағдай осындай. «Аузы күйген үрлеп ішер» дегендей қиындық көрген жастар әлі-ақ қолға шалғы алар, мал өсіріп, бала-шағаларының өсіп-өрбуіне, оқып, білім алуына жағдай жасар. Осы топырақтан жаратылған зиялы азаматтардың, кәсіпкерлердің жасап жатқан іс-әрекеттері, ең негізгі мақсаттары – туған ауылдарын сақтап, облыс, ел картасынан өшіріліп қалуына жол бермеу. Ауылдың іргетасының қаланғанына сексен бес жыл толуын атап өту, Қапсыт аруақтарына дұға оқыту бастамасы да осындан туындаған.

Бастама демекші, ауыл ақсақалдарының ұсынысына орай бұл игі істі Балғат пен Аяш Жантеміровтер бастады. Оны Қарақамыста туған, қазір басқа жақтарда тұратын зиялы азаматтар мен кәсіпкерлер, жастар бірден қолдап әкетті. Сөйтіп, Аяш Сапиұлы ауылды көріктендіруге кірісті. Мектеп ауласына қарағайлар әкеліп еккізді, аудандық әкімдік арқылы арнайы техникалар алып, ауылдың көшелерін тегістеп, қоқыстарды сыртқа тасытып, үйлердің сыртын әктетіп, маңайлары қоршатылып, сырланды, бағаналар бастарына шамдар орнатылды, ескі дүкеннің ғимараты жөнделіп, клуб жасалды. Озерный мен Қарақамыстың арасындағы көтерме жол тегістелді.

Ал той болар алдында Былқылдақ зираты маңындағы орманның іші, жанындағы жасанды көлдің (котлован) маңы қоқыстан, малдың қиынан, құлаған ағаштар мен бұтақтардан тазартылды. Бірнеше киіз үй, шатыр құрылды. Келесі орманның баурайына асханаға орын жабдықталды.

Балғат Сапиұлы болса Қостанайда Қапсыттың (Аткелтірдің) және одан тараған Сарының, Анданың, Телінің, Қарашаның, Құттының есімдері жазылған құлпытасты жасатты. Жантеміров Сапидың үлкен баласы Аманжол – қызыл кірпіштен тұғыр қалап, қара мәрмәр тастан жасалған құлпытасты орнатып берді. Осы белгінің ашылу салтанатына жиналған халық көп болды. Бабалар ұрпағына ас беріп, дұға оқытылғанда 97 табақ жасалынды.

Бір қызығы, сол күні таңертеңнен аспанды бұлт торлап тұрды. Жинала бастаған халық «Жаңбыр жауып кетпесе екен» деп тіледі. Ал Қапсыт пен оның ұрпақтарына арналып зират басына орнатылған құлпытасты ашқан сәтте бұлт сейіліп, жерге күн сәулесі түсіп, айнала жап-жарық болды да кетті. Осы іс-шара шеңберінде өткізілген салтанатты сәт, ат жарысы, палуандар күресі, ақындар айтысы, ас беріп, дұға оқыту – бәрі аяқталғанға дейін аспан

ашық болып, жиналған халық бір бой жызып қалды. Барлық іс-шара аяқталысымен-ақ жаңбыр құя салды. Мұны жақсылыққа жорып тарасты Қапсыт ұрпақтары.

Сөйтіп, осы игі іс-шара ойдағыдай өтті. Бұл күні арақ-шарап ішілген жоқ. Дастарханға басқа тағамдармен бірге қымыз ғана қойылды. Біраздан бері көрісе алмаған, тіпті өмірі кездеспеген адамдар бір-бірімен қауышып, танысып, мәз-майрам болысып қалды. Осындай кездесулер жиі болып тұрса екен деген тілектерін де айтып жатты.

Әрине, ауылды сақтап қалып қана қоймай, оны одан әрі көркейту, тұрғындар санын көбейту бір ғана іс-шарамен бітпейді. Ең бастысы ауылдағы мектептің жабылып қалуына жол бермеуіміз керек. 1975 жылы жатақхана есебінде салынған оқу орыны бала санының өсуіне байланысты негізгі мектепке айналған болатын. Осында ең көп болғанда – 124 бала оқыған. Енді, міне 24-ақ бала қалыпты. Оларды 12 мұғалім оқытады. Сонда екі балаға бір мұғалімнен келгені ғой. Мұндай жағдайда мектептің жабылып қалу қауіпі бар.

Ендеше, жұмысты мектептен бастау керек. Мектепте жоғары білімді – 6, орта арнаулы білімді – 4 мұғалім бар екен. Тағы төртеуі жоғары оқу орынында, екеуі – колледжде сырттан оқиды. Ұстаздардың біреуі – жоғары, төртеуі – бірінші санаттағы мұғалімдер. Мектеп жанынан шағын орталық та ашылған. Мектеп жабылса осынша маман қайда барады? Олар отбасыларымен көшіп кетсе ауыл не болмақ? Міне, көкейден осындай сұрақтар кетпей оралдық ауылдан.

Осы ой бәрімізден бұрын Аяш Жантеміровті мазалаған болар. Әр жылдары Жамбыл, Ғабит Мүсірепов атындағы, Айыртау аудандарында Салық Комитетін басқарған, казір Ақмола облыстық (Көкшетау) Салық басқармасы бастығының бірінші орынбасары болып қызмет атқаратын Аяш Сапиұлы тағы да өзінің достары, ауылдастары, қандастары арқылы қаржы тауып, Қарақамыста бос қалған екі үйді қалыпқа келтіріп, көп балалы екі от басын көшіріп әкелді. Оларға мал үйлеріне жиһаз, үстеріне киім алып беруге көмектесті. Мектепте бала санын көбейтудің басқа да мүмкіндіктерін қарастырды. Сөйтіп, мектепте де, шағын орталықта да балалар саны біртіндеп өсіп келеді.

«Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын» дейді халық. Бірақ Аяш Сапиұлы кімге қандай жақсылық жасаса да оны жария етуді ұнатпайды. Теледидарға сұхбат беруден қашқақтап жүреді, газетке өзі туралы мақала жазылмаса екен деп тырысады. Менің бұл жазғаныма да ренжитінін білемін. Сонда да ақиқатын айтқан абзал деп санаймын.

«Әттең тонның келтесі – ай!» - дегендей, әттең ауылымыз шалғайда орналасқан, үлкен қаланың, не аудан орталығының маңында болса, ет, сүт және малдың басқа да өнімдерін сатып-ақ күн көрер еді. Сол үшін малды да көбірек ұстар еді. Бұл да табыс көзі емеспе! Не тігін цехын, не басқа бір өндіріс ашса да болар еді-ау дейсің. Қазіргідей нарық заманында оның өнімін қайда өткізесің? «Былай тартсаң арба сынады, былай тартсаң өгіз өледінің» кебі бұл. Әзірше, ең қарапайым шешім – малды көбірек ұстап, бала-шағаны жүдетпеу, оқыту, жеткізу. Туған жерге не жетсін, шіркін!

АТА-БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Көрей руы ішіндегі Қапсыт атамызға және одан тараған ұрпақтардың арулақтарына ас беріп, дұға оқыту іс-шарасында жасалған

БАЯНДАМА

Құрметті Керей руы ішіндегі Қапсыт атамыздан тараған ұрпақтар!

Құрметті дұғаға шақырылған осы рудан тараған ұрпақтардың келіншектері мен жиендері!

Құрметті арнайы шақырылған қонақтар, көрші ауылдардың ардақтылары мен азаматтары!

Қазақта «өлі разы болмай, тірі байымайды» деген нақыл сөз бар. Сондықтан біз Қапсыттың бүгінгі ұрпағы ата-бабаларымызды еске алып, оларға дұға оқытуды жөн көрдік. Биыл еліміздің егемендік алғанына 20 жыл толмақшы отыр. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен биыл орнық, өрлеу жылы деп жарияланған. Бұл да сол 20 игі шараның бірі болады деген ойдамыз.

Бүгін, міне осы Қарақамыс ауылына қаншама адам жиналып отыр. Мұның мәнізы ерекше. Біріншіден тұрмыс жағдайымен әр жерде өмір сүріп жатқан туған-туысқандар, нағашылар, жиендер бір-бірімен кездеседі, танысады, осыдан кейін көпшілігі бір-бірімен араласады. Яғни туыстық қатынастары орнығады, беки түседі. Екіншіден - бәріміздің басымыз қосылып, ата-бабаларымызға дұға оқытып, Құрмет көрсетеміз, оларды еске аламыз.

Осындай кездесу, ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған жерде болу әрқимның ойында жүрген шығар. Оның сәті бүгін түсіп отыр. Осы бас қосуды ұйымдастырған ағалы-інілі Балғат пен Аяш Жантеміровтерге, Аян Сағындықовқа және демеушілік жасаған басқа да азаматтарға шексіз алғысымызды айтамыз. Осы игі істері сауаптан болып, Алладан қайтсын!

Бұл бас қосудағы менің міндетім, ұйымдастырушылардың тапсырмасы бойынша Қапсыт әулетінің шежіресін және ата қонысымыз Қарақамыс пен Жаңатырша ауылдарының тарихын жазып, кітап етіп шығару болатын. Бүгін осы аруақтарға ас беріп, дұға оқыту шарасына тапсырманы орындап келіп отырмын.

Әрине, бұл тапсырманы жүз пайыз орындау мүмкін емес. Мен «Атақоныс-Ақтомақ» деп аталатын бірінші кітабымда да ауыл тарихы мен Қапсыт шежіресін жазған едім. Бұл жолғы «Жеті атаңды білесің бе?» деген оқбетімде сол деректерді толықтырып беруге тырыстым. Бірақ көнекөз қариялардың дүниеден өтіп кетуіне байланысты көптеген деректерді анықтау мүмкін болмады.

Соған қарамастан, уақытпен санаспай, ізденіп, сұрастырып, жиналған деректерді күні-түні жазуға тура келді. Тіпті қалаға соңғы жылдары көшіп кеткен Дариха Кәктаевадан Жалтыршаны мекендеген Қапсыт ұрпағын анықтаймын деп, тұратын үйін іздеп, үйдің номерін қарап келе жатып, жерге төселген бетонға құлап, бетімді, қолымды, тіземді жаралап алғаным да бар. Жауын-шашынға қарамай, осы біледі-ау деген адамдарды іздеумен болдым. Мәнімен қалжыңдаса беретін әйелдердің арасында «кітап жазып, қалтаңды ақшаға толтырайын деп жүрсің ғой» дегендері де болды. Шынын айтсам, мен бұл жерде алдыма ақша табу емес, келешек ұрпақ жеті атасын білсін деген мақсат қойдым. Бұл кітапты шығаруға қалтама ақша түскен жоқ, керісінше қалтамнан шықты. Кітапты басып шығаруға ұйымдастырушылар ақша тауып берді, оларға мың да бір рахмет!

Қазақта «Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың қамын жер.
Жеті атасын білмеген,
Құлағы мен жағын жер» деген мақал бар.

Оның мәнісі не? Біріншіден – қазақ жеті атаға дейін бір ауыл болып өмір сүрген. Бұл ағайын –туыс арасында бірлік, ынтымақ болуға әсер еткен. Екіншіден – олардың шаруасы ортақ болған. Яғни, жаз жайлауы, қыс қыстауы бірге болған. Адамдарға азық, малға жем-шөп бірлесіп дайындалған. Үшіншіден – осылай өмір сүру ағалы-інілі, апалы-сіңлілі адамдарды сыйластыққа, бауырмалдыққа итермелеп, бірге өсулеріне жақсы жағдай жасаған. Олардың арасында орынсыз жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық болмаған.

Ата-аналары балаларын ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, қаншыл, ұйымшыл, бауырмал етіп тәрбиелеген. Ағайын-туыстар бір-біріне үнемі қамқоршы болған. Ортақ жауға бірлесе қарсы шыққан. Өз руының намысын қорғай білген. «Қанына тартпағанның қары сынсын» деген мақал осыдан туса керек.

Жеті атаны білудің тағы бір ерекше маңыздылығы бар. Ата-бабаларымыз жеті атаға дейін қыз алысып, қыз берісіп, қан араластырмаған, туыстық қатынасты бұзбаған. Сегізінші атадан бастап жаңа ру атын белгілеген. Ол үшін сол рудың ақсақалдары мен билері, ел ағалары ру мүшелерін шақырып, боз бие сойып, жаңа ру басын белгілеп, оған ақ баталарын беретін болған. Содан кейін ғана қыз алысып, қыз берісуге рұқсат етілген. Бұл дәстүр дені сау, таза ұрпақтың өсуіне ықпал еткен. Осы шарттың орындалуын ру басылары қатаң қадағалап отырған, жеті атаға толмай балаларының бір-бірімен қосылып, шаңырақ құруына жол бермеген. Мұны қазіргі медицина де дәлелдеп отыр. Неткен, көреген десеңізші, қазағымды!

Біздің Қапсыт шежіресін жасауымыздың сыры осында жатыр. Бұл Қапсыт деген кім? Оның арғы атасы, ұрпақтары туралы не білеміз? Осы сұрақтарға жауап табу оңай шаруа емес. Ата-бабаларымыз бізге ондай деректер қалтырып кете алмады. Оларды бұл арада кінәлай да алмаймыз. Жетпіс жылдан астам билік жүргізген тоталитарлық жүйе, ата-тегімізді білмек түгілі, ана тілімізде сөйлетпей де қойды емес пе!

Енді, міне еліміз егемендік алып, тілімізге, ділімізге, дінімізге еркіндік берілгенде осы олқылықтың орынын толтыруымыз керек. Мен бұл кітабымда біз кімбіз, қайдан шықтық, ата-қонысымыз қай жер еді? – деген сұрақтарға жауап іздеп, табуға тырыстым. Оны өздеріңіз оқып, білетін боларсыздар.

Сонда да кейбір деректерін айта кетейін. Қапсыттың шын аты – Аткелтір көрінеді. Аткелтір Байтекенің үшінші әйелінен туған деген де сөз бар. Аткелтірдің кішкентай кезі болса керек, әке-шешесіне еріп, нағашысының еліне тойға барады. Тентек болған деседі, тойға жиналған балаларға маза бермейді, кейбіреуін ұрып-соғады. Нағашысы – елге сыйлы азамат – Барақ батырға қонақтардың бірі ме, әлде сол ауылдың адамы ма, әйтеуір біреуі барып:

- Мына жиенің тентек екен, тойдың берекесін алды, қой деп айтсаңызшы!- дейді. Сонда:

- Жарайды, тойдың сорпасына мас болған бір Қапсыт шығар, не қылар дейсің, тимеңдер, түбінде осыдан бірдеме шығады!- деген екен Барақ батыр. Содан бері Аткелтір Қапсыт атанып кетіпті. Бірақ Қапсыт сөзінің не мағна беретінін таба алмадым. «Сорпаға мас болған Қапсыт» деген сөз осыдан шықса керек.

Мен іздестіріп жүріп, бірнеше Барақ батыр туралы деректер таптым.

Сонның ішінде осы төңіректен алыс емес, Қостанай облысының Сарыкөл ауданындағы Алдияр ауылы тұсында өмір сүрген Барақ Жанұзақұлы біздің пайымымыз болар деп топшыладым. Барақ батыр 1740-58 жылдары қазақ жерін қалмақ басқыншыларынан азат ету шайқастарына қатысқан көрінеді. Осыны ескерсек, Қапсыт атамызды 1700 жылдары дүниеге келген деп болжауға болады. Сонда бабамыз осыдан үш ғасыр бұрін өмір сүрген ғой. Пайымы осыдан бірдеме шығады деп айтқанындай, оның ру басы аталуы Қапсыттың елге сыйлы адам болғанын көрсетсе керек.

Бүгін Қарақамыс ауылының маңындағы Былқылдақ зиратына Қапсыт бабамызға орнатылған белгіні салтанатты түрде аштық. Бұл ұрпақтарының ата-баба рухына тағзым етуінің бір белгісі. Енді Алла жазса, қазір Қапсыт бабамыз бен одан тараған ұрпақтың аруақтарына ас беріп, дұға оқытқалы отырмыз. Біз осындай игі шара арқылы болашақ ұрпаққа ата-бабаларын қастерлеуді, ата салтын одан әрі жалғастыруды үйретеміз.

(Ауыл тарихынан қысқаша мағлұмат беріледі).

Бүгінгі шараға қайта оралар болсақ, оны ұйымдастырушылардың көп шаруа тындырғанын атап айтуымыз керек. Ауыл көшелері тазаланды, жолдар тегістелді, жарық орнатылды, мектеп маңы қоршалып, қарағайлар отырғызылды, ескі дүкен үйіне Еврожөндеу жүргізіліп, клуб ашылды. Бұл аз шаруа емес, оның үстіне қаншама қаржыны талап етеді. Осының бәрі Қапсыт ұрпағының мекенін сақтап қалу, ауыл адамдарының тұрмысына қолайлы жағдай жасау ниетімен істеліп жатқан шаруа.

Біз бүгін киелі жерге жиналып отырмыз. Қапсыттан тараған әулеттің кіндік қаны тамған, солар мекендеген, тамыры тереңге бойлап, ұрым-бұтағы жан-жаққа тараған өңір бұл. Біз солардың ұрпағымыз. Ендеше бүгін осы киелі топырақ бір аунап алайық, ата-баба аруағына бас иіп, тағзым етейік, бізге өмір сыйлағандары үшін алғысымызды айтайық.

«Ештен де кеш жақсы» дегендей, Кеңес өкіметінің шаңырағы ортасына түсіп, екі қолға бір жұмыс таба алмай қалған шақта әр жаққа бытырай көшкен жастардың көбі кәсіпкерлікпен айналысып, өз қолдары өз ауыздарына енді ғана жетіп жатыр. Осы игілікті істер солардың арқасында атқарылуда. Оларға қайырымдылық көмектерің Алладан қайтсын, шаруаларың алға баса берсін деп тілейік.

Ендігі міндет, осы дәстүрді одан әрі жалғастыру. Ата-баба аруағына ас беріп, дұға оқытуды жылда жалғастырамыз ба, үш жылда немесе бес жылда бір бас қосамыз ба, осы жағын бүгін ақылдасып, бір мезгілді белгілесек жаман болмас еді. Тағы бір айтарым, мұндай ас беруді бір жолы Қарақамыста, келесі жолы – Жалтыршада өткізсе де болатын сияқты. Өйткені ондағы зиратта да Қапсыттың қаншама ұрпағы жатыр.

Қазақ «туысы бірдің – уысы бір» дейді. Біз қазақ баласы бір-бірімізге туыспыз. Ендеше туыстық қатынастарымыз нығая, егеменді еліміз өркендей берсін! Бұрын осылай жиналып, аруақтарға ас беріп, дұға оқытсақ, жартысымыз қызметтен босатылып, бірнешеуіміз сотталып та кетер едік. Тәуба делік!

Құрметті Қапсыт әулеті, құрметті қонақтар! Бүгінгі игі іс-шараға қатысуға келіп, үлкен іске ортақ болып отырғандарыңыз үшін Сіздерге көп рахмет! Келген қадамдарыңыз сауаптан, сапарларыңыз әрқашан сәтті болсын!

ДЕМЕУШІЛЕР

2011 жылғы 6 маусымда Керей руынан тараған Қапсыт ұрпағының ата-қонысы – Қарақамыс пен Жалтырша ауылдарының 85 жылдығына орайластырылып ұйымдастырылған ата-баба аруақтарына Ас беріп, дұға оқыту іс-шарасын өткізуге демеушілік жасағандар:

Жантеміров Аманжол, Балғат, Аяш – бесті бие берді, үш елі шықты. Қосымша ақшалай көмек көрсетті.

Жантеміров Сапидың қыз-күйеу баласы –

Қуаныш пен Бесбай Латыповтар – сұйыққристалды теледидар, кір жуғыш автомат машинка, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш беріп жіберді. Бәрі жүлдеге жұмсалды. (Ақтау қаласынан)

Жантеміров Амантай – түйе палуанға беру үшін сұйыққристалды теледидар, қазақы шапандар берді.

Сағнаев Аманжол – теледидар берді.

Бисенәлі Жанұзақ (Жантеміров Балғаттың досы, Қазақстанға белгілі әнші, кәсіпкер, Қызылорда облысының тумасы, қазір Қостанай облысының Жітіқара қаласында тұрады) – күрес жеңімпаздарына сегіз жүлде әкелді.

Қаржылай қомақты үлес қосқандар:

Байтеміров Тұрабай.
Мұстафин Бекмұрат.
Сағындықов Аян.
Сағындықов Бақытжан.
Халықов Қаһарман.
Халықов Ербол.
Стабаев Жаңатілек.
Уәйісов Дәурен.
Күркебаев Сейтқали.
Сағындықов Алтай.
Жарасов Төлепберген.
Нұртазин Төлеш.
Исабаев Иманғали (Омаров Шұғайыптың күйеу баласы).
Әділов Дәурен.
Қаңтарбаев Серік.
Сайран мен Берік Доскемпіровтер. (Алматы қаласынан, Төрежанов Байтұяқтың қыз-күйеу баласы.)

Сондай-ақ Қарақамыс ауылында тұратын әрбір шаңырақ өз мүмкіндіктеріне қарай қаржылай үлес қосты.

Ақын, сазгер, Солтүстік Қазақстан облыстық айтыскер ақындар клубының төрағасы **Дәстен Баймұқанов** жыр додасын ұйымдастырып, әділқазылар алқасын басқарды. Айтысқа Көкшетаудан - Құрмет Құралхан мен Қуаныш Ермахан, Петропавлдан - Жарқын Жұпархан мен Аманжол Зағыпар, Қызылжар ауданынан Нұрлан Зағыпар, Мамлют ауданынан - Фархат пен Санжар Тастанбековтер сынды айтыскер ақындар қатысты. Ал Жамбыл ауданының Майбалық ауданынан оқушы Найыл Низаметдин өзі сұранып келіп, әртүрлі деңгейдегі жыр додаларына қатысып жүрген суырыпсалма ақындармен күш сынасып, тыңдарманды таң қалдырды.

Ақындар айтысына "Эталон Авто" ЖШС басшысы **Жомарт Омаров** демеушілік жасады.

Тойдың әсерлі өтуіне Қостанай облыстық Өмірзақ Елубаев атындағы

филармониясы мен Жамбыл ауданындағы Благовещенка мәдениет үйінің директоры **Әсет Темірбаев**) өнерпаздары, жергілікті өнерлі жастар өз үлестерін қосты.

Осы іс-шара барысында облыстық дәрежедегі спорт жарыстарын (қазақша күрес, ат жарысы) ұйымдастырып, өткізуге Петропавл қаласындағы балалар күрес спорты мектебінің директоры **Ғалым Өркешов**, Жамбыл аудандық балалар спорт мектебінің директоры **Сәруар Бектасов** және Благовещенка қазақ орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі, қазақша күрестен спорт шебері **Сәлімбай Сәдуов** атсалысты. Баршасына көп рахмет!

Жантеміров Амандық – Қарақамыс ауылының тарихы мен Қапсыт шежіресі туралы баяндама жасады, "Жеті атаңды білесің бе?" деген атты кітап жазды. Кітап жоғарыда аталған демеушілерден жиналған қаржыға басылып шықты. "Қызылжар" орталық мешітінің найб имамы **Қадырбек Шәріпов** құттықтау сөз сөйледі, аурақтарға дұға оқыды.

АРҚА СҮЙЕР АЗАМАТТАРЫ БАР

Қарақамыс ауылы думанға бөленді

"Ауыл болсаң, қауым бол" демекші, ынтымағы мен ауызбірлігі жарасқан қазақ ауылдарының іргесі берік, талай зобалаңнан аман қалып барып еңсесін тіктегендері былтырдан бері елдігін танытып, 80,85 жылдық тойларын өткізіп жатыр. Осындай той Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылында да өтті.

Ауылдың тойға деген дайындығы бірден байқалды. Айтулы оқиға қарсаңында ауыл көшелері тазаланып, жолдар тегістеліп, жарық орнатылып, ескі дүкен ғимаратына жөндеу жүргізіп, оны клубқа айналдырған. Бұл – кәсіпкерлікпен айналысқан ауыл жастарының арқасында атқарылған жұмыс. Кеңес өкіметінің шаңырағы ортасына түсіп, екі қолға бір жұмыс таба алмай қалған шақта әр жаққа бытырай көшкен кешегі жастар, бүгінгі кәсіпкерлер, биік басында жүргендер еліміздің Тәуелсіздік алғанына 20 жыл толуына байланысты облыс әкімінің бастамасы – "20 игі іс" акциясын қолдауды мақсат тұтқан. Солардың бірі – Ғ.Мүсірепов атындағы ауданның салық басқармасының бастығы Аяш Жантеміров мектептің маңайын қоршап, 30 түп қарағай отырғызыпты.

Бүгінде 35 отбасы түтін түтетіп отырған Қарақамыс 85 жылдың ішінде ырлық тарихи кезеңдерді бастан кешірді. Десек те, қазақ үшін ел мен жердің шежіресі қашаннан қымбат, қашаннан қадірлі. Қандай қилы кезеңнің өзінде бірлік пен бірліктің ұйытқысы болған, ата-салт, баба дәстүрге беріктігін танытып келе жатқан Қарақамыс ауылының 85 жылдығында ауыл үлкендары арғы атасы Қапсыттың аруағына дұға оқытып, ас берді. Қазақта: "Өлі разы болмай, тірі байымайды" деген нақыл сөз бар. Сол себепті Қарақамыс ауылының жанындағы зираттың қасына Қапсыт пен оның бес баласына арналып қойылған белгі ашылғаннан кейін той басталып та кетті.

- Бұл басқосудағы менің міндетім Қапсыт әулетінің шежіресін және Қапсыттардың атақанысы Қарақамыс пен Жалтырша ауылдарының тарихын жазып, кітап етіп шығару болатын. Мен "Атақоныс – Ақтомпақ" деп аталатын бірінші кітабымда да ауыл тарихы мен Қапсыт шежіресін жазған едім. Бұл жолғы "Жеті атаңды білесің бе?" деген еңбегімде сол деректерді толықтырып беруге тырыстым. Бірақ көнекөз қариялардың дүниеден өтіп кетуіне байланысты көптеген деректерді анықтау мүмкін болмады, – дейді аталмыш

еңбектердің авторы, осы ауылдың тумасы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Амандық Жантеміров. Жоғарыда аталған "Атақоныс – Ақтомпақ", "Жеті атаңды білесің бе?" деген кітаптарды жер-жерден жиналған Қапсыттың ұрпақтары сатып алып жатты.

Жазық даланың әр жерінде күрес, бәйге, ақындар айтысы ұйымдастырылды. 7 жұп қатысқан ақындар айтысына бұл өнерден өз еншімді аламын деп жүрген жастар шықты. Көкшетау, Петропавл қалаларының, Қызылжар, Мамлют және Жамбыл аудандары атынан түскен ақындардың шырайлы ұйқасқа толы жырларында:

Намысыңа ту болып қадаламыз,
Келгеміз жоқ біз мұнда бақталаса,
Ел қалаған жыр-торсықты қотарамыз,

Жатырыңда жаралып жатпасақ та, – секілді ұтымды ойлар да айтылды. Ақындардың жырлары түйдек-түйдек болып төгілген кезде балуандардың да бұлшық еттері шиыршық атып, белдесіп жатқан болатын. 40,50,60,70 кг. салмақ бойынша 50-ден астам балуан қатысқан күресте түйе балуандар да бақ сынады. Ал аламан бәйгеге атбегілердің үкілеп әкелген алты сәйгүлігі 10 шақырымға шауып, делебені қоздырды.

Ақтомпақ деген жерге бейбіт күннің берекелі келбетін танытарлықтай болып тігілген ақшаңқан киіз үйлерде ас берілді.

– Өткен жылы бос үйлердің бірін өз қаржыма сатып алып, намазхана аштым. Ауылда имандылықты насихаттағым келеді. Бүгінде үлкені, кішісі болсын тілдерін кәлимаға келтіріп, бір-екі аят жаттады. Өзім 80-ге жақындадым. Менің аталарым да имандылыққа бет бұрған жандар болатын. Сол себепті олардың ізін жалғастырып отырмын, – дейді Қараман Сағындықов.

Намазхананың жұмысына сәттілік тілеген "Қызылжар" облыстық орталық мешіті бас имамының міндетін уақытша атқарушы Қадырбек Шәріпов:

– Намазхана осы ауылда тұратын мұсылмандар бас қосып, жұма намазын, тарауық оқуға мүмкіндік беретіндей кең. Өткен жылы діндегі бес парызының бірі – қажылық міндетін атқарып келген Қараман ақсақалға осы жұмысты қолға алғаны үшін алғысымды білдіремін, – деді.

Жоқтан бар жасап, қарабайыр тіршілікті жандандыруға кіріскен қарақамыстықтар үшін бүгінгі торқалы тойдың тағы бір маңызы бар. Ел ақсақалдарының айтуынша, бұл той Қапсыттың тіршілік қамымен әр жерде өмір сүріп жатқан ұрпақтары бір-бірімен араласып, туыстық қатынастарын қайта жандандырады. Осы орайда Қазақстанның түкпір-түкпірінде өмір сүріп жатқан Қарақамыс ауылының тумалары ұрпақ алдындағы парызды орындауға бір адамдай жұмыла кіріскен.

– Мен – бұл ауылдың жиенімін. Өзім Ресейде тұрамын. Қарақамыс ауылында нағашыларым өмір сүріп жатқан соң бұл тойға арнайы келдім. Жат жерде жүрген біздерге ел ішінде, ағайын-туған, жамағаттың ортасында болу аса маңызды. Бұл біздің ауыл тұрғындарының рухын көтереді. Той тойлап, өшкенді жандырып, өлгенімізді тірілтіп жатқан бүгінгі заманымыз баянды болсын, – дейді Мағауия Мұстафинов.

Бұл – дастарқан басында қозғалған әңгіменің бір жұрнағы. Осылай ауылдың өткені сараланып, бүгіні салмақтанған сәтте ақындар айтысының да, бәйгенің де, күрестің де жеңімпаздары анықталды. Ақындар айтысында бірінші орын Петропавл қаласының атынан түскен Жарқын Жұпарханға бұйырса, бәйгеде өзгелерді шаң қаптырып кеткен Буденный ауылының жүйрігінің иесі Серік Мұхамедияров марапатталды. Ал 4 салмақ бойынша

өткен күресте жеңімпаздар көп болды. Олардың ішінде шымырлығымен көзге түскен Жалтырша ауылының тумасы Төлеген Жетпісбаев 70 кг. салмақ бойынша да, түйе балуандардың арасында да жеңімпаз атанды. Жеңімпаздардың барлығына бағалы сыйлықтар тарту етілді. Тойдың әсерлі өтуіне Өмірзақ Елубаев атындағы Қостанай облыстық филармониясының өнерпаздары және жергілікті өнерлі, талантты жастар өз үлестерін қосты.

Міне, осылай елін, жерін әспеттеп, дүбірлі той өткізу – беймазалықтың белгісі емес, ауыл халқының рухын көтерудің амалы. Ел ішінде осындай жиындардың көп болуы елдің тұрмысының жақсарғанын, халықтың әл-ауқатының өскендігін байқатады.

Арайлым СМАҒҰЛОВА,
"Солтүстік Қазақстан



ҮМІТПЕН КІРІП, СЕНІММЕН ШЫҚТЫ

Кеше "Нұр Отан" ХДП облыстық филиалының төрағасы, облыс әкімі Самат Ескендіров жетекші партиядан қолдау іздеп келген азаматтарды қабылдап, өтініш-тілектеріне орай нақты жауап берді.

Мәдениет қайраткері, ҚР Құрметті журналисі, зейнеткер Амандық Жантеміров Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылының қазіргі жағдайын сөз етті: жол нашар, автобус қатынасы жоқ, ең жақын жанармай станциялары Благовещенка мен Пресновка ауылдарында ғана. Шағын елді мекеннің осындай мәселелерін айта келіп, Амандық Мырзахметұлы "Солтүстік Қазақстан" газеті мен ауыл тарихына арналған кітаптарын өңір басшысына тарту етті.

Самат Сапарбекұлы биыл жергілікті маңызы бар жолдарды жөндеуге ерекше көңіл бөлініп отырғандығын, сол бағдарламада Қарақамыс сияқты елді мекендердің бар екендігін жеткізді. (Сәуір, 2013 ж.)

ҚАПСЫТ (Аткелтір)

Аткелтірден (Қапсыттан) – Сары, Анда, Телі, Қараша, Құтты. (Сарыдан тарағандар Қарақамыста, Анда, Телі, Қараша – Жалтыршада, Ресейдің Қорған, Түмен облыстарында. Құтты – Арқанда (Архангелкада) және Қарақамыста тұрады. Орыс қоныстанушылары Арқан жеріне орналаса бастағанда Құтты Шақабайдан жер сұрайды, не қастарына алуды өтінеді. Өйткені орманы мен көлі көп осы аймақ әсіресе мал өсіруге қолайлы болса керек. Бір ғана Тәкей Қарақамысы көлінің айналасы алпыс шақырым. Сонда Шақабайдың бір қариясы "Құтты келді дегенше, құтым кетті дей бер" деген екен. Оның неге солай айтқаны белгісіз).

Аткелтір Бәйтекенің үшінші әйелінен туған деген де сөз бар. Аткелтірдің кішкентай кезі болса керек, әке-шешесіне еріп нағашысының еліне тойға барады. Тентек болған деседі, тойға жиналған балаларға маза бермейді, кейбіреулерін ұрады. Нағашысы, елге сыйлы – Барақ Батырға қонақтардың бірі ме, әлде сол ауылдың адамы ма, әйтеуір біреуі барып, "Мына жиенің тентек екен, тойдың берекесін алды, қой деп айтсаңызшы" депті. Сонда Барақ Батыр "жарайды, тойдың сорпасына мас болған бір қапсыт шығар, не қылар дейсің, тимеңдер, түбінде осыдан бірдеме шығады" деген екен. Содан бастап Аткелтір Қапсыт атанып кетіпті. Бірақ Қапсыттың не мағна беретіні белгісіз.

Сарыдан – Есіргеміс, Жақай. Жақайдан – Өтеген, Байтоғай, Жылқайдар. (Жылқайдардан тараған ұрпақ ұрыс-керісті, төбелесті жақсы көрген деседі. Бірде Шақабайға қонаққа келген Жылқайдардың бірі "таңертеңнен бері бір төбелес болған жоқ, бұл қалай?" деп таң қалған екен.)

Есіргемістен – Балықбай, Шақабай. Шақабайдан – Қойлыбай, Қозыбай, Қоңырбай, Қаржау, Қатпа.

Шақабай. (Шақабай кезінде сексен үй болған деседі. Құрымбайдағы Нұрғожа болыс "Елім де Шақабай, белім де Шақабай" дейді екен. Өйткені болыс сайлауында Шақабай тұқымы белсенділік көрсетіп, Нұрғожаның жеңіп шығуына себепші болған дейтін қариялар).

Қойлыбайдан – Назар, Қарпық, Алтай, Құлжа, Байна тарайды.

Қарпықтан – Байсал, Құдабай, Төребай, Атантай, Бесетік. Байсалдан – Сырлыбай, Ыстыбай, Қонақбай, Түнтікбай. Сырлыбайдан – Мәзбек, Жайлыбай, Нұрқан. Ыстыбайдан – Оспан, Шалағай, Сыздық. Оспаннан – Шапай, Қоқан, Торсан. Шапайдан – Ержан, Нұржан, Қуаныш, Шәріп. Ержаннан – Азат. Одан Ерқат. Нұржаннан – Айбас. Қуаныштан – Азамат. Шәріптен – Жанат.Одан Нұрқат. Қоқаннан – Нұрлан, Серік. Торсаннан – Жаңатілек, Ербұлан. Жаңатілектен – Ақат, Алишер.

Құдабайдан – Беген, Бекентай, Ақсақал. Бегеннен – Кәсекой, одан Жасұлан. Одан Марал. Орал. Арал. Маралдан – Алтынбек. Асылбек. Оралдан – Дінислам. Аралдан - Әлібек. Әлихан. Бекентайдан - Бимен, Серікбай. Ақсақалдан –Ыбырай (молда болған), Буса, Тәпел. Ыбырайдан – Сұлтан (ұлы Отан соғысына қатысқан) – Әбу, Серік, Ерік, Бауыржан. Әбуден – Қуат. Серіктен – Азамат. Бусадан – Хамит, одан Сәдуақас, Тумырза, Сайран. Сәдуақастан – Мейрам, Талғат. Мейрамнан – Арсен. Талғаттан – Мадияр. Тумырзадан – Истан. Сайраннан – Арман, одан Арыстан. Тәпелден – Халық, Қамза. Қонақбайдан – Рақмет, Молдақмет. Рақметтен – Әбей, одан Шәймерден, одан Аманжол, Амантай, Аманбай. Аманжолдан – Жәкен, Жамбыл... Шалағайдан – Мұқаш, одан Амангелді. Одан Азамат, Асқартау. Азаматтан – Дастан. Түнтікбайдан – Уәйіс (Қостанай облысының Пресногорьков ауданы орталығында көп жыл тұрды. Басшылармен жақсы

болды. Милициялар таба алмаған ұрылардың ізін кесіп, ұстап беріп жүрді. Бастапқы, ауылы адам болғандықтан одан бәрі сескенетін. Сексеннен аса отбасынан қайтты. Сонда Ақбалық ауылындағы Әбіздің кемпірі Ыбыш «Осы отаннан Құдай бізді шопақ құрлы көрсін бе" деп түңілген екен. Уәйіске құлағындағы шамасы жетпес деп ойлаған ғой, сірә). Уәйістен – Арыстан, одан Дәурен, Моркен одан Диас, Мирас.

Алпысбайдан – Таманбай – Дүйсенгүл, Мұсағұл, Жұмағұл. Мұсағұлдан – Сапар, Бейсен, Әлім, Серікбай. Дүйсенгүлдан – Сұлтан. Сапардан – Вовка. Аманжолдан. Молдашке. Бейсеннен – Жұмаш. Жұмаштан – Думан, Аңсаған, Ерлан (Алешкадан) – Құрмаш. Баймаш.

Торғайбайдан – Тілеуші одан Елембай, Текебай, Тынымбай. Елембайдан Мұқан, Әбіш. Әбіштен – Сейілқан одан Марат, Медет, Марал. Медеттен – Данияр, Ернар, Елнұр. Маралдан – Данияр. Мадияр. Мұқаннан – Уәзи, Сәнімен, Үкай (олардан ұрпақ жоқ). Текебайдан – Нұртаза, одан Қаппас, Мейрам, Жетпісбай. Қаппастан – Шағырай. Мейрамнан – Абай, Болат. Жетпісбайдан – Серік, Арман. Серіктен – Балташ.

Бәйсеріктен – Байбосын – одан Жұрқа – одан Қабден – одан Жалбыр – одан Серік, Ерік, Орал.

Тынымбайдан – Жұрымби, Әбдірақым, Құрманғожа (колхоз басқармасының төрағасы болды). Жұрымбидан – Шәймерден, Шайқы, Жұмабай. (Ер баласы болмағандықтан Жұрымбиды нағашысы асырап алған, балалары қазір Жаңажолда тұрады, өзі аңшы болды, қасқыр соғып жүрді. Ауыл молдасы болды. Ғабит Мүсірепов оның Құран оқуына жоғары баға берген еді). Құрманғожадан – Мәлік, Айтқожа, Асылбек, Ниязбек, Сырғабек. Мәліктен – Асқат, одан Әлихан. Айтқожадан – Асан, Болат. Ниязбектен – Нұрлан, Нұрлыбек. Сырғабектен – Думан.

Құнжадан – Жидебай, Бастық. Жидебайдан – Мәжік одан Көпеш, Мырзалай, одан – Нығман (колхоз басқармасының төрағасы болды), Ығыман. Бастықтан – Күшек, Көркембай. Күшектен – Қожық – Құсанбай – Бектас – Ғабит, Әсем, Тәсіман, Еден, Жұмағали, Қасымғожа. Әбілден – Қасымбай – одан Есләм, Қайыр, Қайыржамал. Көркембайдан – Құзайыр, Мұқан, Сабыр. Мұқаннан – Алпысбай. Қасымғожадан – Мырзағали, Мырзағазы, Сапар, Әскер, Аманғали. Мырзағазыдан – Сәруар, Әбу. Сәруардан – Марат. Әбуден Асан, Асхат. Сапардан – Асқар. Әлібек, Ақылбек, Аслан. Асқардан – Ғалымхан. Әскерден – Жәнібек, Қозыбек, Жанарбек, Асылбек, Бүркіт. Ғалымбектен – Қаршыға, Азамат. Асылбектен – Темірлан. Аманғалидан – Жақсылық, одан – Ерлан.Тәсманнан – Жантас, Жүрдібай, Қалым, Базарбай, Ақтай. Құнамбайдан – Мұқан, Қожан. Құсайыннан – Мұқан, Әпеш, Ақық, Ыбыш. Игібайдан – Ыбыш – одан Сәбит – одан Зәйкен (колхоз басқармасының төрағасы болды), Бәйкен, Ережеп. Зәйкеннен – Бауыржан, Аманжол...Исақтан – Дөнен (одан ұрпақ жоқ). Ережептен - Әміреш. Еркін. Әмірештен - Самат.

Қойлыбайдың Назарынан Жетпіс, Қайырлап, Толыбай, Майкөбен, Бөлікбай, Кентбай. Жетпістен – Жарас, Ықылас. Жарастан – Дүйсенбай, Көмен. Ықыластан – Жабал – одан Қатыран, Елубай. Қатраннан – Баймағанбет, Марат, Маркен, Ерболат, Самат, Мұрат. Баймағанбеттен – Ғалым, Маркеннен – Даурен. Ерболаттан – Дауренбек, Асылбек, Назымбек, Бақдаулет, Самат, Ерболат. Елубайдан – Сайлаубек. Жарастан – Дүйсенбай, одан Серік, Төлепберген, Құрман, Амангелді. Серіктен – Медет. Құрманнан – Мерген. Амангелдіден – Нұрсұлтан, Бексұлтан. Кәмелден – Қайырбек. Одан Өмірбек. Айтқожа. Абай. Думан. Руслан. Нұрболат. Айтқожадан – Назар. Абайдан – Кәрім. Русланнан - Әділ. Қайырлаптан – Кендірбай, Қоти.

Кендірбайдан - Байғасқа – одан Қасым – одан Серікбай, Әскер, Асқар, Абай. Әскерден – Мирас. Майкөбеннен – Молдабай – одан Жанзақ. Кемікбайдан – Әбдірақым, Өмірзақ. Әбдірақымнан – Мұрат. Мараттан – Талғат.Еркін.Рақат. Өмірзақтан – Ерсайын. Қотидан – Әбен, одан Мұқаметжан – одан Серік, Ерік, Ерлан. Серіктен – Диас. Ерланнан – Сағыныш.

Толыбайдан – Дәндібай – Игісін – Күркебай – Байділда – Социал, Сейтқан. Социалдан – Сейтқали, Серғали, Ерік. Сейтқаннан – Серік, Берік, Самат, Қанат. Сейтқалидан – Шәкәрім, Санжар. Серғалидан – Олжас. Еріктен – Елхан. Серіктен – Данияр, Алишер. Беріктен – Ербатыр. Саматтан – Елбатыр, Елнұр.

Қозыбайдан – Қанжығалы, Салпық, Тулақ. Қанжығалыдан – Жаманбас, Қарабала, Қырықбабай. Жаманбастан – Темірбай, Тоқтар. Темірбайдан – Сағындық – Қараман, Алпысбай, Оразалы (Ең үлкендері Зияда Ұлы Отан соғысында хабарсыз кетті). Қараманнан – Аян (Оразғали), Алтай. Алпысбайдан – Абай, Бауыржан, Ғалымжан, Бағытжан, Нұржан, Берік. Абайдан – Арқат, Алмат. Мәди. Бауыржаннан – Азат. Ғалымжаннан – Аслан. Бағытжаннан – Ернат. Оразалыдан – Әсет, Әспет. Әсеттен – Әлібек. Әспеттен – Темірлан, Алтынбек. Аяннан – Дарқан, Иса. Алтайдан – Ерхан, Бекарыс, Әлихан. Тоқтардан – Есжан (Ұлы Отан соғысынан оралмады) одан Мағау одан Ақжер. Қарабаладан – Төрежан – Байтұяқ – Аспандияр, Алдияр, Әнуар, Данияр, Қайдар, Қайбар. Аспандиярдан – Маратқан, Кенесары, Азамат.

Қырықбабайдан – Байтемір, Жантемір. (Байтемір жергілікті жердің биі болған, кәмпескеге ілігіп, түрмеде қайтыс болған. Жантемір шаңырақ иесі болғандықтан одан тараған ұрпақтардың отбасы үлкен үй деп саналады). Бәйтемірден – Қасен одан Үндемес (ауылға сыйлы азамат болды) – одан Нұраш, Тұрабай, Нұрлан, Марат, Серік (олар Қостанай облысында тұрады). Нұраштан Ілияс, Нұрланнан – Мұрат, Мұқтар.

Жантемірден – Мырзахмет, Одан Сапи, Амангелді, Амандық, Амантай. (Олардың алдында бес бала қорасаннан жиырма бес күннің ішінде қайтыс болған). Сапидан – Аманжол, Абылай (Бейбіт), Балғат (әнші, бірінші республикалық "Жігіт сұлтаны" байқауында жүлделі орын алған), одан кейін Аяш. Абылайдан - Әсет. Балғаттан – Алдияр. Аманжолдан – Олжас, Манас, Азамат. Манастан – Ералы. Аяштан – Әлішер. Амантайдан – Самат, Қайрат (олар Қостанай облысының Рудный қаласында тұрады). Саматтан – Нұрсұлтан. Али. Қайраттан - Әміржан

Қозыбайдың Сапағынан – Қуандық, Байжиен, Жиенбай, Дүйсенай. Қуандықтан – Рамазан, Қызақбай. Рамазаннан – Әбдірмағзұм, Мәдениет, Әбдірмағзұмнан - Аспандияр. Байжиеннен – Тәйтішке, Әйтішке. Тәйтішкеден нәсіл жоқ. Әйтішкеден – Ишамбай (соғысқа қатысқан), Жасұлан, Төлеген, Асқар. Арнас. Дүйсенайдан – Сәткен – Серік, Қайрат, Талғат, Қуат, Мұрат. Ишамбайдан – Байқадам, Жанай, Жаңқайыр, Елубай. Байқадамнан –Аман, Ерсаян, Азамат. Аманнан – Ерлан. Азаматтан - Амангелді, Ерхат. Ерсаяннан – Мадияр, Әділ.Жасұланнан – Ерік. Одан Асылбек, Ғалымбек. Төлегеннен – Аманжол, Нұрлан. Аманжолдан – Алмас. Нұрланнан – Темірлан.

Қозыбайдың Тулағынан – Қантай, Қаңтарбай, Жолдас. Қантайдан – Сағит, Әбіш. Сағиттің балалары Көкшетау жақта. Әбіштен – Нұраш – Уәлихан, Серік. Серіктен – Қанат. Уалиханнан - Дәурен. Қаңтарбайдан – Тәшкімбай, Сүткембай. Сүткембайдан нәсіл жоқ. Тәшкімбайдан – Сүткен, Шәкір. (олар да Көкшетау жақта.) Жолдастан – Байкен, Әбдір (соғыстан оралмады), Байтай, Баймырза, Қайыржан. Байтайдан – Жаңатілек, Шәймұрат.

Жаңатілектен – Нұрбек. Шәймұраттан – Ерсайын , Бегайдар, Рауан. Баймырзадан – Сатыбалды, Оразай. Сатыбалдыдан – Нұркен, Аян. Оразайдан – Нұрсұлтан. Көпейден – Қайнолла, Имақ. Қайнолладан – Есет, Мақсат, Темірхан, Жаңбыршы, Самархан, Батырхан. Имақтан – Қани. Одан – Марат. Әскер. Мараттан - Нұрсұлтан, Нұрлан, Нұржан.

Қоңырбайдан – Байуақ, Салмойын, Мәмбетай, Мақанбетай, Тәжен, Қазамбай. Байуақтан – Ысқақ (домбырамен әнді жақсы айтушы еді). Салмойыннан – Мейрам – Жомарт – Ерсайын, Ербұлан. Мәмбетайдан – Сейтқазы – Керей, Уақ. Керейден – Руслан. Мақанбетайдан - Мырзаш, одан Орал. Одан – Есенғали, Аманғали, Аманжол, Амангелді. Есенғалидан - Серік. Аманғалидан – Ерік, Берік. Аманжолдан – Владимир. Амангелдіден – Ержан. Тәженнен – Есімхан (соғысқа қатысқан), Қамза. Есімханнан – Ерболат, Байболат. Қамзадан – Жақсылық, Ысқақ, Тоғызбай. Қазамбайдан – Шалабай – Сайлау.

Құтты. Құттыдан – Айтқұл, Байғұл. Айтқұлдан – Емеген, Аткелтір. Емегеннен – Тілеубай, Шағырбай, Түмен. Тілеубайдан – Сәттібай, Дүкенбай. Сәттібайдан – Кәдір, Әділ. Кәдірден – Мұқан – Керімбай, Еркебұлан, Оңдасын. Керімбайдан – Қадес, Еркетай, Ермұрза, Төрегелді. Ерболдан – Марат, Қанат. Қадестен – Бақтияр, Батырхан. Еркетайдан – Азат. Оңдасыннан – Азамат, Бексұлтан.Әділден – Уәли – одан Бөшкен, Садық, Керімбай, Қошқарбай, Баймағамбет, Қосман. Садықтан – Даурен, Даулет. Даулеттен - Әлібек, Даниал. Дауреннен Мирас, Мансур. Баймағанбеттен – Төлеген, Еркебұлан, Жанболат. Керімбайдан – Азамат, Дулат. Дулаттан – Асанәлі. Қошқарбайдан – Нұрболат. Қосманнан – Бауыржан, Әлішер, Әділ.

Дүкембайдан – Тұралы, Нұралы, Есенәлі, Рамазан, Қаңтарбай. Қаңтарбайдан – Оқас, Одан Құрман, Серік. Құрманнан – Ерік, одан Мансур. Серіктен – Еркін, Әмір. Тұралыдан (молда болған), Әбілғазы, Әбу, Нәби. Әбуден – Жамбыл, Бекен, Бекмұрат,Бекболат. Бекеннен – Арман. Нәбиден – Жәкен, Жәнібек, Жанболат, Марат. Жәкеннен – Аслан, Жасұлан. Мараттан – Назар, Найман, Жанболаттан – Арман. Нұралыдан – ұрпақ жоқ. Есенәліден – Атығай, Сүлеймен. Атығайдан – Қаратай, Қайырбек. Сүлейменнен – Бәспен (бұрынғы Киров, қазіргі Баймағамбет ауылында тұрады). Рамазаннан – Тұрғын. Қаңтарбайдан – Нұртаза – Молдаш – одан Төлеш, Алпысбай, Тобағабыл.

Байғұлдан – Сырымбет, Байсал, Сапақ, Базарбек. Байсалдан – Сегізбай, Тоғызбай. Сегізбайдан – Өмірзақ – одан Жұдырық, Байтас. (Жұдырықты халық Батыр болған деп те, балуан болған деп те атайды. Ол туралы аңыз әңгімелер көп. Солардың бірі – бірде Жұдырық жанына бір жолдасын ертіп басқа ауылда болатын тойға бара жатса керек. Жолда жылқы бағып отырған еңгезердей жігіттер кездесіп, қайда бара жатырсыңдар?" деп сұрайды. Сонда бұлар тойға барып күреске шығатын ойларын айтады. Олар денесі жұдырықтай ғана жігітті менсінбей "ең алдымен мына бізді жеңіп алыңдар" дейді. Сөйтіп жекпе-жек басталады. Дәу жігітті аспанға көтеріп алып, жерге бір-ақ пергенде жамбасы сынып кетеді. Өз бастарына пәле тілеп алған жігіттер оның Жұдырық екенін артынан біледі). Жұдырықтан – Мұстафа, одан Ысқақ, одан Ғазез (одан нәсіл жоқ). Мұстафадан – Қапез, одан Зәлел, Қалел. Зәлелден – Қанат, Жанат, Қайрат, Амангелді. Қанаттан – Әділбек, Алтынбек, Манарбек. Жанаттан – Олжас, Мирас. Амангелдіден – Дидар. Қалелден – Бейбіт, Серік, Ерік, Серікбай, Бекмұрат, Ризаш, Бейсен. Бейбіттен – Ғалымжан. Серіктен – Қадірбек, Манас. Еріктен - Әмірбек, Ақниет. Серікбайдан – Ғалым. Бекмұраттан – Дәулет, Санжар. Бейсеннен – Мәдениет, Райымбек. Мұқанбет. Ризаштан - Әли, Мұқаметали. Байтастан –

Смағұл (одан ер бала жоқ).

Тоғызбайдан – Байсалды, Сапақ. Байсалдыдан – Жүсіп, Ыбрай, Жүсіптен – Есентемір, Аққошқар, Аманғали, Сәруар (аудандық прокурор болған). Аманғалиден – Қосай. Қосайдан – Айдос, Әскер, Байдос, Айдар. Айдостан – Мерей, Айбек. Есентемірден – Кәрім, Қамбар. Кәрімнен – Дулат, Аманжол, Қанат, Баймұрат. Қамбардан – Баймағамбет, Марат, Асан, Асқат. Асқап, Асанияз. Баймағанбеттен – Азамат. Мараттан – Арман,Арнас. Асқаттан - Бауыржан, Ержан, Бағытжан. Сәруардан – Болат, Қазтай, Жанбота, Алмат, Мұрат. Болаттан – Даурен. Алматтан – Аққошқар, Шәміл, Уалихан, Мұрат. Мұраттан – Данияр.

Ыбырайдан –Халық, Сәрсембі. Халықтан – Қапар – одан Ғабділ, Қаһарман, Ербол, Қобланды. Ғабділден – Дулат. Қаһарманнан – Марал. Ерболдан – Бейбарыс, Шахназар. Қобландыдан – Мүсілім. Сәрсембіден – Қамза, Қайдауыл, Жауылбай. Қамзадан – Ерден, Қайролла, Тонтабай. Қайдауылдан – Қайырбай, Айтқожа. Жауылбайдан – Ерлан. Ерденнен – Досым, Серік. Қайролладан – Достан, Досбол, Қайырбай, Алмат. Достаннан – Нұртуған.

Сапақтан – Сыздық, Құсайын. Үсейін. Құсайыннан – Қошқарбай, Тоқтарбай. Үсейіннен – Мұқаметжан. Қошқарбайдан – Мақан. Сыздықтан – Уәлиақмет, Сағит. Уәлиақметтен – Салмағанбет, Құмарбек, Марат. Мараттан – Еркебұлан, Ерлан. Сағиттан – Мұқаматқали (Қамқай). Құсайыннан – Тоқтарбай, Мұсайын. Тоқтарбайдан – Сатыбалды, Амангелді. Салмағанбеттен – Оразке, Нұрлан, Талғат, Жанат. Оразкеден – Дархан, Самат, Рауан. Нұрланнан – Ренат, Руслан.

Аткелтірдің Базарбегінен – Мұқыжан – одан Жұмағали, Жанғали, Қабдолла. Қабдолладан – Өтей – одан Амангелді.

Шағырбайдан – Қаңтарбай, одан Нұртаза, Оқас. Нұртазадан – Молдаш, одан Тобағабыл, Төлеш. Жақсылық, Алпысбай. Тобағабылдан – Жеңіс. Жақсылықтан – Аян. Төлештен - Руслан. Алпысбайдан – Арман.

Түменнен – Балтабай, Қайнақ, Көшен, Кәрібай. Балтабайдан – Смайыл, – одан Мұздақбай, Мұздыбай, Сембай, Төшебай (Мұздыбай мен Мұздақбай балықшы болды. Олардың аулаған балығын Қорған қаласынан ұшақпен арнайы келіп әкетіп тұратын.) Мұздыбайдан – Тілеген, Елубай. Мұздақбайдан – Сайлау – одан Тайжан, Байжан, Ғалымжан. Тайжаннан – Ержан, Нұржан. Ержаннан - Әділхан. Нұржаннан - Әміржан. Байжаннан – Бауыржан. Ғалымжаннан – Еламан, Алтынбек. Сембайдан – Қабден (Қостанай облыстық қаржы басқармасының бастығы болған.) Төшебайдан – Пәруаз. Қабденнен – (екі ер бала болды) Қайнақтан – Бітік – одан Жәкен, Жексембай. Жексембайдан – Кәкім одан Бағыт, Асан. Көшеннен – Нәку, Тайлақ. Нәкуден – Тасмағамбет – одан Ертай. Тайлақтан – Оспан, Омар. Омардан – Далабай, Әміреш, Әшім (соғыстан оралмады), Шұғайып. Шұғайыптан – Әміреш, Нұрлан, Орал, Марал, Марат. Әмірештен – Медет, Саят. Оралдан – Мейрамбек, Маралбек. Нұрланнан – Саян, Мінайдар, Алтынбек. Кәрібайдан – Қайса – одан Садық – одан Бақытжан, Ерболат. Бақытжаннан – Сандыбай, Сансызбай. Ерболаттан – Қайса, Сәндібек.

Кенелдіктен – Шалабай, одан Сүлеймен, Жанайдар. Сүлейменнен – Асылбек, Ақылбек. Жанайдардан – Мұқаш, Қошқарбай, Сарбай. Мұқаштан – Бекзат, Алтынбек. Қошқарбайдан – Думан, Әлібек. Сарыбайдан – Еламан, Жанайдар.

Жылқайдар. Жылқайдардан – Бейіст, Жарықбас, Тәкей. (Қарақамыс ауылының маңындағы үлкен көлдердің бірі – Тәкей Қарағамысы деп аталады. Айналасы алпыс шақырым). Бейістен – Тышқанкөз, – Боқтық –

Арық, Базарбай, Оразбай. Оразбайдан – Жомарт – одан Айдар, Қайдар, Қайбар, Азамат. Қайдардан – Алмат.

Жарықбастан – Балуан – одан Сұраған, Тілеген. Сұрағаннан – Мұқаметжан, Талғат, Ақметқали. Мұқаметжаннан -Ерболат, Бауыржан. Тілегеннен – Жәнажан,Жәнібек, Жадыра. Жәнажаннан – Жанат, Ербол. Жәнібектен – Ержан, Жадырадан – Олжас.

Тәкейден – Әушәма, одан Әуелбек, Дәуренбек. Әушәмадан – Мырзақтай, одан Зарлық, Тілек. Дәуренбектен – Сұлтан, одан Қайыргелді, одан Серікбай, Қали, Дәурен, Рүстем. Сәрсембайдан – Сыздық, Құдайберген. Сыздықтан – Кәлиаскер, одан Төлетай. Сембайдан – Қали, Мұқаш, Қайыр. Мұқаштан – Амангелді. Қайырдан – Ермек, Серік. Тілек. Дулат. Құдайбергеннен – Шынтемір. Одан Жанарбек.

Байтоғай. Байтоғайдан – Жүзбай, Өтеген, Сағынай. Сағынайдан Балапан. Жүзбайдан – Сегізбай, одан Жиенәлі, одан Бейсенбай, одан Темірбай, одан Омар, Құлбай. Омардан – Төлеген, Меңдібай, Қаражігіт, Амангелді. Құлбайдан – Ерішкен, Мырзатай. Өтегеннен – Қабдолла., Әбдірақман, Төлеш. Әбдірақманнан – Жәкке, Байрақмет. Жәккеден – Бора, Алеша. Борадан – Артур, Артем (олар Омбы облысында тұрады). Өтегеннен - Нұрсейіт, одан Тасқұл, Тасбай, Тастан. Тасқұлдан – Болат, одан Жұмашке, Жақсылық, Алтай, Есләм, Есмен, Естай, Беспай одан Ақжол. Тасбайдан нәсіл жоқ. Тастаннан – Біржан, Әскер. Біржаннан – Асқар. Одан Жасұлан. Әскерден – Қайрат, Досым, Асқарбек, Асқар, Амантай. Қайраттан – Аян. Асқарбектен – Серік, Мейрамбек. Досымнан – Нұрсұлтан. Амантайдан – Алмас, Алмат.

Ишаннан – Айтқали, одан Бағыт, Серікбай, Амангелді, Аманжол. Сағынайдан – Жұқа, Әміреш. Балапаннан – Есім,Қали. (Есім аудан прокуроры болып, жол апатынан қаза тапты.), Қабдолладан Сағит, Сәбит. (Қабдолланың екі баласы соғыста қазақ тапқан). Сағиттан Қайыржан, одан Мұқтар. Жұқадан – Төлеген.

Сегізбайдан – Қалбы, Керейбай, Байжан. Қалбыдан – Кәрішал, одан Зейнел, Базылқан, Асылқан, Қаратай. Керейбайдан – Қасен, одан Әубәкір, одан Айтқожа, Серікбай, Есмағзам, Есләм, Шағуан. Айтқожадан – Барақан, Ғабит, Амангелді. Барақаннан – Ермек, Аманжол, Ғабиттен – Абай. Есмағзамнан – Марат, Серік. Есләмнан – Абылай. Шағуаннан – Рүстем. (олар Түмен облысының Заводуковский ауданында тұрады). Байжаннан – Қапен, одан Қошан.

Қарабайдан – Ишан. Одан – Айтқали. Одан – Дәулет, Бақыт, Сермағанбет, Аманжол, Амангелді. Дәулеттен - Дәурен. Бағыттан – Руслан, Рустан. Амангелдіден - Аспан, Арлан, Әділбек.

Қараша. Қарашадан – Бейсен, Жұман, Баймұжық, одан Оралбай, Мәжен, Тыныбек, Тынымбек. Оралбайдан – Бейсембі, Жұман. Бейсеннен – Бекбай одан.Амандық, одан Айбас, ... Жұманнан – Көкай, Тоқай, Керейбай. Тоқайдан – Бірәлі, Үмітбай, Тасмағанбет (Тәшу). Үмітбайдан – Қаусыл, Ескен, Есмағамбет. Ескеннен – Біркен. Мәженнен – Қасымқан, одан Әлғожа, Нұрғожа, Еркін. Әлғожадан – Жайсаңбек, Дидарбек, Арыстанбек. Еркіннен – Жанарыс, Керейбай одан Сәдір, Нәзірия. Тастан. Сәдірден – Қалиәскер, Болат. Тыныбектен – Жәнібек, одан Құсбек, одан Сейтен, одан Омар. Тынымбектен – Оралбай, Барлыбай, Марал. Маралдан – Баймақан, одан Қайырке, Қамза. Қайыркеден – Баязит, Қалый, Бәйкен. Қамзадан – Беспай, Бейсен, Алпысбай, Асылбек. Тасмағанбеттен (Тәшуден) – Дүйсенбі, Бектемір, Құсайын. Дүйсенбіден – Бегайдар. Үмітбайдан - Қаусыл, Ескен, Есмағанбет. Ескеннен – Біркен.

Айдарбектен – Қожабай – одан Бекіш, Сағынай... Кәктай. Бекіштен –

Дәуренбек. Одан Қаби, Қали. Одан – Болат, Марат, Дулат. Сағынайдан – Тастан. Одан Сәткен. Серік. Асқар. Мүсілім. Серіктен – Найман. Мүсілімнен - Сапарбек. Кәктайдан – Еден, одан Оразай, Тұрсын, Балаби (Еркеш), Ораз, Жанболат, Ердаулет, Қалқаман, Болатбек. Тұрсыннан - Оралдым, Досым. Ораздан – Олжас. Жанболаттан – Арман. Серік.

Өтеубайдан – Рамазан. Одан Нұрлан, одан - Әділхан.

Уәйістен – Қамза. Одан Хамит, Төлеген. Хамиттен - Қайрат, Қанат. Төлегеннен – Арман.

Жетпісбайдан – Қизат, Мұқаметжан (Қанат), Қали, Аманжол. (Қизат соғыста қаза болды). Мұқаметжаннан – Айтқожа, Қуанышбай, Байғожа, Әлғожа, Байғуаныш, Берік, Жанарбек. Аманжолдан – Бекқожа, Жанғожа, Айдарбек, Төлеген, Батыржан. Айтқожадан – Асқат, Аслан. Қуанышбайдан – Төлеген, Данияр. Байғожадан – Руслан. Беріктен – Алтынбек. Бекқожадан – Арман. Жанғожадан – Қали.

Анда. Андадан – Бегежан, одан Нысанбай, одан Сандыбай, Бағыс. Сандыбайдан – Боқтыбай, одан Сибанбай, Түменбай одан Кәрім, Сейіт, Айдар. Сибанбайдан Қабден (Сөке), Жұмабай. Кәрімнен – Амангелді одан Қайрат. Сейіттен – Торғай. Айдардан – Ербол, Қайрат. Андадан... Жантемір, одан Нұрғали, Тәшмақан. Нұрғалидан – Есмақан, одан Алешка, Жақсылық, Амангелді. Тәшмақаннан - Аманбай, одан Болат, одан Теміржан.

Бағыстан – Базарбай, одан Мәлік, одан Айтқожа, Ербол. Рамазаннан – Қамай, одан Шәріп, Тумырза (Бақыр). Шәріптен – Ерболат. Тумырзадан – Жәнайдар. Сапар, Ербол, Ертай, Ерік, Еділ. Жәнайдардан – Марат, одан – Расул, Сапардан – Шыңғыс. Ерболдан – Олжас. Еріктен – Манас. Ертайдан – Алмас.

Анданың Райкесінен – Төлеш... Садық. Одан Сәбит. Одан Мінайдар. Мұқаметқали, Тұрсынғали, Жұмағали, Айдар, Орал, Марат, Қайрат. Мінайдардан – Самат, одан Нұралы. Мұқаметқалидан – Талғат. Тұрсынғалидан – Жанат. Жұмағалидан - Азамат. Мараттан – Қанат, Ернат, Қайраттан – Алишер. Алдияр.

Анданың Өтесінен – Рамазан, одан Сақыпжан (Петропавл педагогика институтында декан болды).

Телі. Теліден – Аралбай, Сағындық. Аралбайдан – Көбен. Одан Бейсенбай. Одан Қадірәлі, Қасым. Қадірәліден – Шәймұрат, Төлежан (Доду). Шәймұраттан – Нағашыбай, Туғанбай, Алтай, Мейрам. Нағашыбайдан – Асқат. Туғанбайдан Жанат, Алтайдан – Қанат, Қайрат. Мейрамнан – Амангелді, Дамир. Төрежаннан (Додудан) Жұмаш, Төлетай, Құматай. Жұмаштан – Амангелді, Алмат. Қасымнан – Жолдыбай. Одан Серік, Сайран, Нұрлан, Бақыт.

Сағындықтан – Айтуған, Үмбет, Есембай, Кенже. Айтуғаннан – Елемес, Естемес, Шалбақсы, Қозыбек. Шалбақсыдан – Толғамыс, Тоқтамыс. Толғамыстан – Өтеулі. Одан Қасен, Сәду, Оспан, Мәлік. Тоқтамыстан – Зілқара, Қожахмет, Бектұр, Бектұрған, Рахмет. Қозыбектен – Жанбай, Қанқожа. Жанбайдан – Мыске, Ботан,Мұсатан. Ботаннан – Абдрахман. Одан – Жомарт,Мұрат, Қайыргелді. Жомарттан – Самат. Мұраттан – Қайрат, Қайырбай. Қайыргелдіден – Арман. Қайырбайдан – Қуаныш, Нұрлан. Арманнан – Амир.

Қанғожадан – Бейсенбі, одан Сүлен, одан – Нұрмақан, Аманжол, Сырғабек, Ермұқан, Жармұқан.

Үмбеттен – Кіжікей, одан – Сұраған, Қиынды, Ержан, Маханбет. Сұрағаннан – Жорты, Ерғали, Нұрғали. Жортыдан – Сәдір. Бірмағанбет. Сәдірден – Нұрлан, Нұржан. Ерғалидан – Абай, Серік, Құтты, Қуандық,

Елубай. Нұрғалидан – Есенғали, Талап, Талғат, Балғат. Қиындыдан – Қошқарбай, Алдай, Құрмаш. Қошқарбайдан – Айтан, Зарлық, Асылхан, Әскер. Алтайдан - Бекболат, Серік, Берік. Ержаннан – Тоқтарбай, Зікірай. Арғыннан – Елембай, Арыстанбек. Зікірайдан – Қарсақбай, Жұмашке, Жұмағали. Елембайдан - Жанат. Арыстанбектен – Марат, Алмат.

Сағындықтың Есембайынан – Алшынбай, Әділбай, Жиынбай. Алшынбайдан ер бала жоқ. Әділбайдан – Молжігіт. Одан Ещан. Ещаннан – Әбен. Әбеннен –Оразке, Ерғази. Ерғазидан – Сибанбай. Сибанбайдан – Нұрыш. Одан – Сағындық. Одан – Амангелді, Нұрлан. Ерғазидан – Сағымбай, Қуанышбай, Оразай, Қайрақбай, Марат, Қошқарбай, Аман.

Жиынбайдан – Тәңірберген, Жаманқұл. Тәңірбергеннен – Елеусіз, Байсақал. Елеусізден - Әбікен, Әбілқайыр. Әбікеннен – Әмір.Одан – Бауыржан, Тобылжан. Тобылжаннан - Ерлан. Байсақалдан – Қабдолла, Әміреш, Абдрахман. Жаманқұлдан – Жақып, Одан – Сұлтан. Одан – Сайран. Сайраннан - Жұлдызбек, Айбек. Жұлдызбектен – Әлихан. Айбектен – Нұрсұлтан.

Балықбай. Балықбайдан он бала – Көпжасар, Жауғашар, Шортан, Досан, Арыстан, Сазанбай, Есқара, Қарабек, Тасқын, Болатбек. Көпжасардан – Құнияз, Ниязбек. Құнияздан – Бекмырза, Қосшығұл, Қазыке. Бекмырзадан – Біржан, Ысқақ, Оспан. Оспаннан – Мұсайын, одан Елемес. Ниязбектен – Итіш, Қоқақ. Итіштен – Әбу, Рамазан. Әбуден – Сағындық, одан Кәрімжан, Кәкімжан. Рамазаннан – Мұқан, Қаби. Қоқақтан – Кәбіш, одан Қойбағар, одан Айдархан, Батырхан, Асылхан. Батырханнан – Сайран. Кәрімжаннан – Мұрат. Кәкімжаннан – Әлібек. Мұқаннан – Сұлтан, одан Төлеу, Төлебай. Жауғашардан – Әлібек, Қалыбек, Байқара, Жанқара. Әлібектен – Жүсіп, одан Баймақан, одан Қапез, Мәлік. Қалыбектен – Бәшке, одан Сәдуақас, одан Қайыргелді. Байқарадан – Бижан, одан Күзембай, одан Зияда, Серік. Жаңқарадан – ұрпақ жоқ.

Шортаннан – Күдербай, одан Нұғытай, Күшік, Арықпан, Әжімбай, Көшербай, Төлеген, Әжмағұл. Нұғытайдан – Дәрмен, одан Әміреш, Зияда. (Әміреш Кеңес Одағының Батырына пара-пар үш дәрежелі Даңқ ордендерімен марапатталған). Әмірештен – Сапар. Зиядадан – Зағыпар, Зейнолла, Нығмет. Күшіктен – Кәмәли, Шауыпкел. Орақбай мен Әжмағұлдан ұрпақ жоқ. Кәмәлиден – Біржан, одан ер бала жоқ. Әжімбайдан – Құсайын. Көшербайдан – Абылай, Базарбай. Абылайдан – Оразтай, Сергей, Кеңес. Оразтайдан – Еркін, Екпін. Екпіннен – Мұрат. Еркіннен – Нұржан, Нұрлан. Кеңестен – Қайрат, Қайырбек.

Досаннан – Төребек, Боранбай, Бижан. Боранбайдан – Шахмет, Бірке, Тәшке. Шахметтен – Мәди, одан Молдағали, одан Сейтеш, Біркеден – Серке, одан Серік. Бижаннан – Бақыр, одан Қайырбай.

Арыстаннан – Ақжан, Құдас. Ақжаннан – Тайжан, Тасқожа. Тасқожадан – Зейнолла (Қостанай облысында тұрады). Тасқожадан – Жамбыл, Жалбыр, Жағалбай, Сағалбай. Жамбылдан – Оралбек.

Сазанбайдан – Тіленші, Құрманбай. Құрманбайдан – Сүлеймен, Смайыл, Ақбай. Ақбайдан – Шәйке, Шайқыс, Дүйсеке. Шайқыстан – Қамза, Қапез, Байтуды. Қапезден – Аманжол, Амангелді. Аманжолдан – Ерік, Серік. Сүлейменнен – Қасан, Қанғожа, Құлғожа. Қасаннан – Ілияс, Додақ, Кәрі. Қанғожадан – Жанақ.

Есқарадан – Сейтенғұл, Сейтқұл, Байқуаныш. Сейтқұлдан – Жуаныш, Ахмет, Омар. Ахметтен – Базылхан, Оразғали. Оразғалидан – Мырзағали, Есенғали, Орақ, Айтбай. Мырзағалидан – Қуаныш. Омардан – Мұқаматқали, одан Бағыт, Сәруар, Әнуар. Бағыттан – Дулат, Талғат. Дулаттан – Азамат.

Сәруардан – Мұрат, Марат, Жомарт, Қайрат. Әнуардан – Рүстем, Қайдар. (Қорған облысының Мокроусов ауданында тұрады.)

Байғуаныштан – Қалқаман, Мүлқаман. Қалқаманнан – Байтас. Байтастан – Мырзағали, Мырзағазы, Тобыл. Мырзағалидан – Ербол, Ермек. Мырзағазыдан – Ерболат, Марат. Тобылдан – Әсет. Мүлқаманнан – Төлеке, Қари, Тобағали. Төлекеден – Зәли, Мұқамедия. Зәлиден – Бәстәми, Қадірбай. Мұқамедиядан – Айдархан, Бисары, Сырым, Мүбарак, Жомарт. Қаридан – Зағыпар, Қапар, Мырзақан, Мұсабай, Жұмаш. Зағыпардан – Дәрібай, Амантай, Шерхан, Тауырбай. Дәрібайдан – Қайыргелді, Болат, Жамбыл. Таурабайдан – Зағыпар, Дәурен, Нұрболат. Қапардан – Амангелді, одан Таупық, Еркін. Мырзақаннан – Қайрат. Мұсабайдан – Қанат. Тобағалидан – Есенғали, Батырқан, Қалиқан, Уәлиқан. Қалиқаннан – Асылқан, Қасымқан, Бауыржан, Нұрлан, Сұлтан. Уәлиқаннан – Нұржан. (Түмен облысының Заводоуковский ауданында тұрады).

Қарабектен – Ақберген, Бозжан. Ақбергеннен – Тиішбай, Мырзағұл. Мырзағұлдан – Шерғали, Әлғазы. Шерғалиден – Зәңгір. Бозжаннан – Жұмырбай, одан Самалық, одан Әлім, Сейілқан. Әлімнен – Тоқсамбай. Сейітқаннан – Кенақан, Жасұлан. (Болатбек Ақбайды бала қылып алған көрінеді, одан тараған Аманжолдың отбасы – Балықбайдың шаңырағы деп саналады деседі).

Тасқыннан – Жабай, одан Мырзатай, Жайлыбай, Ақым.

Осы Балықбайдан тараған Жауғаштыдан – Биғашты, Үкібай, Түкібай. Үкібайдан – Қаңтар, Құсайын. Құсайыннан – Қайыргелді. Одан – Орынбор.

Балықбайдан… Сейілхан. Одан – Қалиқан, Жасұлан, Кеңес. Жасұланнан – Дүйсенбай. Орал. Жанат.

Баспаға Қасымқан Баймұжықовтан, Мәриям Мырзатаевадан, Сайран Жақыповтан, Шапай Стабаевтан, Қараман Сағындықовтан, Мұқан Кәдіровтен алынған, Қорған және Түмен облыстарында тұратын ағайындардан Гәуһар Зағыпарқызы Мүлкаманова (Сәдуақасова) әкелген деректер бойынша әзірленді.

Ескерту! Шежіре білетін көнекөз қариялардың болмауына байланысты "Қапсыт" руын бүге-шүгесіне дейін ажыратып, тарату мүмкін болмады. Сондықтан арасында сәйкессіздіктер де кездесуі мүмкін.












1941
1945


1941
1945








































FOOT BALL
BS




















إنآ لله و إنآ إليه راجعون
Керей
АТКЕЛТІР
(Қапсыт)
Сары, Анда, Телі,
Қараша, Құтты.





































































































































































































































how



2. ҚИЫН ДА ҚЫЗЫҒЫ МОЛ МАМАНДЫҚ

БАЛАЛЫҚ ШАҒЫМ, БАЛ ШАҒЫМ...

"Балалық шағым, бал шағым, келер деп көп аңсадым" деп ақын жырлағандай, адам жасы ұлғайған сайын сол бір ештемені ойламайтын, ештемеге қам жей қоймайтын шақты көп еске алады екен. Ойын баласы нені ойлаушы еді. Ол кезде қазіргідей ойыншық жоқ. Үлкендер қорап тоқуға, болмаса огород қорғауға шіліктен кесіп әкелген талдардың ішінен бұтағы көбірегін алып, ат қылып мініп, жүгіре жөнелгенде артында көтерілген шаң неғұрлым көп болса, сенің басқа балалардан дәрежең арта түседі, саған олар қызыға қарайды.

Ендігі бір қызық ойын, велосипедтің шабақтары алынып тасталған доңғалағын қолыңа не бір кесек темір, не ағаш алып, зырылдата жүгіру. Ал бәрінен де қызығы және пайдалысы асық ойыны. Қаз-қатар тігілген асықтарды мейлінше алысқа ұшыру үшін сақаның ортасы ойылып, қорғасын құйылады. Онымен атқанда асық төрт табан, бір қарыс жерден алыстау ұшса ол сенікі. Басқа балалардың атқан асығын одан асырмауға тырысып, күннің ыстығына қарамай әкеміздің 42 қалыптық етігін киіп алушы едік. Ол да бір заман. Енді қайтып оралмас заман.

Бұл менің үй шаруасынан қолым босаған азғана уақытта қатысатын ойындарым. Олай дейтінім, шешем Көкеш Шәймерденқызы мен ес білгелі сырқат болды. Үй шаруасына жарамайды, қыс пештің үстінде, жаз есік алдындағы көк шөптің үстіне төселген қалың төсеніште отырады. Бізге шаруаны қалай істеу керек екендігін ауызбен айтып түсіндіреді, біз соны орындаймыз. Үй шаруасын алғашында ағам Амангелді істеді. Мен соның жанында жүріп бәрін үйреніп алдым. Екі жыл оқудан қол үзген ол мен үй шаруасын атқара алатын болғасын оқуын қайта жалғастырды.

Шешем он бес құрсақ көтерген екен. Аштық жылдары бесеуі қорасаннан жиырма бес күннің ішінде көз жұмған. "Әкең екеуміз жынданып кете жаздадық сол кезде" деп отыратын анам. Солардан төрт-ақ ер бала қалыппыз. Мен атам Жантемірдің қойынында болдым. Ол қайтыс болғасын төсегінде жалғыз жататынмын. Әлі есімде, жазғытұры бір торпаққа айырбастап Махарьевканың хохолдарынан бір көрмеңке (арба үстіне орнатылған қарағай қорап) картоп әкелді. Қар ерісімен есік алдынан трактормен жер жыртқызып картоп салды. Оны қырқамен жағалай қоршап, талдан тоқып, қақпақ орнатты. Әйтпесе, мал түседі ғой. Содан бері біздің үй жылда картоп отырғызатын болды.

Менің денсаулығым өте шалағай болды. Жоғары қарасам басым айналады, мал қайырамын деп жүгірсем, демігіп, отырып қаламын. Кейде тіпті дем ала алмай қаламын. Осы кезде шешем қалайы күрішкеге салынған майды ертеді де маған ішкізеді. Сол кезде "уһ" деп дем аламын. Бір күні Пресногорьков аудандық ауруханасының терапевт-дәрігері Губарова ауылға келіп, үйді-үйді аралап, сырқаттарды анықтап, қарап, оларға ем жасады. Менің қаным аз деп гемотаген деген дәрі мен "Кагор" қызылағын асхана қасығымен ішуді ұсынды. Ол кезде шәй қасығы, асхана қасығы дегенді кім білсін! Әйтеуір көмегі болды.

Астық қырманы біздің үйден алыс емес. Онда күні-түні қызған жұмыс.

Біреулері астықты күрекпен бір жерден екінші жерге лақтыру арқылы кептірсе, осында арнайы салынған пеште де бидай кептіріліп жатады. Қойма ішіндегі астық тазалайтын машинаның (веемканың) құлағын екі адамнан кезек-кезек тұрып айналдырып, бидай тазалап жатады. Балалар ойнаған болып астық үйіндісіне жатып, көйлегіміздің ішіне бидай толтырып аламыз. Етегін ішкиімнің бауымен буып тастаған көйлектің ішіне кемінде жарты шелек бидай кетеді. Сосын жан-жаққа тұра қашамыз. Бір күні осы қылығымызды сезіп қалған май жинайтын орыстың (салыққа май жинайтын уәкілді осылай атайтын) бізді қуғаны да бар.

Егін орағы аяқталған соң колхозшыларға істеген еңбегіне қарай бидай береді. Оны төр үйге жайып кептіреді. Ауылымыздың екі адамы – Мұздақбай мен Мұздыбай Смайылұлдары балықшы болды. Олардың аулаған балығын Қорғаннан кішкентай ұшақпен келіп, әкетіп отыратын. Күз олар ауылдан астық та сатып алады. 1947 жылғы реформадан кейінгі ақшалар үлкен болды. Ылғи 25 сомдық жаңа ақшалар қолына тигенде әкемнің қуанышында шек болмайтын. Ал өзімізге қалдырған астықты қолдиірменмен үгеміз. Біздің үйдің қол диірмені ағаштан жасалған болды. Астына шөгеннің сыныктары қағылған. Тастан жасалған диірмендей емес бұл үнемі бір жаққа айналдыра берсең бидайды жарып тастайды. Сондықтан бір рет оң жаққа бұрасаң, екі рет сол жаққа айналдыру керек. Бір-екі тостаған бидайды үгіп болғаннан кейін диірмен жағалауына жиналып қалған ұнды саусағыңмен сырып түсіремін дегенде қолыңның әр жері қаңылтырға кесіліп, қансырап та қаласың. Бұл үйреншікті жағдай.

Үгілген ұнды елеуішпен екшеп, болса қаймағы алынған сүтпен (обратпен) немесе сумен илейсің. Оған ас содасын көп қосып жіберсең, наның сап-сары болып кетеді. Иленген қамырды ыспағашпен ысып, табаға саласың да, үстінен бес саусағыңмен басып, ептеп май жағып оты жанып болған пештің тандырына салып, аузын жауып тастайсың. Анда-санда аударып отырмасаң, астыңғы жағы күйіп кетеді. Ал жаз болса нанды далада жағылған отқа табажаппайға (лущильниктің дөңгелегін үстіне жауып) пісіресің. Ондай нан тәтті болады!

Ертеректе мал қоралары кертеден салынады екен. Яғни ағаштан керте жасалады да, ортасына қорадан қыс бойы шығарылған шөп, сабан аралас қи толтырылады. Мұндай қоралар жылы болады. Бертінде қоралар қамыс қысылып салынатын болды. Ондай қораларда малдың төлін ұстау қауіпті. Сондықтан жаңа туған бұзау, лақ, қошақай ауыз үйге енгізіліп, байланып ұсталады, шөп қадаға қыстырылып қойылады. Ол кезде жем деген атымен болмайды. Сиыр үйге кіргізіліп, бұзауын ептеп емізіп, игізіп барып сауылады. Біздің балшық үйдің есігі аласа болғандықтан, әбден үйреніп алған ғой, сиыр еңкейіп барып кіріп, солай қайта шығатын.

Азын-аулақ сауылған сүтті сепаратордан өткізіп отырып, арасында қаймағы алынған сүт ағатын шүмегіне ыдыс тосып ішемін. Осынымды көріп отырған шешем: "обрат ішкенше сүт ішшейші" дейді. Өзі азғантай сүттен ішсем, одан қанша қаймақ шығады. Сондықтан "Мен обрат ішкенді ұнатамын" деймін шешеме. Бірнеше күннің қаймағын жинап, былғап май қыламыз. Ол қонаққа керек. Ал қаймағы алынған сүтті ысытып, айран ұйытамыз. Бұл бір, тамаша тағам! Нанмен қосып ішіп алсаң, тоқ жүресің!

Шымнан салынған үйде сәкі деген болмайды. Ол кезде тақтай дегенің өте қат. Сондықтан қара жер жылқының қиы қосылып иленген сары балшықпен майланып тасталады. Оның үстіне шөп төселеді. Ал оның үстіне алаша,

текемет, қонақ келгенде төркөрпелер жайылады. Үйдің қабырғасы атақонысымыз – Ақтомпақ деген жерден қазып әкелінетін ақ балшықпен сыланады. Осы ақбалшықты төңіректегі ауылдардың бәрі пайдаланады. Мереке алдында үй ішінде биікке байланып қойған сырыққа шешем абдырадағы бір-екі матасын іліп қояды. Бұл байлығымыздың айғағы. Одан басқа байлығымыз жоқ.

Кешкілік шұбал пешке от жағып, тамақ пісіргенде үй жып-жылы болып тұрады да, таңертеңге дейін суып кетеді. Бірақ ерте оянамыз. Әкем Мырзахмет Жантеміруұлы таң намазын оқығанда, даусынан оянсақ та, көрпенің астынан шыққымыз келмейді. Бірақ мал жайлау керек. Жылы киініп, фонарды жағып алып, әкем екеуміз қораға шығамыз. Олай істейтініміз, мен мектепке кетіп қалмай мал жайлануы, суарылуы керек. Содан кейін үйге келіп, от жағып, шәй қоямыз. Жанып жатқан отқа көсеуді қыздырып, әйнектегі қалың қырауға басқанда, еріп үй жарықтана бастайды.

Тың игеру басталғанға дейін біздің ауылда кітапхана болды. Әкем кітапханадан батырлар жырын әкеледі. Шәйтабаққа салынған тоңмайға кендір жіп сіріңкемен жағылғанда әжептәуір жарық береді. Жерге бауырлап жатып, жырды оқимын. Дастанның жаугершіліктен жапа шеккен, қырылған әскер, өртенген ауыл, бос қалған бесік, босқын халық туралы айтылған жеріне келгенде анам егіліп тұрып жылайды. Бертін келе жетілік, сегіздік, тіпті ондық деген шамдар шықты. Шұбал пештің ортасынан әдейі қалдырып кеткен тесікке қойғанда шамның жарығы ауыз үйге де, төр үйге де түсетін еді. Оның шынысы (пузырь) өте қат, ішіне жиналған түтін күйесін еппен сүртпесең сынып қалады.



Суретте: Әкем Мырзахмет Жантеміруұлы мен екінші шешем Шәмшия Ерімқызы қарындасым Бибігүл Мырзахметқызымен. 1967 жыл, тамыз.

Жаз жұмыс тіпті көбейеді. Әкем екеуміз бөрте биені арбаға жегіп, ормандарды аралап, ішінен құлаған ағаштарды жинап, есік алдына әкеліп үйе береміз. Ол кезде қазіргідей ағаш сатылмайды, көмір дегенді білмейміз. Сол ағашты қыс бойы сақтап жағамыз. Сосын шөп шабу науқаны басталады. Әкем екеуміз биемен қыстауға барамыз да, ол шөп шауып арбаны толтырып береді, мен үйге қайтам. Кел деген кезінде қайта барып алып келемін. Бірде Қарпық қыстауына бардық, әдеттегідей арбаға шөпті толтырып берді. Ауыл жаққа баратын жолға шығуымыз мұң екен бие бірденеден үркіп, шаба жөнелді. Ауылдың басқа жылқылары сияқты емес, түйеден қорықпайтын, бірге оттап жүре беретін, бірақ машина көрсе болғаны аспанға атушы, тіпті жетекті қиратып кетуші еді. Мен арбаның алдыңғы жағында отырып қалған екенмін, бие шаба жөнелгенде бие мен арбаның арасына өлең шөппен сусып бірге түстім. Не болғанын білмеймін. Жатқан жерімнен тұрсам, бие ауылға қарай шауып барады, аяғымнан қан сорғалап

жатыр, басым ауырып әкетіп барады. "Аға!" деп қатты айғайласам керек, әкем жүгіріп келді. Әкемізді балалардың бәрі аға дейтінбіз. "Құлыным-ай, құлыным-ай, не болды?" – деп аяғымды жерге ұшықтап жатыр. Күн тимесін деп басына байлаған қолорамалмен аяғымның қан аққан жерін байлап тастады. Ақсаңдаған боймен әкемнің сүйемелдеуімен үйге әрең жеттік. Ауылда медициналық қосын да жоқ, дәрі де жоқ. Есік алдында сырқат шешемнің қасында аяғымның жараланған жерін күннің көзіне қаратып, қолыммен шыбын-шіркейді қондырмай бірнеше күн отыруға тура келді. Жараның орыны тыртық болып бітті. "Мен сені туғаннан тұзды суға көп шомылдырып едім, соның пайдасы болды-ау, құлыным" деп қояды шешем.

Ептеп бұғанам қата бастағасын қолыма шалғы ұстап, шөп шабуға қатысатын болдым. Шөп шабатын жерге арбаға биені жегіп барамыз. Арбаға шөп шауып толтырып, құлын мен биені байлаймыз да сағат сайын әкем сауып отырады. Үзіліс кезінде әкем орақтарды шыңдайды. Әкемнің немере ағасы Сағындық алда, артта әкем, ортаға мені салады. Мен шалғы сілтегенде оларға еріп отыруым керек, әйтпесе арттағы орақ аяғымды қырқып кетуі мүмкін. Екі әкем мені шөп шабуға осылай үйретті.

Осылайша еңбекке ерте араласуыма тура келді. Менің жастығыма қарамай, жұмысшылар жетпей жатқандықтан колхоз да өз жұмысына пайдалана бастады. Қос өгіз жегілген арбамен комбайннан қырманға астық тасыдым. Көрмеңкенің бір қабырғасында арнайы жасалған тесік болады. Оны ашқан кезде бидай сусып аға бастайды. Ағаш күрекпен күреп көрмеңкедегі бидайды сол тесік арқылы түсіресің. Әрине түбінде ептеп астық қалтырасың да, үйге шәй ішуге барған болып, сыпырып түсіріп аласың. Сосын кешке қолдиірменмен үгіп тастайсың, әйтпесе пәле болады!

Бір жылы егін орағы кезінде комбайнан сабан түсірушілікке (копнитель) қойды. Шынжыр табанды трактормға комбайн тіркеледі. Комбайның алдында темірден жасалған өте жалпақ, артқы жағында екі кішкене доңғалақтары болады. Артында сабан жиғыш. Екі жағындағы тақтайдан жасалған алаңға шығып, айырмен сабанды жайып тұрасың да, әбден толғасын педальды аяқпен басып қаласың, сонда сабан жерге түседі. Шөмелені қатарлап түсіріп отыру керек. Ал сабан шөмелесі тығыз болуы үшін копнительдің ішіне секіріп түсіп, басып, қайта шығуың керек. Бұл өте қауіпті жұмыс. Ол кезде адам қауіпсіздігіне мән берілмеген ғой деп ойлаймын қазір.

Ең көп істеген жұмысым – трактормға тіркелген шөп шабатын машинаға (косилка) мінуім. Пішен шабу әдетте маусым айынан басталады да мектептерде сабақ басталатын қыркүйекке дейін үш айға созылады. Осы мерзімде бөлімшедегі қоғамдық малға да, өзіміздің малымызға да шөп дайындап үлгереміз. Техниканың қыр-сырын жақсы меңгерген Кәкім Жексенбайұлы мен Қани Имақұлынан Қайыргелді Сұлтанұлы екеуміз көп нәрсені үйрендік.

Өз үйімізде істеген шаруа Ақбалық жетіжылдық мектебіне оқуға барғанымда жалғасын тапты. Ағайынды төртеуміз де бірімізден соң біріміз нағашы апамыз – Бөкестің үйінде тұрып оқыдық. Күйеуі соғысқа кеткенде іште қалып, туған жалғыз баласы – Ережепті ештемеге жұмсамайтын. Үй ішінің де, сыртының да жұмысын біз атқаратынбыз.

– Істегенің маған жақсы, үйренгенің өзіңе жақсы, – деуші еді марқұм Бөкес апам.

Онысы рас екен. Сол үйренгенімнің осы күнге дейін пайдасы тиіп келеді.

АЛҒАШҚЫ МАҚАЛА

Менімен тұстастар, яғни Ұлы Отан соғысы жылдары туғандар оқуға баратын 1952 жылы Қарақамыс ауылында жаңа мектеп салынды. Ескі мектепте бір айдай ғана оқыдық та сабақты жаңа ғимаратта жалғатырдық. Жуан қарағайдан салынған ғимаратқа ене бергенде шағын дәліз, сол жақ бетте мұғалімдер отыратын бөлме, тура және оң жақта оқу сыныптары. Ол кезде бірінші және үшінші, екінші және төртінші сыныптар қосақталып, бір бөлмеде оқытылады. Мектепті ауыл адамдары "Жырық Андрей" деп атап кеткен орыс балташысы салды. Қорған облысының Боравлянка деген жеріндегі ну орманнан әкелінген түп-түзу, жуан қарағайлардан тұрғызылған мектеп үйі ауылға көрік беретін ғимарат еді. Дәл жанында ескі желдірмен тұратын. Оны бұзып, ұн үгетін тасын колхоздың орталығы Ақбалыққа апарып, трактор моторымен жүретін диірменге пайдаланатын болды. Оның орнына қабырғасын талдан тоқып, екі бетін иленген белшықпен майлап, монша тұрғызылды. Колхозшылар үшін салынған монша тегін болатын.

Соғыстың зардабынан да болар кезінде оқи алмаған балалар бізбен бірге партаға отырды. Олардың ішінде Жәнай Кенелдіков, Қасым Жабалов, Қайыргелді Сұлтанов және басқалары бар еді. Бізге әліппені үйреткен қазіргі Қостанай облысының Сарыкөл ауданынан келген Кәтай Бірмағанбетов болатын. Мен оның қызы Мінаумен (Мінуара) бір партада отырдым. Одан кейін сол ауданнан Қабаш Шабақов деген жас жігіт келіп еді, бір-екі айдан кейін әскер қатарына алып кетті. Оны Сәбит ауылынан келген Әнуарбек Әубәкіров алмастырды.

Бұл 1953 жылдың 5-ші наурызы болатын. Мектепке оқушылар түгел жиналды. Бірақ мұғаліміміз жоқ. Ұстазымыз Жаңажол ауылынан, Ұлы Отан соғысына қатысқан Нұрқан Жуанышбаев болатын. Соғыста бір аяқтан жараланған болуы мүмкін. Өйткені бір аяғына киетін пимасының қонышы іш жағынан тілініп, баумен байланатын. Құтты жақтағы бір үйде пәтерде тұратын. Біраз уақыттан кейін ұстазымыз аяғын зорға басып келіп, орындыққа сылқ етіп отырды. Байқаймыз, жылаған, көзінің жасы тиылар емес.

– Бүгін қаралы күн, Сталин жолдас қайтыс болды, сабақ болмайды, үйлеріңе қайта беріңдер, – деген сөзді әзер айтты ұстаз.

Оң мен солымызды әлі біле қоймаған бізге кімнің туғаны, кімнің қайтыс болғаны, бәрібір еді. Мектептен шулай шығып, үйді-үйімізге жүгіре жөнелдік. Біз бір күн емес, тіпті бір сағат оқу болмаса, қуанып қалушы едік ол кезде. Үлкен ағам Сапидан Амангелдіге, одан маған мұра болып ауысқан, теңіз балығының терісінен тігілген былғары сөмке мықты болатын. Ауыл көшелеріне таудай болып тұрып қалған қардан сырғанауға шана ретінде талай пайдалансам да, жыртылып көрген емес. Бұл жолы да солай істедім.

Мектептен ерте оралғаныма әке-шешем таң болды. Не болғанын түсіндірдім. Біздің үй ол кезде Қостанай облыстық "Коммунизм жолы" газетін жаздырып алатын. Көп кешікпей газетке қайтыс болған Сталиннің жатқан суреті жарияланды. Жағалай Одақтас Республикалардың бірінші басшылары жайғасқан, ал Сталиннің бас жағында Шаяхметов отыр екен. "Шаяхметов Сталинмен дос болған ғой, сірә!" десіп қояды суретті көргендер.

Жақын ағайынымыз, ағалы-қарындасты Байтұяқ пен Ұмыттық Төрежановтар әке-шешелері ерте дүние салып, жетім қалғанда біздің үйді паналаған екен. Ұмыттық Көкшетаудағы ағайынымыз, қалалық партия комитетінің хатшысы қызметінде тұрған Тәшкімбай Қаңтарбаевқа барып,

сонда Шымкенттік композитормен танысып, күйеуге шығып кетеді. Біздің үйден соғысқа аттанып, одан аман-есен оралғасын, Байтұяқ Төрежанұлы Преснагорьков ауданының орталығында тұратын тағы бір ағайынымыз Уәйіс Түнтікбаевтың қызын Көкшетауға алып қашады. Әмина жеңгеміз орыс тілі мен әдебиетінің маманы, Көкшетауда мектеп директоры, ал Байтұяқ – облыстық білім басқармасында инспектор болып істейді. Жеңгеміз қайтыс болып, Байтұяқ шиеттей төрт баламен қалғасын Сағындық Темірбайұлы мен менің әкем Мырзахмет Жантеміруұлы колхоздан машина сұрап алып, ауылға көшіріп әкеледі. Сөйтіп Байтұяқ ауыл мектебіне мұғалім болып орналасып, бізді оқытты.

Мұғалімдер ауыса бергесін біліміміз де онша емес шығар. Ал орыс тілінен мүлде бейхабармыз. Өйткені ауылда бірде-бір орыс жоқ. Тіл үйрену ортаға байланысты ғой. Байтұяқ Төрежанұлы орыс тілі сабағында осы олқылықтың орынын толтырғысы келеді. Бірақ оның нәтижесі шамалы. Бірде тақтаға "Из муки пекут хлеб" деп жазды да оқушылардан қазақша мағнасын сұрады. Жауылбай Халықовты (қазір Ыбраев) орынынан тұрғызып еді, ол:

– Маса нан жемейді, – деді.

– Маса нан түгілі өзіңді де жеп қояр, отыр, – деді мұғалім.

Сонда ол хлебтің нан екенін біліп тұр, ал мука дегенді муха деп түсініп, маса деп аударды. Міне, біздің орысшамыз осындай дәрежеде болатын.

Сол жылдары колхоздың еккен егінінің арасына арамшөптер көп шықты. Ол кезде ешқандай химикат жоқ қой, арамшөптерді жұлуға оқушыларды апарды. Қазір ойлап қарасам, арамшөптерді жұлуға егістікке енген балалар аяқтарымен қаншама егінді жапырып кетпей ме?! Бірақ жауыннан кейін ондай сабақтар қайта тұрады деседі. Мен алғаш рет оқушылардың колхозға осы көмегі туралы "Қазақстан пионері" газетіне хабар жазып жібердім. Бірақ оның жарияланған, жарияланбағаны есімде жоқ.



1957 жыл. Ақбалық жетіжылдық мектебінің 5 класс оқушылары I қатар (солдан оңға қарай) математика пәнінің мұғалімі М. Дәрбаев, Қ. Тапелов, К. Ишанова, Т. Мырзатов, орыс тілі пәнінің мұғалімі Қ. Өтешов. (екінші қатарда) А. Жантеміров, А. Қиындин, Ж. Халықов.

Газетке ұсақ хабар-ошар жазуды Ақбалық жетіжылдық мектебінде оқыған жылдары одан әрі жалғастырдым. Әлі есімде, қар түсе егістікке аққала тұрғызуға апарды. Ересек адамдар көлден қамыс шабады, біз оны бума етіп түптеп қарға шаншамыз да, жағалай қармен көміп, аяқпен басып нығыздаймыз. Сонда жел тұрғанда, боранда қамыс ұшып кетпейді, керісінше қар ұстайды. Сөйтіп егістікте ылғал жиналады. Осы жөнінде облыстық "Коммунизм жолы" газетіне жазып жіберіп едім, жарияланды. Одан кейін де бірнеше хабарым шықты. Бір күні 4 сом 50 тиын қаламақы келді. Осы ақшаға жазғы баскиім сатып алдым. Ақбалықта сол жылдары сауыншы, аудандық кеңестің депутаты Мәстура Журкина, ауылға сыйлы пошта тасушы Қамза Қапанов, басқа да озаттар көп болды. Солар туралы аудандық, облыстық газеттерге жазып отырдым.

Әрине, жазғаныңның бәрі жариялана бермейді. Ондайда газет редакциясынан хат келеді. Конверттің сыртына мекен-жайым мен аты-жөнім

машинкаға басылып (оны қазақтар "таспен басқан" дейді) келеді. Ол хаттарды мектеп директорының баласы, бізден бір сынып жоғары оқитын Еркеш маған қолымды қысып, мен бір үлкен дәрежеге жеткендей құттықтап береді. Өйткені оның шешесі ол кезде пошта үлестіруші болатын. Ал хатта редакция қызметкері жазған хабарымды не үшін баса алмайтындықтарын айтып, алда хабарласып тұруымды сұрайды. Бұл маған жігер береді.

Ақбалықта да шамалы ғана күндер ескі, қыртыстан салынған мектепте оқып, жаңа салынған ғимаратқа көштік. Мектепті Нұрымбет ауылынан ағаш шебері Байтақ Омекин салды. Оған Қарақамыс ауылынан бес саусағынан өнер тамған жас жігіт Қани Имақов көмекші болды. Бұл сол кездегі әсем ғимарат болып шықты. Мектеп директорлығын жаңажолдық Әндіғожа Байсақаловтан алған Мырзағали Төлешовтың басшылығымен ғимарат ауласы қоршалып, ішіне Есеней бүркеуінен әртүрлі ағаштардың көшеттері отырғызылып, кейіннен бәрі биік болып өсті.

Біз бесінші сыныпқа барған кездегі мектеп директоры Әдіғожа Байсақалов тарих пәнінен сабақ беретін. "Капиталистік елдердің феодалдарының беттері Тәліптікі сияқты бұжыр болып келеді. Олар өздерінің ғана қарабастарын ойлайды" деп мысал келтіретін. Сөйтсек, оның Жаңажолда Тәліп деген құрдасы бар екен. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген Қостанай облысының Сарыкөл ауданынан көшіп келген Құмар Өтешов өткізген сабақтың соңы дау-дамаймен аяқталатын. Қазақшасы шамалы, негізінен орысша сөйлейтін. Оның кей сөзіне түсіне қоймаймыз. Бізге ұрсады, сабақтың соңында мектепке қалтырып, ұстайды. Осы әрекеттеріне балалар наразылық білдіріп, кейде арты ұрысқа, қатты сөздерге дейін баруға ұласады.

Жоғары білімді математик Шоқай Мырзатаевты Жаңажол орта мектебіне күштеп ауыстырғаннан кейін орнына ауылда бөлімше агрономы болып қызмет істейтін Махмет Дәрбаев келді. Оның зайыбы Дәметкен де мұғалім еді. Математиканы жақсы білетін болып шықты. Үйретуі де жақсы. Жауылбай Халықов (Ыбраев) екеуміз оның озық оқушыларына айналдық. Алтыншы сыныпта оқып жүргенімізде жетінші сыныпқа апарып, олардың шеше алмаған есептерін шығартып, оқушыларды ұялтушы еді.

Осы мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен алдымен жазушы Ғабит Мүсіреповтың туған қарындасы Гүлсім Жанғожина, артынан Ағалтын Жұсыпова сабақ берді. Соңғы апайымыздың Абайдың "Ғылым таппай мақтанба" деген өлеңін жатқа айта алмағаным үшін екі қойғаны әлі есімде. Ол кезде менің өлең жаттауға, басқа балалар сияқты ойнауға уақытым бола қоймайтын.Мен тұратын үйдің еркегі де, әйелі де нағашы апам – Бөкес болатын. Өте шебер тігінші еді. Әсіресе, басшылар Сталин киетіндей китель, қара тон тіктіретін. Көбіне алып кететін. Апталап үйде болмайды. Сол кезде мал жайлау, ас пісіру, яғни үйдің-түздің жұмыстары менің мойнымда. Ертеден қара кешке дейін Құран оқумен ғана отыратын нағашы атам, Бөкестің әкесі Шәймерденге тамақ дайындау менің мойнымда. Обалы не керек, нағашы атам қонақ келгенде, айтқа шалғанда немесе басқа жағдайда қой сойғанда мені алып шығып, үйретуші еді.

Нағашым үйінің шошаласында тіктеп жинап қойылған тал көп болатын. Шамасы қорап тоқытуға жинаған болуы керек. Қараңғы жерде тал жұмсақ бойында сақталады. Оны қалай исең де сынбайды. Иіп барып, жіппен байлап, кептірсең сол күйін сақтап қалады. Сондықтан мен осы талдардан ойыншық арба, шана, басқа да заттар жасайтынмын. Шошаланың бір

бұрышында сандық тұратын. Ішіне салынған ұнда сүрленген ет сақталатын. Ол кезде тоңазытқыш жоқ қой, ұнға көмілген сүрленген ет бұзылмайтын. Бірде ет алуға барған Бөкес апам қараңғы жерде сіріңке жақса керек. Толық сөндірілмеген сіріңке талы кебеженің ішінде қалып қойған ба, ұн жанып, шошаланың төбесінен будақтап шығып жатқан түтінді көрген адамдар нағашы апама хабар беріп, әйтеуір тез сөндіріп алыпты. Мен бұл кезде мектепте оқудамын. Бөкес апам жасы алпыстан асса да әкесінен қорқатын. Шынын айтуға қорқып, өрттің шығу себебін маған жаба салыпты. Оның айтуынша, тал алуға барғанда сіріңке жаққан мен болсам керек. Нағашы атамның маған аса ұрса қоймайтынын Бөкес апам жақсы біледі. Өйткені "шылым шекпейсің, арақ ішпейсің, бетімен жүрмейсің" деп мені жақсы көріп, тіпті садақадан жиналып, жетім-жесірлерге таратып бергенінен қалған ақшадан маған да беретін. Оның үстіне осы үйдің "отымен кіріп, күлімен шығып" деген сияқты бар шаруасын істейтініме риза болатын. Өрттің шығуына кінам болмаса да Бөкес апамды арашалап қалу үшін мойыныма алуыма тура келді. Нағашы атам маған ұрысқан жоқ.

Мұғалімдерімізді сыйлайтындығымыз соншалықты, ауыл көшесінде қарсы келіп қалса бас киімімізді шешіп, иіліп сәлем береміз немесе алыстан көріп қалсақ көзіне түспеу үшін басқа жаққа бұрылып кетеміз. Колхоздың, артынан совхоздың белді механизаторы болған Қоғамдас Шәлтеновтың үйі ауылды кесіп өтетін жолдың бойында болатын. Сабақтан кейін балалар осы жерге жиналып, шөрөкпе деген ойын ойнайды. Оның қандай ойын екені қазір есімде жоқ. Менің оған баруға үй шаруасынан қолым босай бермейді. Сонда да арасында барып, қосылып кетемін.

Сол жылдары Ақбалыққа Уәш деген азамат көшіп келді. ЗИС автокөлігінің жүргізушісі болатын. Әкесі Нүрпейс кезінде байдың малын баққан екен. Жасының сексен шамасында болғанына қарамастан жазғытұры мұз ери бастап, көлдің шеті сөгіле суық суға түсе беретін. Бір күні ол көлде судан бірде басын шығарып, бірде қайта сүңгіп отырса керек. Осыны алыстан көрген ауыл мұғалімі Қожахмет (тегін ұмыттым) оны үйрек деп ойлап атыпты да. Әйтеуір тимепті.

Қожахмет демекші, ол алдында Қарақамыс бастауыш мектебінде мұғалім болып, Ақбалыққа ауысқан. Домбырамен өлең айтатын, пеш салатын өнерлері бар еді. Әсіресе домбыраға қосыла "Ләйлім шырақты" шырқағанда өзі де ұзын мойыны одан сайын ұзара түсетін. Оның отбасы ескі мектептің үйіне қоныстанған. Үйдің ортаңғы бөлмесі тамақ пісіретін орын да, екі жақтағы бөлмеде екі мұғалімнің отбасы орналасқан. Екінші жақта Құмар Өтешовтың отбасы тұратын. Бір күні Қожахмет мұғалім көлден қаз атып әкеліп, оны сойып, пісіріп көршісін қонақ қылады. Сол күні кешке Құмардың үйінің көлден айдап келген қаздарының бірі болмай шығады. Келесі күні кешегі жеген құсының сыйрағын тауып алып қараса, жоғалған қазы болып шығады. Оны қаздың табанына салған белгіден анықтапты. Сөйтіп, Қожахмет мұғалім көршісіне өз қазын асып беріп, қонақ қылған екен.

Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты елімізге Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен жастардың көп келгені баршаға мәлім. Ал Ақбалыққа Бәшкірстаннан жас қыздар келді. Олар ауылдың клубына орналастырылды. Тамақты алғашқы кезде бригаданың асханасынан ішіп отырды. Бізді, оқушыларды ауылдан үш-төрт шақырымдай жердегі қырманға кешкі жұмысқа апарады. Машинаға ауылдың ересек азаматтары, бәшкір қыздар да мінеді. Олар жолшыбай өлең айтып барады. Басқа тілде айтылған

әнді ұйып тыңдаймыз. Осы қыздар артынан түгелдей Ақбалықтың жігіттеріне тұрмысқа шықты.

Жетіжылдық мектепте оқыған жылдарында Ғабит Мүсіреповтың туған ағасы, Ленин орденді ұстаз Хамит Махмұтұлының қызы Сара Махмұтова неміс тілінен, осы ауылдың азаматы Қазтай Сұлтанов – дене шынықтыру мен еңбек пәндерінен сабақ берді. Сәлкен Пішанов – бастауыш сыныптарын оқытты. Оның орта арнаулы ғана білімі болатын. Артынан, Жалтырша бастауыш мектебінде істеп жүрген жерімнен Мырзағали Төлешов аудандық білім бөлімінен бұйрық алып келіп, мені Ақбалық сегізжылдық мектебіне тарих, физика, денешынықтыру және сызу сабақтарының мұғалімі етіп ауыстырғаннан кейін Сәлкен Пішанов екеуміз Қызылорда педагогика институтына сырттан оқуға түсуге уағдаласқан едік. Өйткені Қазақстанда сонда ғана қазақша оқу мүмкіндігі бар болатын. Жазғы каникул кезінде мені Преснов аудандық партия, комсомол комитеттері Озерный совхозына комсомол ұйымының хатшысы етіп күштеп сайлап жіберді де бұл ойымыз жүзеге аспады. Сәлкен Пішанов ақыры сол институтты бітіріп, жоғары білім алып шықты.

Осы мектепте мұғалім болып істеп жүргенде Ақбалықта ғана емес, сол төңіректегі ауылдарда, совхоз көлемінде қандай бір жаңалық бола қалса аудандық "Целиник", өлкелік "Тың өлкесі", Республикалық "Қазақстан мұғалімдері", "Қазақстан пионері" газеттеріне жіберген хабар-ошарларым жиі жарияланып тұрды. Мектеп директоры Мырзағали Төлешов бірде әңгімелесіп отырғанымызда "сен газеттерге деректер ғана жіберетін шығарсың, сосын олар өңдеп жазатын болар" деп менің хабарларды өзімнің жазатынымa күмән білдірді. Мен өзімнің жазғандарым сәл түзеліп, сол күйінде жарияланатынын айттым. Әңгіме менің жазу қабілетімді тексеру қажеттігімен аяқталды. Ол үшін Мырзағали Төлешов химия пәнінен сабақ беру тәжірибесін орысша жазып беретін, ал мен оны қазақшалап газетке жіберетін болдық. Солай істедік. Мақаланың қазақша нұсқасын барлық мұғалімдердің көзінше оқып бердім де конвертке салып, редакцияға жібердім. Көп кешікпей әлгі мақала "Қазақстан мұғалімі" газетінің бірінші бетінде басылып шықты. Химия пәнінен осы мектепте жақсы оқыған, қазір Озерный орта мектебінде үздіктер қатарынан көрініп жүрген оқушылардың аты-жөндерін ғана қысқартыпты. Кейін осы мақаланың қаламақысын алып, дүрілдетіп жуып жібердік.

ОРЫНДАЛҒАН АРМАН

–"Көк дөнен жүйрік пе, көңіл жүйрік пе" дегендей, балалық балдәурен шақта адам қиялшыл болады. Бірі өзіне сабақ беріп жүрген ұстазына ұқсап мұғалім болғысы келсе, енді біреулері жазушы, дәрігер, диқан, аспаз және басқа да мамандықты игеруді қалайды. Бірақ оның орындалуы тағдырыңа байланысты. Біздің отбасымызда төрт ағайынды бала болдық. Әкеміз – Мырзахмет Жантеміруұлы Ұлы Отан соғысы жылдарында колхозда трактор-егіс бригадасының бригадирі болып істеген. Ескі техника, трактордa істейтін тәжірибесі жоқ қыз-келіншектер. "Жөндеп берген трактордың жиырма метрдей жүрмей-ақ сөндіріп алып, қарап тұрады" деп еске алушы еді әкем. Сол бір сұрапыл жылдардың зардабы болар, денсаулығы онша болмаған соң тың және тыңайған жерлерді игеру жылдары ашылған кеңшарда тиіп-қашып қана

жұмыс істеді. Шешеміз Көкеш Шәймерденқызы мен ес білгелі сырқат болғандықтан, үй шаруасына араласа алған жоқ. Сондықтан ер бала болсақ та, бізге үйдің ішкі де сыртқы жұмыстарын атқаруға тура келді.

Тұрмыс жағдайымыз осындай болғандықтан әкеміз үлкен ағам Сапиды Преснoредуть машина-трактор стансасына механизатордың оқуына жіберді. Он алты жасында үйлендірді. Одан кейінгі ағам – Амангелді үй шаруасын істеуіне байланысты орта мектепті қатарындағылардан екі жыл кеш бітірсе де, Алматының медицина институтына оқуға түсті. Оның ойы дәрігер мамандығын алса, шешемізді емдеу еді. Бірақ тағдыр оған жазбады. Амангелді Алматыға аттанғаннан кейін бір аптадасын шешеміз мәңгілікке көз жұмды. Үйге келемін деп оқуынан қол үзіп кетер деп әкем Амангелдіге шешеміздің қайтқанын хабарламады.

Ал менің нағыз мамандық таңдау мерзімім ғарышты игеру кезеңімен тұспа-тұс келді. Сондықтан балалардың көбі ғарышкер болуды армандайтын. Менде ондай ой болған жоқ. Біріншіден, оған денсаулығымның келмейтінін жақсы білдім. Өйткені, мектепке бармай тұрып, қанымның аздығынан жоғары қарасам басым айналатын. Кейде дем ала алмай, денем көгере бастайтын. Сондықтан шешем қалайы саптаяққа кішкене май салып дайындап қоятын. Мен қысылған шақта пеш алдына кепкен қайыңнан шабылған жаңқаны тұтатып, майды ертіп, маған ішкізгенде "уф" деп дем алатын едім. Қайран анам-ай, оның сол қызметін ақтай алмадым.

Екіншіден – журналист болуды армандайтынмын. Бесінші сыныпта оқып жүргенде-ақ республикалық "Қазақстан пионері" газетіне шағын хабарлар жазып жүрдім. Тіпті, менің ойлап тапқан жұмбағым да осы газетте басылды. Ол: "Қара атымды өкпеден теуіп-теуіп ояттым" деген жұмбақ еді. Шешуі: мотоцикл болатын.

Бірақ менің арманымның орындалуына тұрмыс жағдайымыз қауіп төндірді. Мен орта мектепті бітіргенде інім Амантай әлі оқушы. Үйде ақша табатын адам жоқ. Күнделікті күнкөрісті былай қойғанда Алматының медицина институтында оқып жатқан ағам Амангелдіге ақша жіберіп тұру керек.

Жағдайды біліп тұрсам да, оқымасам келешегім не болады деп ойлаймын. Нар тәуекелге басып, Жаңажолдағы құдамыз Әмір Мүсірепов екеуміз Жамбылдың гидрометеорология институтына түсуді ұйғардық. Өйткені, оның туысы, Ғабит Мүсіреповтің ағасы Хамиттің баласы Екпін сол институтта оқытушы болып істейтін. Соған сеніп бармақшымыз. Сонда жұмыс істеп оқуға бел будық. Осы ойымды әкеме айттым. Алғашында үндемеді. Біз жолға шығатын күн жақындағанда әкем ауырып қалды. Мені төсегінің жанына шақырып алып:

– Сенің оқимын, білім аламын деген талпынысыңа қарсы емеспін. Бірақ қазақта "Бір әке он баланы асырайды, ал он бала бір әкені асырай алмайды" деген сөз бар. Балаларымның ішінде сеніп отырғаным сен едің, ендігісін өзің біл, – деді.

– Әке, түсіндім, – деп бұрылып шығып кеттім.

Келесі күні автобуспен біздің ауыл сол кезде қарайтын Қостанай облысының Пресногорьков ауданы орталығына бір-ақ тарттым. Ауылда орын жоқ екен, оқу бөлімінен көршілес орналасқан Жалтырша бастауыш мектебіне мұғалімдікке бұйрық алып келдім. Сонда екі оқу жылы еңбек еткеннен кейін Ақбалық сегізжылдық мектебіне директордың орынбасары, тарих, физика, сурет, дене шынықтыру, сызу пәндерінің мұғалімі етіп ауыстырды. "Онжылдық қана біліммен ондай қызметке бара алмаймын, онда мені оқытқан жоғары білімді ұстаздар бар ғой" деп қарсылық білдіріп едім, мектеп директоры Мырзағали Төлешев "Болмайды бұйрық шығып қойды, істейсің"

деп тұрып алды.

Сөйтіп, бұл мектепте бір оқу жылы еңбек еткеннен кейін аудандық партия және комсомол комитеттері күштеп "Озерный" кеңшары комсомол ұйымының хатшылығына сайлады. Онда бір жыл істедім. Ал 1965 жылдың аяғында Тың өлкесі жабылып, облыстар қайта ашылып, Қызылжардан шығатын "Ленин туы" газеті жарық көре бастады. Осы кезде газет редакторы Құрмантай Меңдіғожинге бұрын Қостанай облыстық "Коммунизм жолы" газетіне мақалаларым жарияланып тұрғанын айтып, егер мүмкіндік болса қызметке алуын сұрап хат жаздым.

"Ленин туы" газетінің редакторы Қ.Меңдіғожин жолдасқа.

Есіңізде болар, мен сізбен 7 апрель күні телефон арқылы сөйлескен едім. Мәселе мынадай: ұзын хабардан сіздің редакцияға қызметкерлер қажет деп естідім. Сол себепті, егер мүмкіндік болса, ол, әрине, сізге байланысты, редакцияға жұмысқа орналассам ба деген ойым бар.

Қажет болса қысқаша өмірбаянымды айта кетейін. Тууым – 1944 жыл. 1962 жылы Озерный орта мектебін бітірісімен, семья жағдайына байланысты Жалтырша бастауыш мектебінде екі жыл мұғалім болып істедім. Бір жыл Ақбалық сегізжылдық мектебінде тарих, физика, сурет, сызу, дене шынықтыру пәндерінен сабақ бердім. 1965 жылғы 5 августан бастап кеңшар комсомол ұйымының хатшысы болып істеп келемін. Сіздің газеттің үшінші нөмірінің екінші бетінде суретім жарияланып, телевизордан көрсетті.

Газетке мақала берумен алтыншы кластан бастап әуестеніп келемін, Қостанай облыстық "Коммунизм жолы", Пресногорьков, одан кейін Ленин (қазіргі Ұзынкөл) аудандарының "За коммунизм", "Светлый путь" газеттерінің штаттан тыс тілшісі болғанмын. Осы облысқа ауылымыз ауысқалы Преснов аудандық "Целинник" газетінің ауылдық тілшісімін. Суретке де түсіремін, бірақ газетке беріп көрген емеспін.

Мен әлі жаспын ғой, білгенімнен білмегенім көп. Сондықтан да егер редакцияға жұмысқа орналассам, аңсаған арманым ҚазГУ-дың журналистика факультетіне сырттай оқуға түсер едім. Ендігі мәселе өзіңізге байланысты. Асыға жауап күтемін.

Сәлеммен, Амандық Жантеміров".

Осы хатқа көп кешікпей жауап та келді. Онда былай делінген:

"Өзіңіз айтқан мәселені шешу үшін редакцияға келуіңіз қажет. Сәлеммен жауапты хатшы Ә.Мәутенбаев".

Бұл 1966 жылдың басы болатын. Мен Қызылжарға облыстық комсомол комитетінің конференциясына делегат болып келдім. Осы кезде Есіл өзені тасып, арнасынан шығып кеткен, көпір айнала көлкіген су екен. Конференция теміржолшылардың Мәдениет үйінде өтті. Сонда редакцияның жауапты хатшысы Әміржан Мәутенбаевты кездестірдім.

– "Кетпек болсаң – зымыра" дегендей, тез жұмысыңнан шығып кел, – деді маған ағалық қамқорлықпен.

Сөйтіп, мамыр айының 25-інде қалаға келдім. Редактор хат бөлімінің меңгерушісі Ғазез Нұрмолдинді шақырып алып, менің жазу қабілетімді тексеруге тапсырма берді. Хат бөліміне келдік. Ең алдымен ауылдан келген бір хатты газетке басуға жарамды етіп қайта жазып шығуды тапсырды. Оны орындадым. Содан кейін АПН (агентство печати "Новости") деген дүниежүзінде болып жатқан жаңалықты тарататын ұйымнан келіп түскен материалды аударуға берді. Сөйлемдері күрделі, аударуы қиын. Сөздік сұрауға ұялдым. Шама-шарқымша оны да аударып бердім.

Бөлім меңгерушісі қорытқан хатым мен аудармамды оқып шықты да,

редакторға кетті. Көп кешікпей мені редактордың бөлмесіне шақырды. Редакцияның алқа мүшелері жиналып отыр екен. Құрмантай Меңдіғожин жазғанымның бәрін тексеріп шыққанын, оған көңілі толатынын айтты. Содан кейін комсомол ұйымының хатшысы ретінде қанша айлық алатынымды сұрады. Мен "тоқсан сом" дедім. Ендеше саған обал жасамайық, айлығыңды жүз сом қылып бекітейік деді. Бұл әдеби қызметкердің айлығы. Кіші әдеби қызметкерлердікі сексен сом екен.

– Қызылжарда кімдерді білесің? – деп сұрады редактор. Мен ауылымыздың 1963 жылға дейін Қостанай облысына қарағанын жеткіздім. Мұнда біздің ауылдың қызы, қазақ мектеп-интернатының қазақ әдебиеті пәнінің мұғалимасы Мәриям Мырзатаеваны ғана білетінімді айттым. "Ендеше ертеңге дейін ойланып кел" деп жіберді. Өйткені, тұратын жер жоқ, пәтер жалдасам ғана жұмысқа алынатын болдым. Кешкісін Мәриям апайға барып, ақылдасып едім: "Ойланатын ештеме жоқ, қабылдап тұрғанда жұмысқа тұру керек" деп кесіп бір-ақ айтты.

Сөйтіп, редакцияға әдеби қызметкер болып ендім. Жағалай іздеп бір пәтер таптым. Сол жылы күзде Озерныйдың интернатында бірге оқыған ауылдасым Әскер Нұрсейітов Петропавл ауыл шаруашылығы техникумының электрлендіру бөліміне оқуға түсті. Пәтерді енді екеумізге іздейтін болдық. "Қырсыққанда қымыран іриді" дегендей, жалдаған пәтеріміздің бірінің қызы айрылысып, бірінің туысы көшіп келеді, әйтеуір бірнеше жерге ауыстық.

Солай көшіп жүріп еңбекшілер хаттары және хабар бөлімінде жарты жылдан артықтау жұмыс істедім. Еңбекшілер хаттары және хабар бөліміне берілген бір бөлмеде Ғазез Нұрмолдин, Серік Қасенов, Сәркен Барқытов, хат тіркеуші Бәткен Әбілмәжінова және мен отырдық. Жазған материалдарымды бөлім меңгерушісі тексеріп түзейді, оны қайта бастырып, тағы ұсынамын. Ғазекең бір қарағанын ұмытып кетіп, қайта түзей бастайды. Ғазеке бұл өзіңіз түзеп берген материал ғой дегенде ғана "ә" деп қол қояды. Сөйте жүре, бөлім меңгерушісі жоғында редакторға тура апарған материалдарым көп түзетілместен өтетін болды.

Ауылдан келген адамға қаланың тұрмысына бірден үйреніп кету қиын. Бой-басыңды таза ұстауға, жүріс-тұрысыңды түзеуге ұмтыласың. Әсіресе, қыз-келіншектер отыратын машина бюросына қызша сызыла кіресің. Бәрі саған сын кезбен қарап тұрғандай сезінесің.

Бір күні редактор шақыртты. Барсам тағы редакциялық алқа мүшелері жиналып отыр.

– Мен көп жыл республикалық "Социалистік Қазақстан" газетінде жауапты хатшы болып істедім, – деп бастады сөзін Құрмантай Меңдіғожин. – Содан Мәскеуге жоғары партия мектебіне оқуға жіберді. Оны бітіргеннен кейін бір облысқа идеология жөніндегі хатшы етіп жіберетін шығар деп ойладым. Бір күні Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаев шақырып алды. "Сен жоғары партия мектебін жақсы бағаға оқып келдің. Талабың да, білімің де жақсы. Енді сені бір облысқа хатшы етіп жіберсек, сені сол өңірдің төңірегі ғана біледі. Ал Орталық Комитетте болсаң, барлық облыстардың басшыларымен терезең тең болады. Сондықтан сені осында нұсқаушы етіп қалдыруды ұйғарып отырмыз. Соған қалай қарайсың?" деді. Партия қалай шешсе, солай болады дедім. Сөйтіп, Орталық комитетте қызмет істедім, енді, міне, осында редакторлыққа келдім. Менің саған айтып отырғанымның мәні мынада: редакциялық алқа мүшелері сені жауапты хатшының орынбасары етіп тағайындауды ұйғарып отырмыз. Ол жерге сен сияқты елгезек, қолынан іс келетін жігіт қажет. Оның үстіне өзің суретке

түсіресің, жаза білесің. Қазір сен бір бөлімнің көлемінде ғана отырсаң, ертең осы ұжымдағы қызметкерлермен терезең тең болады.

Сол күннен бастап жауапты хатшының орынбасары қызметін атқардым. Он жылдай осы жұмыстың ыстығына күйіп, суығына тоңдым. Олай дейтінім, баспахананың жұмысына орай, газет шығару үшін күні-түні еңбек етуге тура келді. Содан кейін хабар, хат, ауыл шаруашылығы бөлімдерін басқардым.

Тағдыр тәлкегіне түсіп, бір жарым жыл Калинин атындағы зауытта инженер-экономист болып істедім. Содан кейін облыстық радиоға қызметке шақырды. Онда директордың орынбасары, директор қызметтерінде болдым. Облыстық телерадиокомпанияда бас редактор, аға редактор болып, зейнеткерлікке шығатын жылы бас редактор Жарасбай Сүлейменовтің шақыруымен өзім журналистік еңбек жолын бастаған "Солтүстік Қазақстан" газетіне қайта ауыстым.

Бұл бір қызығы да қиындығы мол мамандық. Кейбіреулер "тәйірі журналистің жұмысы жеңіл ғой, жаза салады да, қалтаға қаламақыны басады" дейді. Шын мәнінде олай емес. Журналистің өңірдің қай түкпірінде болмасын бір жаңалықтың, не оқиғаның сәулесі шашыла қалса қысқы аязға, боранға, күзгі қарлы жаңбырға, яғни қандай болмасын қиындыққа қарамай белді бекем буып, жолға шығатын құлшынысы болуы керек. Ең бастысы – сол өзің жазатың, өзің көтеретін мәселені терең зерттеп барып қана оқырманға ұсынуға тиістісің. Сонда ғана оқырманның жүрегіне жол таба аласың. Бұқаралық ақпарат құралдарының барлық саласында жарты ғасырға жуық еңбек еткен уақытымызда осы қағиданы басшылыққа алдым.

БІЗ ДЕ ТІЛШІ БОЛҒАНБЫЗ

Бұл 1966 жылдың мамыр айы болатын. "Ленин туы» («Солтүстік Қазақстан») газетінің редакциясы ол кезде қазіргі облыстық ауруханаңың ауласындағы ғимараттың екінші қабатында орналасқан. Бірінші қабатта астық өнімдері басқармасы. Ондағы бөлмелердің бірінде бильярд қойылыпты. Редакция қызметкерлері анда-санда барып ойнап тұрады. Бұрын осы үйде Қазақстанның Солтүстік облыстарының өндірісін басқаратын Халық шаруашылығы кеңесі (Совнархоз) орналасқан екен. Тың өлкесі жабылғаннан кейін таратылынып жіберілген.

Үш жыл мұғалім, бір жыл совхоздың комсомол ұйымының хатшысы болып істеген мені орта білімім ғана болса да әдеби қызметкер етіп қабылдағаннан кейін редакцияның ең шеткі бөлмесіне әкеліп отырғызды. Мұнда еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс, сонымен бірге хабар бөлімдерінің қызметкерлері жайғастырылған. Мені хат бөліміне берді. Бөлім бастығы, газет жабылмай тұрғанда редактордың орынбасары қызметінде болған Ғазез Нұрмолдин. Хабар бөлімін Серік Қасенов басқарды. Оның қарамағында Преснов ауданының (қазіргі Жамбыл) Айымжан ауданынан Сәркен Барқытов. Яғни, жерлесім. Амандық-саулықтан, танысқаннан кейін Сәкен Барқытов сол күнгі газетте жарияланған қысқа хабарын көрсетіп:

-Мынаны өзім жаздым, сен де тез-ақ үйреніп аласың! – деп қойды.

Оқып қарасам қаланың демалыс және мәдениет саябағының жазғы маусымы ашылған екен. Қысқа хабардың жанында балалар мінетін үлкен доңғалақтың суреті басылған. Оны шолу доңғалағы (колесо обозрение) деп атайтын көрінеді. Өйткені оған мінген адам айналып тұратын доңғалақтың

ұшыр басына шыққанда қаланы үстінен көру мүмкіндігіне ие болады.

«Тың өлкесі» газетінің редакциясында қызмет істеп, сол жылдары қазақ ауылдарының тазалығы жөнінде проблема көтерген белгілі журналист Сабыр Сауытбаев – партия тұрмысы, Бақыт Мұстафин- мәдениет және әдебиет, Дүйсенбі Әуелбеков – ауыл шаруашылығы, Абай Қазиев- өнеркәсіп және құрылыс бөлімдерін басқарады. Редактор Құрмантай Мендіғожиннның орынбасарлары – Сұлтан Темірханов пен Рашид Бадырленов. Жауапты хатшы, бұрын Қазақ радиосының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі болған Әміржан Мәутенбаев.

Сол кезде Ерғали Әбілмәжінов, Ерғали Доспаев, Халел Нәкешов әдеби қызметкерлер болып істеді. Қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Нұрымбет ауылының тумасы, атақты Марал Ишанның ұрпағы Сейіл Исенов фототілші еді. Онда да, менде де пәтер болмағандықтан фотосурет шығаратын тар бөлмеде қонып жүрдік. Суретке өте жақсы түсіретін. Әке-шешесі, әйелі, балалары Тимирязев ауданында тұрды. Мұнда пәтер алу қиынға соққасын жұмыстан шығып, кетіп қалды.

Осы жылдың тамыз айында Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика фокультетін сырттай оқып бітірген, Жамбыл ауданындағы Баян ауылының мұғалімдері Мұрат Нұрмұқанов пен Әмір Қожахметов редакцияға қызметке қабылданды. Қарағанды партия-кеңес мектебінің журналистика бөлімін тәмәмдаған Сабыржан Әбілмәжінов – Совет (қазіргі Аққайың), Тұрысбек Кәдіров – Сергеев (қазіргі Шал ақын) аудандарына газеттің меншікті тілшілері болып тағайындалды. Одан кейінгі жылдары жазушы Ермек Қонарбаев – Сергеев және Тимирязев, Бақырислям Жақыпов – Булаев, Жексенбай Өстеміров – Возвышен аудандары бойынша меншікті тілші болып істеді. Қазір осы екі аудан біріктіріліп, М.Жұмабаев ауданы деп аталады.

Бертін келе осы редакцияда газет жабылмай тұрып қызмет еткендер – «Тың өлкесі» газетінің бұрынғы бас редакторы Уәра Нұрсейітов пен Сергеевка қаласын салған жылжымалы механикаландырылған колоннасы (ПМК) бастығының орынбасары болып істеген Мұқаметқали Нұрғожин қайтып оралды. Олар ауыл шаруашылығы және Совет құрылысы бөлімдерін басқаратын болды.

– "Ленин туының" жабылғанының да, қайта ашылғанының да менің отбасыма пайдасы көп болды, – деп әзіл-шынды айтып отырушы еді сол кездегі облыстық «Білім» қоғамының жауапты хатшысы Қайырбек Қамзин.

Олай дейтіні, Тың өлкесі құрылып, 1963 жылы газет жабылғанда Мұқаметқали Нұрғожиннің үш бөлмелі пәтерін Қазақстан Компартиясы орталық комитетінен Петропавлға қызмет ауыстырып келгенде осы отбасына берсе керек. Ал газет қайта ашылғанда үйде жұмыссыз, бала тәрбиесімен отырған әйелі Бәткен Әбілмәжінованы хат тіркеуші қызметіне орналастырыпты.

Редакция ұжымына жыл сайын жаңа қызметкерлер қосыла бастады. Әрине, олар журналист мамандар емес. Біздің өңірден Алматыдағы жалғыз университеттің журналистика факултетіне барып оқитындар жоқтың қасы еді ол кезде. Сондықтан газетке хабар-ошар, өлең жазып жүрген жастар қызметке тартылатын. Солардың ішінде бұрын милиция қызметінде болған Байтұяқ Жанымбетов, ауылдан келіп алғашында баспаханаға орналасқан Жарасбай Сүлейменов, педагогика институтында оқып жүріп тастап кеткен Амандық Әбжанов, облыстық комсомол комитетінен Нұрлан Әлібаев,

облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының агрономы Еслам Теміров, халық шығармашылығы орталығынан Нұрлан Қасымов, сондай-ақ Болат Қожахметов, Жеңіс Әлжанов, Жоламан Шаханов, Мәлік Мұқанов, Мереке Тұралин, Роза Молдақова, Күлбағила Өмірбекова, Шашубай Малдыбаев, Құрман Рамазанов және басқалары бар. Кезінде «Ленинші жас», Алматы облыстық «Жетісу» газеттері редакцияларында қызмет істеген, елімізге белгілі қаламгер Тұрсынбай Кәкімов бізге ауысып келіп, «Ленин бұл ауылда болмаса да» деген тақырыпта жазған газеттің бір бетін алып жатқан көлемді мақаласы үшін Республикалық байқау жеңімпазы атанған еді. Алматыдан, қызметін ғылым академиясында бастаған Зейнолла Әкімжанов өзі туған топырағына келіп, редакцияға орналасса, Оңтүстік Қазақстан облысының тумасы Жеңіс Бақадыров осында партияға өтіп, пәтер алуға, яғни "биография мен география" жинауға келген еді. Қазақ мемлекеттік университтетінің журналистика факультетін бітіріп келген Ербол Шаймерденов насихат бөлімінде бірнеше жыл қызмет істеп, республикалық «Социалистік Қазақстан» («Егемен Қазақстан») газетіне Ақмола облысы бойынша меншікті тілші болып кетті. Алғашында баспасөзде мемлекет құпиясын сақтау жөніндегі басқармада, одан кейін «Ленин туында» өнеркәсіп және құрылыс бөлімінің меңгерушісі болып істеген Ожан Қали да республикалық бас газеттің Повлодар облысы бойынша меншікті тілшісі қызметіне ауысты. Облыстық радиодан бізге ауысып келген Ғазез Балғожин мінезі өте биязы, қаламы ұшқыр азамат еді.

Екі Нұрлан, бірі Әлібаев, бірі Қасымов бір уақытта қызмет істемесе де қылықтары бірдей еді, бір жерде отыра алмайтын. Бірдемені сылтау етіп шығып кетіп, жоқ болатын. Сондай бір тәртіп бұзғаны үшін Нұрлан Әлібаевты редакция алқасының отырысында қарайтын болды. Отырыс басталар шақ жақындағанда:

-Осындайда кенеттен соғыс та басталып кетпейді өзі, – деп бәрімізді күлдіргені бар Нұрланның.

Ал екінші Нұрлан (Қасымов) бірде ауылдан келген достарымен бір жаққа баратын болады да, әке-шешесі, әйелі Кәмиза ұрсады деп редакцияның жүргізушісінен үйіне хат жазып жібереді. Онда:

-Мені Вьетнамға соғысқа жіберіп жатыр. Әскери комиссариат бізді жолға алып шықты, бағытымыз Смирнов поселкесі, сол жерден пойызға отырғызады, - деп жазыпты.

Үйдегілер не сенерін, не сенбесін білмей, аң-таң болады да қалады. Бұл шынында да Вьетнам мен Американың арасында соғыс жүріп жатқан кез болатын. Нұрланның өгей әкесі Қызылжардың ортасындағы көк мешітке күнде түскі намазға келетін. Бір күні үйіне келіп, келініне:

– Келін шырағым, мен бүгін көшеде редакцияның жігіттерін көрдім, соғысқа жастарды алмағанда жасы олардан әжептәуір үлкен Нұрланды неге жіберді екен, соны біліп келші, – депті.

Сөйтіп, Кәмиза редакцияға келеді. Бұл Нұрлан емханадан сырқаттанғаны жөнінде қағаз алып, жұмысқа келмей жүрген кезі еді. Осылайша Нұрекеңнің айласы ашылып қалды. Бұл жігіттің ондай қылықтары көп болатын. Артынан күзет бөліміне қызметке ауысты.

Басы жұмыр пенде болғасын әр адамның мінезі де, жүріс-тұрысы да, жұмысқа қабілеті де әртүрлі болады. Сәркен Барқытовты хабар бөлімінен ауыл шаруашылығы бөліміне ауыстырды да біздің бөлмедегі оның орыны босап қалды. Бұл орынға Ақмола облысынан отбасы жағдайына байланысты

біздің өңірге келген тәжірибелі журналист Кәмалхан Ахметжанов отырды. Насихат бөлімінің әдеби қызметкері болғандықтан Марксизм-Ленинизм идеялары туралы ғылыми мақалалар жазады да мәтіннің әр жеріне жақшаға КА деп жазып қояды. Бұл Кәмалхан Ахметжановтың түсініктемесі дегенді білдіреді. Мақаланы редактордың орынбасары Рашид Бадырленовке қарауға ұсынғанда "Реке мына жеріне тиіспеңізші, әдейі жаздым" деп тапсырады. Осылайша өзінің ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылардың шығармаларын, олардың идеяларын жақсы меңгергенін көрсеткісі келетін.

Редактордың екі орынбасарының мінездері екі түрлі болатын. Мысалы Сұлтан Темірханов көңілі келмей отырса, мақаланды (өзіңдікі болсын, автордікі болсын) жарамсыз етіп, лақтырып тастайтын. Қай жері жарамайды, несі ұнамайды – ол туралы біле алмайсың. Редакцияда ол кезде екі жеңіл автокөлік болды. Бірін редактор мінеді, екіншісі – тамыр-таныстардан босамайды, журналистер іссапарға автобуспен шығады. Аудан орталығына жетсең болғаны, басшылар көлік тауып береді. Қысқы аяздарда, борандарда ешкім іссапарға шыққысы келмейді. "Киіміміз жұқа, тоңамыз ғой" деп сылтау айтса Сұлтан Темірханов "бұл балабақша емес, сендерге киім әперу біздің міндетімізге жатпайды" деп ұрсады. Рашид Бадырленов керісінше, егер мәтінде сөз тіркесі орынсыз тұрса, оны сызып тастап, ерінбей үстінен қайта жазып шығатын. Өзі материал жазғанда бірінші жолының астын сызғыш қойып қарандашпен сызып алатын. Сонда мәтін жолдары түп-түзу жазылатын. Аңқаулығы да бар еді. 1973 жылы мен Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін сырттай оқып бітірдім. Менен әлдеқайда бұрын осы оқу орнына түскен Байтұяқ Жанымбетов те менімен бірге диплом алды. Дәл сол жылы университетте төсбелгі (Ромбик) болмай қалды. Үйге қайтқанда Байтұяқ Алматыдағы бажасының төсбелгісін тағып келіпті.

– Әй, Амандық, – деді Рашид ағай, – анау Байтұяқ төсбелгі тағып келді, сенде неге жоқ?

– Ойбай Реке, оның мәнісі бар. Қазір Университетте сырттай он жыл оқымасаң ромбик бермейді екен. Байтұяқ осы талапты орындапты, оған төсбелгі берді, маған бермеді, – дедім.

– Распа әй, ә! – деп сеніп қалды Рекең.

Өрнек ауылынан журналистер көп шыққан ғой. Солардың бірі – Ермек Құсайынов тік мінезді, әділ адам еді. Жұмысқа таңертең ерте келіп, үстелінің үстін сүртіп, тап-таза қылып отыратын. Газетке беретін мақалаларын үйде, әйелі Халида Мұсабаеваға машинкаға бастырып әкелетін. Ол "журналист іссапарға барғанда үш нәрсені: іссапар қағазына мөр бастыруды ұмытпауы, асхана мен ет қоймасының қайда екенін білуі шарт" дейтін. Шынын айту керек, журналистер іссапарға барғанда шаруашылықтардан дүкендегіден арзанырақ бағаға ет жаздыртып алатынбыз. Егер біреу одан шылым сұраса "әкел ақшаңды" дейтін. Ақшасына қалтасынан бір қорап сигретті суырып алып беретін.

Ол кезде газет аптасына бес рет, яғни күнде шығады. Таңертең лездеме өтеді. Онда газеттің келесі санында қандай материалдар жариялануға тиіс екендігі, кімдердің іссапарға шығатыны анықталады, басқа да мәселелер қаралады. Ал аптасына бір рет газет материалдарына шолу жасалады.

– Ана жолы мақаласын сынағаным үшін пәленбай жолдас менімен осы күнге дейін амандаспай жүр, соған қарамастан бүгін тағы бір кемшіліктеріміз

туралы айтқым келіп отыр, – деп орнынан тұратын. Сын-ескертпесі орынды болушы еді Ермек ағамыздың.

Әдетте жаңа ұжымға қызметке орналасқан адам біраз уақыт алды-артына қарап, содан кейін ғана өз пікірін, ойын айтады емес пе. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасынан редакцияға ауысып келген Ислам Теміров алғашқы лездемеде-ақ өзінің көп білетінін сездіргісі келді ме, қалай, әйтеуір пікір айта бастады. Содан кейін ғалым-агроном ретінде егінді себу, күту, ору жөнінде ұсыныстарды, тілші ретінде колхоз-совхоздар өмірінен мақалаларды боратты-ай келіп. Жоғары жақтағылар редакторға "бір күн де агроном болып істемеген маманның тәжірибелі диқандарға ақыл айтуы қалай?" десе керек, ғалым-агроном деп қол қойылған мақалалар тоқталды. Солақай еді.



Солдан оңға қарай: Амандық Жантеміров, Әмина Мұхамедрахимова және Қайырбек Баймұқанов.

– Сен осы сол қолыңмен неге жазасың, жұрттың бәрі оң қолмен жазады ғой", – дедім бірде.

– Оның мәнісі бар. Мен ақшаны сол қолыммен табамын да, оң қолыммен жұмсаймын, – деп жауап берді.

Редакцияда бір-екі жылдай қызмет істегеннен кейін Алматыға жоғары партия мектебіне оқуға кетті. Сонда оқып жүріп Қазақ радиосына мақалалар жазып тұрды. Оқуын бітіргеннен кейін кандидаттық диссертация жазып, оны дәлелдеу үшін Көкшетау облысының бір совхозына парторг болып орналасты деп естіп едік, содан бері қайда екені белгісіз.

Кейбір білмейтіндер "журналистің жұмысы жеңіл ғой, жаза саласыңдар да қаламақы аласыңдар" дейді. Шын мәнінде олай емес. Журналистің жұмысы инемен құдық қазғандай қиын. Өйткені небір оқиға туралы жазу керек болса күннің ыстық-суығына, боран-шашынына қарамай жолға шығуың керек. Жазатын мақалаңа деректер жинау өзіне басқа. Сосын оны оқырманға түсінікті етіп жазуың керек емес пе! Оған жазушылық шеберлік керек. Егер сын мақала жазатын болсаң ше? Оның жауапкершілігін ұмытпауға тиіссің. Өтірік, не оқиғаны бұрмалап жазсаң арты не болары белгілі.

Кейде жалғыз, кейде екі-үш журналист қосақтасып іссапарға шығамыз. Мұқаметқали Нұрғожинмен бірге іссапарға шыққанда ештемеге араласпай, өзіме керекті деректерді жинаумен боламын. Ол кісі бір кемшілік көре қалса ол басшы ма, қарапайым жұмысшы ма, оған қарамайды, жекіп ұрса бастайды. "Журналистің кемшілікті түзету үшін ешкімге ұрсуға құқығы жоқ қой, оны мақаласында жазса, артынан тиісті орындар бұл іспен айналыспай ма" деп ойлаймын. Жасы үлкен, журналистік тәжірибесі мол адамға ол туралы тіс жарып айтпаймын. Енді кейбір әріптестерім барған жерде жұмысты дастарханнан бастағанды ұнатып тұрады. Мұндайда көп материал ала алмай қалуың мүмкін. Сондықтан ең алдымен келген жұмысыммен айналысып, ең соңында ғана шақырса дастархан басына отырамын.

Ауылда туып, ауылда өссек те алғашқы кезде ауыл өмірін жазу қиын болды. Фермаға барсаң қанша мал бар, әр сиырдан күніне қанша сүт сауылады, озаттар кім? – деген сұрақтар төңірегінен аса алмай жүрдік. Егіншілік саласында да солай. Қанша егін себіледі, неше агрегет жұмыс істеп жүр, озаттар кімдер? Бұлар қысқа хабарға ғана жететін деректер. Ал бұл салаларды дамыту үшін шаруашылықта, ауданда, облыста қандай істер атқарылуда, оның экономикалық тиімділігі қандай, не істесе табысқа жетуге болады. Бұл жағы кемшін түсіп жататын. Бірде Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданының "Благовещенка" совхозына бардым. Егіншілік саласынан көлемді мақала жазуға тиіспін. Неге баса назар аударуым керек, осы совхоз егіншіліктен табысқа қалай қол жеткізуде? Осы мәселелерді білу үшін аздап болса да агрономиядан хабарым болуы керек қой. Осы ойлар мені мазалап барды.

Бас агроном Имақ Кәсібаев деген жасы сол кезде қырықтарды еңсеріп қалған азамат екен. Қазақша жақсы сөйлейді. Асықпай отырып әңгімелестік. Ол маған құрғақ цифрларды былай қойып, егіншілік саласын жүргізудің технологиясын бүге-шүгесіне дейін айтып берді. Сол жолы мен біздің өңірде аудандастырылған тұқым сорттарын, олардың ерекшеліктерін, үш-бес танапты ауыспалы егіс жүйесін, егін себу мен күту, астықты ұқсату, экономикалық тиімділікті анықтау жолдарын, тағы басқа да мәселелерін біліп алдым. Осы әңгіме маған институт бітіргендей білім берді. Бұл маған егіншілік саласына арналған әр мақаламды тереңірек зерттей отырып жазуға мүмкіндік жасады.

Бірақ журналистке бір саланың ғана қыр-сырын білу аз. Оның барлық саладан хабары болуы тиіс. Егер журналист қай саланың болмасын басшысына, не маманына білгірлікпен сұрақ қоя білмесе, көпшілік жағдайда ол да ашылып сөйлей бермейді. Өзің әңгімелесетін адаммен терезең тең болғанда ғана толыққұнды жауап ала, оның іш дүниесіне тереңірек үңіле аласың. Сондықтан журналистің көп оқуы, көп ізденуі, жазу шеберлігін шыңдай беруі қажет деп білемін.

БАСПАХАНА ҚИЫНДЫҚТАРЫ

Мен үшін ең қауырт кезең, ауыр жұмыс редакция жауапты хатшысының орынбасары қызметіне ауысқан күннен басталды. Жауапты хатшы, республикаға белгілі журналист Әміржан Мәутенбаев редакцияның ішкі жұмыстарын басқарумен айналысады. Күн сайын шығатын газеттің жобасын (макетін) Әмина Мұхамедрахымова екеуміз сызамыз. Газеттің үлкен-үлкен төрт бетінің қай жеріне қандай материал салынатынын сызамыз да, таңертеңгілік лездемеде оны бекітіп аламыз. Содан кейін баспаханаға жіберіледі.

Күн сайын шығатын үлкен көлемді газеттің бір бетіне ресми материалдар беріледі. Кеңес Одағы телеграф агенттігі мен Қазақ телеграф агенттіктері ондай материалдарды телетайп арқылы жіберіп отырады. Телетайпта әр кезде Алма Балғожина, Майшарап Қапезова, Күлмайда Ақанова, тағы бір қыздар істеді. Таңертеңгі сағат 8-ден бастап, кешкі сегізге дейін, ал Мәскеуде немесе Алматыда үлкен жиындар болса түні бойы жұмыс істеп, материал қабылдайды. Телетайп аспабы кейбір ғаріптердің орнына цифр басып

жібереді немесе бір сөйлемді бірнеше рет қайталап кетеді. Оны дұрыстап оқымасаң газетке қате шығуы мүмкін. Телетайп арқылы келіп түскен осындай материалдарды оқып отыру үшін тағы бір қызметкер керек болды. Оған ауылда мұғалім болып істеген Темірғали Қажымұратовты алды. Суретті жақсы салушы еді. Суретші Иван Лукин болмай қалғанда газетке жарияланатын суреттерді өзі өңдеп, біз сызған макеттерді де түрлі-түсті қарындашпен қайта сызып, жіберетін. Пәтер болмағасын отбасымен ауылына қайта көшіп кетіп, көп жыл мұғалім болды. Одан кейін осы жұмысқа орта мектепті бітірген Қайырбек Баймұқановты алды. Артынан Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқып, жоғары білім алып, білікті маман болып шықты. Бірақ өмірі қысқа болды. Осы жұмысқа Қызылжардағы мектеп-интернатта оқып, орта білім алған Аяған Шәжімбаев пен Төлеген Тажахметов алынды. Олар телетайптан келіп түскен материалдарды оқумен бірге газетке жарияланатын суреттердің мәтіндерін, кинотеатрларға жаңа келіп түскен кинофильмдерге шолу-пікір жазады. Екі жігіт те артынан әскер қатарына алынды. Аяған Шәжімбаев Алматыға кетіп, оқып, ақыры белгілі кинорежиссер деңгейіне дейін көтеріліп еді, ғұмыры ұзақ болмады.

Журналистердің қағаз бетіне түсірген материалдарын Ғазиза Тоғайбаева, Дәмелі Баймұқанова, Халида Мұсабаева, Балзира Мұжақаева және басқа да машинисткалар машинкамен басады. Ол материалдарды алдымен бөлім меңгерушілері, содан кейін редактор, не редактордың орынбасарлары қарап қол қояды. Дайын материалдар баспаханаға теруге жіберіледі. Онда линотип деп аталатын үлкен-үлкен қондырғылар бар. Сонда материалдың әр жолы металдан (дюралюминий) құйылады. Қондырғылар жиі сынады. Оны инженер Иван Колесников жөндеп әлек болады. Жуас адам еді, линотип жөндеумен күні-түні баспаханадан шықпайды.

Линотип дегенің күрделі, жиі сынатын аспап. Былай қарасаң кәдімгі мәтін басу машинкасына ұқсайды. Бірақ онда басылған мәтіннің әр жолы металдан құйылып шығады. Осы жұмысты меңгерген адам бізде саусақпен санарлықтай ғана еді. Денсаулыққа зиянды болғасын жастар бұл жұмысқа бара бермейді. Бұрыннан істеп жүргендер жиі ауырады. Газет шығару керек. Көбіне оларды күн демей, түн демей үйлерінен алып келеміз. Мархаба Мұхамеджанова, Бәтима Купеева, Әсия Усманова, Сара Байкенова, Әсия Омарова, Күлшара Сүлейменова, Бақытжан Сәдуова әр жылдарда линотипте істеді. Облыстық радиода диктор болып істеген Бәткен Сұлтанова да осы жұмысты тез үйреніп алып еді.

Осылайша металдан құйылған материал редакциядан келген макет бойынша темір құрсаудың (раманың) ішіне жинақталады. Бұл да бір ауыр жұмыс. Бір бет жинақталып болғаннан кейін жағалай болтпен қысылады да, қалыптың үстіне қара май жағылады. Оның үстіне қағаз салып, бетін киізбен жауып, дөңгелек шығыршықты қатты тартады. Сонда металл бетіндегі теріс жазулар қағазға оң болып түседі. Мұны оттиск дейді. Содан кейін бет корректорларға оқуға беріледі. Осы қиын жұмысты әр кезде Райхана Ташходжаева, Ережеп Мұқаметжанов, Гүлшара Көкішева, Сәуле Ахмедеева, Ғалия Елеусізова, Жанболат Дүйсенбеков, Дима Титаренко, Раушан (тегін ұмыттым), басқа да қазақ жігіттері мен қыздары істеді. Қазір республикаға белгілі журналист, жазушы Қазақстан Республикасы Парламентінің мәжіліс депутаты болған Жарасбай Сүлейменов те еңбек жолын осы жұмыстан бастаған болатын. Корректорлар оқып, линотипте түзетілген металл

жолдарды ауыстыру үшін біз пайдаланылады. Осы ауыр жұмыста марқұм Ережеп Мұқаметжанов бетінен аққан терді біздің қырымен сүртіп тұрушы еді. Қолорамал ұстау мүмкін емес. Өйткені қарамаймен жұмыс істейді.

Қалыпталған беттерді баспахананың бір бөлмесінде отыратын корректорлар оқып, қатесін түзетеді. Содан кейін барып кезекші редактор оқиды. Көп жылдар осында Әлпеш Смағұлова, Ғалия Юняева, Ғайни Сауытова, Бағди Валеева, Дина Ибраһимова (Бектасова), Тұрсын Ботанова, Роза Әбжанова – корректор, Әйтман Қонтаев, Лиза Танақұлова, Ғалия Досбаева, Айгүл Қасымова – подчидчик болып істеді. Подчидчик дегеніміз – корректор беттегі материалды дауыстап оқып отырғанда редакциядан келген мәтінді қарап отырып, қате кеткен жерлерін айтып отыратын адам. Әйтман Қонтаев жуас адам болатын. Қыз-келіншектердің арасындағы жалғыз еркек. Оның туған күніне қыз-келіншектер жиналып сыйлық әпереді. Ал халықаралық әйелдер күніне жалақысы шағын болғанына қарамай, намысқа тырысып бәріне шама-шарқынша ол да сыйлық әперіп жататын.

Фототілшіміз Сейіл Исенов пәтердің реті келмегеннен кейін ауылға, отбасына оралғаннан кейін орнына Анатолий Розенштейн келді. Іссапарға шығуға ерінбейді, басшылардың бәрімен таныс, анекдотты жақсы айтады. Бірақ фотосуреттерінің сапасы онша бола бермейтін. Уақыты өтіп кеткен, арзандатылған фотопленка, фотоқағаз, химикаттар сатып алып, қаржысын үнемдеп жүретін. Ол зейнеткерлікке шыққасын Валентин Антонов фототілші болды. Суреттері өте сапалы болатын. Республикалық басылымдарда жарияланып жүрді. Қазақ телеграф агенттігі де қуана қабылдайтын суреттерін. Әр жылдарда осы қызметте Василий Шейкин, Еркебұлан Нұржанов істеді. Тәжірибелі фототілші Илья Катревичтің, әуесқой фотосуретшілер Есілбай Қазбековтың, Иван Пасечныйдың, Қайрат Жұмағалиевтың суреттері газетте жиі жарияланып тұрды.

Газетке басуға таңдалып алынған суреттерді Иван Лукин өңдейді де баспанаға жіберіледі. Сурет цинкке түсіріледі. Бұл да химикаттармен істелетін қауіпті де күрделі жұмыс. Оны Юрий Стрюков деген ұзынбойлы жігіт атқарады. Қалыпта жиналған беттегі қателер түгел түзетіліп болғаннан кейін қалтырылған орынға цинктен құйылған сурет қойылып, арнайы қатырқы қағазға (матрицаға) басылады. Ыстыққа төзімді осы қағаз арнайы қалыпқа салынып, үстіне сұйық металл құйылады. Сөйтіп, бет металдан құйылып шығады. Бұл жұмысты Александр Беспятов, Александр Бухонин сияқты азаматтар атқарады.

Үлкен бір бөлмені алып жатқан ротатор деген аспап бар, ол әлі күнге дейін пайдаланылады. Оның бірнеше жұмыр діңгегіне металдан құйылған беттер орнатылады. Оларға айналған сайын қарамай жағылып тұрады. Орамдағы қағаздар осы діңгектер арқылы зырылдап өтіп жатқанда газеттің беттері басылып шыға береді. Мұнда адамдар негізінен түнде істейді. Бұл жерде ертеректе Рүстем Бақтыбаев істесе керек, оның ісін оқушысы Рафаил Усманов жалғастырды.

Газет қайта ашылған жылдары редактордың орынбасары Рашид Бадырленов қалалық мәдениет және демалыс саябағы маңындағы ағаш үйлердің бірінде тұратын. Сол күнгі басылатын газеттің алғашқысына қолын қойғаннан кейін Ленин көшесімен (қазіргі Қазақстан Конституциясы) үйіне кетіп бара жатса, алыстау жерден оған қарсы біреу шыға келеді. Ол тиісе ме деп қорқып Рекең көшенің екінші жағына шықса, қарсы келе жатқан адам да сол жаққа шығады. Енді не істеу керек? Екеуі жақындай бергенде Рекең

қолына қару есебінде алған темірді жайқап қарсы келе жатқан адамға тұра ұмтылады. Ол Рекеңнен әзер қашып құтылады. Келесі күні рататорда газет басатын Рафаил Усманов:

– Реке, кеше түнде мені не қудыңыз? – деп айтқан екен.

Сөйтсе, қаракөлеңке түнде өзіміздің қызметкерді танымай, оны бұзақылардың бірі болар деп ойлап, одан бұрын "шабуылға" шықса керек Рекең. Осыны күліп айтып отырушы еді марқұм. Жалпы, ол кезде газет өте кеш шығатын. Ең ерте дегенде кезекші редакторлар түнгі сағат 3-4 кезінде босайтын, ал ресми материалдар келген күндері таңертеңге дейін жүруші еді. Ал мен күн сайын солармен бірге болатынмын. Өйткені материалдардың орналасуын бақылау, егер сыймай жатса қысқарту, басқа да ұйымдастырушылық жұмыстар менің мойнымда болушы еді.

Баспахананың материалдық-техникалық мүмкіндігінің нашар болғаны өзіне басқа, газеттің уақытында шығуына көбінесе Қазақ телеграф агенттігі қолбөгеу жасап отырады. Оның мәнісі мынада: Мәскеуде өтіп жатқан партияның съезі, пленумы, не басқа бір үлкен жиынында әдетте КПСС Орталық Комитетінің бірінші хатшысы (артынан бас хатшысы деп аталды) ұзақ сөз сөйлейді, не баяндама жасайды. Оның мәтінін ҚазТАГ аударып, облыстарға таратады. Біздерге аударманы ҚазТАГ-тың директоры оқымай, алдын ала береді. Ол мәтінді біз линотип арқылы тергізіп жатамыз. Жұмыс уақыты біткеннен кейін Қаз ТАГ директоры Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде немесе басқа бір жерде болған кеңестерден келеді де әлгі мәтінді түзетеді. Ол түзетулері бізге телетайп арқылы беріледі. Одан кейін Мәскеуден мәтіннің арасына толып жатқан "қол шапалақтау, ұзақ қол шапалақтау" деген сөздерді қосу жөнінде түзету келеді. Металдан құйылған жолдар тағы түзетіліп, тағы орындары алмастырылады. Сөйтіп жүргенде таңның атып қалғанын да сезбейсің.

Жұмыс осылайша қиын болды. Ескі техника сына береді, маман кадрлар жетіспейді. Кейде жаңа ғана жұмыстан үйіне кеткен адамды қайта шақырып алуға тура келеді. "Анау былай болды, мынау қирады" деп өкпемді қолыма ұстап баспахана директоры Юрий Бочаговқа барамын. Ұлы Отан соғысына қатысқан, қиындықты көп көрген адам ғой, терісі кең еді. Кабинетіне барсаң да, түнде үйіне телефон шалсаң да ренжімейді. Бәрін ұйымдастыруға тырысады. Тіпті ешкімді таба алмаса түн болса да баспаханаға келеді.

Газет қай кезде қалыпталып болса да курьер Сәбира Жұсыпова оның көшірмесін жаяу редактордың үйіне апаратын. Оның алдында істегендер шыдай алмай кетіп қала беретін. Сәбира түнде жалғыз жүруге қорқып кішкентай баласын ертіп келетін.

Кеңес Одағы кезінде баспасөзде мемлекет құпиясын сақтау жөніндегі басқарма болды. Оны сырт көзге білдірмеу үшін лито деп атады. Яғни, әдебиет бірлестігі (литературное обьединение). Оны Егор Фейге, ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін Рүстем Уәйісов басқарды. Дайыр Сұлтанов, Сайдалы Кәрімжанов, Фарида Юняева деген қызметкерлері болды. Олар газеттердің мақалаларын жарияланғанға, телерадио хабарларды әуе толқынына шыққанша тексеріп, рұқсат еткен қолдарын қойып, мөрлерін басатын. Егор Владимирович кейде өз қызметкерлері түсіндіре алмаған сөйлемнің, не мақаланың орысша мағынасын сұрап маған келетін. Бірде Сайдалы Кәрімжанов маған:

– Бастығым маған газетке шығатын материалдарды түгел оқымай қол қойып, мөр баса салады екенсің деп ұрысты. Ол қайдан біліп қалды екен? –

деді.

Әдетте Сайдалы материалдарды оқып отырғанда әр жолдың астын қарындашпен сызатын. Ал Қаз ТАГ – арқылы келген материалдарды "жоғары жақтан тексеріліп шыққан ғой" деп оқымайтын. Сондықтан ол мәтіндердің асты сызылмай қалатын.

– Ендігәрі ҚазТАГ арқылы келген материалдарды оқымасаң да астарын қарындашпен сызып отыр, – деп үйреттім.

Солай істейтін болды. Бастығы келесі тексергенде ешқандай ағаттық таба алмапты. Ол кезде шектеулер өте көп болатын. Мысалы, өндіріс нысандары суретке 5-6 метр биіктіктен түсірілмеуге тиіс болатын. Ұлы Отан соғысы жылдарында Петропавлға Мәскеу мен Ленинградтан қорғаныс құралдарын шығаратын алты зауыт көшірілген. Олардың атын атауға, өндіретін өнімдерін айтуға тиым салынатын. Тіпті, жылқысы жоғалған адамдар көргендер болса хабарласын деп жарнама да бере алмайтын. Өйткені, ондай жарнамада жылқының түсі, ерекше белгілері, құлағының ені айтылады. Бұл шет елдік тыңшылардың (шпиондардың) бір-біріне берген белгісі болуы мүмкін, сондықтан ондай жарнаманы жариялауға болмайды делінетін.

Осындай қиын жұмыс менің он шақты жылымды алып кетті. Көзім редакцияның хабар бөліміне меңгеруші етіп тағайындаған күнінен ашылды. Сол күні кешке сағат 6-да жұмыстан босадық. Үйге қайтатын кез болды. Өзіме-өзім сенбеймін. Шынында да мен бүгін үйіме жұрт қатарлы уақытында барамын ба? – деп ойлаймын. Күні бойы редакцияда макет сызумен, қызметкерлердің қанша материал бергені жөніндегі есепті жүргізумен, басқа да ұйымдастыру шараларымен айналысып, түні бойы баспаханда болатын маған өң мен түстей еді бұл. Менің баспаханда күн сайын болатын себебім: жауапты хатшы Әміржан Мәутенбаев – бастық, кешкісін үйден басқарады, Әмина Мұхамедрахимова – көрі адам, түнде жүре алмайды. Сонда ішіндегі жасы мен ғана, көмекшілеріміз бұл жұмыстан бейхабар, әрі оларға редактор сенбейді.

Баспахана директоры Юрий Бочагов жасы алпысқа жеткесін зейнеткерлікке шығатын болды. Ол осындай қиын жұмыстан қажыған да болар. Баспа жөніндегі облыстық басқарманың бастығы Шәмат Мүсәлімов осы қызметке мені ұсынды. Осы мәселемен мені облыстық партия комитетінің өнеркәсіп бөліміне де шақырды. Маған егер осы қызметке тұрсам ескі ГАЗ-69 автокөлігін арзандатылған бағамен беретіндіктерін де айтты. Ол кезде жеңіл машина алу оңай шаруа емес еді. Бірақ мен келісімімді бермедім. Өйткені басқарма бастығы сөзінде тұрмайтын адам болатын. Ол маған ешқашан іске аспайтын шаруаларды айтады, жарылқаймын деп уәде береді. Мен оны ұжымға жеткіземін, сөйтіп өтірікші боламын. Одан да редакциядағы жылы орнымды суытпайын деп ойладым.

ҚИЫН ДА ҚЫЗЫҒЫ МОЛ МАМАНДЫҚ

Бұл өткен, жиырмасыншы ғасырдың сексенінші-тоқсаныншы жылдарының арасы болатын. Өңіріміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында жұмыс істейтін білікті журналистер тапшы еді. Өйткені Алматыдағы С.М.Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне біздің облыстан жастар онша бара қоймайды. Барғандарының өзі қайтып оралмайды, қызмет тауып сол жақта қалып қояды. Сондықтан өлең, анда-санда газетке хабар жазып жүрген, осыдан келешекте журналист шығады-ау деген жастарды қызметке алуға тура келетін. Жасыратыны жоқ, солардың бірі өзіммін. Редакцияда қызмет істеп жүріп, сырттай оқып, жоғары білім алдым. Жастардың көбі солай істейтін. Редакция қызметкерлері арасында қыз-келіншектер сирек кездесетін. Журналисттің қызметі қажет болғанда ауа райының қандай жағдайында болмасын жаяулап-жалпылап іссапарға шығуды талап ететін болғандықтан бұл ер адамның жұмысы деп саналатын. Құдайға шүкір, қазір осы үрдіс түбегейлі өзгерді, БАҚ-тың қай саласында болмасын табысты қызмет істеп жүрген қыз-келіншектер жетерлік.

Сол жылдары мен облыстық радиода қазақ редакциясын басқаратынмын. Өңірде болып жатқан жаңалықтарды іздеу қажет. Оның үстіне күн сайын қазақ тілінде қырық минуттық радиохабар дайындау міндет. Осындай ауқымды жұмыстарды атқаруға бір жағынан журналист кадрлары жетіспесе, екінші жағынан микрофонға жазып алу үшін қазақша сөйлейтін адам табу өте қиын еді. Ол кезде облыстық мекемелер мен ұйымдар басшылары түгелге дерлік басқа ұлттардың өкілдері болды. Орысша сөйлеп үйренген қазақ мамандары, тіпті қарапайым малшылар мен сауыншылардың өзі ойларын ана тілінде жеткізіп айтып бере алмайтын.

Радиода қызмет істеудің тағы бір қиындығы, жазып әкелген сұхбатыңды түгелдей қағаз бетіне түсіру керек. Ол бір жағынан редактордың оқуына, екіншіден – баспасөзде мемлекет құпиясын сақтау органының қызметкері қадағалап отыруы үшін қажет. Сол үшін құлағыңа арнайы аспапты киіп алып, тыңдап алып, қағазға жазасың. Кейбір қызметкерлер осыдан естімей де қалып жүрді.

Міне, осындай жағдайда облыстық радионың қазақ редакциясына қызметкерлер керек болды. Тағдыр тәлкегімен біржарым жыл зауытта инженер-экономист болып қызмет атқарған кезде бір қазақ келіншегінің өз тілімізде біршама тәуір жаза алатынын көріп қалып едім.

Ол былай болған. Қызылжардағы Калинин атындағы зауыт ол кезде қорғаныс құралдарын жасауға қажетті қосалқы бұйымдар шығаратын жабық та, жасырын кәсіпорын болатын. Онда негізінен теле-радио өндірісіне, ғарышқа ұшырылатын ракеталарға қажетті электр қуатын өткізбейтін бұйым шығарылатын. Сонымен бірге онда бейбіт өмірге қажетті де заттар өндірілетін. Зауытты халық тұтынатын тауарлар шығаратын цехтарын түсіріп, басшылармен сұхбаттасу үшін облыстық теледидардың қазақ редакциясынан Амангелді Мәукенов келетін болыпты. Осыған орай зауыт директорының орынбасары Марат Шантеміров өзінің орысша жазған сөзінің мәтінін қазақшаға аударуға маған берді.

Одан келе жатып қызмет бабымен өнім сапасын тексерушілер бөліміне енсем, екі қазақ қызы әлгі мәтінді тәп-түйір аударып жатыр екен. Радиоға қызметкер іздегенде солардың бірі Меңсұлу Бисенова есіме түсті. Әркімнен

сұрастыра жүріп, қай үйде тұратынан анықтап, кездесіп, қызметке шақырдым. Екі-үш рет барып, әңгімелескеніме көнбеді. Алматыда тұратын, республика жоғары сотында қызмет істейтін жездесімен ақылдасқан екен, ол "Шақырса бару керек" депті. Сөйтіп, Меңсұлу Бисенованы қызметке алдық. Жүре-жүре тәжірибе жинақтап, қаламы төселіп, алғашында радиода, артынан телевидениеде табысты қызмет істеді. Қазір Алматыда тұрады.

Облыстық радиоға қызметке орналасуға қол ұшымды берген екінші адамым – Назира Құрманкина. Қазақи жолға қарағанда жиен болып келеді. Әкесі Сапар Құрманкин көркем азамат еді. Шешесі – Зәуре біздің ағайынымыз Байғасқа Кендірбаевтың қызы. "Озерный" совхозында комсорг болып қызмет істеп жүргенде, одан кейін де Жаңажолға бара қалсам, Сапардың әкесі, сол төңірекке беделді ақсақал Кәмелге сәлем беріп шығушы едім. Сонда апа-жездем барын алдыма тосып, құрметтеп қарсы алатын.

Бір шаңырақтан үшеуі де бақилық болып, балалары жетім қалды. Совхоз оларға бөлек үй де салып берді. Жазушы Ғабит Мүсірепов ауылға келген сапарларының бірінде қонақтардың алдында құйқылжыта ән салған Дәмешті Алматыға алып кетіп оқытты. Ал Нәзира Қостанайдың педагогика институтында оқып, орыс мектептерінде қазақ тілінен сабақ беретін мұғалім болып, Суаткөл орта мектебіне директорлыққа дейін көтерілді. Мәскеуде өткен мұғалімдердің Бүкілодақтық сьезіне делегат болып қатысты.

Денсаулығына байланысты Петропавлға қоныс аударып, пәтер жалдап тұрып, облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтына оқытушы болып орналасады. Облыс мектептерін аралап, мұғалімдердің жұмысын тексеру және көмек көрсету қажет. Сол үшін аудандарға іссапарға жиі шығатын болған. Бұл Кеңес Одағы ыдырап, дүкендер бос қалған, қонақүйлер мен асханалар жұмысын тоқтатқан кез еді. Нәзира Құрманкина көп қиындық көреді.

Өз қолымда болып, тұрмысқа шыққан, ауылда Нәзирамен бірге оқыған жиеншарымыз Дариха Бірімжанова бір күні маған осы жағдайды айтып, оған қаладан қолайлы жұмыс тауып беруді сұрады. Ол кезде облыстық телерадиокомпанияның төрағасы Виктор Вихляев болатын. Оған радионың қазақ редакциясына қызметкер керек екендігін айтып, Нәзира Құрманкинаны қызметке алуды ұсындым. Төрағамыз Нәзираның даусын таспаға жазып тексеруді, хабар жазғызып көруді тапсырды. Ақыры қызметке алдық. Нәзира Сапарқызы содан облыстық телерадиокомпаниясы төрағасының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Артынан облыстық тілдер басқармасын басқарды.

Радиоға қызметке алған үшінші адамым – Марат Ермұқанов. Сол кездегі облыстық радионың директоры Жарасбай Сүлейменов маған бірде бір қазақ жігітінің Совет (қазіргі Аққайың) аудандық газетінде істейтінін айтып, онымен сөйлесіп көрсе қайтеді деген ұсыныс жасады. Ақыры оны тауып алып, әңгімелестім. Бойдақ, Смирново кентінде бір бөлмелі үйде тұрады, тамақты өзі дайындайды, кірін өзі жуады екен. Егер облыстық радиоға қызметке ауысса үйленетін қыз да, пәтер де тауып беретінімді айттым. Ақыры келістік.

Олай айтатыным, зауытта қызмет істеген кезімде жоғарыда айтқан екі қыздың бірі маған ойынды-шынды "аға, тұрмысқа шығатын бір жігіт тауып берсеңізші, егер отбасын құрсам маған пәтер де бермекші, бірінші кезекте тұрмын" деп айтатын. Марат қалаға келген соң әлгі қызбен таныстырдым. Ақыры екеуі үйленді, қыз айтқандай зауыт оларға екі бөлмелі пәтер берді. Бір қыздары бар, Гүлнар Садықова Сергеев (Шал ақын) ауданының Ыбыраев

ауылынан.

Сөйтіп, Марат Ермұқанов облыстық радиода қызмет істеп жатқан. Бір күні маған қазақ мектеп-интернатының мұғалімі, жерлесім Күләш Жетпісбаева телефон шалды. Амандық-саулықтан кейін.

– Аға жеңгетай болып, менің бұрынғы күйеуімді үйлендіріпсіз ғой. Неге өйттіңіз? – демесі бар ма.

Мен сасып қалып, не деуімді білмей, телефонды өшіре салдым. Күләш Жетпісбаева Қарақамыстан 12 шақырым жерде орналасқан Ақбалық ауылының тумасы. Мен сол ауылда оқыдым. Ағаларымен бірге өстім. Әкесі Жетпісбай колхоз кезінде сол ауылдың бригадирі (бастығы) болды. Ұйымдастырушылық қабілеті мол, қатал басшы болатын. Оның ақырғанынан бәрі қорқатын. Сондықтан колхоздың шаруасы да ақсамайтын. Біраз уақыт өткесін Күләш Жетпісбаева тағы телефон шалды:

– Аға ана жолғыдай телефонды қоя салмаңызшы, мен анығын білдім, Сіздің кінаңыз жоқ екен, өткенде қатты айтқаныма кешірім сұраймын, – деді.

Шынында да мен Марат Ермұқановтың Күләш Жетпісбаеваның бұрынғы күйеуі, олардың ортақ бір қызы бар екенін білгенім жоқ. Тіпті, Мараттан бұрын үйленген-үйленбегенін де сұрамаппын. Кейіннен Күләш қарындасымыз басқа бір адамға тұрмысқа шықты. Ағасы Аманжол да ауылдан қалаға көшіп келіп, қатынасып тұрдық. Оны үйлендіргенім бөлек әңгіме. Ал Марат Ермұқанов болса қазір облыстық "Северный Казахстан" газеті редакциясында қызмет істейді.

"ҚЫЗЫЛЖАРДАН" СӨЙЛЕП ТҰРМЫЗ...

Тағдырдың жазуымен менің бұқаралық ақпарат құралдарының барлық саласында, яғни, газет, радио, теледидар хабарлары редакцияларында қызмет істеуіме тура келді. Біздің бала кезімізде теледидар деген мүлде жоқ, радиоқабылдағыштың өзі әлді үйлерде ғана болатын. Соларға барғанда естігендіктен бе, әлі мектепке бармай тұрып, үйде темір керуеттің үстіне шығып алып "Алматыдан сөйлеп тұрмын" деп дауысымды қаттырақ шығарып айтушы едім. Ал 1988 жылдан бастап "Қызылжардан сөйлеп тұрмыз. Әуе толқынында Солтүстік Қазақстан облыстық радиосы" деген сөздері шын мәнінде әуе толқынында айту мүмкіндігіне ие болдым.

Бұл кезде облыстық радионың директоры Юрий Тропкин, орынбасары Жарасбай Сүлейменов болатын. Облыстық телерадиокомпанияның төрағасы Виктор Вихляев мені облыстық радионың қазақ радиосына редактор етіп тағайындады. Радиода жұмыс істеуге қазақ кадрларын талай іздестіргенім жөнінде жазған болатынмын. Сол жылдары қазақ редакциясында Сәркен Бақытов, Ғазез Балғожин қызмет істеді. Совет (Аққайың) аудандық газеті редакциясынан – Марат Ермұқановты, бұрын Калинин зауытында істеген – Меңсұлу Бисенованы, Жамбыл ауданындағы Суаткөл орта мектебінде директор болып, қалаға, облыстық мұғалімдердің білімін жетілдіру институтына ауысқан – Назира Құрманкинаны, бір кездері "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газеті редакциясында қызмет істеп, ауылға көшіп кеткен Нұрлан Әлібаевты қызметке тартуға тура келді.

Радиода қызмет істеу қазақ журналистері үшін ол кезде өте қиын болды. Өйткені, радио хабарларында тірі дыбыс, диктордан басқа кейіпкердің,

маманның, басшының, т.с. өздерінің аузымен айтылған сөздері міндетті түрде болуы керек. Ондай адамдарды табу оңай шаруа емес. Өйткені, қазақша сөйлейтін адам аз болатын. Әсіресе, кешкілік берілетін тура хабарға адам табу қиынның-қиыны. Сондықтан облыстық "Қазақ тілі" қоғамының төрағасы Қосыл Омаровты, облыс прокурорының орынбасары Сәбит Күрлеуітовты және солар сияқты қазақша сөйлей алатын басшылар мен мамандарды тура хабарға жиі шақырып отыратынбыз.

Хабарлар таңертеңгі 7 мен 8, кешкі – 19 бен 20 сағат аралығында берілетін. Осы екі сағаттық хабарды толтыру оңайға соқпайтын. Біздің қалада татар мен башқұрттардың көп тұратынын ескеріп, айына екі рет татар тілінде хабар беретін болдық. Оған Рашид Исмайлов пен Мамлют аудандық газетінің редакторы Халида Шағвалива белсене қатысып тұрды. Жамбыл ауданының Майбалық ауылынан Бақыт Тауқұдыретов, Петропавл қаласынан зағип Ермек Шәріпов, мәдениет саласының қызметкері Анна Кучеренко, Преснов (Жамбыл) ауданының Айымжан ауылынан Жақила Жолмұқанов, запастағы полковник Қайырбек Сыздықов, Булаев (М.Жұмабаев) ауданынан Бақырислям Жақыпов, Мәскеу ауданының Торанғұл совхозынан Мұрат Ереженбаев, "Куйбышевец" газетінің редакторы Ақләйлек Жаукина, Есіл аудандық газетінен Ирина Югай, қаладан Зәуре Жұмалиева және басқалары үнемі хат жазып тұрды. Олардан келген хаттардағы жаңалықтарды радиохабарларына пайдаланып отырдық.

Облыс көлемінде өткізілген іс-шаралардан, әдейі іссапарға барған жолдағы үнтаспаға жазып әкелгендеріміздің ішінен керегін теріп алу үшін арнайы аспап алдына отырып, құлағымызға дыбыс күшейткішті киіп алып, сөйлеген адамдардың сөзін қағазға түсіреміз. Бұл бір ұзын-сонар жұмыс. Содан кейін хабардың мәтінін жазып, арасына әлгі "тірі дыбыстарды" енгізіп отырамыз. Осының бәрі үш-төрт дана етіліп машинаға басылады. Оны редактор қарап, қол қойғаннан кейін дыбыс операторларына береміз. Олар сөйлеп тұрған адамның қақырған-түкірген, үндемей тұрған сәттерін, керексіз сөздерін алып тастайды. Кейде, тіпті бір сөзбен екінші сөздің орынын алмастырып қоюға да тура келеді. Содан әлгі адам тоқтамай, жақсы сөйлеген болып шығады. Бұл істі Гүлнар Пішенбаева, Шәрбану Жақсылықова, Вера Проскурина, Ольга Чередниченко, Айгүл Сарманова, Тамара Уфимцева сынды дыбыс операторлары атқаратын. Қазақ тіліндегі материалдарды әр жылдарда Ғалия Тұрлыбекова, Мәруар Қожахметова, Халида Мұсабаева басатын.

Бұл бір тұрмысқа қажет дүниелердің тапшылық заманы еді. Облыстық радиода жиырма үш-жиырма бес адамдай қызмет етеміз. Көбі әйелдер. Қызмет бабымен бармайтын жеріміз жоқ, дұрыс киініп жүруіміз керек. Бірақ ақшаңа өзіңе қолайлы киім тауып кию немесе үйге қажетті тұрмыстық техника сатып алу қиын. Ол үшін қалалық атқару комитетіне хат жазып, осындай киім, осынша қажет деп тапсырыс береміз. Немесе облыстық сауда басқармасына хат жазамыз. Онда Нина Журавская деген қызмет істеді. Соған телефон шаламыз, көңілі түссе "базаға осындай дүниелер келіп түсті, тездетіп хат әкеліңдер" дейді. Осындай әдіспен ерлерге жазғы-күзгі, әйелдерге қысқы аяққиімдер, шалбар, кейде костюм, плащ сияқты киімдер, үйге жиһаз, кілем, шаңсорғыш, еркін саудада жоқ басқа да дүниелерді сатып алып жүрдік.

Сондай-ақ үнді шайын, "Құс сүті" деп аталатын шоколад конфетін де таныстықпен алатынбыз. Петропавл қаласында ең алғаш теледидар хабарлары беріле бастағанда диктор болып істеген Валентина Малюкова

кейіннен радиоға ауысқан болатын. Оның өзін танымаса да облыс тұрғындарының құлағына даусы сақталған. Барған жерімізде оны бәрі танып шығады. Сосын былайғы тұтынушылардан тығып қалған азық-түлігін, не заттарын бізге бере бастайды. Сол кездегі тапшы тауарларды сатып алып тұруға орыс редакциясының байырғы қызметкерлері Лилия Галле (Хренова), Лариса Чернова, Людмила Татаринцева көп көмек көрсетті.

Бір жылдары, тіпті қант та тапшы болды. Бағасы да қымбат еді. Облыс тұрғындарын қантпен қамтамасыз ету мақсатында өңір шаруашылықтары қант қызылшасын өсіре бастады. Қызылшаны оңтүстік облыстардағы зауыттарға өткізеді де одан қант алады. Біздің жақта қант қызылшасын өсіру технологиясы дамымаған, арнайы техника да жоқ. Сондықтан қала кәсіпорындары мен мекемелері шаруашылықтармен келісім-шартқа отырып, қызылша егістігін күтуді мойындарына алады, есесіне күзде ақыға қант береді. Біз де солай істейтін болдық. Оған қоса шаруашылықтармен радиохабарларын ұйымдастырып, оның ақысына сәбіз, қияр, қызанақ, қырыққабат сияқты және басқа да көкөніс алып, ұжым мүшелеріне бөліп беріп отырдық. Ауылдарға шығып арзан бағаға қара мал етін сатып әкелетін болдық.



Елде азық-түліктің жан басына шаққанда жетіспеуіне орай Кеңес Одағының басқа қалалары мен елді мекендеріндегідей, Петропавлда "Тұтыну картасы" енгізілді. Оларды отбасындағы жан басына байланысты үй басқармалары беретін болды. Әр тағамға, болмаса жуу құралдарына жеке-жеке карта беріледі. Оларды жоғалтып алсаң, басқасы берілмейді. Ондай тауарлардың қатарына қант, арақ, сіріңке, шылым, өсімдік майы, иіс және шаруашылық сабындары, жуу құралдары, ет өнімдері, мал майы жатқызылды. Мен осындай карталардың 1990, 1991, 1992, 1993 жылдарға ай сайынға және әр тоқсанға берілген талондарын осы күнге сақтап келемін. Жұмыс арасында немесе түскі үзіліс кезінде үй басқармасына барып осы "Тұтыну карталарын" аламыз. Кейде ұзын-сонар кезек болып, бір барғанда ала алмай кететін кезің де болады.

"Қуырдақтың үлкенін түйе сойғанда көрерсің" дегендей, радиодан теледидарға ауысқаннан кейін бұдан да бетер қиындықтарды бастан өткізуге тура келді. Бұл кезде телерадиокомпанияның бұрынғы төрағасы Виктор Вихляев өз өтінші бойынша қызметінен кетіп, орынына ақын, Қазақстан жазушылар одағының мүшесі Мұталлап Қанғожин тұрған. Теледидарда да, радиода да техника, автокөліктер ескірген, уақытында жалақы берілмегендіктен әрі аз болғандықтан кейбір мамандардың басқа жұмыстарға ауысып кетіп жатқан кезі еді. Виктор Васильевич республикалық телерадиокомитеттің де, облыстың басшыларына да осы проблемаларды айтып қанша барғанымен, қанша хат жазғанымен еш нәтиже болмаған. Мұндай қайыршылық жағдайға шыдамаған Виктор Васильевич отырған тағын тастай қашқан.

Осындай киерге киім, ішерге тамақ тапшы, журналистердің іссапарға шығуына бензин алатын, ескі техника мен автокөлікті жөндейтін қаржы

жетіспей жатқан заманда билік басына Мұталлап Мұқамадиұлының келуі ерлікпен пара-пар еді. Осындай қиындыққа қарамастан теле және радио хабарларын әуе толқынына уақытында шығару керек. Мен бұл кезде теледидар директорының орынбасары, қазақ редакциясының редакторы қызметін атқардым. Тікелей бастығым Галина Халетова директорлықтан облыстық әкімдікке баспасөз хатшысы болып ауысқаннан кейін мен оның орнына отырдым.

Осы тұста орыс редакциясында тәжірибелі журналистер көбірек болды да, қазақ редакциясында негізінен өзімнен бастап теледидардың қыр-сырын қанық біле қоймайтын адамдар жиналған едік. Сабыржан Әбілмәжінов – бұрын облыстық газеттің Совет (қазіргі Аққайың) ауданы бойынша тілшісі, облыстық партия комитетінің саяси ағарту үйінің референті, одан кейін көп жылдар облыстық телерадиокомпания төрағасының орынбасары болып істеп, зейнеткерлікке шыққан. Асхат Сағындықов бұрынғы мұғалім, Жақсыбай Самыратов – есеп қызметкері, ал Нығмет Әбенов – әнші болатын. Есесіне, біздің түсіріп әкелгендеріміздің Баян Баймұқанова, Күннәр Қабдөшева сынды режиссерлер жақсы телехабарлар жасап шығаратын. Телеоператорлар Серік Майлин, Лев Козлов, Владимир Манылов және басқалары күн демей, түн демей журналистермен іссапарға шығып, жақсы бейнекөріністер түсіретін.

Бұл 1994 жыл еді. Облыстық телерадиокомпания қызметкерлері сегіз ай бойы жалақы алмай қызмет істеп жатты. Жағдай өте қиын болды. Компания төрағасы Мұталлап Қанғожин облыс әкімі Владимир Гартманның қабылдауында болып, жағдайды түсіндірді. Бұл арада облыстың бірінші басшысының материалдық жағынан көмек көрсете алмайтыны белгілі еді. Өйткені облыстық телерадиокомпанияны республикалық комитет қаржыландырады. Ал оларда бөліп берер қаржы жоқ. Сондықтан Владимир Карлович аудандармен, жекелеген шаруашылықтармен келісіп, олардан демеушілік көмек сұрауды ұсыныпты. Содан кейін ол аудан басшыларына телерадиокомпанияға қолдан келген көмектерін аямауды тапсырды.

Осыдан кейін, дәлірек айтсам 1994 жылдың 28 сәуірінде телерадиокомпания кәсіподақтары комитетінің отырысы өтіп, онда мынандай мәтінде қаулы қабылданды: "қаржы жағдайының күрделілігіне (жалақы жөніндегі қомақты қарыздың жинақталып қалуына) байланысты кәсіподақ комитетінің мүшесі Амандық Жантеміровке совхоздардың, элеваторлардың директорларымен демеушілік көмек (ет ұн, май және басқа да тағамдар) көрсету жөнінде келісім-шарт жасасу тапсырылсын. Азық-түлік берген ұжымдар туралы бейнефильмдер түсіріліп, теледидарда көрсетілсін".

Кәсіподақ комитетінің осы шешімі бойынша мен аудандарға шығып, сол жылы совхоздардан қара малдар сойғызып телестудияға жеткізіп, қызметкерлерге бөліп беріп отырдық. Бұл кезде телеорталық, яғни телестудияны материалдық-техникалық жағынан қамту кәсіпорыны облыстық телерадиокомпанияның құрамына енгізілген болатын. Соған орай ұжымда екі жүзге тарта адам қызмет ететін. Сонда бір сиырдың істәгін бұза келгенде әр адамға бір-бір жарым килідей ғана ет келетін. Сондықтан бір емес, бірнеше мал әкелуге тура келген.

Оның арасында Бескөл құс фабрикасымен келісіп, арзан бағаға 2600 жұмыртқа, 280 килограмм тауық етін сатып алдық. Оны әкелуге облыстық байланыс басқармасынан автокөлікті тегін сұрап алып, бензинді өзіміз құйдық. Бензин сатып алуға кәсіподақ комитетінен 50 теңге бөлінді. Бұл кезде

реформадан кейінгі жаңа ақша құнды болатын. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 1994 жылғы 1 сәуірдегі жарлығымен елімізде жалақы мөлшері екі жарым есе өсірілді. Осыған орай кәсіподақ комитеті төрағасының айлық ақысы 80 теңге, есепшісінікі – 40 теңге болып бекітілген.

Телерадиокомпанияда бұрынғы жылдары дикторлар, журналистер эфирге шыққанда киетін киімдер тігетін цех болатын. Қаржы тапшылығына байланысты ол жабылды. Тек асхана жұмыс істеп тұрды. Ол кәсіпкерлерге жалға берілді. Бастапқы кезде кәсіпкерліктің қыр-сырын жақсы білмегендіктен асхананың иелері де бірінен соң бірі ауыса берді. Осы асханадан тамақтанатын қызметкерлерге азық-түліктің бағасын арзандату үшін кәсіподақ комитетінен 1150 теңге бөлінді. Сондай-ақ 50 килограмм қант және шәй сатып алынып, компанияның шығармашылық бірлестіктеріне бөлініп берілді.

Бәрінен де ұжым мүшелеріне таратып берілген ұнның жыры ұзаққа созылды. Ол былай болды: мен Жамбыл ауданына іссапармен барып Благовещенка астық қабылдау пунктінің директоры Степан Афанасьевты демеушілік көрсетуге әзер дегенде көндірдім. Сол үшін екі рет баруыма тура келді. Ақыры 27 қазанда келісім-шарт жасастым. Ол кезде бұл кәсіпорын "Достық" акционерлік қоғамы деп аталатын.

Енді ол астықты әкетуім және үктіруім керек. Автокөлік жалдауға қаржы жоқ. Пресновка кентінде жанар-жағармай құятын стансаны басқаратын жеңгем Қаншайым Досмановаға бардым. Ауданда беделді, қолы ұзын еді, автобазадан тіркемесі бар КамАЗ машинасын алып берді, ақысына оларға солярка беретін болды. Сөйтіп, қарашаның 4-і күні Благовещенкаға бардым. Онда үктіруге жарайтын бидай болмай шықты.

– Үктіруге жарамды бидай Шухов атындағы совхозда ғана бар. Ол шаруашылық біздің кәсіпорынға берешек. Мен директорына телефон шалайын, содан алыңдар, – деді Степан Варламович.

Айдап отырып, Шухов атындағы совхоздың қырманына бардық. Қырман меңгерушісі тазаланбаған бидайды көрсетіп, "осыны алыңдар" дейді. Ондай бидайды диірмен ала ма? Ұрыссып жүріп, машинаға тазартылған бидайдан артгырдық. Сөйтсек, келісім-шарттағы 18 тоннаның орнына 20 тоннаға жуық астық тиеліп кетіпті. Қырман меңгерушісі "артығын түсіріңдер" деп бой бермейді. Совхоз директоры Виталий Шатилоны жақсы білуші едім, рация арқылы тауып алып, келісіп, бидайды алып шықтық-ау, әйтеуір.

Ендігі міндет осы астықты үктіру. Пресновтағы диірменге келсек, онда кезек күтуіміз керек екендігін айтты. Бидайымызды алдын-ала қабылдамады. Жүргізуші Михайл Попов екеумізге үш күн бойы КамАЗ-ға артылған бидайды күзетуге тура келді. Кезегіміз келгесін бидайды үктіріп алдық. Екі жүзден астам қапты да Қаншайым Уәлиахметқызы тауып берді. Сонша ұнды артып алып, Петропавлға жеткізіп, телерадиокомпанияның ғимаратына енгізіп алдық та, әрбір қызметкерге бір қаптан тегін таратып бердік. Бұл алтыншы қараша болатын.

Келесі жылы мені Преснов аудандық сотына шақырды. Барсам судья: "Благовещенка астық қабылдау пунктінен астық алыпсыз, соны не қайыруыңыз, не ақшасын төлеуіңіз керек" дейді. Олай дейтіні қабылдау пунктін тексеру барысында көп астықтың жетіспейтіндігі анықталыпты. Соның ішінде мен алған жиырма тоннаға жуық астық та бар екен. Ал кәсіпорын директоры менімен жасаған келісім-шартын таба алмапты.

Қырсық қылғанда оның көшірмесін мен де таба алмадым. Бидайды келісім-шарт бойынша алғанымды, оны үктіріп қызметкерлерге таратып бергенімді және келісім бойынша кәсіпорынның жұмысын бейнетаспаға түсіріп, хабар жасап, әуе толқынына бергендігімізді дәлелдеу үшін сотқа үш рет баруыма тура келді.

Шіркін қазақшылық-ай! Біріншіден келісім-шарт жасалғаннан кейін оның орындалғаны жөнінде ешқандай құжат жасамаппыз. Екіншіден – ұнды қызметкерлерге тізім бойынша таратып, қолдарын қойғызуымыз керек екен, оны да істемеппіз. Үшіншіден – жасалған хабардың көшірмесін кәсіпорынға беруіміз керек екен, оны да орындамаппыз. Абұйыр болғанда сотқа келген кәсіпорын қызметкерлері астық қабылдау пунктінің жұмысын бейнетаспаға түсірнегімізді, арнайы хабардың эфирде берілгенін растап сөйледі. Сөйтіп, ақталып шықтық-ау, әйтеуір!

Осындай әрекеттер жасап, бір жағынан телерадиокомпанияны жабылудан, екінші жағынан – білікті мамандарды сақтап қалдық. Енді техниканы жаңарту міндеті тұрды. Республикалық телерадиокомитеттен ешқандай қайыр күтуге болмайды. Қиындықтан шығудың амалын таба алмай жүргенде Елбасымыз өңірімізге іссапармен келді. Осы сәтті пайдаланып қалу керек болды. Оның сәті де түсті. Мұталлап Қанғожин егін даласында Нұрсұлтан Назарбаевтан сұхбат алғаннан кейін, телерадиокомпанияның қиын жағдайы туралы айтады. Нұрсұлтан Әбішұлы осы проблемаларды көрсетіп өз атына хат жіберуді ұсынады. Сонымен бірге облыс әкімі Владимир Гартманға бір миллион теңге қаржы тауып беруді тапсырды.

Елбасына барлық жағдайды айтып хат жаздық. Артынан Президенттің Республика Премьер-Министрі Әкежан Қажыгелдинге Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясына екі миллион АҚШ доллары көлемінде қаржы бөлуді тапсырған хатының көшірмесі және осынша ақша бөлінгендігі жөнінде хабар келді. Бірақ ақша түспеді. 1996 жылғы 11 қыркүйекте Қызылжарға Республика Қаржы министрінің бірінші орынбасары Жомарт Мұқашев келді. Оған облыс орталығындағы қаржы тапшылығынан құрылысы аяқталмай тұрған қалалық қазақ гимназиясының ғимараты көрсетілді. Сонда облыс әкімі Владимир Гартман маған: Жомарт Жангелдіұлынан мына гимназияны аяқтауға қаржы сұрап едік, бермей тұр, сұхбат алыңызшы, сонда райынан қайтар" деді. Солай істедік. Бұл кезде мен хабарларды республикалық теледидарға да беруші едім. Осы сұхбатты облыс қана емес, республика жұртшылығы көретін болғандықтан Жомарт Мұқашев құрылысты аяқтауға қаржы тауып беруге уәде етті. Осы сәтті пайдаланып мен Елбасы бөлген ақшаның бізге түспей жатқанын айттым. Мұталлап Қанғожин да осы туралы сұра деп тапсырып жіберген болатын.

– Ол ақша Қаржы министрлігіне келіп түскенімен біз оны телерадиокомпанияның есеп-шотына тура аудара алмаймыз. Ақша алдымен Мәдениет және ақпарат министрлігіне жіберіледі, ал олар республикалық телерадиокомитетке аударады. Сосын ғана барып Сіздерге түседі. Әзірше ондай ақша келіп түскен жоқ, барғасын тексерейін, – деді Жомарт Мұқашев.

Артынан теледирадан құқық қорғау органдары қызметкерлерінің Қаржы министрінің бірінші орынбасары Жомарт Мұқашевтың қолдарына кісен салып, абақтыға алып кеткенін көрдік. Оған шет елде ашылған есеп-шотына мемлекеттің қомақты қаржысын аударып жіберген деп айып тағылды. Одан едәуір уақыт өткеннен кейін сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрлігінен Мұталлап Қанғожинге телефон шалып, Президент берген

ақшаның жартсын өздерінде қалдыруды ұсыныпты. Мұталлап Мұқамадиұлы келісімін бермеген. Ақырында ақшаның жартысы түгіл бір тиыны да бұйырмады. Мен Мүкеңе ақшаны іздеп Алматыға барып, қайтайын деп едім, "ойбай іздеме, бізді өлтіріп тастайды, банкирлермен сөйлесіп едім, енді үндемеңдер дегенді айтады" деп жібермеді.

Есесіне, облыс әкімі Владимир Гартман бір миллион теңге ақша тауып берді. Ол кезде телерадио хабарларын түсіру, тарату техникасы Мәскеуде ғана сатылатын. Мұталлап Қанғожин Мәскеудегі халықаралық "Мир" студиясының сол кездегі директоры Ғаділбек Шалахметовтың телефонын тауып алып сөйлескенде, қолдан келген көмегін көрсетуге уәде беріпті. Техника сататын фирма қолма-қол ақшамен ғана сауда жасайтын болып шықты. Сондықтан Мұталлап Қанғожин мен бас инженер Сергей Вансович екеуі айырбастап алған Ресей рублін қойын-қоныштарына, көйлектің ішіне тігілген қалталарына тығып жолға аттанды. Мәскеуден әзер жеткізген көп техниканы телерадиокомпанияның инженерлері эфирді ешбір тоқтатпастан монтаждап шықты. Ал 1997 жылы Көкше өңірі Солтүстік Қазақстан облысына қосылғанда біздің инженерлер ондағы студиядағы техниканы бұзып әкеліп, осында қайта құрастырып шықты. Сонда олардың біліктілігіне көкшелік әріптестері таңқалған еді.

ҚОНАҚ АЗ ОТЫРЫП, КӨП СЫНАЙДЫ

Арғы аталарымыздан, әке-шешеміздің жұққан қасиет болуы мүмкін, жетім-жесірлерге, көмек сұраған адамдарға қол ұшын бергенді ұнатып тұрамыз. Бір үзім нанды бөліп бермек түгілі, тарығып тұрған адамға түгел бере салуымыз да бар. Біреуді аяп тұрамыз. Осы бір қамшының сабындай қысқа өмірді мәнді өткізгенге не жетсін! Өзімнен көмек сұрағандардың бірде-бірінің бетін қайырмаған сияқтымын. Қолымнан келген көмегімді көрсетуге тырыстым. Мұнымды мақтанғандық деп түсіне көрмеңіздер, оны болашақ ұрпақ білсін, дұрыс деп түсінсе үлгі алсын деген мақсат менікі.

Бұл 1966 жылдың мамыр айы болатын. Облыстық "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газетінің редакциясына әдеби қызметкер болып орналасқан кезім. Бойдақпын. Тұратын пәтерім жоқ. Алғашқы күндері жерлесіміз, Нұрымбет ауылының тумасы, фототілші Сейіл Исенов екеуміз соның фотозертханасында қонып жүрдік. Кейде ойқалада тұратын жерлесіміз, Ақбалық ауылының тумасы, тіс дәрігері Серғазы Пішанов пен әйелі, Алматы облысынікі, қазақ мектеп-интернатында ағылшын тілінен сабақ беретін мұғалім Аққенженің үйіне барып қарт ойнап, кешігіп қалсақ сонда қона саламыз.

Бір демалыс күні асханада екі студентпен кездестім. Олар ауыл шаруашылығын механикаландыру техникумының электрлендіру бөлімінде оқиды екен. Мән-жайымызды сұрасқаннан кейін, мектеп-интернат сыртында, ағаш үйді жалдап тұратындарын айтып, өздеріне шақырды. Аула ішіндегі шағын ғана ағаш үй екен. Серік Бұтымбаев, Сергей (тегін ұмыттым) үшеуміз бірге тұрдық. Келесі жазда олар техникумды бітіріп, кетіп қалды. Бірде жерлесіміз, Октябрь ауылының тумасы Орынбай Тулеповтың жалдап тұрған пәтеріне барсақ, үй іші сап-сасық, ауыру орыс кемпірімен бірге тұрады екен. Мен бір үйде жалғыз екенімді айтып, оларды аяп, өзіммен бірге тұруға

шақырдым. Сөйтіп енді үш кісі тұратын болдық. Орынбай Боркиде ауыл шаруашылығы техникумында оқиды, әйелі Роза – асханада киім ілетін жерде жұмыс істейді. Табыстары шамалы, тамақты негізінен мен сатып аламын.

Жасы менен әжептәуір үлкен болса да, баланың қылығын істеп, үйден оқуға барамын деп шығып, достарымен қыдырып, арақ ішіп келетін болды. Оқудан шығып қалу қаупі туды. Сосын техникум директорымен келісіп, сырттан оқу бөліміне ауыстырдым да, Пресновтағы кәсіптік-техникалық училищеге тәжірибе сабағын жүргізетін мұғалімдікке жіберттім.

Осы тұста қасыма Ақбалықтан бөлем Ережеп Сибанбаев келді. Ол техникумда трактор-егіс бригадалары бригадирлерінің екі айлық білім жетілдіру курсында оқыды. Күн сайын оған үш сом ақша беремін. Түсте асханаға барып тамақтанады, екі жүз грамм арақ ішеді. Қалған уақытта тамақты үйде дайындаймын. Сондай-ақ демалыс сайын Ленин (Есіл) ауданының Покровка ауыл шаруашылығы техникумында оқып жатқан Сәбит ауылының жігіттері, интернатта бірге тұрған Баязит Сақтаров пен Айдос Есмеев келеді: оларды киноға, мейрамханаға апарамын, автобусқа билет алып беремін, тағы қалталарына ақша саламын.

Жалғыз өзіме қыста отын жағу қиын болғандықтан, әрі осы кезде ауылдан досым, жетім Әскер Нұрсейітов пен немере інім Алпысбай Сағындықов келгендіктен басқа пәтер тауып алдық. Бірақ қолайлы пәтер кездеспеді. Біз түскен үйдің не қызы күйеуінен айырылысып келеді, не басқа жағдай болып қалады. Басқа пәтер іздейміз де тапқаннан кейін өзіміз достасып алған татар кемпірінің үлкен шанасына темір кереуетімізді, көрпе-жастығымызды, жастықтың астына салып жататын газет тігінділерін салып алып көше береміз.

Солай жүріп қаланың біраз жерін араладық. Алпысбай інім оқуын бітіріп кеткесін орынына немере ағам Үндемес Байтеміров келді. Одан кейін Әскердің әйелі Дариханы да осында әкеліп, нан-тоқаш комбинатына жұмысқа енгіздік. Біздің ас мәзірімізге тегін макарон қосылды. Түмен облысында тұратын бөлем Әнипа Құсайынова да бізбен тұратын болды. Оны қалалық тұтынушылар кооперативіне товаровед етіп енгіздік, техникум бітірген дипломы бар екен. Сөйтіп жүріп есеп-экономика техникумының ақырғы курсында оқып жүрген Қалима Досмановаға үйлендім.

Одан кейін де Қалима екеуімізге бірнеше пәтер ауыстыруға тура келді. Осы жағдайымызды ескеріп, жауапты хатшысы Әміржан Мәутенбаев Қалиманың төркінінен келген жасауды – көрпе-жастық, төркөрпе деген сияқтыларды өзінің қызмет бөлмесінің бір бұрышына үйгізді де бізге редакцияның (қазіргі ЦУМ дүкені) бірінші қабатынан бір бөлмені босаттырып берді.

Шағын ғана бөлмеде Әскер Нұрсейітов үшеуіміз тұрып жатыр едік, немере ағам Қараман Сағындықов келіп, дүкенші болып істейтін нағашы қарындасы мен күйеуін қосып кетті. Одан Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіріп Жауылбай Ибраев келді. Бірде ауылға барғанда совхоз басшыларымен ұрыссып жұмыстан шығып қалған құрдасым Серікбай Мұсағұловты әкеліп, пошта таситын машинаға жүргізушілікке орналастырдым. Осындай шағын бөлме ішінде ығы-жығы болып жатқанда Асаново ауылында К-700 тракторының жүргізушілігіне оқып жатқан Қамза Тәпелов пен Болат Тасқұлов демалыс күндері келіп, қонақ болып, орын болмаған соң жерге қонып кетіп жүрді. Олардан басқа да қонақтарымыз көп, біздің жақтан осында оқитын студенттер, интернаттағы оқушылар бірі кірсе,

бірі шығып жатады. Ал редакция қызметкерлері үшін электр самауырда су күні-түні қайнап тұрады.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Демиденконың арқасында 1970 жылы күзде Индустриальная (қазіргі Ғ.Мүсірепов) көшесінің бойындағы бес қабатты үйден екі бөлмелі пәтер алып, енді көзіміз ашылды деп қуандық. Бірақ олай болмады. Әр жылдарда Қалиманың сіңлілері Сұлушаш пен Ғалия, қарындасым Бибігүл жас нәрестесі Қуанышпен (күйеуі әскерде болды), жиендерім Мінайдар, Шолпан, жиеншарым – Дариха, немере інім Тұрабай Байтеміров, ауыл балалары Жәнай Балуанов, Қошан Байжанов және басқалары тұрды. Алматыда қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітіріп келгеннен кейін балдызым Қазыкен Досанов, зайыбы Нәфиса Абдрахметова жаңа туған сәбилері Данаға жатар бөлмемізді босатып беріп, өзіміз залға шықтық. Жаңажол ауылының тумасы Ербол Шәймерденовты аяп жазғы каникулға келген сайын үйіме қойып жүрдім, Университет бітіріп келгеннен кейін де біраз бірге тұрып, жеке үй жалдап үйлендірдік. Менімен бірге университетте оқыған Семей өңірінің Бесқарағай деген жерінің азаматы Уәлихан Тукусовты осында алып келіп, үйге тұрғызып, редакцияда тәжірибеден өтуге қол ұшын бердім. Бізбен бірге тұрғандардың біразын ұмытып та қалыппын.

Жеке шаруаларымен келіп қонақ болған адамдарда сан жоқ. Менімен он жылдай көрші тұрған, облыстық мемлекеттік автоинспекциясында қызмет істеген, майор Қайрат Жұмағалиев "автовокзалға Преснов ауданынан келгендер қонақүй іздемеңдер, қарсы алатын үй бар деп сенің мекен-жайыңды жазып қою керек шығар" деп әзілдейтін. Шынында да менің пәтерім қонақүй сияқты болды. Тіпті, кейде басқа жерлерден, мені сыртымнан ғана білетін адамдар да келуші еді-ау. Соның бәріне әйелім Қалима бір қабақ шытып көрген емес. Кешкі сағат 7-лер кезінде жұмыстан оралғанда пәтерімізде үнемі жаңа қонақтар отыратын. Оларға ас қылады, күтеді, төсек салады. Шіркін, жастық-ай! Соның бәріне шаршамаушы едік-ау!

Қонақтардың ішінде үйінен бір кесе шәй ішіп көрмесек те, қанша күткеніңе қарамастан сынап немесе біліп-білмей бірдемеңді бүлдіріп кететіндері де аз болған жоқ. Бірі түн ортасында қараңғыда дәретханаңы таба алмай, ас үйдегі нан салатын сырлы шелектің қақпағын ашып, үлкен дәретке отырғаны, далаға шығып тұр екенмін деп ойлап, ұйықтайтын бөлмеге қарап кіші дәрет сындырғаны да кездесті. Енді бірі түн ортасында арақ іздеп тоңазытқышты ашып, ештеме таба алмай, "мына жарымаған үйге қайдан келіп едім" деп айқайға басып, ұйықтап жатқан адамдардың бәрін оятқаны да әлі есімде. Айта берсе, осындай оқиғалар көп болды.

Әйелім Қалима екеуміз дүние жинап, басқадан ерекшеленіп сәнді, қымбат киім киюді мақсат етпедік. Мақсатымыз жұрт қатарлы өмір сүру, туыстарды, достарды, жалпы кімді болмасын сыйлау, оларға қолдан келгенше көмектесу болды. Солай істедік те. Оған өкінбеймін. Өкініштісі, Қалима зейнеткерлікке шыға, егемендіктің қызығын, өзінің қайырымды істерінің жемісін көре алмай кетті. Топырағы торқа болсын!

3. ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒАЛАР

ЕЛТІНЖАЛДЫҢ ЕРКЕСІ ЕДІ

Қазақ баласы қоныс іздегенде мал ұстауға желден пана, оты азық болар жерлерді таңдаған ғой. Ғабит Мүсіреповтің кіндік қаны тамған Елтінжал баурайы да сондай жер. Сол маңда Қарамен, Сағындық, Аққусақ, тағы басқа ормандар бар. Ғабеңнің "Қос шалқар" деген әңгімесіне арқау болған айдын көлдер де сол арада.

Қазіргі Жаңажол ауылының іргесіндегі "Тәсібек" көлі Есеней бүркеуімен жалғасады. Ресей патшалығының жіберген уәкілдерінен сұрап алып, орлап қоршаған осы бүркеу бұрын мемлекет қарауында болатын. Сол орға шыққан қайыңдардың жуандығы сондай, екі жігіттің құшағы жетпеуші еді. Ішінде ақ қайыңдар, басқа да ағаштардың түрлері көп. Солардың арасында атақты "Қыз қарағай" әніне арқау болған биік шырша да өсіп тұр. Ғабең ауылға келген сайын сол шыршаны бір тамашаламай кетпеуші еді.



Міне, табиғаты осындай тамаша өңірде Ғабит Мүсірепов 1902 жылы 22 наурызда дүниеге келсе керек. Бұл туралы Ғабең өмірбаяндық әңгімелерінің бірінде былай деп жазады: "...Менің туған жылым астрономиялық дәлдікпен анықталған... Көзі соқыр жирен атты қасқыр талаған күзден кейінгі көктемде, күн мен түннің теңеліп, Сиыр жылынан Барыс жылына ауысатын күні дүниеге келіпті. Қыс әлі кетпеген, көктем әлі жетпеген. Наурыз екен. Анық емесі күн шыққанша туыппын ба, одан кейін бе? Егер Сиыр жылына жатқызсақ, онда келешекте сиыр табындарына қожа болып, өмірі тоқтықта өтеді, Барыста туса – ол да жаман болмас, оған кімнің жүрегі батып қарсы келер...".

Ғабең өмірбаяндық әңгімелерінің бірінде өзінде түркменнің қаны бар екенін жасырмай айтқан болатын. Енді мынадай деректерге тоқталайық. Ғабит Ашамайлы Керейден тарайды. Арадағы аталарын атап өтсек, Сибаннан Қортық... Одан Тоқпанбет, одан Бесбай тарайды. Түркмен – осы Бесбайдың бір баласының жеңгелері атап кеткен ат. Ол туралы Екпін Махмұтов кезінде былай деп түсіндіретін: "Осыдан екі ғасырдай бұрын кіші жүз бен түркмендер жерге таласып қалса керек. Ол кезде елдің бір шетіне жау тисе, қазақтар жинала кетіп қарсы тұрғанға ұқсайды.

Сол қақтығыста қазақтар жеңіп, түркмендердің біраз малын айдап әкеледі, сарбаздарын құлдыққа салады, қыздарын әйелдікке алады. Осы жорықтан Бесбайдың бір баласы түркменнің ару бір қызын ала келіп, үйленеді. Олардан туған баланың атын әкесі соғыстан аман келді деп Жоламан қояды. Жоламанға жеңгелері Түркмен деп ат қояды. Жоламаннан – Еламан, одан Әсіреп, Мүсіреп, Кенжетай туады.

Мүсірептен Кәжімбай, Ботпай туады. Кәжімбайдан Махмұт, Ақан, Мақан, Самат туған. Мақан – байдың жылқысын баққан адам. Сәбит Мұқановтың "Өмір мектебіндегі" жылқышы Мақан деген әңгімесі сол Мақан туралы жазылған. Мақанның Ілияс деген ер баласы болған. Ол ертеректе қайтыс болыпты. Менің үлкен ағам Сапи Мақанның үш қызының бірі – Әсимаға үйленген еді.

Махмұттан Хамит, Сәбит, Ғабит, Баязит, Гүлсім, Әшім туған. Ең үлкені – Хамит, соғыс жылдары колхоз басқармасының төрағасы, содан кейін көп жыл мұғалім болып істеді, сол кездегі ең жоғары награда – Ленин орденімен марапатталған. Екінші ұлы Сәбит "Жаңажол" колхозы ұйымдасқанда алғашқы бригадирі болса керек, ерте қайтыс болыпты. Үшінші ұлы Баязит Қостанайдағы облыстық "Коммунизм жолы" газетінде хат бөлімінің меңгерушісі, одан кейін тарихи-өлкетану мұражайының директоры болып қызмет атқарды.

Бес ер баланың ішіндегі жалғыз қыз Гүлсім Жанғожина келбетті, сөзге шешен, қазақтың ауыз әдебиетіне де, жазба әдебиетіне де зерек еді. Жас кезінде Мәскеудегі өнер училищесінде оқып, даңқты қолбасшы, генерал Панфиловтың зайыбынан дәріс алған. Денсаулығына байланысты туған жерге қайта оралып, оқытушылық білім алған. Бұрынғы Көкшетау облысындағы Қызылту ауданында мұғалім болып істеген жылдары даңқты жерлесіміз Ермек Серкебаевқа дәріс берген. "Қазақ ССР-інің халық ағарту ісінің үздігі" атағын алған, "Еңбек Қызыл Ту" орденінің иегері еді. Ақбалық жетіжылдық мектебінде бізге қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен сабақ берді.

Махмұттың кенжесі Әшім де сауатты адам еді. Қазақстанның астанасы Қызылордада болған жылдары кітап баспасында корректор болып істеген. Сәбит Мұқановтың "Жұмбақ жалауының" корректоры болған. Бірақ моншадан шыққаннан кейін суық тиіп, құлағы естімей қалған. Содан кейін туған ауылына оралып, ұста шебері болды. Темірден түйін түйетін шебер еді. Екеуара сөйлесіп тұрғанда емеурініңнен-ақ аңдайтын, болмаса қолымызға саусағымызбен жазғанды түсінетін.

– Әттең, денсаулығы келмеді ғой, әйтпесе менен де артық жазушы болар ма еді, қайтер еді, – дейтін Ғабең ол туралы.

Шынында да солай еді. Әлдебір шаруаларымен маған жиі хат жазатын. Оқып отырсаң, мәтіні ешбір түзетусіз-ақ газетке беруге жарайтын.

Ғабеңнің алғашқы екі әйелін көрген жоқпын. Екі әйелі дейтінім, Ғабит Мүсірепов орталығы қазіргі Жамбыл ауданының Майбалық ауылында орналасқан Төңкеріс ауданында әскери комиссар болып тұрғанда байдың қызы Қаншайымды алып қашады. Артынан Орынборда рабфакта оқып жүргенде татар қызы Құсни Яфороваға үйленеді. Сөйтіп, ауылға Қаншайымды төркініне апарып тастаңдар деп хат жазады. Құсни өте жақсы адам болған деседі.

Ал мен 1969 жылы Алматыға барып, Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түсіп, Ғабеңе сәлем берейін, танысайын деп үйіне барғанымда есікті қара сисадан шалбар киген төртінші

жеңгеміз Ғазиза ашты. Өзімнің кім екенімді таныстырғаннан кейін мені жұмыс бөлмесіне алып кірді. Қабырғалардың өн бойына төбеге дейін жасалған сөрелерде толған кітап. Солардың ішіндегі "Коран" деген кітап бірден көзіме шалынды. Ол кезде коммунист адамға Құран ұстау қылмысқа тең еді ғой. Таңғалдым.

Жазу үстелі терезенің дәл алдында екен. Күннің біраз уағына дейін жарық түсіп тұратын жер. Үстел үстіне қалың қатырма қағаз жайылыпты. Үстінде ұшталған қарындаштар, өшіргіштер жатыр. Шығармасын ақ қағазға емес, торкөзделген шағын беттерге араб қаріптерімен жазып отыр. Өзіне ұнамаған сөзді өшіріп, орнына басқасын жазады. Сондықтан жазулары маржандай әрі түзу түсуде.

Осы арада айта кетерлігі, Ғабеңнің араб қаріптерімен жаза білуі, өзінің өмірбаяндық әңгімесінде айтқанындай, 1908-1910 жылдары ауыл молдасынан оқыған себепті көрінеді. Содан кейін Қостанай облысындағы Обаған өзенінің бойындағы нағашы жұртына кеткен. Алғашында белгілі педагог Бекет Өтетілеуов сабақ берген "Екі сыныптық бастауыш училищесінде", содан кейін Пресногорьковтағы мектептерде орысша оқыған. Қазақ мектебінің партасында бір күн де отырмаған. Соған қарамастан латын ғаріптермен жазуды да жақсы меңгерген.

– Мына Ғазиза жеңгең арабша да, латынша да, кириллицаны да жақсы айырады әрі машинкаға тез басады. Маған арабша жазған ыңғайлы, – деді жайлап қана Ғабең.

Шылымды көп тартады екен. Мүштікті жайлап бұрап екіге бөліп, ішіне шылымға ұқсас ақ бірдемені салады да, қайта бұрап жалғайды. Сосын ұзынша келген жіңішке сигаретті мүштіктің ұшына енгізеді. Бұл да мен көрмеген сигарт. Содан кейін сіріңке жағып, тұтатады да, жайлап сора батайды. Шылым шекпейтін маған қызық сияқты. Таңдана қарап отырғанымды баяқап қалған Ғабең:

– Бұл сигаретті досым Америкадан жіберіп тұрады, ал ішіне салатыным никотинді өткізбейтін зат, – деді.

Үшінші жеңгеміз – Раиса Мұхамедиярованы кейініректе жоғары партия мектебіне курсқа барған бір жолы "Қазақфильм" студиясында кездестірдім. Онда әртістер орыс көркем фильмдерін қазақшалап жатыр екен. Ғабең онымен айырылысқанда үш бөлмелі пәтер алып берген екен. Бірде:

– Ғабе, жазушылардың қаламақысы көп қой, қыздарыңызға да біраз ақша беріп тұратын боларсыз? – деп сұрақ қойдым.

– Әрбір қызға айына жүз сомнан төлеп отыратын болдым, – деді сонда Ғабең.

Бұл сол кездегі орташа айлық жалақыға тең қаржы еді.

Шынын айтсам, Ғабеңе менің құдалығымның қажеті бола қойған жоқ. Бірінші танысып, едәуір отырып әңгімелескеннен-ақ екеуіміз тіл табысып кеттік. Университетке сессияға, жоғары партия мектебіне курстарға барған сайын, одан кейін де Алматыға жолым түсе қалса, Сәбең мен Ғабеңге соқпай, сәлем бермей оралған кезім жоқ. Ғабең туған жерге келгенде облыстық партия комитетінен мені жолсерік қылып сұрап алатын болды. Сондай-ақ телефон арқылы да хабарласып тұрдық. Сөйтіп, тағдыр маған ұлы адамдармен араласып тұру бақытын сыйлады.

МЕН БІЛЕТІН ҒАБЕҢ

Ғабең өзінің қай уақытта туғанын өмірбаяндық әңгімесінде былай деп жазады:

"Мен ескіше жыл басы деп есептелетін "Наурыз күні" киіз үйде туыппын. Қазақ даласының ең суық жағын жайлайтын біздің елдердің бірсыпырасы XX-ғасырдың бас кезінде де қыс айларын киіз үйде өткізеді екен.

Ол күні жер де сілкінбеген, күн түгіл ай да тұтылмаған, есте қаларлық боран да болмаған, ең аяғы қалжа сүйегіне иттер де таласа алмаған. Мәнсіз де үбірлі-шүбірлі бір қара үйде тағы бір бала туа салған да, басқа балаларының атына ұйқастыра ат берілген.

Әрине, ол күннен менің есімде қалған ешнәрсе жоқ. Болысым кім, патшам кім, пайғамбарым кім, табым кім, онда менің жұмысым болмауы керек. Кейін ондайды ұнатпаса да ол кезде тістеген мен шаққанға да енжар болған сияқтымын: жылауық болмаппын.

– Қайсар болушы ең, жыламайтын едің,– деп, шешем осы күнге дейін әр кезде айтып отырады".

Ғабеңнің қайсарлығын, жер сілкінсе де қозғала қоймайтын, дауысын көтере сөйлемей, жәйлап қана айтып санаңа жеткізер, қабақ шытпай-ақ ренішін білдіретін мінезін сапарлас сәттерімде, кездескен кездерімде көрген едім. Соған бірнеше мысал келтірейін.

Сөз зергері туған жерге әр сапарында жанына өзі жақсы көретін, шығармашылық өнерлеріне көңілі толатын ақын-жазушыларды, сазгерлерді, әншілерді ерте келетін. Сондай бір сапарында қазақтың белгілі ақыны Ғафу Қайырбеков пен аудармашы Алексей Белялиновты жолсерік етіпті. Өйткені әлі жазылып бітпеген "Ұлпан" романы кейіпкерлері өмір сүрген өңірді аудармашыға көрсету ойда болғанға ұқсайды.

Мал ұстаған ауылда, әсіресе ас-су жүрген жерде қара шыбын қаптап кетеді. Оның үстіне Ғабеңнің ат байлайтын інісі Әшімнің Жаңажолдағы шымнан салынған үйі қонақ күтуге онша бапты емес. Сондықтан үй алдына Көкшетаудан әдейі әкелінген жылжымалы дала қосы қойылған. Ішіндегі бөлмелері таза, жуынатын орыны бар. Түн ортасына дейін әңгіме-дүкен құрып отыратын қонақтар кейде күн арқан бойы көтерілгенше ұйықтап, дем алады. Сондай күндердің бірінде қос жанында Ғафу Қайырбеков, Мұталлап Қанғожин үшеуіміз жүр едік, осы ауылдың тумасы болса да алысырақ жерде мектеп директоры болып істеп жүрген Жасұлан Қадіров келіп Ғабеңді сұрады. Сол сәтте:

– Классик әлі ұйықтап жатыр, ал жарты классик ұйқылы-ояу, – деп бәрімізден бұрын жауап берді Ғафу ағамыз. Жарты классигі – Алексей Белялинов еді.

– Ғабеңді оятып жіберсең, Амандық, – деп өтініш білдірді Жасұлан Қадіров, – асығыс едік, үйге қайтып бара жатырмыз, сәлем бере кетейік.

Мен Ғабеңді ояттым. Ғабең Жасұлан ағаймен және оның шешесі Зейтінмен шүйіркелесе әңгімелесті. Олар "Интернационал" совхозына соғып, қонақ болып кетуін өтініп еді, Ғабең келісім бермеді. Сәлемшілер кеткеннен кейін Ғабең маған:

– Амандық, мен жақсы ұйықтап жатыр едім, сәлем бере келгендердің бәріне оята бермегенің дұрыс, – деп ақырын ғана ескертті. Осы сәтте Ғабеңнің басты кейіпкерлерінің бірі – Игілікке берген мінездемесі есіме түсті. "Қастары қиғаш-қиғаш біткен қара кісі паң да, тәкаппар да емес. Дауысын

көтере сөйлегенін, бір адамға суық жүз көрсетіп, қабақ шытқанын ешкім көрген де, естіген де емес. Ала көзін бір төңкеріп, қалың қабағын бір түйіп қалса, бұл маңайдағы елдер басына қара жамылғандай болар еді. Бірақ күш білгісін көрсетуді ол ұмытқан адам сияқты. Айбар барын өзі де жақсы білетін болғандықтан құдірет тізгінін қаңтарып ұстайды. Бұйырғаны – өтінгендей ғана, келісім айтқаны – бітім айтқандай ғана". Бұл Ғабеңнің дәл өзі емес пе? Ақырын болса да қатты батырып айтылған сөзден қорытынды шығардым.

Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттан оқыған жылдары емтихан тапсыру сессиясына, одан кейін Алматы жоғары партия мектебіне білім жетілдіру курстарына барып жүргенде Ғабеңе соғып сәлем беріп жүрдім. Бір барғанымда есікті қара сисадан тігілген шалбар киген жеңгеміз Ғазиза ашты. Амандық-саулықтан кейін Ғабең мені жұмыс бөлмесіне алып кірді. Мән-жайды, ауыл-аймақты байыппен ғана сұрап, сыздықтай сыр тартты. Шылымды көп тартады екен. Шылым шекпейтін маған ерсі көрінді. Мүштікті жәйлап бұрап екіге бөліп, ішіне ақ бірдеме салады. Содан кейін бұрап, жауып, ұшына біздің сол кездегі сигареттерден ұзыншалау әрі жіңішкелеу шылымды кигізеді. Содан кейін сіріңкемен тұтатып, жайлап қана сорады. Менің әрі шұқшия, әрі таңдана қарап отырғанымды байқап қалған болуы керек.

–Бұл сигаретті Америкадан досым жіберіп тұрады. Ал ішіне салатыным никотинді өткізбейді, – деді.

Жұмыс бөлмесі қанша кең болғанымен, қабырғаларға төбеге жеткізе орнатылған сөрелер, ондағы толған кітаптар тарылтып тұрғандай әсер етеді. Мен Құранның орысшасын осы сөрелерден алғаш рет көрдім. Жазу столы терезенің алдына қойылған. Нағыз күннің жарығы түсетін терезе. Стол үстіне жайылған қалың қатырма қағаз. Қарындаштар, резеңке өшіргіштер. Шығармасын ақ қағазға емес, дәптердікі сияқты торкөзделген беттерге жазып отыр. Әңгіме арасында бір сөзді резеңкемен өшіріп тастап, орнына басқасын жазды. Біз сияқты жолдың үстіне, не қабырғасына жаза бермейді.

– Мына, Ғазиза жеңгең арабша да, латынша да, қазіргі орыс ғарпымен жазғанды да жақсы айырады. Әрі тез басады. Маған арапша жазған жеңіл сияқты, – деді әңгіме арасында Ғабең.

Тағы бірде жолым түсіп Алматыға барғанда қалыптасқан дәстүрімді бұзбай Ғабеңе сәлем беріп шығуды ұйғардым. Сыртқа шығайын деп дайындалып жатыр екен.

– Әңгімемізді далада жалғастырайық. Мен шашымды қырықтыруға барғалы жатыр едім, – деді.

Сөйтті де бөлменің бұрышында тұрған тримоның алдына отыра кетті де бетіне опа жаға бастады. Содан кейін үстіне иісмай шашты. Асыққан жоқ. Кемінде 15-20 минут айналған шығар. Жайда теп-тегіс беті одан сайын тегістеліп, әжімдері көрінбей кетті. Мен бұрын осы тримо жәшігінің үстіндегі қаптаған опа мен иісмайды жеңгейдікі шығар деп ойлайтынмын. Ер адамның өзін осылай күткенін бірінші көргенім. Таң қалдым.

Сыртқа шығып, Ғабең тұратын үйден таяқ тастам жердегі Қазақстан Компартиясы орталық комитеті орналасқан ғимарат маңындағы гүлзарға барып, орындыққа отырып біраз әңгімелестік. Содан кейін Ғабең ақырын басып, ғимарат ішіне енді. Сөз зергерінің айтуынша, шашын үнемі осындағы шаштаразда қырықтыратын көрінеді.

Ғабең қызмет бабымен көп жүрген, көпті көрген тұлға еді ғой. Ол сондай-ақ Азия және Африка елдері жазушылары ынтымақтастығының мүшесі

ретінде Алматы мен Мәскеуде ғана емес, Париж, Рим, Джакарта, Токио, Каир, тағы басқа қалаларда өткен халықаралық конференцияларда сөз сөйлеп, күрделі мәселелерді көтерген ғой. Сол сапараларында Еуропаның ғана емес басқа да елдердің дәстүрлерін көрген, бойына сіңірген сыңайлы.

Бұлай дейтінім, Алматыға барған кезекті сапарымда пәтеріне телефон шалсам, Ғабең мен Ғазиза жеңгеміз тауда Министрлер Кеңесінің демалыс үйінде екен. Телефонын сұрап алып, Ғабеңмен хабарластым да, қай уақытта келетінімді айттым. Уағдаласқан уақытта барсам, Ғабең бірінші қабаттағы дәлізде тосып жүр екен. Екінші қабатқа көтерілдік. Бір бөлмеде жалғыз екен. Азғана әңгімеден кейін телефонды алып, қоңырау шала бастады.

– Ғазиза, шайың дайын ба, Амандық келді, – деді.

– Дайын, – деген жеңгеміздің сөзі де естіліп жатыр.

Басқа бір ғимаратқа баратын шығармыз деп ойлаймын. Олай болмады. Бір бөлмеден шықтық та, көрші бөлмеге ендік. Жеңгей жылы шырайлы қарсы алып, қою шайын, коньягын құйып жатыр. Біраз отырып, әңгімелесіп, қоштастым. Ерлі-зайыпты адамдардың демалыс үйінде бөлек бөлмелерде тұрып жатқанына таң қалдым.

Ғабит Махмұтұлы, сөзге сараң болғанымен, ойланып-толғанып, тоқ етерін түйіндеп бір-ақ айтушы еді. Сондай-ақ қалжыңға да кет әрі емес екендігін көрдім. Бірде ауылға партизан-жазушы Қасым Қайсеновті ерте келген. Қонақтарды Жаңажолда Ғабеңнің туған ағасы Хамиттың үлкен баласы Екпіннің ата-енесі Сералы мен Әсия да қарсы алып, өздері тұратын Суаткөлге қонаққа шақырған болатын. Ғабең Сергеевка қаласы маңындағы халық тың теңізі атап кеткен су қоймасын көрмек ойда екен. Бұл ауыл сол жолда болғаннан кейін келісімін берген. Сөйтіп, біз келесі күні су қоймасына барар жолда Суаткөлге ат үстінен соға кеткенбіз. Суаткөлге қайтып түнде оралдық. Есік алдында Қасым Қайсеновке бір келіншектің жабыспасы бар ма? "Бауырым, амансың ба, қандай қуаныштымын "аға" деп мойнына жармасты. Қасекең аң-таң.

–Аға, үйірінен адасқан қаз сияқтымын мен.

– Иә, сонда қалай?

– Менің елім – Найман. Әке-шешеден ерте жетім қалып балалар үйінде өстім. Дәм жазып осы жаққа тұрмысқа шықтым. Сізді естіген соң, әдейі іздеп келдім, – дей жөнелді әйел.

– Қасым, туысыңды таптың ба, қалай? – деп қояды байыппен Ғабең.

– Айналайын бері кел, жаныма отыршы – деп Қасекең келіншектің бетінен сүйіп, қасына отырғызып, тұрмысын, бала-шағасын сұрап жатыр. Жиналған жұртты күлкі буып барады.

– Қарашы әне,"қасқырды қанша асырасаң да орманға қарап ұлиды" деген осы, туысы келіп еді, бізді менсінбей кетті, – деп қояды біреулер. Осының бәрінің қалжың екенін Қасым Қасенов артынан ғана білді. Оны ұйымдастырып жүрген Ғабең. Суаткөлден Сергеевкаға аттанар кезде Қасекең үйден бірінші болып шығып кеткен. Осы кезде Ғабең ауыл адамдарына:

– Біз қайтып оралғанша бір өткір әйелді дайындап қойыңдар. Қасым – Шығыс Қазақстан облысынан, руы – Найман. Ол әйел сол жақтікімін деп Қасымға жабыссын, не қылар екен, көрейік. Бір күлкі болсын, – деп тапсырып кеткен. "Әзілің жарасса – атаңмен ойна" деген осы-ау, сірә.

Міне, мен білетін Ғабең осындай адам болатын.

ХАТТАР СЫРЫ

ЖАЗУШЫ КӨТЕРГЕН "ЖАҢАЖОЛ" ЕДІ...

Көзі тірісінде-ақ сөз зергері атанған даңқты жерлесіміз, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов артына өшпес қазына қалдырып кетті. Сол қазынаны, тағдырдың талай тәлкегіне түссе де, қас батырдай қайрат көрсете білген қаламгердің ғұмыр жолын зерттеу – әдебиет зерттеушілердің, тарихшылардың міндеті. Содан да болар, биыл Ғабит Мүсіреповтің туғанына 110 жыл толуы мерекесіне орай өткізілетін іс-шаралар шеңберінде Солтүстік Қазақстан облыстық мұрағаттар мен құжаттамалар басқармасы "Данадан қалған рухани дүние" атты жинақ басып шығарды.

Жинаққа академик-жазушының әр жылдарда жазған хаттары, ойлары мен нақыл сөздері енгізілген. Солардың ішіндегі бір хатты жазушының туған жері – Жамбыл ауданындағы Жаңажол ауылында ашылған мұражайға мен тапсырып едім. Хатты Ғабең 1975 жылы 28 ақпанда ауылда тұратын інісі Әшім Махмұтұлына жазған болатын. Хат төте жазу, яғни араб қаріптерімен жазылған.

Ғабең актриса Раиса Мұхамедияровадан айрылысып, екі қызы мен өзіне, яғни үшеуіне Алматыдан үш бөлмелі үй алып бергеннен кейін сол кездегі тәжірибелі машинистка Ғазизаға үйленген. Шығармаларын торкөз қағазға қара қарындашпен жазып, ұнамаған сөз болса бірден өшіргішпен өшіріп тастап, орнына басқасын жазатын. Ғазиза жеңгеміз араб қаріптерімен жазылған мәтінді машинкамен бірден кириллицаға ауыстырып басатын.

Бұл хатты кезінде Әшім өзі оқып, "жоғалып кетпесін, сенде болсын" деп маған берген еді. Хатты өз мұрағатымда сақтап жүретінмін. Ғабең 1985 жылы бақилық болды. Көзі тірісінде бір рет те мерейтой өткізгенін көрген де, естіген де емеспін. Тек 1992 жылы бүкіл еліміз бойынша жазушының 90 жылдығы дүбірлене тойланды, одан кейін жүз жылдығы мерекеленді. Ауылда ашылған мұражайға осы хатты тапсырмақ оймен мәтінін арабшадан кириллицаға аудару қажет болды.

Хат араб қарпімен жазылғандықтан, ешбір қиындықсыз аударып берер деген оймен "Қызылжар" орталық мешітіне бардым. Ондағылар хатты олай оқып, былай оқып айыра алмады. Сөйтіп, дал болып жүргенімде, өзімнің әріптесім, мен 1966 жылы "Ленин туы" газетіне әдеби қызметкер болып орналасқанда ауыл шаруашылығы бөлімін басқарған, қазақша да, орысша да еркін жаза, сөйлей білетін Дүйсенбі Әуелбеков есіме түсті. Өйткені, оның бірде төте жазумен жазылған хатты оқып отырғанын көріп едім. Хатты қиналмастан-ақ аударып берді. Хаттың мәтіні мынандай:

"Әшім!

Амандық-саулықта боларсыздар. Бізде де солай, түгел аман-саумыз.

Бұл жолы сол маңайдағы бес-алты ауыл үшін үлкен қуаныш келе жатқанын хабарлап отырмын: Сәбит, Жаңажол, Октябрь, Қарақамыс, Жалтырша – бәрін қосып бір жаңа совхоз құрылатын болды. Егін салатын, қара мал өсіретін совхоз құрылады. Қапар бар, Қанатбек бар, тағы басқалармен ақылдасып, Қонаев жолдастың атына хат жазып едім, кеше қабылдап, қолма-қол шешіп берді. Қазір ауыл шаруашылық министрі мен Солтүстік Қазақстан обкомының бірінші хатшысы Демиденкоға телефон соғып, іске кірісіңдер, тез бітіріңдер деп тапсырма берді. Енді Жаңажол

совхоз орталығы болар. Мектеп-интернат салынар. Құрылыс жалпы күшейер, әр жерге бытырап кеткен адамдарың қайта жиналар. Тек егін салатын, мал өсіретін сияқты жұмыстарыңа Құдай береке берсін! Ең алдымен, сол төрт-бес ауылдың адамдарына ұйымшылдық, еңбексүйгіштік берсін! Маған Уәли бастаған он шақты қарттар ел азды, жұрт тозды деп хат жазған еді. Мәселе осылай күрделі түрде шешілетін болды. Шалдарға айтарсың...

Үй ішіне түгел сәлем. Сұрағандарға сондай көп-көп сәлем!

Ғ. М.

28 ақпан 1975 жыл".

Бұл хаттың сыры былай еді. Осы ауылдың тарихы жөнінде Сәбит Мұқанов өзінің "Саяхаттар" деп аталатын кітабында былай деп жазады: "... жерге ие болған кедейлер бұл маңайда бірінші болып, 1926 жылы артель ұйымдастырды. Артельдің іргесін қалаған Бейсек Тәпелов, Исахмет Мырзаханов, Райысқали Сүлейменов, Ұл Бекішев, Исахмет Бейсенов, Сағит Жоланов сияқты қарттар... Рамазан, Бейсек, екі Исахмет, Бейсенбі және тағы соларға ерген кедейлер ауылда ашылған сауатсыздықты жою мектебінен хат таныды... Алғаш "Мойынқос" аталған сегіз үйлі артель өкіметтен он гектарлық жерге тұқым салды, соқа-сайман алды, сөйтіп сепкен егініміз жақсы шығып, астыққа молықтық та қалдық. Артельден тысқары астықсыз отырған кедейлердің көзі енді қызыға бастады, біртіндеп артельге тартыла бастады...".

Сегіз үйлі артельге біртіндеп кедейлер қосыла бастаған. Ақыры, яғни 1929 жылы артель іріленіп, колхоз құрылған. Осы кезде ауылға ат қою мәселесі туындаған. Әркім әртүрлі ат ұсынған. Ақыры шалдар Қызылордаға, Ғабит Махмұтұлына хат жазуды ұйғарған.

– Біз енді жаңа жолға түсіп отырмыз ғой, ауылдың атын Жаңажол қойғандарыңыз дұрыс болар деген хат алдық. Сөйтіп, ауылымыз Жаңажол атанып кетті, – деп еске алушы еді осы төңірекке сыйлы ақсақалдардың бірі, марқұм Бейсек Тәпелов.

Міне, сол кезден бері ауыл талай қиын кезеңдерді де, халықтың бақытты тұрмыс құрған шағын да бастан кешірді. Заман ағымына орай "ортақ өгізден оңаша бұзауым артық" дегендей, жеке колхоз да, іріленген шаруашылықтың орталығы да болды, Бір қызығы, Қарақамыс ауылы осы төңіректегі Ақбалықтан, Жалтыршадан, Октябрьден, Нұрымбеттен ертерек колхоздасқан сияқты. Өйткені, бұл ауылдардың бәрі кезінде Қарақамыс ауылдық кеңесіне қарады. Қарақамыстағы ағаш мектеп пен кітапхана бертін келе Жаңажолға апарып салынды. Жалтыршадағы пошта үйі де 1939 жылы Жаңажолға көшірілген. Осы жылы Қарақамыс ауылдық кеңесінің кеңсесі де осында ауыстырылған. Оның төрағасы Имақ Тоқпанов болған. Сол кездері ол облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетіне мақала жазып тұрса керек. Артынан осы газеттің тілшісі, Қызыл ту (қазіргі Уәлиханов) аудандық газетінің редакторы болып істеген.

Өткен ғасырдың 50-ші жылы осы төңіректегі Октябрь, Сәбит, Жалтырша, Жаңажол колхоздары біріктіріліп Сәбит Мұқанов колхозы құрылады. Ал тың және тыңайған жерлерді игеру науқаны басталған шақта, яғни 1957 жылы "Озерный" совхозы ұйымдастырылып, аталған ауылдар оның бөлімшелеріне айналды. Оларға: Қарақамыс, Ақбалық, Нұрымбет ауылдары тағы қосылды. Совхоздың көлемі өте ірі болғандықтан, одан орталығы Святодуховкаға орналасқан Сәбит Мұқанов және Троебратное мал бордақылау совхоздары

бөлініп шықты. Осы тұста Жаңажол ауылы Сәбит Мұқанов совхозының бөлімшесі болып ауысты.

Осындай ауыс-түйіс ауылдың экономикалық-әлеуметтік жағдайына теріс әсер етті. Ауылдағы клуб пен кітапхана шымнан салынған үйде орналасқан еді. Қарақамыстан көшіріліп, қайта салынған мектеп ғимаратының қарағайлары шіри бастаған. Емхана, байланыс бөлімшесі, монша, диірмен жабылып қалған. Тұрғын үй салынбайтын. Қоғамдық мал басы азайғандықтан, астық өңдеп, кептіретін қырманның болмауынан жұмыссыздық белең алып, ауыл жастары екі қолға бір күрек таба алмай, қиналған шақ еді бұл.

"Құланның қасуына – мылтықтың басуы" дегендей, жағдайы осындай болып тұрған шақта Ғабит Мүсіреповтің туған ауылына келе қалуы, әсіресе, ақсақалдарды ерекше қуанышқа бөледі. Кіндік қаны тамған, балалық шағы – бал шағында асыр салып ойнаған, қазір туыстары тұратын ауылдың құлазып тұрғанын Ғабең бірден сезген-ақ болар. Өйткені, бұл жолы ауылда Алматыдан ат терлетіп келген жазушыларды қондыратын сәулетті бірде-бір үй болмағандықтан, сонау Көкшетау жақтан арнайы әкелінген жылжымалы дала қосы інісі Әшімнің лашығының алдына қойылған еді. Бірақ нені болсын көзбен көрсе де, пікірін ішінде сақтайтын Ғабең тіс жарып ештеңе дей қоймаған.

Жерлестерімен, ағайын-туғандарымен, құда-жекжаттарымен, мектепте бірге оқыған достарымен қауышып, арнайы жайылған дастарқаннан дәм татып, түннің ортасына дейін әңгіме-дүкен құрып, аздап дем алған қонақтар жатар орыннан тұрғаннан кейін Әшімнің үйіне ауыл ақсақалдары тағы жиналды. Сөйтіп, Ғабеңді ортаға алды, көптен өздерін толғандырып жүрген мәселені қозғады. Мәселе – ауыл тағдыры, болашақ ұрпақ тағдыры.

– Сендердің айтып отырғандарыңның бәрі дұрыс. Менің Димаш Қонаевқа сөзімнің өтетінін де айтып отырсыңдар. Бірақ менің туған ауылым осындай жағдайда екен, қол ұшын бере көр деп оған баруым жөн бола қояр ма екен?: Одан да сендер маған ауылдың жағдайын жан-жақты түсіндіріп хат жазыңдар. Содан кейін ойланып көрейін, – деді Ғабең ақсақалдарға.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні осы болды. Іле ауылдың Уәли Рамазанов бастаған ақсақалдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутатына, әрі жерлестеріне, әрі қоғам қайраткеріне өз наздарын хат арқылы жеткізді. Солардың ішінде жасы тоқсаннан асқан Бейсек Тәпелов, сондай-ақ Нұрқан Жуанышбаев, Көшеш Кәрімов, Қабдолла Сұлтанғазин, Тастан Сағынаев, Сағит Ысқақов, Мұқали Дүйсенов, Қапез Қабөров, Кәмел Құрманкин, Қаби Төлеев, Жұрымби Мусин, тағы басқа ақсақалдар бар еді.

Ғабеңнің інісі Әшімге жазған сүйінші хаты ауылға 1975 жылғы наурыз айында келіп жеткенімен, совхоз бірден ашыла қойған жоқ. Әрине, жаңа шаруашылық құру оңай шаруа болмаса керек. Оның құжаттары ауданнан бастап, облысты басып, республикалық құрылымдарға жеткенше біраз уақыт өтетін болар. Бұл жолы да солай болды.

Сол жылы мен Алматыға жоғары партия мектебіне бір айлық білім жетілдіру курсына бардым. Сонау 1969 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түскеннен кейін мекенжайын тауып алып, сәлем беріп – танысудан басталған дәстүрім бойынша бұл жолы да Ғабеңнің үйіне бардым. Амандық-саулықтан кейін Ғабең ауыл жағдайын сұрады. Мен әлі ондай қозғалыстың жоқтығын айттым.

– Совхоздың ашылуы анық. Енді оған директорлыққа лайық кім бар? –

деп сұрады Ғабең.

Осы кезде мені не түрткенін кім білсін, өзіне бас салдым:

– Анау, кезінде мәдениет министрі, Қазақ мемлекеттік телерадио комитетін басқарған Кенжеболат Шалабаев Өрнектің бүкіл жастарын оқытты. Бір ауылдан жоғары білімді қаншама жастар, журналистер шықты?! Ал біздің ауылдардың бірде-бірінен жоғары білімді маман таба алмайсың, – деп бір-ақ қайырдым.

– Анау Қапар қалай болады?

– Мен білетін Қапар болса, келмейді. Қазіргі қызметі тынышты, беделді. Басын қатырып қайтеді?! – дедім.

Ғабеңнің Әшімге жазған хатындағы Қапары сол. Жаңажол және сол төңіректегі ауылдар Қостанай облысына қарап тұрған кездері (1963 жылға дейін) осы өңірдің мамандары сол жақта қызметке орналасып қалған болатын. Жаңажол ауылының тумасы Қапар Тоқбаев бірнеше совхозда директор болды, соңғы кезде Ленин (қазіргі Ұзынкөл) ауданында еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің төрағасы еді. Әрине, ондай жайлы қызметтен күні-түні тыным таппайтын жұмысқа кім келеді? Менің айтқаным дұрыс болып шықты.

Ал хатта көрсетілген екінші адам – Қанатбек кім? Ол Жаңажолдан он шақырымдай жердегі Октябрь (қазір тарап кетті) ауылының тумасы Қанатбек Базарбаев. Азан шақырып қойған аты – Қошқарбай. Бертін келе есімін осылай өзгерткен. Ғабеңе бір жағынан жиен, екінші жағынан құда – оның інісі Жантас Ғабеңнің туған ағасы Хамиттың қызы – Сараға үйленген. Қанатбек Алматыда кеңес өкіметі тұсында еңбек ресурстары басқармасын басқарды.

Ғабең мақтана сөйлеуді білмейтін, өзін мақтағанды да бәз біреулер сияқты кеудесін кере, көкірегін көтере тыңдамайтын. Сондықтан да болар, жоғарыда айтқанымдай, дүрілдете мерейтой өткізу дегенді білмейтін. Басқа біреу болса жаңа ашылғалы жатқан совхозға өз атын бергізуге ұмтылып та қалар еді-ау. Бірақ Ғабең оған бармады. Керісінше, өз шығармасының басты кейіпкері Ұлпанның атын бергізгісі келді.

Әдетте Ғабеңе мен телефон соғып тұратынмын. Бір күні жұмыс аяғына таман телефон шылдыр ете түсті. Тұтқаны көтерсем, Ғабеңнің даусы.

– Амандық, амансың ба? – деді жайлап. – Ауыл жаққа бардың ба?

– Жоқ, едәуір болды бармағалы, – деп абдырап қалдым.

– Сен облыс басшыларына совхоздың атын "Ұлпан" қою жөнінде айтсаң қайтеді?

Бұл "Ұлпан" романы жарық көріп, баспасөз беттерінде осы тарихи шығарманы қызу талдау жүріп жатқан кез болатын.

– Ғабе-ау, біріншіден – облыс басшылары менің айтқанымды тыңдай қоймас, екіншіден – "Ұлпан" атын беруге келісе қояр ма екен?.. – дедім.

Ойымды әрі қарай жалғастыра алмадым. Түбінде бұл совхозға Сіздің атыңызды беру ойымызда бар деп айтуға дәтім бармады. Әңгіме қысқа қайырылды.

Ақыры совхоз ашылды. Оған Октябрь, Жалтырша, Жаңажол ауылдары қарады. Совхоз "Жаңажол" деп аталды. Директорлыққа сол кезде Жамбыл аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары қызметін атқарып жүрген Жолмағанбет Әйкенов тағайындалды. Ауқымды құрылыс жұмыстары басталып кетті. Бір жағынан Ғабит Мүсірепов республика құрылыс министрлігі арқылы құрылыс материалдарын жібертіп тұрса, екінші жағынан – директор да қарап жатпады, сонау Түмен облысының ну ормандарынан

қарағай тасытып, тіліп, құрылыс материалдарын жасатты. Ауылда жаңа көшелер пайда болды. Мәдени-әлеуметтік нысандар бой көтерді. Көшелер асфальтталды. Мал қоралары, механикаландырылған қырман, жанар-жағармай стансасы, машина-трактор шеберханасы, кеңсе, дүкен, қонақүй салынды. Ал Ғабеңнің 90 жылдық тойына орай осызаманғы Мәдениет үйі, мұражай, емхана бой көтерді, жазушы мүсіні ашылды.

Жаңа ашылған шаруашылықтың алғашқы қадамдарын оқырман қауымға жеткізу мақсатымен "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газеті редакторының орынбасары Рәшид Бәдірленов екеуміз Жаңажолға бардық. Таңертең ертемен өткізілетін лездемеге қатыстық, құрылыс алаңдарында болдық, Ғабеңе хат жазған ақсақалдармен, ауыл адамдарымен, осында қызметке келген жас мамандармен кездестік. Бәрінің сол кездегі қуанышында, жарқын болашақтарына деген сенімдерінде шек жоқ еді. Бұрын көшіп кеткендер ауылға қайта оралып жатса, басқа жақтан келушілер де көп болатын. Өйткені, осында бәріне жұмыс беріліп, жаңа үйлердің кілттері табыс етілетін. Бұрынғы азып-тоза бастаған ауыл емес, құрылысы өркендеген, тұрғындарының еңсесі көтерілген жаңа Жаңажол еді бұл.

ҰСТАЗ БЕН ШӘКІРТ

Солтүстік Қазақстан облысының мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының сөз зергері Ғабит Мүсіреповтің туғанына 110 жыл толуына орай басып шығарған "Данадан қалған рухани дүние" деп аталатын жинақта мен тарихын жақсы білетін тағы бір хат бар. Онда былай делінген.

"Рая, Ғабит!

Сәлем бердім. Осы Қызылжардан жазып отырмын. Гүлсімнің жайын 12.04 күні, Рая сізге телефон арқылы айттым ғой. Одан кейін тағы да қатты ауырлап, редакцияның қызметкерлері арқылы маған хабарландар, келсін дегесін, кеше 14 апрель күні Қостанайдан ертемен шығып, түнгі 12-де Қызылжарға келіп жеттім. (Поездбен).

Түске дейін бас дәрігермен сөйлестім, түстен кейін сағат 4-те Гүлсімнің өзіне кіріп шықтым.

Бас дәрігердің айтуынша, ол болған сол белгілі ауру дейді. 10 күн дайындық жасап, 11-күні наркозды қолданып операция жасапты. Бір сағат 5 минутта бітті дейді дәрігер. Содан кейін оянып ты. Сол жағын мүлдем сылып тастаған. Қансыраған, басқалардан қан құйылды. Көп укол қолданылған. Алғашқы 3 күнде қатты қиналыпты. Дәрігер айтады "қан қысымы жоғары" дейді. 170-ке дейін барыпты. Бұл әлі басылмаған күнде кешке сағат 7-8 кезінде қысылып t0 (температура) көтеріледі екен. Бүгін таңертең кішкене тәуірлеу сияқты, мен келгенге қуанып қалды. Елден келетін ешкім жоқ. Оның үстіне жалғыз келген. Операцияда олай-бұлай болып кетсе, оның кім екенін де ешкім білетін емес. Жұртқа күлкі болып шығар едік, "жалғыз қарындасын жапанда жалғыз өлтірді" – деп. Әйтеуір әзірге аман қалған. Көп жылады, Хамитке ренжиді, жаныма біреуді қоспады деп. Кінә Гүлсімнің өзінде де көп, ауруын жасырып келген, Қызылжарға не үшін баратынын да айтпаған. Біз де еш нәрсе білгеніміз жоқ. Қызылжардың газетінің таныс қызметкерлері Қостанайға телефон арқылы хабарлағанда бір-ақ білдік.

Мен мұнда 2-3 күн болып, кейін қайтам. Бас дәрігермен тағы сөйлесем.

Рая! Гүлсім сізден мынаны сұрады: кеткен қанды толтыру үшін алма, мандарин, виноград сияқты заттарды жеу керек көрінеді. Бұлардың бірде-бірі бұл жақтағы қалалардан табылмайды. Осыны ұйымдастырып, мына адреске салуды қатты айтты. Сұрады.

г. Петропавловск, ул. Красноармейская, №1 (редакция газеты "Ленин туы") Жантемирову Амандық, осы бала біздің елдікі, редакцияда істейтін көрінеді. Гүлсімнің документтері, ақшалары (сберкасса) сол баланың қолында екен.

Газеттің редакторы Меңдіғожин Құрмантай т-ф.: 29-31, секретары Маутенбаев Амиржан 27-56.

Гүлсім жатқан больницаның адресі. г. Петропавловск, Молодежный поселок, ул. Джамбула №31.

Онкологическая больница.

Ғабит! Гүлсім саған да келіп кетсін дейді. Өлсем, келмей-ақ қойсын дейді.

Сәлеммен, Баязит".

Хатты жазып отырған Ғабит Мүсіреповтің ағасы Баязит Махмұтов. Бұл Ғабеңнің актриса Рая Мұхамедияровамен бірге тұрып жатқан кезі болатын. Баязит Махмұтұлына келер болсақ, ол барлық саналы ғұмырын Қостанай облысында өткізді. Өйткені, оның балалық, тіпті, есейген шағында, яғни 1963 жылға дейін кіндік қаны тамған Жаңажол және сол төңіректегі басқа да қазақ ауылдары Қостанай облысына қараған болатын. Машина-трактор стансасы саяси бөлімінің бастығы (партком хатшысы), Меңдіғара аудандық атқару комитетінің төрағасы, облыстық "Коммунизм жолы" газеті редакциясының еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс бөлімінің меңгерушісі, облыстық тарихи-өлкетану мұражайының директоры қызметтерін атқарды, Ұлы Отан соғысына қатысқан.

Ал хатта жазылған Гүлсім – Ғабеңнің қарындасы. Менің естуімше, тұрмысқа шығып, айрылысып кеткен. Сондықтан аты-жөні Гүлсім Махмұтқызы Жанғожина болатын. Мен Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарасты Ақбалық (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданы) жетіжылдық мектебінде оқыған жылдары қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді.

Гүлсім апай мені әрі құда болғаным, әрі жақсы оқығаным үшін іштартатын. Тіпті, оның қызы – Ботагөз де мені жақын тартып, сабақ арасындағы үзілістерде жеп жүрген прянигінен қолыма ұстатып кететін. Ол кезде мұндай тәтті тағамды екінің бірі сатып ала алмайды. Қызына Сәбит Мұқановтың аты әлемге әйгілі романындағы басты кейіпкердің есімін қойса керек.

Ғабеңнің арғы атасы Мүсіреп тен – Кәжімбай, Ботпай туады. Кәжімбайдан – Махмұт, Ақан, Мақан, Самат тарайды. Осыған қарағанда Ғабең Кәжімбаев болуы керек. Бірақ жастайынан нағашыларының қолында тәрбиеленіп, оқығандықтан болар, ұлы атасының атынан жазылып кеткен. "Менің атам, Кәжімбай Мүсіреп баласы, бес уақыт намазды қалдырмай оқиды... Мен молладан үш жыл оқығаннан кейін атамның оқитын дұғаларын тексерсем, бір дұға білмейді екен... Жығылу-тұрудың бес уақыт намазда қанша екенін біледі, неше рет қол жайып, иек сипауды да түгел біледі, бірақ бір дұға түгіл, бірауыз арабша сөз білмейді... Ол Құдайға шын жалынып жүр, күнделікті қандай күнә жасап алғанын мойнына алып, енді кешірім сұрайды", – деп жазыпты Ғабең өзінің күнделігінде.

Кәжімбайдың үшінші баласы – Мақанның қызы Әсимаға менің үлкен ағам Сапи үйленген. Олардың балалары мен немерелері Қостанай облысының Рудный қаласында, Көкшетауда тұрады. Ол бір жоқшылық заман ғой. Құда түсіп, қыз ұзатуға шама болмағасын, қызды алып қашуға келіскен. Басқарманың ат-арбасын сұрап алып, бір түнде алып қашып келді жеңгемді.

– Әсиманы алып қашыпты деп естігесін, ертеңіне Мақан ағайдың үйіне келіп, қуып барайық, мұнысы несі дестік. Сонда Рәзия апай: үндемеңдер, жақсы жерге құда болдық, – деп бізді тоқтатты деп еске алады Астанада тұратын туыстары Әмір Мүсірепов.

Мақан – кезінде байдың малын баққан жылқышы. Жетім қалған Сәбит Мұқановты өзінің қарамағына бақыршы бала етіп алған. Ол туралы Сәбең "Өмір мектебінде" былай деп жазады: "... Жылқыны... сүйетін Мақан баққаным байдікі екен деп ешуақытта малға қырын қарамайды. Тұртайға кейде ренжи жүре, "ол иттің қылығына мал айыпты деймісің" деп байдың жылқысына жаны өз малынан кем ашымайды. Қай уақытта ұйықтап, қай уақытта қоятынын кім білсін, ат үстінен ол сирек түседі. Соншалық сақ бағудың арқасында, анда-санда қапысын таппаса, бір тайды да қасқырға тарттырмайды. Егер тарта қалса, кісі өлгендей уайымдайды. Суықта өсіп, еті үйреніп кеткендіктен бе немесе жылқының еті мен сорпасы расында қуатты ма, Мақан қандай суық болса да қалың кимейді"...

Міне, осы Мақан арқылы біз құдандалымыз. Сондықтан ба, әлде елгезектігімді, өзім пәтерде тұратын нағашы апам Бөкес үйінің бар шаруасын дөңгелете істейтіндігімді көргендіктен бе, әйтеуір Гүлсім апай мені анда-санда шақырып, отынын жарғызып, шөбін үйгізіп алады. Басқа да ұсақ-түйек шаруаларына қолғабыс беремін.

Солай барып жүргенде шымнан салынған үйдің төрінде сол кезде қазақтың әнші қыз-келіншектері киетін оюланған төсқамзол, үкілі бөрік, соларды киіп түскен суреті ілулі тұратын. Бұл киімдердің қайдан келгенін сұрағанымда қыз кезінде өнер қуғанын, тіпті, Мәскеуде өнер училищесінде оқып, Ұлы Отан соғысында полк басқарған даңқты генерал Панфиловтың зайыбынан дәріс алғанын мақтанышпен айтушы еді. Бірақ училищені бітіре алмаған. Денсаулығына байланысты туған жерге оралуға тура келген.

Гүлсім апай, сөйтіп бұрынғы Көкшетау облысындағы Қызылту ауданында, Қызылжарда, содан кейін қазіргі Жамбыл ауданының Ақбалық, Жаңажол мектептерінде еңбек еткен. Көп жылғы жемісті еңбегі үшін "Еңбек Қызыл Ту" орденімен марапатталған. Халық әртісі, жерлесіміз Ермек Серкебаевқа дәріс бергенін мақтанышпен айтып отырушы еді.

Осы күндері теледидардан әйгілі әнші Бибігүл Төлегенованы көргенде, ұстазым Гүлсім апай көз алдыма елестейді. Кескін-кейпі де, жүріс-тұрысы да, сөйлеу мәнері де ұқсас. Сабақ бергенде оқушыларды ұйытып тастаушы еді. Әсіресе, туған ағасы Ғабит Мүсіреповтің шығармалары жөнінде айтқанда ерекше күй кешетін. Солардың ішінде Ғабеңнің жазушылық жолындағы алғашқы әңгімелерінің бірі – "Қос шалқар", төрт үй түркмен қоныстанған Елтінжал баурайы туралы әңгіме қозғалғанда туған ауылым Қарақамыстан небары 20-25-ақ шақырымдағы осы көлдер мен ормандарды көруге ынтығатын едім.

Ғабең "Қос шалқарында": "... Батыс жағын қапталдай өскен қалың жал, көкжиекті көміп, кең жазылған кереге тәрізденіп иіліп екі көлге тіреле тоқтаған. "Қос шалқар" қос босағаға орнатқан күміс бағана тәрізді екі көл. Кешкі тымыққа тынып, жадырап жатқан су ақырын ғана жағасына соғып дірілдейді.

Ышқынбайды, тітіркенбейді...", деп суреттеген осы қос көлді. Алдын орай айта кетейін, Ғабең туған жерге келген әр сапарында "Қос шалқарына" арқау болған көлдердің бірі – Құдайқұлға" барып, айдынына бір шомылмай кетпеуші еді. Өйткені, жазушы ауылына әрдайым жазда, егін сеуіп бітіп, әлі шөпке орақ түспей тұрған аралықта, нағыз күн қызып, суға шомылатын, алты ай қыстың қыспағынан босап, бой жазған шақта келетін.

Шөп демекші, басқа көлдердің, орман-тоғайлардың баурайлары мен қойнауларын айтпағанда, осы Құдайқұл мен Қарағайлы көлдерінің айналасында өскен шөп пен бәшке құрақ Жаңажолдың түгел малына жететін еді-ау, шіркін! Бәлкім, "Қос шалқарда" жазушы баяндағандай, байдың малына шөп шабатын жүздікшілерді әкелсе ғой, осы араға. Өкінішке қарай, шөп шаппақ түгілі, ауылдан қазір бір қолшалғы таба алар ма екенсің?! Тепсе темір үзетін жігіттердің өзі шөпті шапқаннан да, сатып алғанды жеңіл санайды. Енді "шөп қымбат" деген сылтаумен ауылдарда мал басы азайған сайын азайып барады. Соның салдарынан осы төңіректегі ауылдар сияқты, Жаңажолдың тұрғындары да басқа жаққа көше бастаған.

Бұл маңайда осындай көлдер көп. Бай жылқысын суарарда суға сырық шаншып қояды екен. Жылқысының түгел, түгел еместігін судың деңгейінің қаншалықты түскенінен білетін көрінеді. Қазір осы көлдерге баратын мал да, шөбін шабатын адамдар да жоқ. Сондықтан Ғабең неше келсе де белуардан келетін шөп арқылы өтіп барып, көлдің айдынына түсетін. Кейде шақырған жерге баратын болғандықтан, көлге су жылымай-ақ түсіп алуға тура келеді. Судың суықтығына Ғабең тітіркенбейді.

Бұл араны Ғабең өзінің "Ұлпан" романында былай суреттейді: "...Қардың суымен тез өсіп кететін көңді жердің бидайығы бас жарып, үлпілдегі шашақтана бастапты. Одан әрі, жарқырап жатқан көлге дейін, қара топырақты жерге шығатын мың түрлі асыл шөптер гүл атып, қызылды-жасылды шұбартып жатыр. Қыр жоңышқасының сарғыш, жасыл көк гүлдері де қою көрінеді... Балғын көктем бар ажары мен мырзалығын төге салыпты...

Ұлпан пәуескеден түсе сала, көзін жұмып, мұрнын дала иісіне тосып, бір-екі рет кеудесін кере демін алды да:

– Жұмақ қой мына жер! – деді..."

Қазақ ауылдарында көшелерге ат қойыла бермейді. Сырттан келгендер біреудің үйін сұрай қалса, ана жақта деп иегінің астымен көрсетіп түсіндіреді. Гүлсім апайдың қарағайдан салынған үйі орта көшеде болатын. Өйткені, ол бұрынғы пошта бөлімшесі орналасқан үй еді. Пошта жабылғанда сатып алған. Ауылдағы басқа үйлердің бәрі шымнан салынған-ды. Ауыл жаққа барған сайын Гүлсім апайға соғып, саулығын сұрап, дастарқанынан дәм татып кетуші едім. Үйдің төрінде баяғы төсқамзол, үкілі бөрік, соларды киіп түскен суреті және мен Озерный орта мектебінде оқып жүргенде Ғабит Мүсіреповтің туғанына 60 жыл толуына орай жазушыға сыйға тартуға арнайы салған портрет ілулі тұратын. Ботагөзі тұрмысқа шығып, Гүлсім апай ер балалы болған. Сөйтіп, кішкентай Алтаймен екеуі бірге тұрып жатқан еді.

Бұл 1967 жылдың сәуір айының басы болатын. Редакцияға мені іздеп Гүлсім апай келді. Көңіл-кейпі бұрынғыдай емес, амандық-саулықтан кейін аудандық ауруханаңың қатерлі ісік диспансеріне жолдама бергенін айтты. Бұл кезде редакция қазіргі облыстық аурухана қалашығының ауласындағы екі қабатты кірпіш үйде орналасқан болатын, ал мен жауапты хатшының орынбасары қызметінде едім. Жауапты хатшы Әміржан Мәутенбаевқа мән-жайды түсіндіріп, бірер сағатқа сұрандым. Сөйтіп, хатта көрсетілгендей,

Қызылжардың Жастар ықшамауданындағы Жамбыл көшесінің 31-үйінде, барак үлгісіндегі салынған ғимаратқа орналасқан диспансерге келдік. Дәрігердің қабылдауында болып едік, бірден "Осында жатасың, ота жасаймыз" деді.

Сол күннен бастап, бір айға жуық уақыт, жұмыстан қолым босай қалса, Гүлсім апайға азық-түлік апарумен болдым. Ота жасаған күні сонда дәлізде отырып тостым. Ұзаққа созылды, ота жасап шыққан хирург "Ота жақсы өтті, наркоздан есін жинады, бәрі дұрыс болады" дегесін ғана редакцияға қайтып оралдым. Топырағы торқа болғыр, сол кезде диспансерде үй күтуші болып істейтін бір қазақ әйелі (аты-жөнін ұмыттым) үйден ыстық тамақ пісіріп әкеліп тұрды.

Ота сәтті жасалып, есін жиып, өзіне-өзі келгесін Гүлсім апай редакцияға хат жазыпты. Онда былай делінген: "Қымбатты "Ленин туы" газетінде қызмет істейтін достарым! Өмір мен өлім айқасында жатқанымда көрсеткен қамқорлықтарыңызға қандай қайраткер, асыл сөздің шебері де алғыс айтар ең қымбат сөзін таба алмайтын сияқты. Менің қиналып отырғаным – сол. Сондықтан аналық, оқытушылық, коммунистік шын жүрегімнен алғысымды айтуға рұқсат етіңіздер! Оқытушы мен оқушы достығының қандай болатынын үлкен айқастың куәсі болған Жантеміров Амандық көрсете білді. Мұндай оқушыларым көп бола берсе екен!

Жалынды сәлеммен,

Гүлсім Махмұтқызы.

16.04.1967 ж".

Осы хатты Гүлсім апайдың редакцияға қалай жібергенін білмеймін. Сол кездегі редакторымыз Құрмантай Меңдіғожин хаттың шекесіне "Қабырға газетіне" деп жазып, Дүйсенбі Әуелбековке беріпті. Ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі болса да ол "Қаламгер" деп аталатын қабырға газетін шығарушы еді. Маған бұл хатты сол Дүйсенбі Әуелбеков берді. Қадірлі ұстазымның хатын осы күнге дейін сақтап жүрмін.

Сәтті жасалған отадан кейін Гүлсім апай зейнеткерлікке шыққанына қарамастан, ұстаздық қызметін қайта жалғастырды. Апай ұзаққа созылған ауыр науқастан кейін 1970 жылы қайтыс болды. Жалғыз тұяғы – Алтай мектепке енді баратын жасында жетім қалды. Ол бұған дейін шешесіне еріп мектепке барып, сауатын аша бастаған еді.

Сол жылы мен Алтай Жанғожинді Қызылжарға алып келіп, қазақ мектеп-интернатына оқуға бердім. Ол кезде мектеп-интернат қазіргі Интернационал көшесіндегі №6 қазақ мектебінің ғимаратында орналасқан еді. Директоры Данияр Хамзинге мән-жайды түсіндіргесін баланы толықтай мемлекет есебінен оқытып, тәрбиелеуге алды.

Жетім қалған баланы Гүлсімнің ауылдағы жалғыз інісі Әшім Махмұтұлы қамқоршылығына алатын болып, түгел құжаттар рәсімдедік. Жоғарыда келтірілген Баязит Махмұтұлының Рая Мұхамедиярова мен Ғабит Мүсіреповке жазған хатында Гүлсім апайдың жеке құжаттары мен жинақ кітапшалары ауруханада жатқан кезде менің қолымда болғаны айтылған ғой. Шынында да солай еді. Гүлсім апайдың екі жинақ кітапшасында сол кезде екі "Жигули" автокөлігін сатып алуға еркін жетерлік ақша болатын. Бірақ Алтай кәмелет жасына жеткенше оны жинақ кассасынан ешкім ала алмайды. Тек аудандық оқу бөліміндегі жетім балаларды қамқоршылыққа алуды рәсімдеу бөлімінің рұқсатымен қамқоршы ғана ала алады.

Осы жайтты білгеннен кейін Әшім маған жиі хат жазатын болды. Хаттың

мәтіндері өте сауатты еді. Олай болатыны Әшім Махмұтұлы кезінде Қызылордада (Қазақстанның астанасы болған жылдары) көркем әдебиет баспасында, одан кейін Новосібірде татар-башқұрт тілінде әдебиеттер шығаратын баспада корректор болып істесе керек. Тек моншадан жеңіл шығып, суық тиіп, құлағы естімей қалғандықтан, ауылға қайтып оралуға мәжбүр болған. "Егер корректор болып істей берсе, менен де артық жазушы болар еді" деп айтушы еді Ғабең інісі туралы.

Хатты бекерге жазбайды. Зайыбы Сәтен жұмыс істемейді, шиеттей балаларды күтумен айналысады. Ұста шеберлігінен алатын айлығы жете бермейтін болуы керек, қамқоршы ретінде "Алтайға киім-кешек аламын" деген сылтаумен жинақ кассасынан ақша алғысы келетінін жазады. Қамқоршылық құжаттарды рәсімдеуде басы-қасында болған менің араласуымсыз ақша алуға білім бөлімі рұқсат бере қоймайды. Сөйтіп, мен арқылы азды-көпті ақша алып тұрды.

Сөйтіп жүргенде бала да кәмелет жасына толды. Алтай Жанғожиннің айтуына қарағанда, ол әскер қатарына аттанарда құрмалдық беруге, әскери міндетін өтіп қайтқаннан кейін жеңіл-желпі той жасауға Әшім жинақ кассасынан қомақты ақша алғанға ұқсайды. Петропавлдағы ауыл шаруашылығы техникумында оқып, техник-құрылысшы мамандығын алған Алтай Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданында құрылыс отрядында жұмыс істеп, үйлену тойына қаржы жинап алады. Үйленгеннен кейін жаңа құрылған "Жаңажол" совхозында құрылыста еңбек етіп, Көкшетау облысының Чистополье ауданына қоныс аударады. Қазір ол өз отбасымен бірге Қызылжарда тұрады.

Міне, бұл жолы Солтүстік Қазақстан облысының мұрағаттар және құжаттамалар басқармасының Ғабеңнің 110 жылдығына орай басып шығарған "Данадан қалған рухани дүние" атты жинағындағы екі хаттың сырын ашуға тырыстым. Кітаптағы мұндай хаттардың әрқайсысының өз тарихы, өз сыры бары сөзсіз. Олар туралы әңгіме қозғау – келешектің міндеті. Менің мақсатым – болашақ ұрпаққа осы екі хат арқылы сөз зергерінің кіндік қаны тамған, алғашқы әңгімелеріне арқау болған табиғаты көркем жерлер, оның мен білетін туыстары жөнінде аз да болса мағлұмат беру еді. Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай: "Ғабеңді мақтаудың керегі жоқ, Ғабитпен мақтануымыз керек", деп қана қоймай, ұлы қаламгер әлеміне тереңірек үңілу де артық болмас-ақ.

АНАЛАРДЫҢ АНАСЫ

Мәриям Мұқанова 100 жаста

Жерлесіміз, қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, классик, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың жары – Мәриям Қожахметқызы Мұқанова ертең жүз жасқа толады. Ғасыр белесіне шыққан апамыз әлі тұғырдан тайып отырған жоқ, жазушының мұражайына бас-көз болуда.

Әрі жерлес, әрі шешемнің ұстазы Сәбит Мұқанов пен оның зайыбы Мәриямды алғаш рет анық көргенім 1960 жылдың жазы. Жазушының 60 жылдық мерейтойы туған ауылы Сәбитте өтті. Сол төңіректің тұрғындары жиналған тойға жаяулап-жалпылап, біз – оқушылар да бардық. Сонда Сәбит Мұқанов пен Мәриям Қожахметқызын алғаш рет жақыннан көрдім. Екі жүк

машинасының қорабын түйістіріп, үстіне сахна жасалыпты. "Шоқан Уәлиханов" спектаклі қойылды. Басты ролдерді ойнаған Нұрмұқан Жантөринді, Шара Жандырбекованы, басқа да белгілі әртістерді көріп, қуанып қайтқан едік. Ауылда Сәбеңе арнап қарағайдан қиылып үй салынып жатыр екен. Кейіннен ол үйде немере інісі Шәкен тұрды да, артынан жазушының тоқсан жылдығына орай онда мұражай ашылды.

Ал Сәбеңмен жақынырақ танысудың сәті 1969 жылы түсті. Облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетінің редакциясында қызмет істеп жүріп, Алматыға барып Қазақтың мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сырттай оқуға түстім. Бір орынға сегіз үміткер болса да, емтиханды жақсы тапсырып, оқуға қабылдандым. Енді "уһ" деп дем алғаннан кейін Сәбең мен Ғабеңді тауып алып, сәлем беріп, танысуды ұйғардым.

Ол кезде Алматының бас поштасы университеттің жанында еді. Оның қасында "Мекен-жай бюросы" дүңгіршегі болатын. Бір-екі күннің ішінде екі жазушының да мекен-жайын тауып берді, тіпті университеттен алыс емес-ақ екен. Алдымен Сәбит Мұқановтың үйіне бардым. Менің бағыма Сәбең де, Мәриям апай да үйде болып шықты.

Есікті ашқан Мәриям апайға ауыл жақтан екенімді, Сәбеңе сәлем бере келгенімді айттым. Сөйткенше:

– Бұл қай бала? – деп арғы жақтан Сәбеңнің өзі де шыға келді.

– Қарақамыстан келдім, Жантемірдің Мырзахметінің баласымын, Ахметтің Шәймерденінің жиенімін, шешем Көкеш..., – деп айта бастауым мұң екен, арғы жағын өзі алып кетті. Сәбеңнің Ақбалық, Қарақамыс, Октябрь, Жаңажол, Сәбит, Майбалық, Баян, Орталық сияқты ауылдардың қарияларын, олардың ата-тектерін жақсы білетінін байқадым.

Біз осылайша әңгімелесіп отырғанда Мәриям жеңгеміздің шайы да дайын болып қалыпты. Төр үйдегі ұзыннан ұзаққа созылған қара столдың бір шетіне жайғасып отырып, шай іштік, әңгімелестік. Сонда мен Сәбеңнің де, Мәриям жеңгеміздің де қонақжайлығын көріп, бауырмалдығын, ауылға, кіндік қандары тамған жерлеріне деген ыстық сезімдерін сезіндім. Сөз арасында Сәбең Алматыда не шаруамен жүргенімді сұрады. Қызылжардағы өзі 1929-30 жылдары еңбек еткен газет редакциясында қызмет істейтіндігімді, Қазақ мемлекеттік университеттің журналистика факультетіне сырттай оқуға түскенімді айттым.

– Декандарың кім? – деп сұрады.

– Профессор Тауман Амандосов, – дедім.

– Е, ендеше мен оған телефон шалайын, саған көмегін аямайды, – деді.

– Жоқ, телефон шалмаңыз, мен оқуға түстім, "Солтүстіктің жігіттері адал келеді" деп мені староста сайлады, – деп мақтанып та қойдым.

Осының өзінен-ақ академик-жазушы бола тұрып, жастарға қамқорлық жасау үшін әлде-біреулерге бас июге де тайынбай тұрғанын көрдім. Біздің жақтан астана болып тұрғанда Қызылордада, одан кейін Алматыда оқыған азаматтардан студент кездерінде ақшалары бітіп қалғанда іздеп барып, Мәриям жеңгейдің қолынан дәм татып, бір тойып, тағы ақша алып кететінін естітінмін. Осы жолы соның растығына көзім жетті.

Байқап отырсам сол кезде Мәриям апамыз алпыста екен-ау. Бірақ жүріс-тұрысына қарағанда жас келіншек сияқты көрінді маған. Дәл сол кездің осынша жасқа келген әйелдері кемпір болып қалушы еді ғой. Өмірінде қанша ауыртпалық көріп, қиын қыстау кезеңдерді басынан өткерсе де, етінің

тірлігінің, қайсарлығының арқасында өзін-өзі сақтай білген.

Олай дейтінім, Сәбең әдебиет институтына оқуға кеткенде алғаш дүниеге әкелген Арыстанымен ауылда болып, одан кейін Ленинградқа, Қызылжарға, Алматыға, Мәскеуге көшіп, пәтер жалдап жүріп, жатақханаларда тұрып, соның үстіне қонақ қабылдап, күтіп, талай қиындықтарды басынан кешкен. Ол – ол ма, 1937 жылы, яғни саяси қуғын-сүргін жылдарында Сәбең партия қатарынан шығарылып, қызметтен шеттетілгенде төрт балаға тамақ тауып берудің өзі қиынға түскен. Сол жылдары осындай жағдайға тап болғандар күйеулерімен ажырасып, балаларының ата-тектерін өзгертіп жіберген ғой. Бірақ Мәриям жеңгеміз ондайға бармаған, "аққа Құдай жақ" деп басқа салғанға көніп, Сәбеңді жұбатумен болып, балаларын асыраудың, жеткізудің қамымен айналысқан.

Осы жерде Ғабит Мүсіреповтың бір әңгімесі есіме түседі. Сөз зергерімен де танысып, талай кездесіп, сапарлас болған едім. Сәбең қайтқан жылы Алматыда болғанымда тағы Мәриям апамызға, Ғабит Махмұтұлына барып сәлем бердім. Әңгіме барысында:

– Ғабе, жұрт Сәбеңнің "Аққан жұлдызын" сіз аяқтайды деп жүр, сол шын ба? – деп сұрадым.

– Сол келген жерінде тұрады ғой, – деді байсалды ғана Ғабең. Одан әрі Сәбеңнің тұрған пәтерін мұражай ету туралы сөз қозғалды. Сонда:


– Ол мәселенің оң шешімін табатын түрі бар. Бұл іспен Мәриям айналысып жүрген көрінеді. Шаруаны бітірмей тына қоймас. Өзі жасынан пысық еді. Менің Төңкеріс аудандық әскери комиссариатты басқарып тұрған кезім болатын. (Аудан орталығы қазіргі Жамбыл ауданындағы Майбалық ауылы – А.Ж.) Сәбитке қалыңдық іздедік. Сол кезде менің есіме осы Мәриям түсті. Алдында бір шеткері ауылға баратын болып жолға шыққынмын. Атым болдырып, жолдағы ауылдан басқасын жегуге тұра келді. Еркекше киінген бір қызды атқосшылыққа берді. Жолға шықтық. Жегілген ат сүріне береді екен. Қыз қамшыны басып, арасында атты сыпыртып та алады. Не керек, діттеген жерімізге жақсы барып қайттық. Сәбеңе осы қыз лайық болады-ау деп ойладым. Сөйтіп, екеуін қосқан едік. Осы күні маған ризашылығын айтады. Сәбеңдей адамға жар болу екінің бірінің маңдайына жазылмаған ғой, – деген еді Ғабаң байыппен сөйлеп.

Иә, он төрт жасына дейін әжесінің қойынында болып, ер балаша киініп, шашын тақырлап алғызып, шолжыңдап өскен Мәриям он алты жасында Сәбеңе тұрмысқа шыққан ғой. Қырық жеті жыл бірге өмір сүріп, алты бала – төрт ұл, екі қызды өсіріп, немерелер сүйген. Үлкендері – Арыстан. Оның жолдасы Галя Ғабит Мүсіреповтің қызы. Бүкіл саналы өмірлерін бірге өткізіп, талай асу-белестерден бірге өткен қос алып, сөйтіп құда да болған.


Мен Арыстаннан кейінгі ұлдары – Маратпен талай кездесіп, табақтас болдым. Тарих ғылымының кандидаты еді. Сәбең қазақтың ру-тайпалық құрамын қазақша жазса, ол бұл мәселеге басқа қырынан келіп, орысша кітап шығарған болатын. Сәбеңнің сексен жылдық мерейтойына Мәриям жеңгей мен балалары ұшақпен келді. Ал Марат денсаулығына байланысты поезбен шығыпты. Облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Әнуарбек Шманов, газет редакторы Уәп Рақымжанов үшеуміз түнде вокзалдан қарсы алып, біздің үйде қонақасы беріп, қондырып, ертеңіне Сәбитке бет алдық.

Жалпы Сәбеңнің өз ауылында өткен 60 жылдық тойынан бастап, кейінгі мерейтойларының бәріне қатыстым. Жетпіс жылдығы аталып өткенде Алматыда университеттің кезекті сессиясында оқуда едім. Құттықтайын деп

үйіне барсам, досы – біздің облыстың халық ақыны Игібай Әлібаев екеуі отыр екен. Амандық-саулықтан кейін мерейтойына шақырту қағазына аты-жөнімді



СӘБИТ МҰКАНОВТЫҢ



САБИТА МУКАНОВА

өз қолымен жазып берді.

–Ал, Игібай, – деді Сәбең, – маған шығарған өлеңіңді осы жерде айтып берші, оңашада тыңдайық.

Игібай дамбырасын ала сала құйқылжыта жөнелді. Айтып-айтпай не керек, әнді көсілте салушы еді. Домбыраның шегінен шыққан жағымды әуенге даусы үндесіп-ақ кететін. Сәбеңнің жанары жарқырап, беті балбырап, балаша қуанды. Осы сәтте Мәриям апайдың дастарханы да жайылып үлгерді. Ол үйге қашан барсаң да жылқының піскен семіз еті дайын тұратын. Сәбең біздің жақтан жиналысқа барған басшыларды, ол кезде әрине орысы басым болды ғой, "Петропавловские кыргизы, айда ко мне домой" деп үйіне алып келіп, қонақ қылып жіберетін болған. Әрине, ондай жомарттық әйелге байланысты. Егер Мәриям апайдың қолы ашық, қонақжай болмаса, Сәбең де олай істей алмас еді.

Заңғар жазушының жүз жылдық тойы да дүрілдеп өтті. Сонау Алматыдан басталған той Қызылжарда, одан туған ауылы – Сәбитте жалғасын тапты. Ауылдағы тойға әдейілеп келген Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Сәбең туралы көсіле сөйледі.

– Өзінің алдыңғы буын арыстарымен бірге, кейіннен алыптар шоғыры атанған, өзі тұрғылас классик қаламгерлерімізбен қатар Сәбит Мұқанов та XX ғасырдағы жас қазақ әдебиетінің іргетасын қаласты. Өз құрбыластары сияқты оның да араласпаған жанры кемде-кем, – деді Елбасы Н.Назарбаев. – Ол біздің әдебиетіміздің проза, поэзия, драматургия, сын тәрізді сан алуан саласында өнімді еңбек етіп, қоғамдық қызметімен де, әдеби шығармаларымен де қазақ халқының рухани көркемдік мәдениетінің жетілуіне күш-қажырын аяп қалмаған ат төбеліндей ғана аяулы санаткерлер шоғырының белді өкілі болып табылады.

Алдыңғыларды айтпағанда, өзі тұстас Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин сияқты есімдермен сипатталатын бұл шоғырдағы Сәбит Мұқановтың орны туралы ойлана келсек, Виктор Гюгоның "Данте Гомерді жоққа шығармайды" дегенін еске алуымыз керек.

Хылқына дәл Сәбит Мұқановтай кеңінен мәшһүр қаламгер сирек. Мұның сыры неде? Меніңше, бұл ең алдымен Сәбеңнің қаламгерлік, шығармашылық тұғыры мен адамдық, азаматтық тұлғасының бөлежарылмас бірегей тұтастығында және жалпыға бірдей анық айқындығында. Сәбеңнің сөзі мен ісінде алшақтық, ниеті мен әрекетінде қалтарыс болған жоқ. Адасса да, абырой арқаласа да, халқына түсінікті болды. Халқымен бірге болды.

Мерейтойда Мәриям апай да туыстары мен жиналған халық арасында жарқырап жүрді. Сәбеңнің өзі болмаса да, елі бар, оны құрмет тұтатын халқы бар екеніне ризашылық етті.

– Міне, туған жерге келдік. Бұл Сәбиттің де, менің де туған жерім, – дейді Мәриям апай толғанып. – Құдайға шүкір, Президент Нұрсұлтан Назарбаев арнайы ат басын бұрып, халық алдына шығып сөз сөйледі. Елдің рухын аспандатты. Осының бәрі мен үшін үлкен қуаныш, қарағым. Ел үшін де қуаныш! Елбасы әр жерге баруға қолы тие бермейді. Аруақты, рухты сыйлап келді. Бұған біз де үлкен алғыс, рахмет айтамыз. Әне, елдің жасы да, кәрісі де қоғадай жапырылып, тойлап жатыр... Қуаныш көп. Жүрекке сыймайды. Сәбит жасай берсін! Бәлкім, оның рухы да келіп көріп жатқан шығар біздерді. Жаны жәннатта болғай!

Сәбең қайтыс болғаннан кейін Алматыға тағы жолым түсіп, Мәриям апайға көңіл айтуға, сәлем беруге бардым. Пәтер іші сол қалпында. Құдай қосқан қосағынан айырылғанына қайғырса да, оның артында қалған мүлкін, қолжазбаларын сақтау үшін мұражай ашу туралы оң шешім қабылдағанына шүкіршілік қылып отыр екен.

– Бұл пәтер енді мұражайға айналғалы тұр. Еш нәрсені қозғамаймын. Өзіме осы маңнан пәтер беретін болды. Немерелеріммен тұрамын ғой, – деді Мәриям апа.

Мұражай ашылғасын да онда болу сәті түсті. Мәриям апай сонда отыр екен. Мұражайдың сақтаушысы. Мұражайдың ашылуына Сәбеңнің қайырымдылық жасаған көп адамдарының бірі, кезінде жетім қалған, қызылжарлық, Ұлы Отан соғысының ардагері, подполковник Хакім Бекішев көп күш-жігер жұмсады. Мәриям апай жарғақ құлағы жастыққа тимей, шапқылап жүріп, мұражайдың құжаттарын дұрыстап, он жыл басқарған Хакеңе соншалықты риза екенін білдірді.

Нағашым Шәймерден Ахметұлы "Сәбит екі дүниенің рахатын көретін адам" деп отыратын. Олай деуінің себебі де бар екен. Жетім қалып, бала оқытуды кәсіп қылған Сәбитті нағашым алып келіп, өз үйіне қойғанын жоғарыда айттық қой. Сол жылдары ораза ішінде нағашымның үйіне бір қари қонаққа келіп, ауыл ақсақалдарына тарауық оқытады. Түн қараңғысында қари далаға дәрет сындыруға бет алады. Жас бала – Сәбит дәрет алатын құманды көтеріп шығады. Сол мезетте аспан аппақ болып кетеді.

– Не көрдің, Сәбит? – дейді қари.

– Бүгін Қадір түні ғой, жұмақтың есігі ашылды , – дейді Сәбит.

– Не айттың? – дейді қари.

– Екі дүниенің рахатын бер дедім, – дейді бала молда. Сонда қари:

– Құдай менің аузыма ештеңе салмады ғой, – деп жылап жібереді.

Шынында да, жасында бейнет, одан кейін заман ағымына қарай қуғынға ұшыраса да, Сәбең бұл өмірін бақытты өткізді. Сәбең Отанына, жерлестеріне қаншама қызмет етсе, оны елі де, халқы да көтере, сыйлай білді. Сәбеңдей асыл адамға адал жар бола біліп, оның шығармашылық еңбегіне жағдай жасап, балаларын өсіріп, артында қалған мұрасын көздің қарашығындай сақтап, ел игілігіне айналдырып отырған Мәриям апамыз да екі дүниенің рахатын көретін адам.

ЖАЗЫҚСЫЗ ЖАПА ШЕККЕН ЕДІ...

Мың өліп, мың тірілген қазақ халқы қаншама қилы заманды басынан өткермеді десеңізші. Ата-бабаларымыз білектің күшімен,

найзаның ұшымен кең-байтақ жерімізді талай басқыншыдан алып қалған ғой. Талай рет аштыққа, жұтқа тап болған. Халықты шетінен жалмаған індет өзіне басқа. Ақтар мен қызылдар шайқасы да қазақ ауылын айналып өтпеген. Осылар аз болғандай, қаншама адам өткен ғасырдың отызыншы-қырқыншы жылдары аралығында Кеңестер Одағы басшыларының солақай саясатының құрбаны болды. Ресми деректерге сүйенсек, 1937-38 жылдары "халық жауы" деген желеумен 169 мыңға жуық адам тұтқындалып, солардың 76 мыңға жуығы жазықсыз атылып кеткен, біразы жер аударылған, лагерьге қамалған. Солардың ішінде жерлесіміз Нұрыш Данияров та бар еді.

Көнекөз қариялардың айтуы мен мұрағат деректеріне қарағанда, Нұрыш Данияров Солтүстік Қазақстан облысының Пресногорьков ауданында дүниеге келген. (Қазір Қостанай облысына қарайды). Саналы өмірінің біразын Қызылжар өңірінде өткізіп, басшы қызметтер атқарған. Сөз зергері Ғабит Мүсірепов оқыған Пресногорьков орыс мектебінде білім алып, одан кейін Федоровкадағы қазақ-орыс училищесіне түскен. Содан кейін Қызылжар өңіріне келіп, еңбек жолын ұстаздықтан бастаған.

Білімді, ұйымдастырушылық қабілеті мол жас маман сол кездегі басшылардың көзіне бірден түседі. Оның үстіне сол кезде орысша жақсы сөйлей білетін азаматтар қызметте тезірек өсетін болған. Сол себепті Нұрыш Данияров Ақмола губерниялық оқу бөліміне нұсқаушы етіліп ауыстырылады. Ақыры уездік партия комитетінің хатшысы қызметіне дейін жоғарылатылады. Осы жылдары Қызылжарда еңбек етіп жүрген Мағжан Жұмабаев, Сәбит Мұқанов, Баймағамбет Істөлин, Әбдірахман Байділдин, Әбдірахман Айсарин сияқты зиялы азаматтармен танысып, қарым-қатынаста болады.

Сәбит Мұқанов "Есею жылдары" деп аталатын кітабында Нұрыш Данияров туралы жылы еске алады. "Бостандық туы" газетінде редактор болып істеп жүрген кезінде Сәбеңді губкомның бірінші хатшысы шақырады. Оны жазушы былай баяндайды:

"... Брусниципның кабинетіне барсам, өткен жылы осы Петропавл уезінде бірінші боп ұйымдасқан "Шағала" астық совхозының партком секретары Нұрыш Данияров отыр екен. Ол менің жақсы білетін жақын жолдастарымның бірі. Алғашқы білімді "Русско-Киргизская школа" аталатын оқу орнынан орыс тілінде алған ол революциядан бұрын селолық учитель боп жүрген де, советтік құрылыстың алғашқы жылында партияға кіріп, ауыл арасындағы партиялық қызметтерде болған. "Шағала" совхозы бұрынғы "Ақмола губерниясы" аталатын кең өлкеде (қазір ол Солтүстік Қазақстан, Көкшетау, Целиноград, Қарағанды және Қостанайдың шығыс жағы боп бес облысқа бөлінеді) бірінші боп ұйымдасқан кезде, Округтік партия комитеті Нұрыш Данияровты оған парткомның секретары ғып жіберген. Жасы мен құралыптас ол орысша да, қазақша да өте сауатты, ақылды, байсалды, іскер адам болатын. Түсі қоңыр, көзі қара-көк, мұрнының ұшы көтеріңкі, оны хохолсың деп қалжыңдайтынбыз. Өзі ойыншыл, қалжыңқой, ісіне мейлінше адал, өте іскер жігіт болатын..."

Мәскеуде ВКП (б) орталық комитеті жанындағы екі жылдық курсты бітірген Нұрыш Данияров енді басқа өңірлерге қызметке жіберіледі. Ақтөбе облысындағы Қарабұлақ ауыл шаруашылығы техникумының директоры, Адамов, Арал аудандық партия комитеттерінің хатшысы, Алматы өлкелік ауыл шаруашылығы бөлімінің нұсқаушысы қызметтерін атқарады. Жерлесіміздің ұйымдастырушылық қабілеті, халықпен жұмыс істей білу

тәжірибесі, біліктілігі Оңтүстік Қазақстан облысының Сарысу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған кезде көдеге асады.

Бұл аудан 1928 жылы құрылып, Сырдария округіне қарайды. 1932 жылы республикадағы округтер таратылып, облыстар құрылған кезде Қарағанды облысының (орталығы Петропавл) құрамына енгізіледі. Ал 1936 жылы бұл өңір екіге бөлініп, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облыстары құрылады. 1933 жылы Сарысу ауданы Оңтүстік Қазақстан облысына беріледі. Бірақ осы кезге дейін көшпелі өмір сүрген тұрғындарды жылы орындарынан көшіріп, оларға баспана салып, отырықшылыққа үйрету оңай шаруа болған жоқ.

Тарихтан белгілі, жалынды революционерлердің бірі Әліби Жангелдин Қазақ өлкелік партия комитетінің пленумында: "Сарысу ауданындағы алты мың көшпелі шаңырақты отырықшылыққа көшіру үшін небары сегіз мың сом ақшаның бөлінгенін осындай үлкен іске көңіл бөлмегендік, немқұрайды қараудың салдары, көмектесудің орнына қаражаты, не малы жоқ шаруаларды қысы қатаң айдалада күшпен отырықшыландыру саясаты..." деп қатты айтады.

Бұл істе ауданның жаңа басшысы Нұрыш Данияровқа Қазақ АССР-ы Атқару комитеті құрған Ораз Жандосов басқарған арнайы комиссия көп көмек көрсетеді. "Оңтүстік Қазақстан" газетінің 1933 жылғы 1 маусымдағы нөмірінде "... Сарысу – шаруашылығы артта қалған көшпелі аудандардың бірі. Сөйтсе де биыл мұнда атқарылған істердің арқасында қазірдің өзінде екі мыңдай үй ауыл шаруашылығын кәсіп қылып, отырықшылық күйге енгізілді, егін егу де тұрақтанды..." деп жазды.

Қызылжар өңірінде қызмет істеп, тәжірибе жинақтаған Нұрыш Данияров білек сыбана іске кірісіп, Сарысу ауданын қалыптастыруға, өркендетуге көп күш жұмсады. Жаңа қоныстанған аудан орталығында ұзындығы 150-200 метрден аспайтын екі-ақ көше болатын. Кесектен қаланған жатаған үйлерге аудан басшылары мен мамандарының отбасылары, мекемелер орналасты. Тұрғындар үй салуға жаппай кірісіп, аудан орталығы екі-үш жылда едәуір өсті. Мектеп, интернат салынды. Көшелерге ағаш отырғызылды.

Ауданның негізгі бағыты – мал шаруашылығымен айналысу болып белгіленді. Соның ішінде қой, түйе, жылқы өсіруге, егіншілікпен шұғылдану басты мақсат етіліп қойылды. Соның нәтижеінде 1933 жылдың жазында мал басы ауданда 2 мың қойға, 200 сиырға, сонша жылқыға, 100 түйеге жетті. Бұл қоғамдық мал, жекеменшік малы өзіне басқа. Шабақты және адан көлеміндегі басқа да өзен, көлдер суын ағызып, тоған жасап, егін, шөп өсіру ұйымдастырылды. Колхоздар мен артельдерде бір орталықтан тұқым сеуіп, егін жинауды, ұйымдастыру мақсатында машина-трактор стансасы, су бөлімі құрылды. Әулиеата, Ойық, Үшауыл, Байқадам арасында телефон, телеграф желілері тартылды, пошта қатынасы ашылды.

Жұмыс орындарын ашу, халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін балық, аң аулау, тұз өндіру істері де қолға алынды. Сауатсыздықты жою мақсатында Байқадамда жеті жылдық мектеп ашылып, ересектерге оқу ұйымдастырылды. Ауданның бірінші басшысы осындай игі істерімен көзге түсе бастайды.

Мұрағат деректері бойынша, Нұрыш Данияров Оңтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 1937 жылғы 31 наурызында өткен VII пленумында сөйлеген сөзінде: "... Халықты саяси-идеялық тәрбиелеуде әлі де табысқа жете алмай келеміз, партия мүшелерінің саяси көзқарастары төмен дәрежеде... Облыстық партия комитетінің үгіт, мектеп және басқа да

бөлімдерінің жұмысы негізінен мәлімет жинау, курстарға жіберетіндердің разнорядкасын бөлу болып келеді...", – деп бірқатар басшыларды сынаған. Кемшіліктерді осылай жария ету кімге ұнасын.

Дәл сол жылы елімізде, әсіресе, зиялы қауымның соңына шырақ алып түсу науқаны басталады. Тек зиялы қауым емес-ау, көнекөз қарилардың айтуынша, тіпті, сауатсыз адамдар да "халық жауы" ретінде тұтқындалып, түрмеге жабылады. Одан кейін 1933 жылдан бері онымен қызметтес болып жүрген Сарысу аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұрыш Данияров тұтқындалады.

– Мен нағашым Нұрыш Данияровтың неліктен "халық жауы" ретінде ұсталып, жазықсыз атылып кеткенін анықтайын деп, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне жүгіндім, Сарысу ауданына барып, бірге еңбек еткен адамдармен сөйлестім, Оңтүстік Қазақстан облыстық мұрағатынан деректер іздедім, – дейді облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Рүстем Уәйісов.

Жиенінің еңбегі заяға кеткен жоқ, нағасышы Нұрыш Данияров туралы құнды материалдар жинап, бір кітап етіп бастырып шығарды. Оның деректері бойынша, нағашысы Шымкент қаласына іссапармен келгенде тұтқындалады. Айыптау құжатында: "... Данияров Нұрыш Сарысу ауданында өзінің басшылығымен өмір сүріп келген контрреволюциялық ұлтшыл ұйымның белсенді басшыларының бірі болып табылады... Ол Қазақстанда Кеңес өкіметін құлатуды және буржуазиялық-ұлттық мемлекет орнатуды түпкі мақсат етіп қойған..." – деп жазылған.

Мұрағаттар деректеріне қарағанда, басқа жазықсыз жапа шеккендер сияқты, Нұрыш Данияровты да тергеу кезінде ұрып-соғып, өздерінің арам пиғылдарын жүзеге асыруға лайықталған арыздар, түсініктемелер жаздырғанға ұқсайды. Өйткені, ол бірде Коммунистік партиядан басқа ешқандай партияда, ұйымда мүше, Кеңес өкіметіне қарсы қастандық жасау ниеті болмағанын айтып түсініктеме жазса, енді бір арыздарында "контрреволюциялық ұйымға 1936 жылы қабылдандым" деп мойнына алады. Сөйтіп, Нұрыш Данияров ешбір жазықсыз 1938 жылдың ақпанында атылып кетеді. Араға жиырма жыл сала ешқандай қылмыстық ісі болмағандықтан, ақталады.

– Қай заманда болмасын, өзінің іскерлігімен, адамгершілік қасиетімен, тындырған игі ісімен артына өшпес із қалдыратын адамдар болады. Олардың есімдері ұрпақтан-ұрпаққа тарап, әрқашан ел есінде, көптің көңілінде сақталады. Сарысу ауданының тұрғындары нағашым Нұрыш Данияруұлын солардың біріндей есте сақтайды екен. Құдайға шүкір, өшкеніміз жанды, өлгеніміз тірілді, артында қалған туыстары, ұрпақтары баршылық, – дейді Рүстем Уәйісов ақсақал.

ҚАЗАҚ ЖЕРІН ҚЫЗҒЫШТАЙ ҚОРЫҒАН

ержүрек азамат Жұмабек Тәшеновке
мемориалдық тақта орнатылды

Биыл қазақ елінің белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеновтің туғанына 95 жыл толды. Кезінде біздің облыста басшы қызметтерде істеп, өңірдің дамуына сүбелі үлес қосқан азаматты

мәңгілік есте қалдыру мақсатында Қызылжар қаласындағы өткен ғасырдың басында облыстық атқару комитеті орналасқан ғимарат қабырғасында мемориалдық тақта ашылды.

Қала әкімі Нұржан Әшімбетов осы рәсімге қатысуға Алматыдан арнайы шақырылған Жұмабек Тәшеновтің баласы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымының докторы Мұрат Жұмабекұлы мен оның зайыбы, тарих ғылымының кандидаты, доцент Фатима Садыққызын қабылдады.

– Облыстық және қалалық ардагерлер кеңестері осы өңірдің өркендеуіне елеулі үлес қосқан Жұмабек Тәшеновке өзі еңбек еткен ғимарат қабырғасына мемориалдық тақта орнату жөнінде ұсыныс жасаған болатын, - деді Нұржан Кемерұлы. – Бұл бастама қала тұрғындары арасында қызу қолдау тапты.

Кездесу барысында Жұмабек Ахметұлының еңбек жолы туралы әңгіме қозғалды. Ақмола облысының Вишнев ауданының тумасы Ақмола құрылыс техникумын бітіргеннен кейін жиырма жыл бойы Солтүстік Қазақстан облысында әртүрлі жауапты қызмет атқарып, еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесі атқару комитетінің төрағалығына дейін көтерілген. Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы, Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының төрағасы, Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметтерін атқарған. Жұмабек Тәшенов – экономика ғылымының кандидаты, монографиялар мен көптеген мақалалардың авторы.

– Біз бес ағайынды едік, біреуі қайтыс болды. Саян, Саят, Болат, Мұрат – төрт ер бала, бір қыз – Алла, қарындасым қазір Мәскеуде тұрады, ағаларымның балалары Америкада. Әкемді еске алып, оның еліне сіңірген еңбегін елеп, осындай құрмет көрсетіп жатқандарыңызға рахмет! – деді Мұрат Жұмабекұлы.

– Мен енем Бәтес Ідірісқызының тәрбиесін көрдім. Атам екеуінің берген ақыл-кеңесінің, үлгі-өнегесінің бізге тиген пайдасы зор, – деді Фатима Садыққызы.

Қабылдау соңында қала әкімі қонақтарға Солтүстік Қазақстан облысының энциклопедиясы мен кәдесый ретінде астау сыйлады. Сол күні қонақтар Абылай ханның резиденциясында, Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде болып, қаланың көрікті жерлерін тамашалады.

Қазақстан Республикасы Крнституциясы мен Мир көшелерінің қиылысындағы бұрын еңбекшілер депутаттары облыстық кеңесі атқару комитеті орналасқан ғимарат қабырғасына орнатылған мемориалдық тақтаның ашылу рәсімі болды. Оны ашқан облыс әкімінің орынбасары Фархад Қуанғанов мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеновтің өмір және еңбек жолы жайында баяндай келіп, оны еліне еңбегі сіңген азаматтардың бір емес бірегейі, ержүректіліктің үлгісі ретінде қабылдап, мақтан тұтатындығын жеткізді. Содан кейін Жұмабек Ахметұлын көрген еңбек ардагері Зейнолла Олжабайұлы мен Николай Сахаров естеліктерін айтып берді.

– Жұмабек Тәшеновтің еліне сіңірген басқа еңбектерін қоспағанда, туған жердің тұтастығы үшін күрескенін ерекше атап өткім келеді. Кешегі

Коммунистік партия дәуірлеп тұрған шақта, оны басқарған Никита Хрущев қазақ жерінің оңтүстігіндегі мақталы өңірді – Өзбекстанға, батыстағы мұнайлы өңірді – Ресейге қоспақшы болғаны белгілі. Осы тұста үлкен империя басшылығының солақай саясатына қаймықпастан қарсы тұрды. Бұл ерлікпен пара-пар еді. Екінші бір көрегендігі – тыңды ақылға сала отырып игеру керектігін айтқан болатын. Осындай қайтпас қайсар, елінің, халқының қамын ойлаған азаматты мәңгілік есте қалдыру біздің борышымыз, - деді Николай Кузьмич.

Мемориалдық тақтаны ашу құрметіне облыс әкімінің орынбасары Фархад Қуанғанов пен Жұмабек Тәшеновтің баласы Мұрат Тәшенов ие болды. Содан кейін осы рәсімге қатысқандар мемориалдық тақта алдына гүл шоқтарын қойды. Сол күні Жұмабек Тәшеновтің аруағына арналып ас берілді, оны көзі көрген азаматтар естеліктерін айтты.

ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ВОЛЬФ МЕССИНГ

Қызылжарда болған еді



1966 жыл. Орталығы Целиноград (қазіргі Астана) қаласы болған Тың өлкесі жабылып, облыстар қайта ашылған еді. Үш жылдай мерзімге оқырмандарынан айрылып қалған "Ленин туы" газеті (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") қайта жарық көре бастаған. Мектепте оқып жүрген шағымнан-ақ ауыл жаңалықтарын жазып тұратын мен осы газет редакциясына әдеби қызметкер болып орналасқанмын.

Ұмытпасам, маусым айы болуы керек. Редактор Құрмантай Меңдіғожин редакция ұжымын өз бөлмесіне жинап алды. Оның жанында қалың, бұйра шашты бір адам отырды. Қызметкерлер жиналып болғаннан кейін редактор әлгі адамды таныстырды. Ол есімі әлемге әйгілі Вольф Мессинг екен. Бірақ оның қандай қасиеті бар адам екенін ешкім білген жоқ. Тек оның өз сөзінен, көрсеткен адам нанғысыз әрекеттерінен кім екенін білдік.

Вольф Григорьевич Польшада, Варшава қаласының маңындағы Калевария таулары деп аталатын еврейлердің қонысында 1899 жылы көпбалалы отбасында дүниеге келген. Әке-шешесі, балалар түгелдей күні бойы өздері жалға алған бақшада жұмыс істеген. Балалардың арасында Вольф өзінің мінез-құлқымен ерекшеленген. Әсіресе, түнде ұйықтаған бойында орнынан тұрып, далаға шығып кететін болған. Осы әрекетінен бірдеңеге тап болар деген ата-анасы есік алдына ләгенге су құйып қоятын болған. Олар аяғы суға тиген бала ұйқысынан оянып кетер деп ойлаған.

Басқа балаларынан ерекше баланы ата-анасы діни оқуға береді. Синагогтағы оқуды Вольф өте жақсы бағамен аяқтайды. Ата-анасы оның діни оқуын одан әрі жалғастыруын қалайды. Бірақ бала өз өмірін діни қызметпен байланыстырғысы келмейді. Сол үшін әкесінен талай таяқ та жейді. Он бір

жастағы бала ақыры үйінен қашуға мәжбүр болады.

Сөйтіп, ол Варшаваға баратын пойызға мінеді. Бір мезетте билет тексеретін адамдардың келе жатқанын көріп, орындықтың астына тығылады. Бірақ әлгі адамдар оны көріп қалып, билетін көрсетуді талап етеді. Осы кезде Вольф жерде жатқан бір жыртық қағазды тексерушінің қолына ұстата салады. Әлгі қағазды олай-бұлай қараған тексеруші балаға:

– Қолыңда билетің бар, неге орындық астына тығылдың? – деп сұрақ қояды да, әлгі жыртық қағазды баланың қолына қайта ұстатып, жөніне кете береді.

– Содан кейін менде көзбояушылық қасиет бар екен ғой деп ойладым, – деп әңгімесін одан әрі жалғастырды Вольф Мессинг. – Енді осы қасиетімді тексеріп көру керек деп ұйғардым. Варшаваға барғаннан кейін бір дүкенге еніп, конфет өлшеттім де, ақша орнына бір тілім ақ қағаз ұсындым. Сатушы қағазды кассасына салып, маған тіпті ақша қайырды. Бұл менің Құдайдың бойыма берген қасиетін алғаш және соңғы рет асыра пайдалануым еді. Содан кейін ешкімге қиянат жасағаным жоқ.

Міне, осыдан кейін Вольф Мессинг адам, ел тағдырын болжайтын, жоғалған дүниені табатын, қылмыскерді нақ басып айта алатын, тағы басқа қасиеттері бар екенін сезінеді. Бара-бара оның бұл қасиеті туралы Польшаның ғана емес, Германияның, бірте-бірте Еуропаның басқа елдерінің халқы естіп, оның көріпкелдік болжамдарын газеттер баса бастайды.

Польшаның бір газетіне берген сұхбатында Вольф Мессинг егер фюрер Кеңес одағына қарсы соғыс ашса, қаза табады, Германия жеңіледі деп үзілді-кесілді айтады. Осыны естіген Гитлер сәуегейлік айтқан адамды ұстап берген кісіге екі жүз мың марка мөлшерінде сыйақы беретінін жариялайды. Оның суреті қалалардың көшелеріне ілінеді. Бірде Варшавада неміс офицері Вольф Мессингті танып қалып, "Сен ит пе фюрер өледі деп лақап таратып жүрген", – деп басынан қатты соғып қалады. Есін жинап, құлаған жерден тұрған Вольф неміс офицерінен өзін гестапоға емес, полиция бөлімшесіне апаруын өтінеді.

Полиция бөлімшесіндегі кішкентай абақтыда түнге дейін отырған ол енді осы жерден қашудың амалын ойластырады. Сөйтіп, кезекшілік құрып отырған полицейлерді гипноздың күшімен бірінен соң бірін өзі отырған жерге жинай бастайды. Алты полицей қабырғаға сүйеніп тұрады. Осы кезде олардың бірінің қолындағы кілттерді алады да, өзі абақтыдан шығып, полицейлерді сыртынан құлыптап кетеді. Бұл – 1939 жылы болған оқиға.

Осыдан кейін Вольф Мессинг Кеңес одағына қашуға бекем бел буады. Ақыры Мәскеуге де келіп жетеді. Дүниежүзіне аты жайыла бастаған көріпкелдің келгенін естіген сол кездегі мемлекеттік қауіпсіздік ведомствосын басқарып, "ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс" дегендей, дәуірлеп тұрған Берия оны таптырып алады. Ең алдымен, таза қағазды беріп, банктен ақша алдыртады. Содан кейін Кремльге рұқсат қағазсыз кіріп-шығуды тапсырады. Бұл тапсырманы да мүлтіксіз орындайды.

– Мен осы әрекетіммен қаншама адамның обалына қалдым. Мен Кремльге еніп, шыққанда күзетте тұрған барлық жауынгерді атып тастапты, – деп қынжылды Вольф Григорьевич.

Ұлы Отан соғысы басталғаннан кейін Иосиф Сталин Вольф Мессингті шақыртады. Әрине, оған қандай сұрақ қойылары белгілі. Көріпкел бұл соғыстың ұзаққа созылатынын, тек 1945 жылы мамыр айында Ұлы Жеңіспен аяқталатынын біледі. Бұл сәуегейлікке Сталин сене қояр ма екен? Сонда да шындықты айтады.

– Сен ит, не оттап тұрсың?! Соғыс ұзаққа созылмайды, біз жеңеміз! – деп дүрсе қоя береді Берия осы кезде.

Әңгімеге Сталин араласып:

– Жолдас Мессинг, сізге рахмет, жүре беріңіз, – дейді. Содан кейін Сталин Вольф Мессингті майдан шебіндегі бірнеше айқаста пайдаланады. Ал Мәскеудің зауыт-фабрикалары, халқы басқа жаққа көшірілгенде, ол Сібірге қоныс аударады. Алғашында астанада цирк әртістерімен бірге көрсетіп жүрген өнерін енді Новосибирскіде жалғастырады. Сонда үйленеді.

Бірақ Вольф Мессингтің әрбір қадамы мемлекеттік қауіпсіздік органының бақылауында болады. Ол Новосибирскіде және сол төңіректегі қалаларда өнер көрсетумен қатар, циркте жеке адамдарды қабылдап, олардың проблемаларын шешуге көмектеседі. Бірақ майдан шебінен шалғай жатқан Новосибирскіде ол көп бола алмайды, Берия Мәскеуге қайта шақыртып алады. Содан кейін оған мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің қызметкерлеріне көзбояушылықты, күрмеуі қиын қылмыстарды ашу қабілеттерін үйретуші-ұстаз болу ұсынылады. Осы үшін арнайы ұйымдастырылған курстарда бірнеше сабақ өткізгеннен кейін Вольф бұл жұмыстан бас тартады. Өйткені, курсқа жинаған қызметкерлердің бірде-бірінен ондай қасиет байқай алмайды. Осындай бірбеткейлігі үшін Бериянын тарапынан қуғынға ұшырайды. Өзінің айтуынша, Сталиннің арқасында ғана тірі қалады.

Жалпы В. Мессинг Берия халық жауы ретінде тұтқындалғанға дейін мемлекеттік қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің бақылауында болады. Соған қарамастан, Кеңес одағының түкпір-түкпірін аралап, жеке концерттер ұйымдастырады, майдан үшін қаржы жинайды. Ақыры ұшақ жасауға қаржы жинап береді. Сол кезде Владивостокта концерт қойып жүрген ол: "Сіздің әуе қорғау күшіне қамқорлығыңыз үшін менің сәлемім мен Қызыл Армияның алғысын қабыл алыңыз, жолдас Вольф Мессинг. Сіздің мақсатыңыз орындалады. Сталин" деген жеделхат алады. Оның берген ақшасына жасалған ұшақпен жаудың 31 ұшағы атып түсірілген көрінеді.

В. Мессинг соғыс жылдары майдан шебін әлденеше рет кесіп өтсе керек.

– Бірде, – дейді Вольф Григорьевич, – немістер біздің әскерлердің бекінісі нашар жерден шабуылға шығатыны белгілі болды. Не істеу керек? Бас қолбасшы менен көмек сұрады. Арнайы ұшақпен мені сол жерге жеткізді. Анталап келе жатқан неміс танкілерінің алдына қалың тұман орнатуға тура келді. Оның үстіне гуілдеген дауыс шығаратын қондырғыны іске қостық. Осы кезде алдан бірнеше жүздеген танкі мен басқа да қарулы күш шыға келгендей әсер туғызылды. Одан қорыққан жау кері бұрылып, қаша жөнелді.

Вольф редакциядағы кездесуінде де өзінің қандай ерекше қабілеті бар екенін көрсетті. Біреулерімізге қай жеріміздің ауыратынын, енді біреуге алдында не күтіп тұрғанын айтты. Оған көрсетпей қалтамызға тыққан затымызды тауып берді, не ойлап отырғанымызды дөп басып айтты. Бас есепшіміз Валентина Федоренкоға бүгін үйіңізге барып, сөреде тұрған әдебиеттердің арасынан солдан санағанда осынша кітапты алып, бәленбай бетін ашсаңыз, жоғарыдан санағанда пәленбай азат жолында мынадай мәтінді оқи аласыз деп айтқан еді. Келесі күні Валентина Степановна сол кітапты ала келіп бәрімізге көрсеткенде, көріпкелдің ерекше қасиетіне таңғалдық.

Ал кассир Анна Зинина баласының оқуды нашар оқитынын, тіпті ішімдікке бой алдырып жүргенін айтты. Вольф Мессинг баланың суретін өзі орналасқан қонақүйге әкеліп көрсетуін сұрады. Артынан білсек, баланың оқу

қабілеті жақсарып, ішімдікке әуестігінен арылыпты.

Ол өзінің осындай қасиеттерінің себебін білгісі келсе де, біле алмай кеткен адам. Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Вольф Мессингтің миына зерттеу жұмыстарын да өткізген, бірақ ол ешбір нәтиже бермеген.

Осындай біртуар адам 1974 жылы ауруханада ота жасалғаннан кейін дүние салды. Артында ұрпақ қалған жоқ. Новосибирскіде кездейсоқ кездесіп үйленген, ақырғы деміне дейін сүйіп өткен жары 1963 жылы қайтыс болған. Содан кейінгі өмірі жалғыздықпен өтеді. Неміс-фашист басқыншыларының қолынан қаза тапқан әке-шешесін, төрт аға-інісін ешқашан есінен шығармайтынын айтқан еді.

Біздің қаламызға ол Мәскеуден Новосибирскіге немесе керісінше кетіп бара жатқан жолында соққанға ұқсайды. Оның шағын ғана денесі, еврей халқына тән бет-әлпеті, бұйра қалың шашы, әңгіме айтып тұрғандағы қалпы – бәрі көз алдымда. Тек ол кезде атағы бүкіл дүниеге шыққан ерекше адаммен кездесіп отырғанымызды түсінбеген болуымыз керек. Әдетте уақыт алыстаған сайын ұлы адамдардың мәртебесі асқақтай береді емес пе?! Мен де Вольф Мессингті еске алған сайын оның ерекше қасиеттеріне таңғалып, пір тұтамын.

БАТЫР БАРЛАУШЫ

Даңқ орденінің толық игері Әміреш Дәрменовтің есімі ескерусіз қалмауға тиіс

Шіркін, сол кезде ерлігін аңызға айналдырып айтар, түймедейін түйедей етіп көрсетер адам болса, Әміреш Дәрменұлының даңқы жер жарар еді-ау! Бірақ ол тұйық адам болды. Қазбалап сұрамасаң, ештеме айтпайды. Жетелеп отырсаң ғана сырын сыздақтатып шығарады. Сонда да бірде маған соғыс жылдарындағы ерлік істерін аздап болса да айтып берген болатын.

– Соғыс басталысымен біздің шағын ауылдың жастары түгелге дерлік майданға аттанды, – деп бастаған еді Әміреш Дәрменұлы әңгімесін, – 1941 жылдың аяғына қарай менің де кезегім келді. Әлі есімде, бізді майданға аттандыдар сәтте Қарақамыс ауылдық Кеңесінің төрағасы Мырзаханов:

– Әміреш, жауды жер жастандыр да, ауылға батыр болып орал, біз мында қарап жатпаспыз, киім, тамақ жіберіп тұрамыз, – деді.

Осы күні ойлап отырсам, ауыл ағасының тапсырмасын орындағандаймын. Және жай қатардағы жауынгер ретінде ғана емес, соғыстағы ең қиын да қауіпті мамандықтардың бірі – барлаушы ретінде орындадым. Осы күні соғыстың мәні, біздің жеңісіміз туралы әрқилы пікірлер атылып жүр ғой. Менің барлаушы болуым туралы да бірде сондай жалған әңгіме естідім.

Соғыс кезінің өзінде ерекше ерлік жасаған жауынгерлерді марапаттаудың бір түрі – демалыс беріп, туған жеріне жіберіп алатын. Менің де сондай мүмкіндікті пайдаланғаным бар. Әлгілердің айтуы бойынша мен демалыстан кейін ауылда жүріп алып, соғысқа қайта оралмасам керек. Әскери комиссариат арқылы қайта соғысқа аттанған көрінемін. Содан кейін мені соғыстан бас тартқан есебінде барлауға жіберсе керек.

Оның жалған екенін дәлелдеп жатудың қажеті жоқ. Өйткені, мен өз

еркіммен бармасам, тапсырманы ешқашан ойдағыдай орындай алмас едім. Ол былай болған. Әскери құрамаға келісімен, бізді сапқа тұрғызды да, командир:



– Кім барлауға барады? – деп сұрады.

– Мен, – деп бір адым басып алға шықтым. Өйткені, алдын ала осындағы жағдайды шолып қарасам, барлаушыларға ерекше назар аударылатын көрінеді. Бірақ барлаушы болу үшін өз қалауым жеткіліксіз, мұнда іскерлігің, ойламаған жағдайда бірден шешім қабылдай білу және басқа да қасиеттер қажет екен. Ең алдымен осындай қабілеттер тексеріледі де, содан кейін арнайы даярлықтан өткізеді. Мен осының бәрінен өттім.

Сөйтіп, қысқа мерзімдік даярлықтан кейін соғысқа Ленинград маңында ендім. Бұл неміс-фашист басқыншылары осы қалаға шабуыл жасап жатқан шақ еді. Волхов майданының жауынгерлері өздерінің шебінде жаудың талай шабуылдарына тойтарыс беріп тұрды. Бір күні ертемен атқыштар батальоны қорғаныстан шабуылға көшуге бұйрық алды. Алдымызда қалың орман болатын. Маған батальон командирінің бұйрығын рота командиріне жеткізу міндеті қойылды. Өйткені, телефон байланысы үзіліп қалған.

Соғыстың аты – соғыс. Жарылған снарядтар мен атылған оқтардан түтін мен топырақ араласып, төңіректің астан-кестенін шығарады. Мен осындай сәтті пайдалана отырып, бұйрықты рота командиріне жеткіздім. Бірақ қайтар жолда мені жау әскерлері көріп қалса керек, оқ жан-жақтан жауды. Осы сәтте біздің әскерлер шабуылға шықты. Оған мен де қосылып кеттім. Сөйтіп, жаумен алғаш рет бетпе-бет келдім. Бір мезетте маған қарсы үш неміс әскері тап болды. Біреуін атып, біреуін шаншып үлгердім, үшіншісі маған оқ атып жіберді.

Мені келесі күні жауынгерлер окоптан тауып алса керек. Санитарлық батальонда ғана есімді жидым. Сол аяғымнан жараланған екенмін, госпитальда төрт ай жатуға тура келді. Сауыққаннан кейін сол өзімнің 2-ші Беларусь майданының 609-шы атқыштар полкіне қайта бардым. Дәл осы сәтте бізге Могилев облысының Горбачи деревнясын жаудан азат ету міндеті қойылды. Ол үшін жаудың орналасқан жерін, олардың санын, күшін білу керек болды. Мен басқарған бөлімше түн жамылып барлауға кірістік. Түн ішінде немістердің штабы, құралдары – бәрі картаға түсірілді. Келесі күні деревняны жаудан азат еттік.

Тағы бір оқиға. Бұл біздің әскерлердің Польшаны жаудан тазартуға кіріскен шағы еді. Фашистердің бекініс шептеріне жақындаған сайын ұрыс күшейе түсті. Дұшпанның ең мықты қорғаныс шебі Нарев өзенінің арғы бетінде болатын. Дзоттардан көз аша алмайсың. Жау өзендегі өткелді сыммеен қоршап, миналар да қойып үлгерген. Фашистер оқ жаудырып, бет қаратар емес. Біздің әскери құраманың штабы шабуылдың алдында барлаушылар жіберіп, жау күшін анық білуді ұйғарды. Бір тәулік ішінде жау әскерлерінің бекінісін барлау тағы мен басқаратын бөлімшеге жүктелді.

Ерекше тапсырманы орындауға жан-жақты әзірлендік. Өзенге өтетін жолдың әр метрін анықтап тексеріп шықтық. Маңайды бағдарладық.

Миналардан тазартылған алаңдармен өзен жағасына да келіп жеттік. Ай жарық еді. Жау аңдушыларының бізді көріп қалуы мүмкін. Әйтсе де, уақыт қымбат, резеңке қайыққа жел толтыра бастадық. Кешікпей алты барлаушы өзеннің арғы бетіне шықтық. Айнала тыныштық еді. Қарамағымдағы жігіттермен фашистердің алғы шебін барлауға кірістік.

Мұндайда уақыт тез өтеді. Күншығыс жақтан таң шапағы да аздап біліне бастады. Әйтеуір, жаудың блиндаждарына келіп жеттік. Ептеп алға жүре бастағанымызда немістердің етіктерін бір-біріне қаққаны естілді. Карта бойынша жаудың күшті бекінісі осы арада. Біз алдымен күзетті жоюға кірістік. Жанымдағы Бабушкин екеуміз екі немістің арттарынан мысықша атылып, жондарына қанжар сұғып, ауыздарына орамал тығып үлгердік. Осы мезетте барлаушы Коровин дзот есігіне миналар қойып болған екен. Енді он минуттан кейін олар жарылады. Тез кету қажет.

Жаралы немістерді сүйрете артқа шегіндік. Миналар да жарыла бастады. Сол сәтте немістердің бекінген жерінде абыржу басталды. Жағалай оқ та жаудырылды. Бұл кезде біз қалың орман ішіне еніп үлгерген едік. Осы жерде алдын ала қазылған ордың үстіне ағаш жапырағын жауып, кешке дейін отыруға тура келді. Штабқа түнде келіп жеттік. Взвод командирі Киселевке көрген-білгендерімізді айтып, екі немісті табыс еттік.

Әкелген "тілдеріміздің" бірі бұрынғы ұшқыш екен. Ол арқылы да жаудың біраз құпиялары білінді. Тапсырманы ойдағыдай орындаған барлаушыларға әдетте бір-екі күн демалыс беріледі. Бізді ертеңіне штабқа қайта шақырды. Коровин, Бабушкин үшеуміз шақырылған екенбіз. Өйткені, әлгі немістер осынша бекіністерден өтіп, өздерін осында жеткізген жауынгерлерді көрсетуді сұрапты. Содан кейін үшеумізді суретке түсіріп, газетке мақала жариялады. Көп кешікпей үшеуіміз де үшінші дәрежелі Даңқ орденімен марапатталдық.

Айта берсең, әңгіме көп. Уақыт ұзаған сайын біраз оқиғалар ұмытыла бастайды. Сонда да тағы екі оқиға есте ерекше сақталыпты. 1945 жылдың наурыз айы еді. Біздің әскерлер неміс басқыншыларына тойтара соққы бере отырып, оларды кейін қарай қуып келе жатты. Осы кезде Польша – Германия шекарасына да жеткен едік. Арадағы қалың орман арғы беттің қашықтығын да, қандай бекіністің барын да білуге мүмкіндік бермеді. Тағы да "тіл" алу керек болды.

Бұл жолы да бізге – барлаушыларға аса жауапты міндет жүктелді. Бізге қосымша жиырма автоматшы қосылды. Орман арасынан өтіп бара жатқан бізді немістер көріп қалды. Жан-жақтан оқ борады. Кей жерлерден миналар да жарыла бастады. Біз қорғаныс жағдайына көштік. Екі жақта да атыс қыза түсті. Сонда да тапсырманы орындау керек. Атыс тоқтасымен біз өз жұмысымызға кірістік. Сөйтіп тағы да "тіл" әкелдік.

Ал Одер өзенінен өту де қиынға соққан ді. Өзеннің ені жалпақ екен. Біз бөренелерді қосақтап байлап, жылжымалы өткел жасадық. Бірінші болып барлаушылар, одан кейін автоматшылар ротасы өтуге тиіс болатын. Сөйткенше болған жоқ, жаудың зеңбіректері қалған жауынгерлерді өзеннен өткізбей, бізден кесіп тастады. Атыс үдей түсті. Осы шайқаста Хохлов екеуміз ерекше көзге түскен екенбіз. Кейінгі ұрыстардың бірінде ол ерлікпен қаза тапты. Менің осы жолғы ерлігім, талай әкелген "тілім" екінші дәрежелі Даңқ орденімен аталып өтілді.

Бірінші дәрежелі Даңқ ордені 1958 жылы қолыма тиді. Мені Қостанай облысының Пресногорьков аудандық әскери комиссариаты шақырып, сонда

табыс етті. Төрт жыл өлім мен өмір арпалысқан соғыстың бел ортасында болып, туған ауылыма 1946 жылдың желтоқсанында оралдым. Соғыс аяқталғаннан осы уақытқа дейін Киевте кірпіш зауытында еңбек етіп, қаланы қалпына келтіруге қатыстым.

Мені ауылда да оңай тұрмыс күтіп тұрған жоқ екен. Соғыста әкем Дәрмен Нұғытаев хабарсыз кетті, немере ағаларым Кәмәли мен Шауыпкел Күшікевтер де майданнан оралмады. Шағын ғана Жалтыршадан қаншама боздақ Отан үшін, ел үшін шәйіт болды. Ауылға келісімен сол ұжымшардың қара жұмысына ендім де кеттім. Зейнеткерлікке шыққанша мал шаруашылығында еңбек еттім. Көп қиындықты бастан кешірдік қой. Оның бәрін айта берсең, бір дастан.

– Соғыста екі жақтың күші тең болған жоқ қой. Неміс-фашист басқыншыларының жауынгерлері де көп, соғыс техникасы да басым, киім мен тамақтарын да біздің жауынгердікімен салыстырып болмайды. Осындай жағдайда біздің жауынгерлер қалайша жеңіске жетті? – деп сұраймын.

– Соғыс кезінде бірнеше ұлттың өкілі бір ата-ананың баласындай қоян-қолтық болып, үлкен үйімізді – Отанымызды аждаһар жаудан қорғадық қой. Өйткені, біз елімізді, жерімізді, халқымызды сүйдік. Біздің жеңіске жетуіміздің сыры осында, – деген еді сонда Әміреш Дәрменұлы.

Есепке жүйрік, сауатты жігіт соғысқа дейін өзі туып-өскен Жалтыршада трактор-егіс бригадасының, содан кейін колхоздың есепшісі болып істеген. Ал соғыстан кейін елге оралған Әміреш Дәрменұлы, өзі айтқандай, мал шаруашылығында еңбек етіп, жасы келген соң зейнеткерлікке шықты. Жалғыз ер баласы Сапар да әскери міндетін абыроймен атқарды. Әскери бөлім командирінен әкесіне талай рет алғыс хаттар келіп тұрды. Бірақ жастай дүние салды.

"Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі" дегендей, қан майданда екі рет жараланса да, елге есен-сау оралған Әміреш Дәрменов абайсызда бір аяғынан айрылып қалды. Ол былай болған екен. Батыр ағамыз тұратын төңіректегі елді мекендердің тұрғындары Көкшетау мен Қорған жаққа Бауман стансасы арқылы өтетін поезбен қатынайды. Бірде Қорған қаласынан керек-жарағын әкеліп, стансадан түскен ол екінші жолда тұрған составтың астынан өтпек болған. Поездан түскендердің көпшілігі сыртта тосып тұрған көліктерден қалып қоймас үшін осылай істейді екен. Бұл жолы позд ойламағн жерде орнынан жылжи жөнеледі де, Әміреш Дәрменұлы состав астынан денесін алып шыққанымен, бір аяғын тартып үлгере алмай қалады. Сөйтіп, айдың-күннің аманында бір аяғынан айырылып, жасанды мүшемен күн кешуіне тура келеді.

Осы жайт әсер етті ме екен, соңғы кезде онда мазасыздану пайда болған. Басы жастыққа тисе, соғыстағы атыс-шабыс түсіне енеді. Өңінде бәрін ұмытқысы келеді. Ол үшін жасы егде тартқанда үйленген екінші әйелімен қосылып алып, "ащы судың" дәм татып, ойын басқа жаққа аударуға тырысады. Мұның жақсылыққа бастар жол емес екендігіне мән бермейді.

Батыр ағамыздың осындай тұрмысын ауыл жақтан келіп жататын ағайындардан естігеннен кейін оның хал-жағдайын біліп қайтуды ұйғарадым. Бұл 1994 жыл болатын, облыстық теледидарда еңбек етуші едім. Сол кезде Жамбыл ауданына (орталығы Благовещенка) Жүсіп Бәшіров әкім болып келген-ді. Оған телефон шалып, мән-жайды түсіндіріп, Әміреш Дәрменов тұрып жатқан Озерный ауылында кездесуге келістік.

Уағдаласқан күні совхоз кеңесінің алдында кездесіп, сол маңайда тұратын

Әміреш ағайдың үйіне келдік. Жерде, төсеніш үстінде отыр екен. Біраз әңгімелескеннен кейін теледидарға түсіріп, сұхбат алатын болдық. Толып жатқан ордендер мен медальдарды тағатын бір дұрыс киім таба алсақшы. Осыдан кейін әкім мен совхоз директоры бір сирақ ет, пешке жағатын отын-көмір, диван, костюм алып берді.

– Кемпір өз туыстарына кетіп, Әміреш атам жалғыз қалған соң үйіме көшіріп алып, күттім. 2003 жылы желтоқсанда дүние салды, – дейді інісі Зияданың немересі Хамитолла. – Атамды туған ауылы Жалтыршаның зиратына қойдық. Басына үй тұрғызуға Пресновкадан сатып алған кірпіш пен цементті жеткізуге аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім басшылығы көлік тауып беріп көмектесті. Аудан әкімдігінен Батыр атамыздың басына ең құрығанда қара тастан белгі қоюға көмек сұрап едік, қол ұшын бермеді.

Жуырда осы зиратта болғанымда туған-туысқандарының ағайынды екі жігіт – Әміреш пен Зияда жатқан қабір басына силикат кірпіштен тұрғызған тамын көрдім. Қолдан құйылған құлпытас. Ал зираттың кіріберісінде, ауыл тұрғындарының айтуынша, аудандық ардагерлер кеңесі мен ауылдық округ бірлесіп, Жалтыршадан Ұлы Отан соғысына қатысып, майданда қаза тапқандарға құлпытас орнатылыпты. Таза қазақ ауылы болса да, тасқа "Никто не забыт, ничто не забыто" деп жазылып, жауынгерлердің тектері орысша қашалыпты. Оның өзінде жалтыршалық боздақтар түгел қамтылмаған деседі ауыл адамдары. Ал тізімге соғыста ерлік жасап елге оралып, еңбек еткен, қазір бақилық болған жауынгерлер мүлде енгізілмепті. Дұрыс белгі қойылмаса сонау Ресейдің астанасы Мәскеудегі Даңқ мемориалына есімі қашалып жазылған қас батырымыз Әміреш Дәрменовтің қай жерде жерленгенін болашақ ұрпақ қайдан білмек? Бұл – ойланатын мәселе.

МІНЕЗІН МАЙДАН ШЫҢДАҒАН

қаламгер ешкімге иілген емес

"Болат қайнауда шынығады, батыр майданда шынығады" дегендей, әрі ұстазым, әрі әріптесім Рәшит Бәдірленов бұғанасы бекімей колхозда еңбекке араласып, шыңдалған, қан майданда неміс-фашист басқыншыларына қаруын кезіне қарсы шығып, Ұлы Жеңісті жақындатуға өзіндік үлес қосқан өжет азамат еді. Ол бейбіт өмірде де ұстаздық ете, қарындашын ұштап, қаламын шыңдап өңір жылнамасын жазуға атсалысқан шақта да кездескен қиындықтарға, өткен ғасырдағы қылышынан қан тамған партия қолшоқпарларының әділетсіз әрекеттеріне де ымырашылдық жасамай, мылтықсыз майданда да кеудесін оққа тосып, жеңіске жете білетін қайсарлығымен ерекшеленетін.

Бұл Тың өлкесі жабылып, солтүстіктеі бес облыс қайта қалпына келтірілген 1966 жыл еді. Өңір тұрғындарының қолына "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газеті тие бастады. Совхоз комсомол ұйымының хатшысы болып істеп жүрген мен редактордың атына хат жазып, қызметке алуын сұрадым. Сол кезде хат бөлімін басқаратын Ғазез Нұрмолдин "Мына баладан бірдеңе шығады, шақырту керек" деп ұсыныс жасапты. Осыған орай

редакцияның жауапты хатшысы Әміржан Мәутенбаевтың менің келіп-кетуім қажет екенін айтқан хатын алдым.



Редакцияда менің шығармашылық қабілетімді тексерді. Алдымен әр жерден редакцияға келген бірнеше хатты газетке басуға жарамды етіп жазып шығуым керек болды. Содан кейін АПН (агентство печати новостей) материалдарын орысшадан қазақшаға аудардым. Мәтіні қиын, сөйлемдері шұбалаңқы екен. Сөздік сұрауға ұялдым. Аударып бердім. Ақыры редакция алқасының отырысына шақырды. Шымқай ересек адамдар екен, қыз сияқты сызылып тұрмын. Бәрі пікірлерін айтып жатыр.

– Жазуы жаман көрінбейді, төселіп кететін түрі бар, алу керек, – деді дене бітімі шағындау, егде тартқан бірі. Бәрі қостай жөнелді. Артынан білсем, ол редактордың орынбасары Рәшит Бәдірленов екен. Сөйтіп, редакцияға қызметке қабылдандым.

Оны бәріміз Рекең дейміз. Ол материалды жазбас бұрын ақ қағаздың жоғарғы жағына сызғышты қойып, қарындашпен түзулеп сызып алатын. Содан кейін жазуға кіріседі. Асықпай жазады. Жазуы маржандай болып түседі. Оны машинкаға бастырып алғаннан кейін дауыстап оқып, қателерін түзейді. Жалпы газетке кезекшілік құрғанда да беттердегі материалдарды ежіктеп, дауыстап оқушы еді.

Жұмыс арасында, болмаса басқа жерде басымыз қосылғанда соғыста басынан өткерген қызық оқиғаларды айтқызамыз. Міндетті әскер қатарына 1939 жылы алыныпты. Ұлы Отан соғысы жылдарында екінші Беларусь майданының жеке саперлық батальонында болған.

– Сапер өмірінде бір-ақ рет қателеседі. Сақ болыңдар, – деп ескертіп отыратын командиріміз, – дейтін Рәшит Бәдірленов.

Шынында да, минаны анықтай алмай жарылып кетсе, өміріңнің қиылғаны емес пе?

– Бірде, – дейді Рекең, – кескілескен шайқас болып, кімнің қайда екенін де білмейтін жағдай туды. Мен өз жолдастарымнан айрылып, адасып қалдым. Кездескен жауынгерлерден біздің батальонды сұрасам, ешкім білмейді. Сөйтіп жүргенде бір штабқа кезіктім. Кеңсеге кіріп, шамалы орысшаммен мән-жайды түсіндірген едім, шамасы түсінбеген болар.

– Дезертир! – деді командир.

– Никак нет! – дедім мен де жұлып алғандай.

Сонда ғана командир менің адасып қалғанымды түсінді. Жаныма жауынгер қосып, батальонымды тауып алуға көмектесті.

Болмысынан қарапайым да аңқау адам еді Рекең. Мен Алматыдағы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттай оқыдым. Жылда сессияға барып, бақылау жұмыстарын жазып, университетті уақытында бітірдім. Менен бірнеше жыл бұрын осы оқу орнына түскен әріптесім Байтұяқ Жанымбетов бізге келіп қосылып, бірге бітірді. Ол кезде жоғары, орта арнаулы оқу орындарын бітіргендерге төсбелгі (ромбик) беретін. Оны төске тағып жүру мәртебе саналатын. Ал университеттің төсбелгісі тіпті екерше. Бірақ біз бітірген жылы төсбелгі болмай қалды. Байтұяқ Жанымбетов өзінің Алматыдағы бажасының

төсбелгісін алып, тағып келіпті.

– Әй, Амандық, сенде неге ромбик жоқ? – деп сұрады бір күні Рекең менен.

– Өй, Реке, қазір тәртіп өзгеріпті, – дедім.

– Не қылған тәртіп?

– Егер университетте он жыл оқымасаң, ромбик бермейді екен. Анау Байтұяқ он жыл оқыды, оған берді, маған бермеді, – дедім.

– Өй, қызық екен. Сонда енді саған ешқашан төсбелгі бермей ме? – деп шын сеніп, таң қалған еді.

Ойнап айтқанымды естігеннен кейін қарқылдап тұрып күлгені бар.

Еңбек жолын Совет (қазіргі Аққайың) ауданындағы Үлгіде қарапайым колхозшыдан бастап Петропавл педагогика училищесін тамамдағаннан кейін де туған ауылына оралып, мұғалім болған Рәшит Бәдірленұлы кейіннен аудандық партия комитетінде нұсқаушы, аудандық газеттің редакторы қызметтерін атқарады. Ал 1966 жылы облыстық газет қайта ашылғанда редактордың орынбасары болып тағайындалады. II дәрежелі Отан соғысы, "Германияны жеңгені үшін", "Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін", "Ерен еңбегі үшін", "Еңбектегі ерлігі үшін" медальдарымен марапатталған.

Ұстанымы нық, адал адам еді Рекең. Әсіресе, сол кездегі партияның саясатын желеу етіп, қарапайым халықтан өздерін жоғары қоятын мансапқорларды, қарамақтарындағы қызметкерлерді тұқырта ұстауға тырысатындарды жек көретін, олардың теріс әрекеттеріне қаймықпай қарсы шығатын. Ұжым болған соң, оның үстіне шығармашылық ұжым болған соң айтыс-тартыс та болып қалады. Біреудің мақаласына сын айтсаң, ол артыңнан шам алып түсуі мүмкін. Осындайда Рекең әділдігін айтатын, жастарды қолдайтын. Тіпті облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысының қисынсыз қылығын сол кездегі Кеңес Одағының ең басты басылымы – "Правда" газетіне дейін жазғаны бар. Бұл ерлікпен пара-пар қадам еді. Рекең 1992 жылы 72 жасында дүние салды.

Рәшит Бәдірленов өзінің жастық шағында көрген қиыншылықтары туралы повесть жазып еді. Біраз бөлігі сол кезде "Ленин туы" газетінде жарияланды. Бірақ кітап қылып бастыра алмай кетті. Шіркін, осы күні көзі тірі болса, жазары көп еді-ау.

ӘМИНА АПАЙ

Бұл 1966 жыл болатын. Тың өлкесі жабылып, бұрынғы Солтүстік Қзақастан, Кешетау, Ақмола, Қостанай облыстары қайта ашылған. Соған байланысты облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақастан") газеті үш жыл үзілістен кейін бірінші қаңтардан шыға бастады. Мен ол кезде Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданындағы "Озерный" совхозында комсомол ұйымының хатшысы болатынмын. Бұрын сол төңіректегі Қарақамыс, Жаңажол, Ақбалық, Жалтырша, Нұрымбет, Сәбит, Октябрь ауылдары Қостанай облысына қараған жылдары "Коммунизм жолы", "Тың өлкесі" газеттеріне шағын хабарлар жазып тұратынмын. Қысқаша айтқанда, сол кездегі редактор Құрмантай Меңдіғожинге хат жазып, артынан редакцияға қызметке ендім.

Сол кезде редакцияда шығармашылық қызметкерлер тек ер адамдар болатын. Жауапты хатшы Әміржан Мәутенбаев отырған кабинет алдында

сары жүзді татар әйелі үнемі шылым шегіп, бірдемелерді жазып, сызып отыратын. Менің болашақ тағдырым сол адамға тоғысатынын, оның туған анамдай қомқоршым болып кететінін ол кезде білмеген едім.



Суретте: (оңнан солға қарай) - редакцияның жауапты хатшысы Әміржан Мәутенбаев, орынбасарлары Әмина Мұхаметрахимова және Амандық Жантеміров.

Бір күні хатшы келіп:

– Сізді редактор шақырады, – деді.

Кабинетіне барсам, редакцияның алқа мүшелері жиналып отыр екен. "Не болып қалды, ештеңе бүлдірген жоқ сияқты едім ғой" деп ойладым. Мен орындыққа отырысымен редактор сөз бастады:

– Мен республикалық "Социалистік Қазақстан" (қазіргі "Егемен Қазақстан") газеті редакциясында жауапты хатшы болып істедім. Содан кейін мені Мәскеуге КПСС Орталық Комитенінің жоғары партия мектебіне оқуға жіберді. Оны бітіріп келгеннен кейін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне нұсқаушы етіп отырғызды. Бір облысқа идеология жөніндегі хатшы етіп жібереді ғой деп ойлап жүрдім. Бір күні мені бірінші хатшы Дінмұхамед Қонев шақырды.

– Біз сені бір облысқа хатшы етіп жіберейік деп ойладық та, бірақ Орталық Комитетте қалғаныңды жөн көрдік. Облысқа барсаң, сенің әмірің сол өңір төңірегінде ғана жүреді, ал Орталық Комитетте отырсаң, бүкіл республика көлеміндегі басшылармен араласасың, олармен терезең тең болады. Бұл болашағыңа жақсы. Осыған қалай қарайсың? – деді.

– Сіздер қалай шешсеңіздер, солай болады! – дедім.

Сөйтіп, Орталық Комитетте нұсқаушы болып қалдым. Осы қызметке содан жіберді мені. Осының бәрін айтып отырғаным, мына редакция алқасының мүшелері сені жауапты хатшының орынбасары қызметіне тағайындауды жөн көріп отырмыз. Онда өзің сияқты жас, елгезек, сауатты адам қажет. Еңбекшілер хаттары бөлімінде отырсаң, хат қорытудан басқаны білмейсің, ал секретариатта барлық бөлімдердің жұмысына араласасың, ой-өрісің өседі. Бұған қалай қарайсың? – деді.

– Сіздер қалай шешсеңіздер, сола болады! – дедім мен де.

Редактордың кабинетінен шықсам, қабылдау бөлмесінде секретариатта отыратын татар әйелі Әмина Мұқаметрахимова күтіп тұр екен.

– Мәселе қалай шешілді? – деді.

– Секретариатқа ауысатын болдым.

– Ренжіме, бұл ұсыныстыменайтып едім. Жауапты хатшының орынбасарлығына өзіңдей жас, елгезек, сауатты адам керек, – деп редактордың айтқанын қайталады.

Сол күннен бастап Әмина апай (редакция қызметкерлерінің кәрі-жасы түгел осылай айтатын) секретариат жұмысының қыр-сырын үйрете бастады. Темір сызғыш болады екен. Онда сантиметр, миллиметр емес, әріптердің корпус, петит, нонпарель, тағы сол сияқты өлшемдері бар. Газет беттерінің макетін жасағанда материалды орналастыру үшін өте қажет өлшемдер.

Жауапты хатшы Әміржан Мәутенбаев редакциядағы жалпы басшылықты өз қолына алған. Макет жасамайды. Барлық жұмыс Әмина апай екеуміздің мойнымызда. Баспахананың материалдық-техникалық базасы нашар. Әріп теретін линотип машиналары сына береді. Кадр жетіспейді. Аптасына бес рет шығатын үлкен форматты газетті жасау үшін күні-түні жүреміз. Әйел адамды әуре қылмай-ақ қояйын деп, баспаханда күні-түні мен жүремін.

Баспаханада линотипте металдан құйылған материалдарды Ережеп, Раушан, Райхана, Сәуле сияқты метромпаждар жинап, бетке қалыптайды. Содан кейін олар үстіне қара май жағып, қағаз төсеп, бетіне киіз жауып, роликті ышқына тартады. Сонда ақ қағазға беттің материалдары басылып шығады. Оны корректорлар оқып, қатесін көрсетіп береді. Қатесі бар жолдар линотип машинасында қайта құйылып шығады. Қалыптаулы беттегі сол жолдар ауыстыру үшін бізбен шұқып алынады. Жұмыс осындай күрделі болатын. Соған қарамай жасалып қойған беттердің кейбір материалдары ауыстырылады. Оны естігенде:

– Жыннанарсыңдар! – деп ыза болушы еді сол кезде істеген татар жігіті Дима.

Әмина апай редакцияда Ұлы Отан соғысы жылдарынан бұрын-ақ жұмыс істей бастаған екен. Күйеуі соғыста қаза болған. Ол ел қорғауға аттанғанда іште қалған баласы дүниеге келіп, Марат деп ат қойған. Жас нәрестені ата-енесі күткен де, өзі редакцияда қона жұмыс істеген.

– Соғыс жылдары жұмыс ауыр болды. Телетайп арқылы соғыстың барысынан хабарлар күні-түні келіп жатады. Оны алып, линотиппен теру керек. Редакцияда темір пешті жағып, үлкен қара диванда арасында көз шырымын аламыз. Баламды емізуге де уақыт болған жоқ. Тамақ та тапшы. Не керек, бейнет көрдік қой, қазіргі заманға тәубе, – деп отыратын Әмина апай шылымын сорып қойып.

Соғыстан кейінгі жылдары редакция ұжымының ұйымшыл болғаны байқалады. Қазіргі Интернационал ол кезде Сталин көшесі деп аталатын. Осы көше бойындағы колхоз базарының ет сататын орнының маңында үнемі шалдар жиналып отыратын. Бірде ауылдан келген біреу солардан редакцияның бір қызметкерін сұрастырса керек. Сонда олардың бірі:

– Сен анау Бостандық көшесіндегі үлкен ағаш үйге барып сұрашы. Демалыс күндері редакцияның біраз жігіттері сонда барып балсыра ішуші еді, – депті.

Бұл Әмина апайдың үйі екен. Шынында да жігіттер апайдың балсырасын ішуге барып тұратынға ұқсайды.

– Демалыс күндерінің бірінде үйге үш-төрт жігіт сау ете қалды. Үйде ішетін ештеңе жоқ еді. Жігіттер, отыра тұрыңдар, мен қазір дүкенге барып келе қояйын, – деп жатырмын. Сонда іштеріндегі ересектеуі – "Социалистік Қазақстанның" біздің облыс бойынша меншікті тілшісі Сейтен Бейсенбаев:

– Әмина-ау, ниет болса болды ғой, ниет болса болды ғой, деп қолын уқалай береді, – деп күлетін Әмина апай жастық шағын еске алғанда.

Газет жабылған жылдары Әмина апай түрмеде қызмет істеп, қайта ашылғанда өз ұжымына оралған. Осыған орай оны білетін адамдар "Әмина апай түрмеден шығыпты" деп әжуалайтын да болыпты.

Әмина апайдың ұйымшыл, қонақжай, қолы ашық, кімге болмасын көмектескісі келіп тұратын қасиетін жақсы білуші едік. Не бір бас қосу сол үйде ұйымдастырылатын. Менің үйлену тойым да сонда өтті. Алдында пәтер таба алмай жүргенде ауылдастарым Әскер Нұрсейітов, Алпысбай Сағындықов

үшеуміз осы үйдің үлкен бөлмесін шымылдықпен бөліп, біраз уақыт тұрғанымыз да бар.

Жалпы мені өзінің баласындай жақсы көруші еді. Керісінше, туған баласы Маратты арақ ішеді деп ұната қоймайтын, ұрсатын. Мені "балам" дейтін. Бар білгенін, өмірлік тәжірибесін маған үйретуге тырысатын. Журналистиканы оқымаса да, ұлты татар болса да, қазақша жақсы сөйлеп, жаза білетін. АПН материалдарын аударатын. Оның материалдарының орысша мәтінінің өзі күрделі, аударуға қиын болатын.

Әмина апайдан газет жұмысына байланысты үйрендерімнің Алматыдағы Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде сырттан оқығанда пайдасы тиген еді. Кейде емтихан сессиясына шақырту келгенде Әмина апай демалыста болып қалса, мені жолымнан қалдырмас үшін жұмысқа да шығатын. Ақшадан қысылып тұрсам, әкеліп беретін. Қандай мейірімді жан десеңізші?!

Елу беске толып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін үйде қарап отыра алмай, қайта редакцияға келді. Бірнеше жыл машинистка болып істеді. Өзі татар болғанымен, күйеуі, жақын туыстары қазақ-татар араласқан жандар болса керек. Қазақтың қалжыңына ашуланбайтын.

– Қазақтар бас қосайын деп жинала қалса, "мен қазақпын дейсіз де", ал ақша жинай бастаса, "мен татар емеспін бе" деп шыға келетініңіз қалай? – деп әжуалайтынбыз. Шын сөз болған соң ашуланбайтын, күле беретін.

Әмина апай жетпіс үш жасында дүниеден озды. Бір күні туысы Роза Шөкенова маған телефон соқты. Мен ол кезде облыстық телерадиокомитетте қызмет істетін едім.

– Амандық, шешең қайтыс болды. Тез жет, жабдығын өзің басқар, – деді.

Бардым. Бәрін ұйымдастырып, о дүниеге ұзатып салдық. "Алдының жарығын, артының қайырын берсін" деп тілегендер аз болмап еді. Бірақ өзінің ең жақсы көретін немересі Мәлікті артынан ала кетті. Ол Әмина апайды жерлеген күні түнде кісі қолынан мерт болды. Жалғыз ұлы өзінен бұрын бақилық болған еді, сүйікті немересін артына қалдырмады. Келіні Капа мен кіші немересі Мүсілім қазір осы Қызылжарда тұрады. Ұлты татар болса да, қазақтың тілін, әдет-ғұрпын, дәстүрін жақсы меңгере де сыйлай білген Әмина апай осындай адам еді.

БІЛІКТІ БАСШЫ, АДАЛ АЗАМАТ БОЛАТЫН

Таңғы ұйқы қандай тәтті. Түс көріп жатыр екенмін.

– Амандық, тұр, шай дайын! – деген сөзден оянып кеттім.

Жеңгеміздің дәмді шайын ішіп, есік алдына келіп тұрған "ГАЗ-69" жеңіл автокөлігіне отырып жолға шықтық. Бұл таңғы сағат 5 кезі еді.

– Таң атпай қайда барамыз, совхоз кеңсесінде әлі ешкім жоқ қой, – деймін.

– Совхоз кеңсесіне барып қажеті жоқ, жұмысты сауын басынан бастаймыз. Сонда репортажыңа көп деректер жинайсың, – дейді Қалиқан Мәмбетов.

Міне, мал жайылымына да жеттік. Сауын сиырлар әлі қоршауда. Басында бір де адам жоқ. Қақаң сиырлардың күйін қарап жүр. Біраздан кейін ғана малшы дала қосынан шықты. Енді біраздан кейін автокөлікпен сауыншылар келді. Сауыншылар жылжымалы дала қосына кешкісін қойып кеткен шелектерін, механикаландырылған сауу аспаптарын шығара бастады.

Қалиқан Сәдуұлы оларды қолына алып, тексеріп көріп еді, кір екен. Сауыншыларға тазалықты сақтамағандары үшін зекіп тастады.

Біз таңғы сауынды бақылап, бақташылармен, сауыншылармен әңгімелескенше, совхоз кеңсесіне басшылардың жиналатын уақыты да болып қалды. Таңертеңгілік лездемеге біз де қатыстық. Қалиқан Мәмбетов осы жерде көзіміз көрген кемшіліктерді тізбектеп айтып, оған жол беруге болмайтынын ескертті мамандарға.



Бұл 1970 жылдарда болған оқиға еді. Қалиқан Мәмбетов Мамлют аудандық ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау және сапа жөніндегі бас инспектор қызметін атқаратын. Мен сол кезден бастап, Қалиқан Сәдуұлымен жиі қатынасып тұрдым. Ол Жамбыл ауданына осы қызметке ауысқаннан кейін де редакцияның тапсырмасымен барған сайын тауып алып, елді мекендерді бірге аралаушы едік.

Қалиқан Сәдуұлы жастайынан еңбекке араласып, адамдармен тіл табыса білуінің, іскерлігінің, еңбекқорлығының, бірбеткейлігінің, адалдығының, қандай қиын жағдайда болсын оңтайлы шешім қабылдай білетіндігінің арқасында, тіпті, біріне-бірі ұқсас емес салаларда басшы қызметтер атқарған адам еді.

Еңбек жолын Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарасты Жаңажол орта мектебінде (қазіргі Солтүстік Қазақстан облысы) мұғалімдіктен бастаған ол 1940 жылы міндетті әскер қатарына алынады. Қиыр Шығыста авиатехникалық училищеде оқып, авиаэскадрелияның автомеханигі мамандығын алған. Ал Ұлы Отан соғысы басталғанда саяси қызметкерлер даярлайтын курста оқып, 2-ші Беларусь майданында атқыштар полкының взвод командирі болған. Соғыста жараланып, госпитальда жатып, емделіп шыққаннан кейін қайта өз қызметіне тұрған. Сөйтіп, соғыстан 1945 жылдың қыркүйегінде оралған Қалиқан Мәмбетов өзі еңбек еткен мектепке әскери сабақ беретін мұғалім болып орналасқан.

Осы мектепте директор болып істеп жүрген Қалиқан Сәдуұлын алдымен Қостанай облыстық мемлекеттік қауіпсіздік басқармасына аға жедел уәкіл қызметіне алып кетеді. Артынан Пресногорьков аудандық партия комитетіне ауыл шаруашылығы бөлімінің бастығы, машина-трактор стансасының хатшысы етіп сайлайды. Ол кезде бұл стансаға жеті колхоз қарайды. Соғыстан кейінгі қиын кез еді бұл. Техника тапшы, барының өзі сына береді. Мал қоралары жетіспейді, көбі қыста ашық аспан астында тұрады. Соның салдарынан мал басы да өспейді, өнімі де аз. Осындай кемшіліктердің ең басты себебі – колхоз басқармалары төрағаларының көпшілігінің жұмысты ұйымдастыра білмейтіндігінен екенін аңғарады ол.

Осындай жағдайды көрген Қалиқан Мәмбетов Пресногорьков аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Илья Ященкоға өзін “Молотов” колхозына басқарма төрағасы етіп жіберуді сұрап өтініш жазады. Бұл тосын өтінішке сенерін де, сенбесін де білмеген бірінші хатшы оны шақырып алып әңгімеге тартады. Илья Герасимович Қалиқан Сәдуұлына аудандық

дәрежедегі басшылық қызметтен колхозға ауысуына не себеп болғанын сұрайды. Өтінішін қайтып алуды ұсынады. Бірақ айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей Қалекең өз шешімінен айнымайтынын білдіреді.

Сөйтіп, бұл мәселе аудандық партия комитетінің бюро мәжілісінде қаралып, өтініш қанағаттандырылады. Бұл 1951 жыл болатын. Үш ауыл – Ақбалық, Қарақамыс, Нұрымбет біріктіріліп, ірілендірілген колхоз құрылған шақ. Соңғы үш жылда мұнда бес басқарма төрағасы ауысқан. Соның салдарынан колхоз шаруашылығы алға басудың орнына тұралап қалған.

Бұл нағыз қыстың қаһарына мініп тұрған кезі еді. Фермаларды аралап көрсе, қоралар ашық-тесік, біраз мал ашық қоршауға қамалған, жемшөп тапшы, малдың астына қи қатқан, көптен күрелмеген. Істі ұйымдастыра білмеген бригадирлердің бірнешеуін ауыстыруға тура келді. Осы колхозды техникалық қамтитын Пресноредуть машина-трактор стансасының директоры Сергей Загурейкомен келісіп, екі шынжыртабанды трактор алады. Осы тракторларға қарсырғыш тіркеп, ормандардың ықтасын жерлерін аршытады. Ауа райы ашық күндері ірі қараны осы алаңдарға апарып бақтырады.

Күйі төмен малдарды, әсіресе, бұзауларды үйді-үйге бөліп береді. Осылай ұйымдастырылған жұмыстың арқасында қоғамдық мал қыстан шығынсыз шығып қана қоймай, колхоз мемлекетке ет, сүт тапсыру жоспарын да ойдағыдай орындайды. Осы табысы үшін колхозға облыстық ауыспалы Қызыл Ту тапсырылып, бір мың сом көлемінде ақшалай сыйлық беріледі. Келесі жылдан бастап жазғы айларда ауылдардың ақсақалдарынан бірнеше бригада құрылып, қолшалғымен пішен шабылады. Қыс көлдерден қамыс шабылып, мал қоралары салынады. Келесі жылы жазда Ақбалық аулының ақсақалдарын жинап Қарақамыс аулы маңындағы көлдердің айналасынан қолорақпен шөп шаптырды. Міне, сөйтіп айналасы бес-алты жылда колхоз миллионер атанады.

Тың және тыңайған жерлерді игеру басталған шақта Қалиқан Мәмбетов Торғай өңіріндегі Амангелді аудандық партия комитетіне хатшы болып сайланады. Бұл кезең оның өміріндегі жарқын белестердің біріне айналады. Тәжірибелі басшы басқарған аудан тың игеру мен астық, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде рекордтық көрсеткішке қол жеткізеді. Алайда, Қалиқан Сәдуұлы өзі сұранып, 1963 жылы туған өңіріне оралып, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің ауыл шаруашылығы бөліміне нұсқаушы болып орналасты.

Тыныш, таза қызметті атқарып жүре беруіне де болушы еді оған. Бірақ Қалиқан Сәдуұлын бір тылсым күш ауылға жетелей берді. Бұл жолы да өзі сұранып, алдымен Сергеев аудандық (қазіргі Шал ақын) өндірістік басқармасы бастығының орынбасары қызметіне ауысып, көп кешікпей Тереңсай совхозына (қазіргі Ысқақ Ыбыраев атындағы ауыл) директорлыққа ауысты. Мұнда да ол күні-түні тер төге еңбек етіп, артта қалған шаруашылықты алдыңғы қатарға шығарды. Соның арқасында трактор-егіс бригадасының бригадирі Қабиден Шәйінов "Ленин", комбайншы Ахметжан Имақов "Құрмет белгісі" ордендерімен, басқа бірнеше жұмысшы әртүрлі медальдармен марапатталды.

Осы жылдары Қалиқан Мәмбетовтің кеудесіндегі "1941-45 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін", "Ержүректігі үшін", "Еңбектегі ерлігі үшін", "Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін" медальдарының

жанына "Құрмет белгісі" ордені қадалды, "Ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер" атағы берілді. Ал 1965 жылы Қорған ауыл шаруашылығы институтын сырттай оқып бітіріп, ғалым-зоотехник атанды. Дипломдық жұмысты асыл тұқымды қой өсіру тәжірибесі тақырыбында қорғады. Сондықтан қой өсірумен айналысатын шаруашылықтардың басшылары мен мамандары Қалиқан Мәмбетовтен үнемі ақыл-кеңес алып отыратын. Аудандық газеттерге, сондай-ақ "Ленин туына" ("Солтүстік Қазақстан") маманның кеңесі айдарымен қой шаруашылығын дамытуға байланысты мақалаларды жиі жазып тұратын. Газетіміздің жанашырларының бірі еді. Ауылдарда болғанда халықты облыстық газетке жазылуға үгіттеп жүретін.

Қызмет бабымен Қостанай, Торғай, Солтүстік Қазақстан облыстарының біраз жерінде басшы қызметтер атқара жүріп, ол дүние-мүлікке қызыққан жоқ. Қай жаққа жіберсе де, сыбай-салтаң көше жөнелетін. Қайда жүрсе де ол өзін туған жері – Ақбалық ауылының айналасындағы әсем табиғат – айдын көлдер мен қалың ормандары шақырып тұрғандай сезінетін. Ақыры туған жердің топырағы бұйырды. 65-ке қараған шағында дүниеден өткен Қалиқан Сәдуұлы тірі болса, бүгін тоқсанға келер еді. Тағдыр оған жазбады. Жеңгеміз Бәдиша Ерғалиқызы екеуі Еркін, Сапар, Гауһар, Гүлнәр, Айтжан, Айгүл есімді балаларды дүниеге әкеліп, өсірді, оқытты, жеткізді. Өз еліне сіңірген адал еңбегімен артына өшпес із қалдырып кетті.



Сүретте : Тәкей Қарақамысы көлінің жағасында шөп шауып жатқан Ақбалық ауылының ақсақалдары түскі демалыс кезінде. 1952 жыл.

АЛТЫН ЖҰЛДЫЗДЫ ХАЙНИ-ЖАМАЛ

Тағдыр. Алла тағала жер бетіне келіп-кететіндердің бәрінің тағдырын алдын ала жазып қояды деседі. Қызылжар қаласында осыдан аттай жетпіс жыл бұрын жарық дүниеге шыр етіп келген Хайни-Жамал Мусинаның тағдыры ана құрсағында жатқан сәтте-ақ жазылып қойылған сыңайлы. Әйтпесе жастайынан жетім қалып, балалар үйінде тәрбиеленген қазақтың қызы жұрт қатарлы еңбек етіп, тең құрбыларынан асып түсіп, Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атаққа ие боламын деп ойламақ түгілі, түсіне де енбеген болар. 8 наурыз –

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Хайни-Жамал Оспанқызымен жолығудың сәті түсті.



– Хайни-Жамал Оспанқызы, ең алдымен сізді келе жатқан Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін!

– Рахмет!

– Бұл біріншіден. Ал екіншіден, ұмытпасам, биыл қазан айында кезекті мерейтойыңыз. Әдетте әйел адамның жасын сұрамайды дейді ғой. Ал мен сізге өз құрбыларыңыздан әлдеқайда жас көрінесіз дегім келеді. Менің бұл жерде айтқалы отырғаным, осынша ғұмырыңызда небір қызықты, небір көңілге қаяу түсірер сәттер кездескен болар. Соны еске түсірсек.

– Дұрыс айтасыз. Мен өзім осы Қызылжар қаласында тудым. Отбасындағы сегіз баланың үлкенімін. Ақарлы-шақарлы отбасы болып, жұртпен қатар өмір сүріп жатқан едік. "Көппен көрген ұлы той" деген сияқты соғыстан кейінгі ауыртпалықты қызылжарлықтармен бірге арқаладық. Әкем Оспан Қызылжар түрмесінде қызмет істейтін. Жалғызтаудың түбіндегі колонияға сотталған адамдарды апарады екен. Сондай сапарының бірінде сотталғандардың қолынан қаза тапты.

Бұл 1954 жылы болатын. Шешем Фатима Ғарифуллақызы мен шиттей сегіз бала көз жасымызды көлдей ағызып қала бердік. Шешем бұрын жұмыс істемейтін, клубқа күзетші болып орналасты. Мені екі інімді қоса Новоникольское балалар үйіне берді. Ол Кеңес өкіметінің кезі ғой, маған Галя деген ат берді. Сол есім осы күнге дейін жалғасып келеді.

– Сіздің өніріміздегі атақты құрылысшы, нақтырақ айтар болсақ, сылақшы-сыршы екеніңізді жақсы білеміз. Осы мамандықты таңдауыңызға не себеп болды?

– Шынымды айтайын, мен мамандық таңдаған жоқпын, мамандық мені таңдады. Жұрт қатарлы орта білім алып, жоғары оқу орнына түсу арманда да болған жоқ. Балалар үйінде жеті сыныпты бітіргеннен кейін Қызылжардағы ФЗО-ға әкелді. Ол кезде кәсіптік мамандық беретін орын фабрика-зауыттық оқыту деп аталатын, кейін кәсіптік-техникалық училище деп алмастырылды ғой. Біздің оқытушымыз әрі ақылшы ұстазымыз Федор Костак болды. Федор Иванович сылақшы-сыршы мамандығының қыр-сырын жалықпай үйретті бізге.

– Құрылысшылық жұмысыңыз осылай басталып кетті дейсіз ғой?

– Ол кезде оқу мен еңбек ұштастырыла жүргізіледі ғой. Үш жыл еңбек етіп, мамандықты біршама меңгергеннен кейін Жамбыл қаласына, әкемнің қарындасына қонаққа барып, сонда құрылыс-монтаж басқармасына жұмысқа орналастым, Байқаймын, онда көптен бері еңбек етіп жүрген, тәжірибелі деп саналатын сылақшылардың өздері қабырғаларды сылағандарымен терезелердің маңын, бағаналарды тегістей алмайды екен. Соны үйретуіме тура келді. Сөйтіп, онда үш жыл жүріп, туған қалама қайтып келдім.

– Мұнда сізді жұмысқа бірден қабылдаған шығар?

– Бұл өткен ғасырдың 70-ші жылдары еді. Қалаларда да, ауылдық жерлерде де құрылыстың қарқын алған шағы. Құрылысшылар өте қажет. Мен "Петропавловскселькстой" тресінің №72 жылжымалы механикаландырылған колоннасына жұмысқа орналастым. Облыста сол кездері салынған мектептердің, балабақшалардың, мәдениет ошақтарының, емдеу мекемелерінің сырлау-сылақ жұмыстарын атқардық. Ал тұрғын үйлерде сан жоқ.

– Сіз көп жылдар бойы сылақшы-сыршылар бригадасын басқардыңыз ғой. Жұмыс қиын болған жоқ па?

– Мақтанғандығым емес, құрбыларымның арасында алдыңғы қатардан көрініп жүрдім. Колонна, трест басшылары мені ылғи басқаларға үлгі етіп айтып жүрді. Сөйтіп, 1967 жылы сылақшы-сыршылар бригадасын басқаруды тапсырды. Ең қиыны кадрлардың тұрақсыздығы еді. Жас қыздар. Кейбірі жұмысқа көндіге, шыдай алмайды. Кейбірі күйеуге шығып кетеді. Маған тұрақты ұжым қалыптастыру қажет болды. Ақыры сайдың тасындай қыз-келіншектерден бригада жасақтадым. Раушан Молдыбаева, Бағлан Оспанова, Татьяна Лелях, Күләш Салғарина, Светлана Хомутовская, Нонна Щеткина менің сенімді серіктеріме, арқасүйер мамандарыма айналды. Тіпті, біздің бригада басқа мехколонналарға көмек беру үшін алыстағы ауылдарға да барып жүрдік.

– Сол құрбыларыңызбен қазір қарым-қатынасыңыз бар ма?

– Әрине. Бағлан Оспанова, Күләш Салғарина, Раушан Молдыбаева осы қалада тұрады. Қалғандары басқа жақтарда. Сонда да хабарласып, кездесіп тұрамыз. Жастық шағымызды еске аламыз. Бәрі үйлі-баранды, балалары, немерелері бар. Еңбектерінің зейнетін көруде.

– Құрылысшы болып істеп жүрген шақтан есте қаларлық қызық оқиғаларды есіңізге түсіре аласыз ба?

– Біздің бригада 1979 жылы ғарышкер Юрий Гагарин атындағы Жұлдызды выпелді жеңіп алды. Оның үстіне мені Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XXV съезіне делегат етіп сайлаған болатын. Мәскеуде ғарышкерлермен, солардың ішінде жерлесіміз Владимир Шаталовпен, тұңғыш әйел-ғарышкер Валентина Терешковамен кездесу сәті әлі есімде.

Тағы бір қуанышты оқиға 1981 жылдың дәл осы наурыз айында болды. Мына құяң деген жүргізушілер мен құрылысшыларға тән сырқат қой. Белім ауырып, үйде жатыр едім, басшыларым келіп құттықтамасы бар ма. Мен ештеңеге түсінбей, аң-таңмын. "Сізге Социалистік Еңбек Ері атағы берілді, құтты болсын!" – деседі. "Мен не, сонша тау қопарып тастаппын ба?!" – деймін. "Сіздің көп жылғы адал да ерен еңбегіңіз осылай бағаланып отыр", – дейді басқарма бастығы Алексей Деркач.

Маған екінші Ленин ордені мен Алтын Жұлдызды сол кездегі облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Демиденко тапсырып, оған қоса "Волга" жеңіл автокөлігінің кілтін қолыма ұстатты. Бірінші Ленин орденін 1974 жылы алғанмын. Ол кезде мұндай автокөлік сыйға берілмек түгіл, жеке адамдарға сатыла бермейтін.

"Бұл – менің ғана емес, бүкіл бригаданың табысы, оларды да құралақан қалдырмаңыздар", – дедім. "Шынында солай, бригаданың барлық мүшелерін марапаттайық", – деді Алексей Деркач.

Трест партия комитетінің хатшысы Жолдас Лұқпанов пен кәсіподақ комитетінің төрағасы Николай Сахаров кімге не керек екенін жаза бастады.

Сөйтіп, қыздарымның біріне кілем, біріне жиһаз берілсе, енді біреулерінің пәтеріне телефон орнатылды. Бригаданың барлық мүшелері риза болды.

– Сіздің бұдан басқа да марапаттарыңыз бен атақтарыңыз аз емес қой?

– Рас, аз емес, 1976 жылы "Қазақ Кеңес Социалистік Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты" атағы берілді, 1980 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайландым, партияның XXV съезіне делегат ретінде қатысқанымды жоғарыда айттым. Бір басыма бұл аз емес қой. Маған берілген атақ пен абырой – еңбектес құрбыларымның арқасы. Оларға әрқашан ризамын.

– Құрылыс жұмысының қыр-сырын сізден артық білетін адам кемде-кем болар. Осы саладағы бұрынғы жұмыс пен қазіргіні салыстыруға бола ма? Жалпы өзіңіз туып-өскен Қызылжардың қазіргі келбетіне көңіліңіз тола ма?

– Ол кезде қабырға сылауға цемент-алебастра-су қоспасы, ал сырлауға сыр мен әк жетіп жататын. Бәрі қарапайым еді ғой. Қазір құдайға шүкір, құрылыс материалдарының түрі де, саны да көп. Жұмыс та бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл. Ал Қызылжарға келетін болсақ, күн санап құлпырып келеді деуге болады. Бұрынғыдай біртекті үйлер салынбайды, қазіргі ғимараттар әсем, біріне-бірі ұқсамайды, көз тартады. Көшелер де қандай тамаша болып келеді.

– Байқап отырмын, үш бөлмелі пәтерде жалғыз тұрып жатқанға ұқсайсыз.

– Дәл солай. Мен құрылыста істеп жүргенде Иван Потапенко деген жігіт автокөлікпен бізге сылақ қоспасын таситын еді. Танысып, үйлендік. Арамызда бала болған жоқ. Отыз жыл бірге тұрдық, қайтыс болғанына он жылдан асып барады.

– Бұрынғыдай жұмысқа ерте кетіп, кеш келмейсіз.Зейнеткерлік өмірді қалай өткізіп жатырсыз?

– Жастайымнан жұмыс істеп үйренгендіктен бе, үйде қарап отыра алмаймын. Қалалық ардагерлер кеңесінің мүшесімін. Қандай тапсырма берсе, соны орындауға тырысамын. Одан қолым босаса, Заречный кентінде тұратын інімнің үйіне барып көмектесемін. Бір сөзбен айтқанда, қарап отыратын уақыт жоқ.

– Әңгімеңізге рахмет!

ЖҰЛДЫЗЫ ЖАРҚЫРАҒАН ДИҚАН

Жолға алакөбеден шықсақ та бірнеше шаруашылықтың егін алқаптарында болып, диқандардың хал-жағдайларымен танысып, қысқаша болса да әңгімелескеннің өзінде уақыт шіркін зымырап өтіп барады. Біз келе жатқан Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданының елді-мекендері арасындағы жолдар асфальтталмаған болса да, ерсілі-қарсылы астық, жүгері тасыған машиналар тегістеп-ақ тастапты.

Астымыздағы қара «Волға» танаптардан сүрлеу жолға шықса болғаны жер апшысын қуыра зымырайды. Сол сәтте айналадағы ол шеті мен бұл жетіне көз жетпейтін сап-сары түске енген егін алқаптары да, иірім-иірім ормандар мен айдын көлдер де артта қала береді. Нағыз алтын күз бұл.

Міне, бір шоқты айналып шыға беріп едік, алдымыздан жүгері алқабы кездесе кетті. Аспанға таласа өскен жүгері сабақтарының бастарына дән байланып қалыпты. Нағыз ну ормен сияқты, қалың өскен. Ендеше, біз іздеп келе жатқан Төлебай Мұстафин де осы арадан табылар деп қоямыз. Ақыры солай болды. Келесі танаптан жүгері шауып жүрген үш агрегат көрінді. Абұйыр болғанда олар бері қарай келе жатыр екен. Үш агрегаттың соңында үш жүк автокөлігі еріп келеді. «Беларусь» тракторларына тіркелген комбайнның қайқы мойынынан аспанға атып жатқан көкше машиналардың қораптарына дәл түсуде. Танап шетінде кезек күтіп тұрған машина қаншама!



Жүгершілерді танап басында тосып алдық. Ең соңғы «Белорусьтан» қарғып түскен Төлебай Мұстафин «Волга» кабинасынан шығып қарап тұрған Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Демиденко мен атқару комитетінің төрағасы Ніл Болатбаевқа қарай беттеді. Денесі еңгезердей Василий Петрович орта бойлы, дембелше келген Төлебайды құшақтай алды.

- Жолдас хатшы, мұныңыз қалай, үстіңізге май жұғып қалады ғой, - дейді Төлебай Мұстафин әзілдей сөйлеп.

-Үстің май емес қой, ал шаңды қағып тастаймын. Былтыр социалистік жарыс қорытындысы бойынша өзің жеңіп алған су жаңа трактордa қандай май болуы мүмкін. Оның үстіне қазір киімге қарайтын кез емес, ауа райының осындай қолайлы сәтінде өсірілгеннің бәрін жинап алуымыз керек. Сонда еңбегіміз еш болмайды, - дейді Василий Петрович.

Көп әңгімелесіп тұруға уақыт тығыз. Әсіресе жүгеріні дер кезінде жинап алмасаң болмайды. Өйткені бір бозқырау түссе жүгерінің сабақтары қуарып, бастары төмен салбырап сала береді. Онда түсімі де азаяды, жемазықтық сапасы да төмендейді. Оны жүгеріші Төлебай Мұстафин жақсы біледі. Ал балауса кезінде шабылып, тұз араластыра орға үстінен шынжыртабанды трактормен басып, тығыздап салынған сүрлем малдың таптырмас қорегі екенін Төкең жақсы біледі. Бұл сүт бұлағын ағызатын, мал тез коң алатын азық.

- Жаңа құшақтасқанда Василий Петровичтің қолтығына еніп кеттің ғой өзі, қане екеуміз қауышып көрейікші, бойымыз бірдей емес пе! - деп күліп Төлебайды құшақтап жатыр Ніл Әдғамұлы да.

Басшылар мен қарапайым еңбек адамының арасындағы жарасымды әзіл қысқа аяқталды да, әңгіме жұмыс барысына ойысты. Жалпы, Василий Демиденконың тілімізге ділімізге, дінімізге қиянат жасалып тұрған сол заманның өзінде қазақ халқына деген ілтипаты ерекше еді. Еңбек еткен адамды ұлтына, жынысына қарамай сыйлайтын, құрметтейтін, марапатын аямайтын, лауазымын көтеретін. Еңбек десе ерінбейтін, облыс көлемінде ғана емес, бүкіл елімізге есімі белгілі болған жүгеріші Төлебай Мұстафинді де өзінің жақын досындай, бауырындай санайтын. Оның құшақтасып амандасуы да содан еді.

Василий Демиденко тың игеруге Украйнадан сонау 1954 жылдың наурыз айында келген. Еңбек жолын Ақмола облысындағы сол кезде жаңа ғана қадасы қағылып жатқан «Энтузиаст» совхозының бас агрономы қызметінен бастап, алғашында Целиноград, ал 1965 жылдан Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланған. Оның бағына қарай 1966 жылы бітік егін шығып, облыс мемлекетке 109,2 миллион пұт астық сатып, Қазақстандық миллиардқа қомақты үлес қосты. Осы толағай табысы үшін облыс ол кездегі ең жоғары награда – Ленин орденімен марапатталды. Ал жылдың қорытындысы бойынша еліміздің бірқатар еңбекшілеріне Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Солардың ішінде Преснов (Жамбыл) ауданындағы «Благовещенский» совхозының жүгерішісі Төлебай Мұстафин де бар еді. Кеңестер Одағы Жоғарғы Кеңесінің 1967 жылғы 19 сәуіріндегі Жарлығымен осындай жоғары атаққа ие болған Төлебай Мұстафиннің кеудесіне КПСС Орталық Комитетінің мүшесі ретінде Василий Демиденко Ленин ордені мен Алтын Жұлдызды өз қолымен қадаған-ды. Екеуінің арасындағы достық сол сәттен басталған.

- Әр гектардың түсімі қаншадан айналуда?

- Үш жүздің үстінде ғой, - деп күлімсірейді Төкең.

Арық айтып семіз шығатынын білетін бірінші хатшы:

- Жарайсың Төлебай! - деп арқасынан қағады.

Жүгеріші Төлебай Мұстафиннің бір басына атақ-даңқы жетіп жағылатын. Ол бұған дейін екі мәрте Ленин орденімен, бірнеше медальмен марапатталған. «Қазақ ССР ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген қызметкер» атағы өзіне басқа. КПСС ХҮ съезіне Қазақстаннан делегат болып қатысқан. Облыстық, аудандық партия комитетерінің мүшесі, әртүрлі деңгейде депутат болып талай сайланды. Облыста қандай бір алқалы жиын бола қалса Төлебай Мұстафинге басшылармен бірге қақ төрден орын берілетін. Бұл да оның ерен еңбегінің еленгенінің белгілі. Сондай жиындардың бірінде көршілес Қорған облысының «Заветы Ильича» колхозының агрономы, Кеңестер Одағына әйгілі егінші Терентий Мальцевтің мінбеге шығып өңір диқандарымен тәжірибесін бөліскенде «егер егіннен мол өнім алғыларың келсе жазғытұрым аяққиімдеріңді шешіп, қара жерге жалаңаяқ жүріңдер, сонда топырақтан қызған – қызбағанын білесіңдер. Топырақ қызбай сіңірілген дән суық жерде дұрыс өніп-өспейді» деген ақылын ешқашан ұмытпайды. Содан бері өзі де солай істейтін болған. Нәтижесі жаман емес. «Дала аруының» әр гектарынан жыл сайын 260-350 центнерден балауса жинауға қол жеткізіп жүрді. Бұл облыстағы ең жоғары көрсеткіш болатын. Егер жүгерінің су мен ыстықты жақсы көретін өсімдік екенін ескерсек, ол екеуі де бізде тапшы емес пе? Ал Төлебай Мұстафин болса мұндай жетістікке дәнді топыраққа дер кезінде сіңіру, уақытында культиватормен қатараралық өңдеу, сөйте отырып ылғал сақтауға жетісу арқылы қол жеткізетін.

- Биылғы әңгіме есіңде ме, сертіңде тұра аласың ба? - дейді Василий Петрович күлімсіреп.

- Әрине есімде, бүгін мына танаптағы жүгеріні үшеулеп бітіреміз. Сонда бір ғана танап қалады. Оны балаларым өздері-ақ жинап алады. Бозқырау түсетін күн әлі алыс, оған дейтін еркімен үлгереміз. Ертеңнен бастап астық комбайнына ауысам. Комбайным дайын тұр, – дейді Төкең.

Жылдағы дәстүр бойынша биыл да орақ алдында облыс диқандарының үлкен жиыны болған. Онда ғалымдар, тәжірибелі агрономдар қалыптасқан ауа райының, егіннің шығу жағдайына қарай астық

бастыру тәсілдері мен мерзімі жөнінде өз ойларын ортаға салған. Сонда Социалистік Еңбек Ері, жүгеріші Төлебай Мұстафинге де сөз берілді. Ол кезде мінбеге шығып қазақша сөйлей алмайсың, шамаң жеткенше орысша айтуың керек. Төкең кей сөздердің белінің ортасынан басып болса да орысша сөйлеп, өз ойын жеткізуге тырысты.

-Мен 1929 жылы Преснов ауданындағы Кенже ауылында дүниеге келдім, - деп бастады Төкең сөзін, - Ауылымыз ыдырап кетіп, Богдановка деген селоға көшуге мәжбүр болдық. Балалық шағым ел басына күн туған – Ұлы Отан соғысы жылдарына дөп келді де, аштықты да, тарыншылықты да бастан кешірдік. Өгізбен егін септік, лабогрейкамен астық жинадық. Сөйтіп, майданға астық жөнелтіп отырдық, өзіміз де күнімізді көрдік. Әрине, ол кезде техника жоқ, бәрі қолмен атқарылады, жерде не өніп шықса соған риза болдық. Ал қазір техника жеткілікті, мамандар бар, неге егін шағымдылығына мән бермейміз. Оны айтып отырғаным, биыл Мәскеуде Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерді көрмесінде болғанымда білгенім, Украйнадан келген диқандар бір маусымда 40 мың центнерден кем астық бастырмайды екен. Біз болсақ, 10-12 мың центнерді рекорд санаймыз. Оның мәнісі бізде егін шағымдылығы әлі де болса төмен, комбайнмен қаншама алқаптың егінін орсақ та, түсімі аз болғандықтан бункер тез тола қоймайды...

- Укранада негізінен күздік бидай өсіріледі ғой, оның шағымдылығы да жоғары, - деп айқайлады залдан біреулер.

- Төлебай дұрыс айтады, сөзін бөлмендер. Сендерге бетке айтқан сын ұнамай ма? -, деп сөзге араласты Василий Петрович, - Біз әлі егіншілік мәдениетін көтере алмай келеміз. Үш-бес танапты егіс жүйесі барлық жерде бірдей сақтала бермейді, парға қалтырылған алқапқа бір жылдық шөп егіп тастайсыңдар. Ондай жер тыныға ма? Егін көктегеннен кейін танаптарды тексеріп «сапа белгісін» берер кезде тұқым сіңірілмей қалған жерлердің кездесетініне не дейміз? Біздің облыстың жағдайында негізгі азық-түліктік дақыл – бидайды мамырдың 20-ы мен 30-ы адалдығында сепкен тиімді. Ал оны 15-нен бастағанның өзінде маусымның онына дейтін созып алатынамыз өтірік пе? Ондайда қандай өнім күтуге болады. Ал Төлебай болса жүгеріні агрономиялық қолайлы мерзімде себеді, өңдейді, бітік шыққан өнімін уақытында жинап алады. Сосын астық комбайнына отырып, дән жинайды. Соның өзінде озат деген комбаншылардан қалыспайды. Биыл да солай істейсің бе, Төлебай?

-Иә солай, істеймін, биыл егін шағымдылығы бізде жақсы, көрсеткішімізді 20 мың центнерге жеткіземін бе деп отырмын, - дейді Төлебай Мұстафин.

Бірінші хатшыдан бастап, алқалы жынға қатысқандардың бәрі ду қолшапалақтаған.

Облыс басшылары мен диқан арасынадғы әңгіме ұзаққа созылған жоқ. Сонда да осы жерде кездескен бөлімше басқарушысы Александр Сорокотяга Төлебай Мұстафиннің өзі өсірген жүгеріні толық жинап алып, астық комбайнына отырып жұмысын жалғастыратынын, ал совхоздың егінін түгел бастырып болысымен тіпті Майбалық, Талпын, Амангелді, Айымжан сияқты ауылдарға барып көмектесетінін айтып үлгерді.

- Қашан ұйықтайтынын білмеймін, - дейді Александр Федорович, - өзінде жан жоқ шығар деп ойлаймын. Еңбек Ері атағын осындай адамдарға берген өте орынды. Олай дейтінім, қажет болса қыста да, жазда да, күннің не түннің қай уағы екеніне қарамайды қол ұшін береді. Кейде бір әйел босана

алмай жатса аудан орталығына апару қажет болады, енді бірде машинам батып тұр деп келетіңдер де кездеседі.. Терезені қақсақ болғаны Төлебай куфайкасын киіп, бірден дайындалып шығады да, ештеме сұрамай-ақ «Беларусын» тұтата бастайды. Осындай елгезектілігімен, қарапайымдылығымен ауылдастарына сыйлы. Бәрі «Төке» деп тұрады. Табысына қуанады. Анау үнемі өзімен социалистік жарысқа түсіп жүрген әріптестері Петр Шлейдовец те, Еңбек Қызыл Ту орденді Сағындық Қойбағаров та оның ерен еңбегін жоғары бағалайды, қызғанбайды.

Бұғанасы жаңа қатая бастаған Төлебай Мұстафин механизаторлық мамандықты Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданындағы Надежка селосындағы курста оқып алып, соғыстан кейінгі жылдары Преснов, Благовещенка машина-трактор стансаларында механизатор болып істеп, тәжірибе жинақтаған. Сөйтіп, 1954 жылы елімізде тың және тыңайған жерлерді игеруге Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен келген жастарға қосылып кеткен. Ал 1955 жылы совхоз басшылығы біздің өңірде алғаш қолға алынғалы отырған жауапты іс – жүгері себуді тәжірибелі диқан Төлебай Мұстафинге сеніп тапсырған. Жүгері себу машақаты көп жұмыс болатын. Ол шаршы – ұялап сепкенде ғана жақсы өнім береді. Олай себу үшін арнайы сымды әр айналым сайын танаптың ұзына бойына керіп отыру қажет.

Осылайша әңгімелесіп тұғанымызда жүгері шауып жүрген екі агрегат танапты бір айналып, бері қарай беттеп келе жатты. Төлебай Мұстафинның екі баласы – Еслам мен Дәукен де әке жолын қуып жүгеріші мамандығын таңдаған. Қаршадайларынан әкелерімен бірге жүріп, диқандық жұмыстың қыр-сырын меңгеріп алған. Енді үшеуі қыс бойы егістікке қар тоқтатады, мал фермасы маңындағы қи жинайтын арнайы қоймадан трактор тіркемесіне көң артып, танаптарға шашады, көктемде тұқым себеді, одан кейін культиватормен қатарарылық өңдеу жүргізеді, күзде өнімдерін жинайды. Оның үстіне Төлебай Мұстафин астық комбайнына отырып, дән бастырады. Бұл облыстағы осылай істейтін жалғаз диқан.

Социалистік Еңбек Ері Төлебай Мұстафин өз балаларын ғана емес, ауылдың бірқатар жастарын қиындығы да қызығы да мол диқандық мамандыққа баулыды. Оған көмекші болған жастардың арасынан озат диқандар да, тәжірибелі мамандар да, білікті басшылар да шықты. Ол ел болашағының жастардың қолында екенін түсінді. Сондықтан жастарды еңбек етуге, білім алуға шақырып атырды.

- Ал, балаларым жақындап қалды, енді оларға қосылмасам болмайды, - деп тықырши бастады осы кезде Төкең.

- Уақытыңды алмайық, тезірек бітір де, сертіңді орындауға кіріс, жарай ма? - дейді Василий Петрович.

- Сертім-серт! Орындаймын!

Облыс басшылары қайта орындарына отырып, жайғасуы мұң екен машина сүрлеу жолға түсіп, алға қарай жүйтки жөнелді. Алда әлі талай егістік бар. Міне, көп ұзамай-ақ астық бастырып жүрген комбайндар көріне бастады. Сары теңіз үстінде қалқып бара жатқан кемелерге ұқсайды олар. Мұндай комбандарды «дала кемелері» деп бекерге айтпаған-ау, сірә! Олардың штурвалында тұрған диқандар кеме капитандары іспеттес. Астық тағдыры, міне солардың қолында. Ендеше елдің байлығы, халықтың жақсы тұрмысы осы диқандарға байланысты болғаны ғой. Ертең осы капитандар қатарына өз кемесімен әмбебап диқан, Социалистік Еңбек Ері Төлебай Мұстафин де қосылады. Қосылып қана қоймайды, тез-ақ олардың алдына шығады. Қара да тұр, алдына шағыды. Бұл ол үшін қиын шаруа емес!

ҚАЙРАН, БӨКЕС АПАМ-АЙ!..

Неміс-фашист басқыншылары шекарамызды талқандай еніп, ел басына күн туғызған кезде қолына қару ұстай алатын азаматтар майданға аттанып, тылда еңкейген кәрілердің, әйелдердің, бұғанасы әлі қата қоймаған жасөспірім ұл-қыздардың еңбек етуіне тура келді. Көбіне ашқұрсақ жүріп, күні-түні жұмыс істеген олардың мақсаты ел қорғауда кеуделерін оққа тіккен жауынгерлерге азық-түлік, киім жіберу болатын. Солардың ішінде күйеуін майданға аттандырғанда іште қалған жалғыз баласын өмірге әкеліп, өсіре жүріп, колхоздың қара жұмысын атқарған нағашы апам Бөкес Шәймерденқызы да бар еді.

Нағашым Ахметтің Шәймердені туралы Сәбит Мұқанов "Өмір мектебінде" былай деп жазады: "... Шаруасы дөңгелек болғанмен, Жуанағашта тоқ үйдің және дастарқаны берекелі үйдің біреуі Шәймердендікі... Қыс ортасы ауа ауылдағы менен балалары оқитын кей кедей үйлердің азықтары шағындалған кезде Шәймерден үйінің бірер сиыры бұзаулап, аққа молықты. Содан кейін менің қамқоршым – Ұлберген шешей:

– Балам, сен басқа үйлердің малдары төлдегенше, жақ-жұтты боп өзге үйлерге жуымай-ақ қой, осында тұра бер, – деп басқа үйге көшуге ұлықсат етпеді.

Шаруа баққан момын Шәймерден үй ішіне жайлы жігіт... Соған қоса оның бір мінезі, әйелімен, шешесімен, балларымен, әсіресе, Көкеш, Бөкес аталатын үйелмелі-сүйелмелі қыздарымен, менімен, үйіне қыдырып келген басқа адамдармен қалжыңдасып ойнап отырады".

Осы екі қызды Сәбит Мұқанов арабша оқытады. Солардың бірі – Көкешінен мен туғанмын. Оның апасы Бөкес қыз кезінде Сибанбайдың балаларының ішінде пысығы, күреске қатысып, көзге түсіп жүрген Мұрат деген жігітпен сөз байласып жүрсе керек. Бірақ ол кезде жігіт те, қыз да сүйгеніне қосыла алмайтын, айттырып атастыратын заман емес пе, Бөкес атқамінер азамат Күшіктің Абылайына ұзатылады. Абылай колхозда басқарма төрағасы, ауылнай қызметтерін атқарған. Бірақ Бөкес оны ұната қоймайды. Сонда да баруына тура келеді. Ауылда келін түсіп, мәре-сәре болып жатқан, кешкі қаракөлеңкеде шымылдық ішінде отырған қалыңдықты Мұрат өзінің жолдастарымен бірге келіп, ұрлап алып кетеді. Сибанбайдың балалары көп болғандықтан, Абылай тайқақсып, қалыңдығын даулап, артынан қууға қорыққан сыңайлы.

Сөйтіп, Бөкес арманына жетеді. Бірақ қуанышы ұзаққа созылмайды. Соғыс басталып, Мұрат майданға аттанады. Туладан салған бір хатында былай деп жазыпты: "Троицкіде тұрмыз. Мен саған әлденеше рет хат жазғанмын. Бір Құдайға сенемін. Аман көрісейік. Не қылса да, Алланың еркі ғой. Жолдасың Мұрат. Бөкес, қош бол!". Тағы бір хатында: "Мәскеудің түбіне барып тұрмыз. Енді қандай күн боларын Алла біледі. Елден бір хат ала алмадым. Жаралы, өлген адамды көргенде жүрек қорқады. Қайтсек те Алланың жұмысы ғой. Бөкес,ренжіме, Аллаға тапсыр. Аман-есен Алла көрсетуге жазсын. Бес минут уақытым болғасын хат жазып отырмын. 22 март 1942 ж." деп жазыпты.

Күйеуі Мұрат Сибанбаев соғысқа аттанғанда Бөкес апамның аяғы ауыр екен. Іште қалған бала Ережеп айында туғандықтан нағашым Шәймерден азан шақырып, сол айдың атын қойыпты. Соғыстың аты – соғыс. Колхозда жұмыс күші жетіспейді. Жалғыз сиырын соқаға жеккізіп, Бөкесті жер жыртуға шығарады. Танап шетінде жөргөкте жатқан балаға алаңдап, оның үстіне

шаршап, ұйқысы келген ол қалғып кетіп, соқаның астына түседі. Аяғынан жараланған жас келіншекті құрбылары ауылға әзер жеткізеді.

Мұрат ақыры сол соғыстан оралған жоқ, хабарсыз кетті. Артынан "қара қағаз" келіпті. Соғыстан елге оралған кейбір жауынгерлердің айтуларына қарағанда, ол емделіп жатқан госпитальға бомба түскен көрінеді. Бірақ бұл анық емес. Ол соғысқа аттанғанда іште қалған баланың туғанын да естіген жоқ. Баласы Ережеп те әкесін көрмей өтті бұл дүниеден. Бөкес апамның айтуынша, Мұратқа дұға оқытыпты. Содан кейін әрі бала жетім болмасын, әрі соғыстың қиын-қыстау кезінде қиындық көрмесін деп Бөкесті Мұраттың ағасы Сүлейменге екінші әйелі етіп атастырып, некесін қиған көрінеді. Сүлеймен Мәтеновті бәрі Нөне дейтін.

Бірақ ол бұл некеден не моральдық, не материалдық қолдау көре алмады. Орта арнаулы мұғалімдік білім алған соң колхоздастыру жылдары туыстары тұрған Ақбалықта шамалы ғана ұстаздық етіп, Қызылжарға, одан кейін қазіргі Тимирязев ауданындағы Ынтымақ ауылына көшіп кетеді. Ол кезде бұл ауыл Он үш жылдық колхозы деп аталса керек.

Бөкес апам айтып отырып маған Сүлейменге хат жаздыртады. Хат "Амандық хабар" деген сөзден басталады. Одан әрі "Нөне, аман-есенсіздер ме? Бала-шаға аман ба? Қызмет орынша ма?" деп одан әрі кете береді де, "... Мында біз де аманбыз. Ауыл-аймақ тыныштықта. Қысқа отын-шөбімізді дайындап алдық..." деген сөздермен аяқталады. Бұл хаттарға жауап кейде келіп, кейде келе бермейді. Өз басым Құдай жолымен атастырып қосса да, оның жазғы каникулда келіп, шаруасына көмектескенін, болмаса ақша салғанын көрген емеспін. Ол партияның дәуірлеп тұрған кезі ғой, бәлкім, содан сескенді ме екен?

Есесіне зейнеткерлікке шыққан соң ауылға көшіп келіп, осында тұрған жалғыз орыс отбасының саман кірпіштен салған үйін сатып алды. Мұғалім болып істеп жүргенде Сүлеймен Мәтенов Кеңес Одағының ең басты наградасы – Ленин орденімен марапатталған екен. Ақбалыққа көшіп келгеннен кейін Бөкес апам оған костюм-шалбар тігіп берді. Көк бүлістің үстіне қадалған қызыл орден алыстан жарқырап көрінетін еді.

Шәймерден нағашымның үлкен қызы Бәтия мен менің шешем Көкеш негізі жуас адамдар болатын. Бөкестің мінезі олардан бөлек. Әрі ер, әрі әйел адамның орнында жүретін кісі еді. Тілінен де, қолынан да келетін адам болатын. Шешем – сырқат. Төрт бірдей шиеттей баламыз. Жұмыс істейтін жалғыз әкем. Оның үстіне жетім қалған ағайындарымыз бізбен бірге тұрады. Бәрін асырау керек. Қысқасы, тұрмысымыз онша болған жоқ. Бір күні арасы он екі шақырым Ақбалықтан салт атпен Бөкес апам келді. Қанжығасында байлаулы дорбасы бар. Біздің үйге қонақ келетінін естіп, бір асым етті әдейілеп әкелген екен. Ол кезде қасқыр көп болатын. Жалғыз-жарым жолға шығу қауіпті еді. Бірақ туысы үшін ештеңеге қарамаған ғой. Шіркін, туыстық-ай!

Біздің Шақабай ауылы қоныс тепкен Ақтомпақ деген жерде қарағайдан салынған мектеп болса керек. Ол кезде Қарақамыс ауылдық кеңесі бар еді. Бертін кеңес төрағасы Жаңажолдан сайланып, мектепті бұзып, сонда апарып салыпты. Сондықтан біздің ауылда бастауыш қана мектеп болды. Сөйтіп, төрт сынып бітіргеннен кейін бізге Ақбалықтағы жеті жылдық мектепке баруға тура келетін.

Осыған байланысты алдымен үлкен ағам – Сапи, одан кейін Амангелді, оның артынан мен, менен кейін інім – Амантай төртеуіміз бірімізден соң

біріміз Бөкес апамыздың үйінде тұрдық. Сол жылдар біз үшін үлкен өмір мектебі болған еді.



Нағашы апамызды білетіндердің бәрі оны Бөкес апа деп атайды. Біз де соған дағдыланып қалдық. Бөкес апамыз баласы Ережепті жалғыз болғасын еркелетіп өсірді. Ол үй шаруасына да, малға да қараған емес. Жазғы каникул бойы балалармен ойнаудан қолы тимейді. Қысқасы, Ережеп не жейін, не ішейін деген жан емес. Тіпті, ауыл дүкеніне қандай жақсы зат келсе, соны шешесін қалай да көндіріп сатып алатын.

Жалғыз баланы осылайша еркелетеді де, Бөкес апам барлық шаруаны өзі істейді. Оған оқу жылы басталардан жарты айдай ерте келіп, біз қосыламыз. Менің алдымда ағаларым істеп кеткен шаруа енді менің мойныма түсті. Бөрте биені бірішкеге жегіп алып, маңайдағы ормандардан қу ағаштарды жинап, тасимыз. Сондан кейін шөп шабу науқаны басталады. Екі орақ, тырнауышты салып алып, не Қуырдақ шілігіне, не Екіағашқа, не Шәуікке аттанамыз.

Жаздыңгүні ұзақ әрі ыстық болады. Үйден таба нан мен қымыз ала шығамыз. Қымыз ішкеннен кейін маужырап, ұйқың келеді. Бірақ ондай мүмкіндік жоқ. Бір жағынан малға қысқа шөп дайындап алмасаң қиын. Екінші жағынан Бөкес апамның жұдырығынан қорқасың. Жұдырығы қатты еді. Өйткені, ол сол төңіректегі атақты тігінші болатын. Ине-жіппен ғана айналыспай, отын, шөп шапқан, яғни еркектің де, әйелдің де жұмысын істеген адам ғой. Сондықтан саусақтары қатты болатын. Орақты сілтегенде мен соңынан әрең ілесіп отырамын.

Бұл – Ұлы Отан соғысынан кейінгі кез. Колхоз, аудан басшылары, басқа да атқамінерлер Сталин киетіндей китель тіктіруге құмар болатын. Бөкес апам оны денеге қонымды етіп-ақ тігеді. Әсіресе, әйелдерге көйлек, төсқамзол, ішік, шапанды ешбір өлшемей-ақ тіге беретін. Денесіне бір қарап алса болғаны. Тіккен киімі үнемі дәл келетін. Қара тондарды, тұлыптарды да тігуші ді. "Зингер" аяқмашинасы мата түгіл, қалың теріні де тіге беретін.

Көбіне Бөкес апамды маңайдағы ауылдар түгіл, тіпті, алысқа алып кетіп іс тіктіртетін. Бір қызығы, солардың еңбегіне ақша бергенін көрген емеспін. "Ағайын ақысы – тамағы" дегендей, асқа тойғызғаннан басқа ақы төленіп, құрмет көрсетіле бермейтін. Апталап, айлап үйде болмайтын кездері кездеседі. Онда, әрине, мал жайлаумен қоса, үй шаруасы түгел менің мойныма артылады. Пешке от жағу, ас пісіру, мал жайлау – бәрі-бәрі мойында. Оның үстіне оқуға дайындаласың. Нағашы атам Шәймерденнің көзі жіті, Құранды көзілдіріксіз-ақ оқи беретін, бірақ тісі осал. Таба нанды турап, сүтке қайнатып беретінбіз.

Шаруа істегенде "Үйренгенің өзіңе жақсы, істегенің маған жақсы" дейтін Бөкес апам. Ол рас екен. Сол жылдары үйренгендерімнің осы күнге дейін пайдасы тиіп келеді.

Жалғыз баласы Ережепті алысқа оқуға жібермеді. Ауылда механизаторлар даярлайтын курста оқып, одан кейін трактор-егіс бригадасын басқарды. Техника тілін жетік білді, бірақ үй шаруасына араласқан жоқ. Сондықтан

Бөкес апам немерлері ер жеткенше қорадағы малды өзі жайлады.

Жалпы Бөкес апам әңгімеге де жүйрік біреуге сөзін жібермейтін шешен болатын. Қандай жиында болмасын оның әңгімесін жұрт ұйып тыңдайтын. Үлкен-кішінің бәрі ақыл сұрайтын.

Бөкес апам қиын заманда өмір сүрді. Бірақ оқымаса да, оқығандардан кем емес, көкірегі ояу, жаны жайсаң, қолы ашық, мейірімді адам болды. Тек тағдыр тауқыметін көп көрді. Бізге емес, шамасы келгенше жұрттың бәріне қол ұшын беруші еді-ау. Қайран, Бөкес апам-ай!..

КҮЛКІСІ ҚҰЛАҒЫМНАН КЕТПЕЙДІ

Шешеміз Көкеш Шәймерденқызы жерлесіміз, академик-жазушы Сәбит Мұқановтың алдынан дәріс алып, арабша хат таныған екен. Ол туралы Сәбең өзінің «Өмір мектебі» кітабында былай деп жазады: «... шаруасы дөңгелек болғанмен, Жуанағашта тоқ үйдің және дастарханы берекелі үйдің біреуі Шәймердендікі... Шаруа баққан момын Шәймерден... үй ішіне жәйлі жігіт... Соған қоса оның бір мінезі - әйелімен, шешесімен, балаларымен, әсіресе Көкеш, Бөкес аталатын үйелмелі-сүйелмелі қыздарымен, менімен, үйіне қыдырып келген басқа адамдармен қалжыңдасып ойнап отырады...».

Әке-шешеден айырылып, жетім қалған Сәбитті нағашымыз Шәймерден Ахметұлы үйіне алып келіп, бала оқытуға қойса керек. Ол - қазақ сүйіп қосылуды білмейтін, әке-шешелерінің құда түскен қызына үйленетін шақ қой. Әкеміз Мырзахмет Жантемірұлы да шешемізге солай қосылған сыңайлы. «Әкем құда түсе барғанда ол үйде екі қыз көрген едім, маған үлкенін беретін шығар десем, кішісін берді» деп күлетін әкеміз.

Сол шешеміздің айтуынша он бес құрсақ көтеріпті. «Алғашқы бесеуі қорасан ауруынан жиырма бес күннің ішінде қайтыс болғанда әкең екеуміз жынданып кете жаздадық» деп отырушы еді марқұм шешеміз. Сөйтіп, жылап-еңіреп жүргенде тағы бір ер бала дүниеге келген. Сәбиге тіл тимесін деп атын Сапи қойса керек. Бірақ осы сөздің мағнасын тап басып айту қиын. Сапи – Сәби деген сөзден шығуы мүмкін. Ал сафи болса, арабша сап, яғни сапқа қосылсын, енді тұрып қалсын деген мағна беретін сияқты.

Қалай десек те, Сапидан кейін үш ер бала туып, төртеуміз де ер жеттік. Одан кейінгі туған балаларға Амангелді, Амандық, Амантай деп ат қойылыпты. Амангелді деп ат қойылуы қазақ елінің бостандығы үшін күрескен халық батыры Амангелді Имановқа ұқсасын деген ниетпен болса керек. Әке-шешеміз қателеспепті, ағамыз нағыз ұлтжанды, намысқор адам болып өсті.

Әке-шешеміз небір қиындықтарды басынан кешірген екен. «Көппен көрген ұлы той дейді ғой қазақ, әйтеуір жастықтың, құдай берген денсаулықтың арқасында сендерді жеткіздік қой» десетін олар. Аштық, қуғын-сүргін жылдары ауылдың көптеген адамдары қырылған ғой. Тіпті егеуқұйрық аулап, пісіріп жеген кездер де болған. Сол тұста әке-шешеміз Челябіге (өздері Селебе дейтін) барып, су, жылу құбырлары, телефон желісі тартылатын ор қазып, күнкөріске ақша тапқан.

Бертін келе ауылға қайта оралғанымен, азық-түлік болмағандықтан қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Аққайың ауданындағы Қиялыға барып масақ теріп әкелетін болған. Ол кезде бұл өңірде егін сонда ғана өсірілетін болған. Аталасымыз Қызақбайдың жалғыз баласы масақ теріп жүріп, қайтыс

болып, «Туысымды айдалаға тастап кетпеймін» деп әкем кемінде төрт жүз шақырым жерден бірнеше күн жүріп, мәйітті ауылға жеткізген. Неткен бейнет десеңізші!

Ұлы Отан соғысы жылдарында әкеміз трактор-егіс бригадасының бригадирі болып, майданға қатыспаған. Ауылдың қолына қару ұстай алатын адамдарының бәрі майданға аттанғандықтан механизаторлардың барлығы қыз-келіншектер болған. «Енді ғана жөндеп, тұтатып берген тракторды қырық қадам озбай сөндіріп алып, жылап отыратын қыздар» деп еске алушы еді әкеміз. Бұл кезде және одан кейін шешеміз қырманда бидай кептіретін пешке от жағушы болып істеді.

Міне, осындай қиындық көрген әке-шешеміздің денсаулығы бертін келе сыр бере бастады. Шешеміз тіпті төсекте отырып қалды. Төрт баланың ең үлкені Сапи Қостанай облысының Пресногорьков ауданына қарасты Кіргөйлекке (Пресноредуть) механизаторлық оқуға жіберілді. (ол кезде біздің Қарақамыс ауылы осы облысқа қарайтын). Біз Амантай екеуміз жаспыз. Әке-шешеміз Жаңажолда (жазушы Ғабит Мүсіреповтың туған ауылы) оқып жүрген Амангелдіні оқудан шығарып алуға мәжбүр болды.

Бұл өткен, жиырмасыншы ғасырдың елуінші жылдары болатын. Шымнан салынған үй, сәкі деген жоқ. Үй ішіндегі жер шөп қосып иленген майбалшықпен сыланды. Шұбар пештің ортасындағы тесікке қойылған шам ауыз үйге де, төр бөлмеге де жарық береді. Жалғыз сиыр, қыста үйге кіргізіліп сауылады. Одан шыққан шамалы сүт сепаратор арқылы айдалып, азын-аулақ қаймақ алынады. Майы алынған сүттен айран ұйтылады. Ауыз үйге байланған төлдердің астын тазалау, оларға шөп беру тағы бар. Пеш жағып, қамыр илеп, нан пісіру, қазан көтеріп, тамақ істеу, үйді әктеу, кір жуу – міне осының бәрі Амангелдінің мойынында. Оның үстіне далада отын сақтау, қорадағы малды жайлау да оның міндеті. Үй шаруасының қыр-сырын ағамнан мен де үйреніп алдым.

Тек, мен әжетке жарағасын ғана Амангелдінің мойыны босап, үш жылдан кейін оқуын одан әрі жалғастырды. Бұл кезде әлі жасы он алтыда ғана болса да әке-шешеміз үлкен ағамыз Сапиды үйлендірген еді. Өз теңдестері орта мектепті бітіріп кетіп, жасы сақаланып қалса да ұялмады, қайткен күнде де оқу, білім алу қажет болды. Ол үйде барлық шаруаны тындыра жүре, шешеміздің ауырған, ыңырсыған даусын естіп, қолынан ештеме келмегеніне налитын, «қайтсем де дәрігер болып, анамды емдеймін» деп алдына мақсат қойған. Тек мен мамандық алғанша анам тірі болса екен деп тілейтін.

Осы мақсатын жүзеге асыру үшін Амангелді Қостанайға Алматының медицина институтынан келген арнайы комиссияға емтихан тапсыруға аттанды. Бұл 1959 жыл еді. Қазақ мектебін бітірген балаға орысша емтихан тапсырудың оңайға түспегені, әрине айдай анық. Ақыры, институтқа қабылданды. Амангелдіні бүкіл ауыл болып Алматыға шығарып салды. Біз әкемізді – аға, шешемізді апа деп айтушы едік.

- Апа, мен оқуымды бітіргенше шыдап бақ, өзім-ақ емдеп, жазып аламын...,- дей бергенде көздерінен жас моншақтап аға бастаған еді Амангелдінің.

- Бұл оқуды мені емдеймін деп таңдап алдың ғой, оған үлгермесең мен сияқты басқа ғаріптерге септігің тиер, оқы балам. Жарайды, құлыным, жолың болсын!- деген даусы ақырын ғана шыққан анамыз бұл кезде басын төсектен көтере алмайтын.

Бұл Амангелдінің анасын соңғы көргені, соңғы тілдескені еді. Бір аптадан кейін анамыз көз жұмды. Бірақ Амангелдіге жаманат хабар кеш жетті. Әкеміз «жаңа ғана Алматыға жеткен бала қайта келемін деп оқуынан қалып қояды» деп жеделхат жібертпеді. Сөйтіп, Амангелді дәрігерлік оқуға түссе де арманы орындалмай қалды.



Суретте: Амангельді Мырзахметұлы мен Еңлік Тәліпқызы балалары Шолпанмен және Айгүлмен.

Алматы медицина институтын 1964 жылы бітіргеннен кейін жолдамамен жаңа ашылған, жастардың арман қаласына айналған Рудныйға келді. Қалалық емханаға орналасты. Бірнеше жыл пәтер жалдап тұрды. Сөйтіп жүргенде Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатында инженер болып қызмет істеп жүрген Еңлік Тәліпқызына жолығып, үйленді. Жас отбасы алғашында пәтер жалдап тұрды, артынан баспана алды.

Өзінің саналы ғұмырының басым бөлігін, яғни ширек ғасырға жуық уақытын сырқаттарды емдеуге арнады. Қызметін қатардағы құлақ, тамақ және мұрын дәрігерінен бастаған Амангелді Мырзахметұлы жеке бөлімше ашуға қол жеткізді. Онда Рудный қаласының ғана емес, төңіректегі елді-мекендердің тұрғындары да келіп, осында жатып емделу мүмкіндігін алды. Тіпті кейде баратын жерлері жоқ сырқаттарды үйіне әкеліп, тамақтандырып, қондырып та жүрді. Өте таза адам еді. Бір жаққа мініп келген автокөлігін жуып, сүртпей гаражға қоймайтын. Күні бойы сырқат қабылдап, ота жасап, шаршап келсе де, қажет болса киімін ауыстырып шаңсорғышпен үйді тазалап, еденді жуып тастайтын.

Амангелдінің әлі мектепке баратын жасқа жетпеген шағы болса керек. Көшеде әкеме еріп келе жатып: «әке дамбалым мықынымнан түсе береді, бұл неліктен, тойып тамақ ішпегендіктен бе?» дейтін көрінеді. Осыны әкем айтып, күліп отыратын. Осындай қиындықты, ауырған адамның қаншалықты қиналатынын жастайынан көріп өскен ол жағдайды жақсы түсінетін, сырқаттарға қолдан келгенше көмектесуге тырысатын еді.

Амангелді Мырзахметұлы қызмет істей жүре, кәсіби біліктілігін арттыруға да жете мән берді. Мәскеуде, Ленинградта (Санкт-Петербург) білім жетілдіру курстарында оқып, тәжірибе жинақтады. Сөйтіп, жоғары санаттағы дәрігер болып шықты. Бұл оның сырқаттарды емдеуде жаңа тәсілдерді қолдана білуге септігін тигізді. Керең болып қалған адамдардың құлағына салғанда бірден естіп кететін тетік те ойлап тауып еді. Бірақ оған патент алмады. Сырқаттарынан құлан таза жазылған жүздеген, мыңдаған адамдардың ақ батасын алды, халықтың құрметіне бөленді. Қазақстанның

лор-дәрігерлерінің бірінші съезіне делегат болып қатысты, кеудесіне денсаулық сақтау саласының үздігі белгісі мен «Құрмет белгісі» орденін қадады. Қоғамдық жұмыстарға да белсене араласты. Тіпті, 1990 жылы Қазақ ССР халық депутаттығына кандидат болып, дауысқа түсті, «Рудный қаласының құрметті азаматы» жоғары атағына ие болды. Міне, еңбегі бағаланды деген осы емес пе!

Өткен ғасырда Ауған соғысы жер бетіндегі қанды қырғындардың бірі де бірегейі болған еді. Осы жарияланбаған соғыста ерлікпен қаза тапқан талай қыршын жастарымыздың мәйітті темір жәшікпен келіп жататын. Осы тұста Рудный қаласының әскери комиссариатына барып, Амангелді Мырзахметұлы өзі сұранып қан майданға аттанады. Бұл біздер, туыстары, достары үшін оқыс оқиға болған еді. Майданнан жолдаған хатында: «...Соғысқа өз бетіммен сұранып кеткенім үшін мені сөге көрмеңдер. Айдың-күннің аманында, әлі оң-солын танып білмеген қыршын жастардың мерт болып жатқаны қиналтты мені. Қолымнан келгенше көмек жасауды ұйғардым...»- деп жазған еді.

- Біз қан майданның ортасында болдық қой. Оны хатта жазуға болмайтын. Көз көрім жерде атыс, бізге жеткізілген жараланған жауынгерлерге шатыр астындағы жылжымалы госпитальда ота жасайтын едік. Бомба талай рет түсті шатырымызға,- деп еске алатын Ауғанстаннан аман оралған ағамыз.

Осы ерлік ісі де ескерусіз қалған жоқ. «Алғысты ауған халқынан» медалімен марапатталды, «Жигули» жеңіл автокөлігін берді, соғыс ардагерінің барлық жеңілдіктерімен пайдаланды. Қан майданнан оралғасын бұрынғы қызметін қайта жалғастырды, қоғамдық жұмыстарға тіпті белсендірек айналысып кетті. Бірақ...

Бірақ ғұмыры ұзаққа созылмады. Анамыз Көкеш Шәймерденқызының жасында, яғни 54-ке қараған шағында дүниеден озды. Соңғы сапарға шығарып салуға Рудныйдың ғана емес, облыстың түкпір-түкпірінен келген, кезінде емделген көптеген адамдар Амангелді Мырзахметұлының қабіріне топырақ салды, күңірене, көздеріне жас ала отырып, оның адамгершілік қасиетін, шипалы қолын қастерлей айтты. Артынан өзі аштырып, еңбек еткен лор бөлімшесінің қабырғасына ескерткіш тақта ілінді.

Ағамыздың ісін Қарағанды медицина институтын бітіріп, әкесімен бірге қызмет істеген қызы Шолпан Амангелдіқызы жалғастырды. Бірақ еліміз егемендік алған алғашқы қиын-қыстау жылдары бөлімше жабылып, Шолпан анасы, зейнеткер, Соколов-Сарыбай кен байыту комбинатының еңбек ардагері Еңлік Тәліпқызы және сіңлісі Айгүл үшеуі Алматыға қоныс аударды. Әке жолын қуған білікті маман Шолпанның ғұмыры да ұзаққа созылмады. Сұм ажал оны да алып кетті.

Кезінде ағамызды сағалап барып, сонда Қазақ политехника институтының филиалында мамандық алып, зауыдтағы инженерден қала әкімінің орынбасарлығына дейінгі жолдан өткен інім Амантай Мырзахметұлы қазір де Рудныйда тұрады, зейнеткер. Үлкен ағамыз Сапидың балалары да сонда қызмет істейді. Қарындасымыз Бибігүл Мырзахметқызы Таран ауданының Нагорное селосында тұрады, кәсіпкер. Бір сөзбен айтқанда, ағамыз Амангелді Мырзахметұлының қабірінің басына барып Құран оқитын ұрпақтарымыз, құдайға шүкір, баршылық.

Адам жанының арашашысы болып, халықтың құрметіне бөленген Амангелді Мырзахметұлын мәңгілік есте қалдыру үшін қаланың бір көшесіне

атын берсе де артық болмас-ақ. Сондағы бауырларымыз сол көшеге ағаш егіп, күтімге алар еді.

Ағамыз анасын сұм ажалдан арашалап алып қала алмаса да, көптеген адамдарды сырқатынан сауықтырып, қошеметтеріне бөленді. Мұны да оның арманының орындалғаны деп білемін. Ол сондықтан да әке-шешесінің ғана емес, халықтың ұлы, халықтың құрметтісі болатын. Ағамның кездескен сайын бауырына басып, бетімнен сүйетіні әлі көз алдымда, нағашымызға тартқан әзіл-күлкісі әлі құлағымнан кетпейді. Әлі бірге жүргендей сезінем.



Сағындық Темірбайұлы



Мырзахмет Жантеміруұлы



Суретте: бірінші қатарда - Шәкия Ілиясқызы, Еңлік Тәліпқызы, Әсима Мақанқызы (алдарында балалар),екінші қатарда - Амангелді және Сапи Мырзахметұлдары, Мінайдар Сәбитұлы, үшінші қатарда - Қалима Мағзұмқызы, Болат Мағзұмұлы, Тұрсынғали Сәбитұлы, Аблай (Бейбіт) Сапиұлы,Амантай Мырзахметұлы, Шәрбан Тұрғынқызы, Ғайнижамал Қонақпайқызы, Аманжол Сапиұлы

4. ЕЛУ ЖЫЛ ӨТКЕН СОҢ

ИНТЕРНАТТА ОҚЫП ЖҮР...

Өткен, 2012 жылы біздің Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл ауданына қарасты Озерный орта мектебін бітіргенімізге елу жыл толды. Осыған орай, 25 мамырда мектептегі соңғы қоңырауға қатыстық. Осыдан жарты ғасыр бұрынғы интернат өмірін еске алдық.

Жаңа оқу жылы басталуға бір-ақ күн қалғанда анам Көкеш Шәймерденқызы мәңгілікке көз жұмды. Келесі күні тыңда шаңырақ көтерген "Озерный" совхозының орталығына барып, интернатқа орналастым. Ортаншы ағам Амангелді, осы 1959 жылы аталмыш мектепті бітіріп, Алматының медицина институтына оқуға түскен еді. Оны да, менен кейін осы мектепке оқуға барған інімді де селолық Кеңестің комиссиясы интернатқа алмапты. Ал мені қалай алғанын осы күнге дейін білмеймін. Әйтеуір интернатқа орналасып, түскі тамақ ішуге совхоздың асханасына бардық.

Бұған дейін осы төңіректегі бірде-бір ауылда асхана болғанын көрген жоқпын. Тек ауылдан алшақ жерлерде орналасқан трактор-егіс бригадаларының дала қостарында ғана асхана болатын. Жазғы каникул кезінде комбайнның тіркемесінен сабан түсіргіште, одан кейін трактордың тіркеме шалғысында істеген кезде дала қосының дәмді тамағына тойып алушы едік. Совхоз асханасындағы столдардың үстіне кішкентай ғана фарфор ыдысқа торт сияқты бірдеме салынып қойылған екен. Ересек балалардың бірі "мынау тортаны нанға жағып жеп алыңдар" деді. Бәріміз нанға жағып ауыз толтыра шайнай бастадық. Аузымызды қуырып әкетіп бара жатыр. Сонда ғана алданғандығымызды сездік.

Мектептегі оқу да басталды. Совхоз асханасында тамақтанып жүрміз. Бірақ қарынымыз тоймайды, тамақты аз береді. Сатып алып қосымша тамақтануға ақшамыз жоқ. Кім ұйымдастырғаны есімде жоқ, бір күні интернатта тұрып оқитын балалар таңертең түгелдей мектепке бармай қалдық. Бізді енді іздейді-ау деген кезде киініп, бәріміз ауыл шетіне қарай бет алдық. Ол кезде Озерныйдан Қарақамыс, Октябрь, Жаңажол, Жалтырша, Ақбалық, Нұрымбет ауылдарына бір-ақ жолмен шығылатын. Бір кезде мұғалімдердің бірі, ұмытпасам Сайран Исахметов бізді қуып жетіп тоқтатты.

– Қайда барасыңдар? – дейді мұғалім.

– Үйге барамыз, оқымаймыз...

– Неге?

– Ашпыз. Асхананың берген аз-мұз тамағына тоймаймыз...

– Бәрі дұрысталады, бәрін жасаймыз, совхоз директорына айтамыз..., – деп жатыр мұғалім.

Осылай салғыласып біраз тұрдық. Содан кейін оған шарт қойдық:

– Егер интернаттан бүгіннен бастап асхана ашса ғана оқимыз, әйтпесе кетеміз, – дестік.

Ақыры интернатқа қайтып оралдық. Сол күні-ақ кірпіш әкеліп, интернат ішінен пеш салды, столдар, орындықтар әкелді. Аспаз да табылды. Көзіміз ашылды. Қыс түсе үстімізге киюге Тұнық мұхит моряктары киген ескі шинельдерді әкеліп берді. Жылы болады екен, төзімді, біздің жұлынған, қайда болса сонда соғып өтетін қылығымызға төтеп берді.

Бұл менің Ақбалық жетіжылдық мектебін бітіріп, сегізінші сыныпқа барған 1959 жыл еді. Сол оқу жылында Нұрымбеттен – Батыраш Тасбаев,

Сәбит ауылынан – Айдос Есмеев, Жеңіс Есмағанбетов (Молдахметов), Әскер Бірімжанов, Ақбалықтан – Диқан Шәлтенов, Амангелді Шайкин, Октябрьден – Райхан Шұғайыпова – онынші, Жаңажолдан – Еркеш Раисов, Есман Төлеев, Амангелді Ерғалиев, Қарақамыстан – Өмірзақ Майкөбеков, Әскер Тастанов (Нұрсейітов), Сәбит ауылынан – Баязит Сақтаров – тоғызыншы, Қарақамыстан – Жауылбай Халықов (Ыбраев), Амандық Жантеміров, Жаңажолдан – Тұяқ Исахметов, Жетпісбай (Жетеке) Сәдуақасов, Майдан Жанпейісов, Дариха Мәшікова, Октябрьден – Еркін Сейтуллин (Құдабаев), Жалтыршадан – Сайран Жақыпов – сегізінші сыныпта оқыдық.

Одан келесі жылдары интернатта тұрып оқуға Сәбит ауылынан – Зураш Дүйсенбина, Ақбалықтан – Ментай Сұлтанова, Алтынай Қапанова, Ескен Шоқанов, Қабиден Оспанов, Жалтыршадан – Күлжами Нұрғалиева, Зайраш Асанова, Сапар Дәрменов, Айжан Сұлтанова, Ұмсынай Бекбаева, Октябрьден – Нұрмаш Молдахметов, Мәлік Көшебин, Есім Шынтеміров, Амантай Дайыров, Жаңажолдан – Күлбаршын Әбілқайырова, Ермек Көшешова, Бағыт (Құттыбай) Байғұтдин, Шәкір Тасқожин, Асыру Мүсіралина, Мәнсия Дайкөшева, Қаншайым Сәбитова, Нұрымбеттен – Бағыт Тұяқов, орыс сыныптарында оқуға Қарақамыстан – Света Төрежанова, Күлтай Дәуренбекова, Төлеу Құрманғожина, Ақбалықтан – Жанәбіл Кубеков, Жаңажолдан – Мейрам Ажмақанов, Жалтыршадан – Сағындық Нұрышев және басқалары келіп қосылды. Қостанай облысының біздің совхозға жақын елді-мекендерінен ағайынды Чиконаевтар мен Алабаев деген азаматтар да орыс сыныптарында оқыды. Өкінішке қарай, есімдері есімізде қалмапты.

Тың жерлерді игерудің алғашқы жылында осыған дейін аңдар мен құстардың мекені болып келген қалың орманның ашық қойнауына ақшаңқан үйлер тұрғызылып, алғашқы көшелер пайда болды. Кеңес Одағының түкпір-түкпірінен келе бастаған жастар қосылып, отбастарын құра бастады. Осыған орай ашылған бастауыш мектеп, бір-екі жылда орта мектепке айналды. Төңіректегі ауылдардың балаларын оқыту үшін осында интернат та ашылды. Барақ үлгісінде салынған екі ұзын үйдің біріне мектеп, екіншісіне интернат орналастырылды. Метептің алғашқы директоры, Ұлы Отан соғысына қатысушы, ұшқыш Григорий Баландин қарапайым адам еді. Беліндегі корсеттен иліге алмайтын, үнемі денесін тік ұстап жүретін. Машинатану пәні бойынша сабақ берді. Бізге интернаттың жүк көлігінің (ГАЗ-51 маркалы болса керек) моторын бұздырып, жөндетіп, содан кейін жүргіздіріп үйретуші еді. Сондай-ақ осында ұйымдастырылған курста оқып, әмбебап механизатор мамандығына ие болған едік.

Озерныйда мектеп-интернаттың ашылуна байланысты Жаңажолдағы орта мектеп жабылған болатын. Сондықтан қазақ сыныптарына дәріс беретін мұғалімдердің дені Жаңажолдан келді. Химиядан сабақ беретін Ерік Рүстемовтың мінезі өте ерекше еді. Үйге берілген тапсырманы сұрар кезде оқушыларға қарап тұрып "қане өзің айтшы" дейді. Бірақ оның кімді меңзеп тұрғаны белгісіз. Балалар оған қарамауға тырысады. Егер байқамай оған көзің түсіп қалса болды: "иә, иә, өзің айта ғой" деп тұрғызады. Химия пәнін өте жақсы меңгерген ұстаз болатын.

Директордың орынбасары Мәжит Сейдалин Қостанай облысының Меңдіғара ауданынан келді. Жағрапия пәнінен сабақ берді. Жуас, оқушыларға дауыс көтеруді, ұрсуды білмейтін. Оқушылар да ол кісіні сыйлайтын, сабақта тәртіп сақтайтын.

Математика пәнінің маманы Баязит Аймолдин денесі ауыр адам еді, партаға есеп жазғанда астындағы орындығын бірге жылжытып отыратын. Егер бір есепті шығара алмай қалсақ:

– Егер әдейі ұшақ шығарып, Кеңес Одағы бойынша іздестірсек, осынша дүлей адамдардың басын бір жерге қоса алмас едік, – деп жекитін.

Осы жерде бір айта кетерлігі, ауыл адамдарының жоғары жаққа жазған хаттарына орай Жаңажол орта мектебі қайта ашылды да, одан келген балалар кетіп қалды. Сөйтіп, біз онынші сыныпқа келгенде бес-ақ бала болдық. Үйге берілген тапсырманы әр оқушыдан күнде сұрайтын болғандықтан барлық сабаққа мұқият әзірленетін едік. Пайдасы тиді. Төртеуіміз жоғары, біріміз – орта арнаулы білім алып, әр салада қызмет істедік. Ұстазымыздың "бес дүлей" деген сөзін осы күні бізді білімге ұмтылсын, адам болсын, Абай атамыз айтқандай "дүниеге бір кірпіш болып қалансын" деген ниетпен айтылған екен деп бағалаймыз.

Бізге, әсіресе ер балаларға физика, астрономия пәнінен сабақ берген Мәркен Сандыбаев жақындау болды. Осы ұстазымыздың басшылығымен физика дәрісханасын жабдықтадық. Сонда жергілікті радиостанция орнаттық. Мектептің әр сыныбына, интернаттың әр бөлмесіне сым тартып, дыбыс күшейткіш орнаттық. Сол арқылы радиодан Мәскеу, Алматы хабарларынан бөлек мектепте қандай жаңалық болып жатқаны туралы да хабарлап отыру мүмкін болды. Осында фото-сурет үйірмесі де жұмыс істеді. Сонда суретке түсіріп үйренгенімнің артынан қызметіме де пайдасы тиді. Осы зертханада отырып мен атақты физиктер мен химиктердің порттреттерін салып шығып едім. Біз, тіпті совхоз орталығының жаңа бой көтерген көшелеріне монтерлермен бірге электр желісін тартуға да көмектесіп, көп тәжірибе жинадық. Мәркен Сандыбаевтың басшылығымен мектепте би кеші жиі өткізіліп тұрды. Ол қазақ балаларын би үйренуге, сол арқылы орыс балаларымен тығыз байланыс орнатып тіл үйренуге бағыттап отырды.

Ұстаздардың ішінде қолы бос кезінде ойын-сауыққа баруды ұнатып, сабаққа дайындықсыз келетін қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пәндерінің мұғалімі Сайран Исахметов болатын. Сондықтан ол біз үйге берген тапсырманы айтып жатқанда, жаңа тақырыпты кітаптан оқып отырушы еді. Орыс мұғалімдерінің ішінде Клара Зайцева туралы ерекше айтуға болады. Клара Кузьминична өте кішіпейіл, қарапайым адам болатын. Қазақ балаларының орысша біле, түсіне бермейтіндігіне түсіністікпен қарайтын. Оқушыларға әлем, Кеңес Одағы әдебиеті, мәдениеті туралы дәріс беріп қана қоймай, еліміздегі баспадан жаңа шыққан әдебиеттермен де таныстырып отыратын. Әлі есімде ол партизан-жазушы Қасым Қайсеновтың партизандық соқпақтар туралы жазған "Из кохтей смерти" деп аталатын кітабын құмарта оқып берген еді.

Иә, осы ұстаздарымыздың көбі қазір бұл дүниеде жоқ. Солардың айтқан ұлағатты сөздері, берген білімдері біздің барлық ғұмырымызға азық болды. Олар бізге үлкен өмірге жол сілтеді. Жамандық ойлаған жоқ. Ел қатарлы адам болсын деп тіледі. Біз болсақ олардың өсиетін осы күнге дейін орындаумен келеміз. Әрине, мектеп-интернатта оқып жүргенде, әрқайсымыздың алға қойған мақсаттарымыз, армандарымыз болды. Терезені айқара ашып қойып, қосылып шырқайтын әніміз, жарасымды әзіліміз, күміс күлкіміз әлі көзіміздің алдында.

Интернатта тұрып оқыған жылдардағы бір оқиға осы күнге дейін есімнен кетпейді. Онынші сыныпта оқитын төрт бала бір бөлмеде тұрдық.

Онда жеке пеш бар. Қажет болғанда от жағып тамақ пісіреміз. Ересек балалар кейде осында жиналып шылым шегеді, әңгіме-дүкен құрады. Бір күні интернаттан шыға бергенде директордың келе жатқанын көріп қалдым да, бөлмемізге жүгіріп келдім. Сөйтсем, балалар шылым шегіп отыр екен.

– Шылымдарыңды тығыңдар, директор келе жатыр, – дедім.

Олар қолдарындағы шылымдарын жанып жатқан пешке лақтыра сала сыртқа шығып кетті. Бөлмеде мен жалғыз қалып қойдым. Айтқанымдай Григорий Васильевичтің біздің бөлмеге бас сұқпасы бар ма. Мен сабақ оқыған болып отыра қойдым.

– Сен не, шылым шегіп отырсың ба? – деді директор.

– Жоқ, – дедім.

– Мынау не? – деді пештің үстінде сөндірілмей қалған шылым тұқылын көрсетіп.

– Жаңа осында ауылдың жігіттері келген, солардікі шығар, – дедім.

Содан кейін директор мені өзінің қызмет бөлмесіне алып барды. Мұғалімдерді жинап, оларға мені интернатта шылым шегіп отырған жерінде қолға түсіргенін айтты. Мұғалімдер сық-сық күледі. Директор олардың күлгеніне ыза болып:

– Сіздер оқушының шылым шеккеніне қуанып күліп отырсыздар ма? – дейді.

– Қазақта "айыран ішкен құтылып, шелек жалаған тұтылған" деген нақыл сөз бар. Біз жақсы білеміз, шылым тартпайтын оқшы бұл, – деп біреуі айтуы мұң еді, қалғандары да қостады.

Сөйтіп, жазықсыз жапа шеге жаздадым. Жалпы алғанда, интернат өмірі қызық еді. Демалыс күндері ауылға барғанда әке-шешеміздің берген бір сом ақшасы бір аптаға киноға баруға (бір сьеансы 5 тиын), арасында пряник немесе печенье алуға да жетіп қалатын. Шіркін балалық-ай, демалыс күндері қысқы боранға, жазғы жауынға қарамай балаларға еріп, 15-25 шақырым жердегі Жалтырша, Жаңажол ауылдарына жаяу барушы едік. Аяғымыздың ісінгені соншалық, кирзі етігімізді әрең дегенде шешетінбіз.

Интернатта кеш болса ойын-сауық. Әлі бұғанамыз қата, махаббаттың не екенін біле қоймасақ та балалар қыздарға өлең шығаратынбыз. Олар да қарап жатпайды, жауап өлең жазады. Жиналып алып ән, әңгіме айтамыз, күрес ұйымдастыратынбыз. Мейрам Ажмақановтың гитараға қосыла айтқан орыс, Сайран Жақыповтың орындауындағы қазақ әндері құлақтың құрышын қандыратын. Ол екеуінсіз мектептегі бірде-бір мәдени шара өтпейтін. Мейрам Мәскеудің консерваторияда оқып, білім алып, Алматыда опера және балет театрында істеді. Өмірден ерте кетті.

Интернат оқушылары мектептегі ғана емес, совхоз көлемінде өткізілетін мәдени іс-шараларға да белсене араласатын. Тіпті, шаруашылыққа да қол ұшын беруші едік. Күзгі орақ кезінде дала қостарындағы қырмандарға барып, бидай кептіруге, машина қораптарынан астық түсіруге, артуға қатысатынбыз. 1961 жылдың күзінде оқушыларды Озерныйдан үш шақырымдай жердегі Бауман элеваторына жұмысқа апарды. Сол жолы бір оқушы қыз абайсызда жоғары жақтан күрт төгілген бидайдың астында қалып, мерт болды. Өте қайғырдық. Артынан мектепте бір сыныпқа қаза тапқан оқушы Нина Перепеляктың есімі берілді.

Иә, интернатта тұрып оқыған сол замандастарымыздың біразы бұл өмірде жоқ. Топырақтары торқа болсын! Бірақ олардың жарқын бейнелері, балалық бал шақтарындағы іс-әрекеттері, бәрі-бәрі көз алдымызда. Олар келмеске кетті. Бұл дүниеге біреу шырылдап келіп жатса, енді біреулері одан мәңгілікке кетіп жатады. Бұл – өмір заңдылығы. Одан ешкім қашып құтыла алмайды...



1962 жыл, мамыр. (солдан оңға қарай): Амандық Жантеміров, Мәнсия Дайкөшева, Күлтай Дәуренбекова, Дариға Мәшікова, Қаншайм Сәбитова, Зураш Дүйсенбина, Жаулбай Халықов (Ыбраев).




Солдан оңға қарай: бірінші қатар - Сайран Жақыпов, Амандық Жантеміров, Нұрмаш Молдахметов, Жаулбай Халықов (Ыбраев), екінші қатар - Бағыт Байгутдин, Бағыт Тұяқов, Оралбай Тілеуімбетов, Мәлік Көшебен, Жанабіл Кубеков. (қазан, 1960 жыл)



Солдан оңға қарай: бірінші қатар - Э. Сейдалин, Б. Аймулдин, С. Исахметов, Ә. Нұрсеитов, екінші қатар - Б. Тұяқов, Н. Молдахметов, Қ. Сәбитова, З. Дүйсенбина, М. Айкенова, М. Дайкөшева, үшінші қатар - А. Жантеміров, Б. Байғутдин, С. Жақыпов, Е. Сейтуллин, М. Көшебин, А. Аубәкіров, С. Дарменов.



Солдан оңға қарай: Амандық Жантеміров, Нәсілжан Әбілмәжинова, Дариха Мәшікова, Зураш Дүсенбина, Сайран Жақыпов. 15.05.1962 ж.
Суретті түсірген В. Якименко.



ДНЕВНИК

ученика 10-го класса
Озёрной средней школы
Пресногорьковского района
Кустанайской области
Целинного края.
Жантелгирова Алмандика
Мурзахметовича
на 1981-82 уч. год.




№	Предметы	Преподаватели
1.	Алгебра	Жумуалдан Б. А.
2.	Геометрия	
3.	Тригонометрия	
4.	Черчение	
5.	Физика	Сандыбаев М. С.
6.	Электротехника	
7.	Радиотехника	
8.	Машиноведение	
9.	Русский язык гр.	Зайцева К. П.
10.	Русская сов. лит.	
11.	История СССР.	Исахметов С. И.
12.	Каз. сов. литература	
13.	Военное дело	Скворцов Я. Ф.
14.	Физическое воспитание	
15.	Химия	Рустемов Е. Р.
16.	Конституция СССР.	Сейдалин М. Т.
17.	Астрономия	Сандыбаев М. С.
18.	Осн. машиноведение.	Скворцов Я. Ф.

Кл. руководитель: Исахметов С. И.



Предметы	Что задано	Оценка	Подпись учителя
Рус. сов. лит.			
Алгебра			
Физика			
Химия			
История			
Сов. сов. лит.			
Рус. яз. гр.			
Геометрия			
История			
Физика		5	
Физ. воен.			
Домаш. зад.			
Рус. сов. лит.			
Тригонометрия			
Физика			
Химия			
Каз. сов. лит.			

Кл. руководитель:
Подпись:



Дни	Предметы	Что задано	Оценки	Подпись учителя
Понедельник 15/X	Рус. сов. лит.	Роман: „Мать".		
	Алгебра	§. 16. упр. 18.		
	Физика	§.	4	
	История	§.		
	Химия	§. 119.	4	
	Физ. воен.			
Вторник 16/X	Рус. яз. гр.	§. Упр. 105.		
	Геометрия	§§. 12, 13, 14, 14.		
	Физика	§. 46. 47.	4	
	Тригонометрия	§. 9.	4	
	История	§.		
	Каз. сов. лит.	53-57 стр.		
Среда 17/X	Тригонометрия	§.	4	
	Черчение			
	Химия	§.		
	История	§. 21 97-101 стр.	4	
	Электро-техника		5	

Пропуск уроков ___ из них по болезни ___
Количество опозданий на уроки. ___

ҚОШ БОЛ, АЛТЫН ҰЯ МЕКТЕБІМ!

Соңғы қоңырау. Бұл күні мектеп бітірушілер ерекше бір толқулы сезімде болады. Олар үшін қиын да қимас шақ. Үлкен өмірге жолдама алып, туғаныңдай болып бауыр басып кеткен сүйікті ұстаздарымен, алтын ұя мектептен қоштасар сәтте түлектер өзгеше бір семізді бастан кешіреді.

Аудан өңіріндегі мектептерде 25 мамыр, яғни соңғы қоңырау күні жылдағыдай салтанатты түрде өткізіліп, осыдан он жыл бұрын білім ордаларының табалдырығын жүрексіне аттаған ұл-қыздарды қимастықпен

шығарып салды.

1954 жылы бастауыш мектеп болып өз жұмысын бастаған Озерный селосындағы білім шаңырағы 1957 жылдан бастап, орта мектептер қатарында. 1959 жылы алғашқы түлектерін ұшараған білімнің қара шаңырағы биыл да мектеп бітірушілерге арнаған соңғы қоңырау мерекесін жоғары деңгейде өткізді.

Үстіміздегі жылы аталмыш мектепте 146 оқушы білім нәрімен сусындады. Солардың ішіндегі он бірінші сыпынты тәмамдап отырған 14 шәкірт ұстаздарының, ата-аналарының үлкен үміттерін арқалап, үлкен өмірге қанат қақпақшы. Ендігі кезекте бірыңғай тестілеуден сүрінбей өтіп, қалаған мамандықтары бойынша білім алу – алдағы уақыт елшісінде.

Озерный орта мектебіндегі соңғы қоңырауға арналған салтанатты шара ғимараттың үлкен залында ұйымдастырылды. Алғашқы ретте он бір жыл бойы білім берген ұстаздармен қатар, түлектер, мектеп оқушылары сап түзеп, ата-аналар мен келген қонақтар жиналғаннан соң, ортаға мемлекеттік Ту енгізіліп, тәуелсіз еліміздің айбынды Әнұраны орындалды.

Осыдан соң, "Сыңғырла, күміс қоңырау!" атты салтанатты мереке ашық деп жарияланды. Бүгінгі мерекеге келушілер аз болған жоқ. Солардың қатарында сонау 1962 жылы, яғни осыдан 50 жыл бұрын осы мектеп қабырғасынан түлеп ұшқан түлектердің арнайы келуі бәріне үлкен қуаныш болды. Салтанатты шараны жүргізушілер жарты ғасыр бұрын осы мектепті тәмамдап, өмір сындарынан сүрінбей, лайықты азамат атанып, ел көркеюіне өз үлестерін қосқан жандарды таныстырып өтті.

Солардың бірі – Амандық Мырзахметұлы Жантеміров қоғамға белгілі, көпшілікке танымал азамат. Озерный мектебін бітіргеннен соң, Алматы қаласындағы Киров атындағы мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде білім алып, алғашқы еңбек жолын Жалтырша бастауыш мектебінде ұстаз болып бастады. Содан кейін Ақбалық сегізжылдық мектебінде оқу-ісінің меңгерушісі қызметін атқарып, одан соң Озерныйда комсорог болып істеді.

1966 жылы облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетінде әдеби қызметкер болып қабылданған Амандық ағай бас редактордың орынбасарлығына дейін көтеріліп, кейін облыстық телерадиокомпаниясында бас редакторы болды. Зейнеткерлікке шыққаннан кейін де қарап отырған жоқ. "Қызылжар" орталық мешітінде баспасөз хатшысы болып істейді.

Еңбектері де еленбей қалған емес. Біраз атақ – марапаттарға ие. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі. Көптеген кітаптардың авторы.

Елу жыл бұрын мектеп бітірген келесі түлек Жауылбай Ыбраев сол кездегі Целиноград ауыл шаруашылығы институтын тәмамдап, инженер-электрик мамандығына ие болған ол, 1967жылдан бастап,Петропавл қаласында бір орыннан табан аудармай еңбек етіп келеді. Сайран Жақыпов та жарты ғасыр бұрынғы түлектер қатарында. Көкшетауда педагогикалық білім алған ол, алғашқы жұмыс орнын Сәбит ауылынан бастады. Сонан соң, Киров, Архангелка, Қайранкөл мектептерінде директор болып істеді. Көкшетау облыстық білім басқармасында істеді.

Тағы бір құрметті қонақ – Еркін Құдабаев. Қостанайда жоғары білім алған Еркін Сейтоллаұлы осы облыстың білім саласында көптеген

лауазымды орындарда істеген.

Осылармен бірге мектеп тәмамдаған Дариха Нұрсейітова қазір Озерный селосында тұрады. Биылғы жылы мектеп бітіргендеріне аттай елу жыл толып отырған жандармен таныстырылғаннан соң, алғашқы құттықтау сөз мектеп директоры Н.Құрманғожинге берілді. Білім ордасының басшысы өз сөзінде бүгінгі түлектердің мектеп қабырғасында үлгілі де озат, түрлі шараларға белсене қатысатындықтарын тілге тиек етіп, оларға үлкен өмірден өздеріне лайықты орындарын табуын тіледі.

Келесі құттықтау сөзді аудан әкімдігі атынан жауапты өкіл ретінде барған аудандық газеттердің бас редакторы Ә.Мұстафин алды.

– "Ересек өмірге қадам басқалы тұрған мектеп түлектерін бүгінгі салтанатты мерекелерімен құттықтай отыра, тестілеу сынағынан сүрінбей өтіп, қалаған мамандықтарының иесі атануларын тілейміз, Тәуелсіз еліміздің бетке ұстап, мақтан қылар азаматтары болыңыздар", – деді Әсет Мәлікұлы.

Мектеп түлектерін сонымен қатар, Озерный селолық округінің әкімі Д.Таженов, білім ордасын бітіргендеріне елу жыл толған мерейтой иелері құттықтап, ең жылы лебіздерін жеткізіп, игі тілектерін арнады. Қонақтар сондай-ақ осы сәтті пайдалана отырып, туған мектептеріне арнайы әкелген сыйлықтарын тапсырды.

2011-2012 оқу жылының қорытындысы бойынша, марапаттау да өткізілді. Мектеп басшысы Н.Құрманғожин оқу жылын үздік бітіргендерге, білім олимпиадаларында, спорттық сайыстарда жеңіске жеткен, түрлі шараларға белсене қатысқан оқушыларға мақтау қағаздары мен грамоталарды табыстады. Сондай-ақ мектеп өміріне белсене араласқан ата-аналар да Алғыс хаттарға ие болды.

Мектеп бітірушілердің сынып жетекшісі Б.Айтбаев, ат-аналар атынан О.Мұқанов, Н.Тастанкина толқи сөйлеп, түлектерге ақ жол тіледі. Бірінші сынып шәкірттері де аға-әпкелеріне арнап әзірлеген тақпақтарын әсерлі жеткізіп, қуаныш сыйлады.

Бүгінгі күні төртінші сынып оқушылары да бастауышпен қоштасып, аналарындай болып кеткен Б.Ибраеваға алғысқа толы өлең жолдарын арнады.

Концерттік бағдарлама әзірленіп, мектеп оқушылары өз өнерлерін түлектермен қатар, аға ұрпақ – мерейтой иелеріне де тарту етті. Соңғы қоңырау да соғылды. Күмбірлеген күміс қоңырау үні мектеп түлектеріне сондай ыстық естіліп, олардың жүректерінен мәңгі орын алды. Тарыдай болып кіріп, таудай болып шыққан олар, туған мектептерін үнемі қимастықпен еске алары сөзсіз.

(Жамбыл аудандық "Ауйыл арайы" газеті, 2012 жылғы 1 тамыз).

Қосымша: Осы іс-шараға "Озерный" мектебінде әр жылдары оқыған, қазір Қостанай облысында тұратын Рудный қаласы әкімінің орынбасары болып істеген Амантай Жантеміров, білім саласында басшы қызметтер атқарған Мәлік Көшебин, ауыл шаудашылығында еңбек еткен зейнеткер Эмиль Сейдалин әдейі келіп, қатысып, жүрекжарды тілектерін білдірді.

















ВСТРЕЧА ЧЕРЕЗ ПОЛВЕКА

Первые колышки села Озерное, Жамбылского района были забиты в 1954 году, в годы поднятия целинных и залежных земель тогдашней огромной стране - Советском Союзе. За считанные годы количество домов, построенных у опушки леса, достигло до пятисот. И поэтому, открывшаяся начальная школа быстро переросла в среднюю. А уже в 1959 году школу окончили первые выпускники.

В этом году уже пятьдесят четвертый выпуск. Для впускников этого года навсегда останется в памяти последний звонок. На встречу приехали те, которые пятьдесят лет тому назад окончили эту школу. Родившихся в последние годы Великой Отественной войны не так уж много. Поэтому в 1962 году было всего пять выпускников. Их послевоенный жизненный путь, достигнутые успехи, вклад в развитие своей страны пример для молодежи.

Из пяти выпускников четверо получили высшее, а одна среднеспециальное образование. Так, Жаулыбай Ибраев, после окончания ВУЗа стал инженером-электриком в мехколонне №60 города Петропавловска, участвовал на стройках высоковольтных электролиний в разных странах СНГ, будучи пенсионером продолжает работать начальником участка. Второй выпускник, Еркин Кудабаев работал директором школы, зав. отделом образования, начальником отдела труда и социальной защиты, заместителем акима Узынкольского района, Кустанайской области, третий Сайран Жакупов был директором ряда школ, начальником отдела Акмолинского областного управления образования. Следующий, Амандык Жантемиров прошел путь от литературного сотрудника до заместитля главного редактора областной газеты "Солтустик Казахстан", заслуженный деятель культуры РК, Почетный журналист Казахстана, автор трех книг, пятая выпускница, Дариха Нурсеитова работала в разных должностях в совхозе "Озерный", мать-героия. На последнем звонке все они пожелали доброго пути нынешним выпускникам.

Не остались в стороне и те, которые закончили школу - 20 лет назад. Они посадили вокруг школы 20 елок, подарили один комплект мебели для школьного класса. Теплые слова нынешним выпускникам и юбилярам адресовал редактор районных газет А.Мустафин.

В школе созданы все условия для учебно-воспитательной работы. Здание отремонтировано, есть компьютерный класс, работают столовая, медпункт, библиотека, спротзал. Из 28 учителей 23 имеют высшее, остальные среднеспециальное образование. Большинство из них имеют высшую категорию

Бывшим выпускникам подарили видеофильм об истории школы, ученики дали концерт, специально подготовленный для них. В конце встречи директор школы Нурлан Курмангожин поблагодарил гостей за их приезд в родную школу, за воспоминания, из которых учителя и ученики почерпнули много нового из истории данного учебного заведения.

ДОС ТУРАЛЫ СӨЗ

Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы армандаған ойы Құдай сәтін салып, бір қасық қан төгілмей-ақ орындалып, еліміз егемендік алып, дініміз бен ділімізге еркіндік берілгелі әдеби-мәдени түрде жаза білсін-білмесін әркім қолына қалам алып, ата-тегінің шежіресін жинай бастады. Бұл, бір жағынан құптарлық құбылыс. Әйтпесе, жетпіс жылдай билік жүргізген қызыл империя бізді бір ұлтқа айналдыра бастады емес пе! Ата-тегімізді айту түгіл қазақша сөйлеу мүмкіндігінен айырылып қала жаздадық-ау! Тәуба делік!

Десек те, ата-тектерін әртіннен бастаймыз деп, бүкіл бір руларды, тайпаларды шатастырып жазып, кітап қылып бастырып шығарып, халықтың наразылығын тудырып жатқандар да аз емес. Ол –ол ма, тіпті баласын әкесі етіп, өз аталарын одан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген белгілі тұлғалармен замандас етіп жазып жібергендер де кездеседі. Бұл орайда, өте сақ болғанның, әрбір деректі мұқият тексеріп, осы біледі-ау деген адамдардан сұрап алғанның артықтығы жоқ.

Сондай шежірені менің аталасым, құрдасым, жасымыздан тай-құлындай тебісіп бірге өскен досым Сайран Жақыпов та жазыпты. Біз қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Озерный орта мектебінде интернатта тұрып оқыдық. Екеуміз бір-біріне тақалған екі кереуетте жаттық. Оқуымыз да, сырымыз да, жырымыз да бір болды. Бірақ екеуміз де бір атадан, яғни Керей ішінде Қапсыттан тараған ұрпақ екенімізді білген емеспіз. Оның ешкімге керегі болмады ғой.

Тіпті, 1966 жылы облыстық «Ленин туы» (қазіргі «Солтүстік Қазақстан») газеті редакциясына қызметке орналасқан шақта да қай рудан екенімді білмейтінмін. Редакция тапсырмасымен шыққан алғашқы жолсапарымда қариялардың ата-тегімді сұрамасы бар ма. Білмедім. Жаман ұялдым. Бір демалыста ауылға барып әкемнен түп-тегімнің кім екенін сұрап білдім.

Сайран да әкесі Сұлтаннан кезінде ата-тегін жазып алса керек. Сұлтан Жақыпұлы өзі тұратын Жалтыршада ғана емес, сол төңіректегі Жаңажол, Қарақамыс, Ақбалық, Октябрь, Нұрымбет, Сәбит және басқа да ауылдар тұрғындары арасында беделді, тақуа адам еді. Бес уақыт намазын оқып, ауылдастарынан ақылын аямайтын-ды.

Тоғыз қыздың арасындағы жалғыз атұстары – Сайранды оқытамын, тең-құрбыларынан қалдырмаймын, пәтерде тұрып, біреудің есігінде жүріп білім ала алмас деп орта мектебі бар көршілес Жаңажол ауылына уақытша көшіп барып, еңбек етуінің өзі әкенің көрегендігі емес пе, шіркін! Баласы сол еңбекті ақтады. Алғашында медицина институтына түсіп, денсаулығына байланысты ауылға қайтып оралған Сайран Сұлтанұлы барлық санаулы ғұмырын ұстаздыққа арнады. Зайыбы - Қайникамел Әбенқызы да көп жыл ұстаздық құрып, екеуі де зейнеткерлікке шықты. Әке мен шеше жолын қуған қыздары – Айғаным Сайранқызы қазір Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті жанындағы колледждің директоры, филология ғылымдарының кандидаты. Оның табысына өз баламдай қуанамын, әрбір қадамын қолдап отырамын. Осы еңбектің жарық көруіне оның қосқан үлесі зор. Ол үшін көп рахмет!

Адам жүре-жүре көсем болады, сөйлей-сөйлей шешен болады деген рас екен. Сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдары мектеп-интернатта оқып жүргенімізде осындай естелік жазамыз, шежіре жинаймыз деп ойлап па едік. Керісінше, ұстаздарымыздың бірі, мықты математик Баязит Айтмолдин

бір есепті шығара алмасақ:
- Егер арнайы ұшақ шығарып, бүкіл Кеңес Одағынан іздесек осындай бес дүлейді бір жерге жинай алмас едік,- деуші еді.

Орта мектепті бітірген сол бесеуміз де далада қалған жоқпыз. Ең үлкеніміз Жауылбай Ыбыраев (ол кезде Халықов болатын) Целиноград ауыл шаруашылығы институтын бітіріп, Петропавлдағы «60-шы мехколоннада» инженер-электрик болып қызмет атқарып, зейнеткерлікке шықты. Мен, қазақ мемлекеттік университетін бітіріп, облыстық газетте, теледидар мен радиода қатардағы тілшіден басшысына дейінгі жолдан өттім, Қазақстан Республикасының мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі атақтарым бар, «Атақоныс-Ақтомпақ», «Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі», «Жеті атаңды білесің бе?» деген кітаптарының авторымын. Еркін Құдабаев (ол Сейтуллин болатын) Қостанай педагогика институтын бітіріп, мектеп директоры, аудандық білім бөлімінің бастығы болды. Дариха Мәшікова – жоғары кернеулі электр желілері қосалқы стансасының кезекші - операторы болып істеді, көпбалалы ана. Ал осы кітаптың авторы – Сайран Жақыпов Көкшетау педагогика институтын бітіріп, бірнеше мектепте директор болып, Көкшетау облыстық білім бөлімінде жауапты қызмет атқарды.

Бір айта кетерлігі, Озерный мектеп-интернатындағы мәдени-әдеби шаралардың бірде-бірі Сайран Сұлтанұлының қатысуынсыз өтпейтін. Өйткені оның құйқылжыта салған әндері кештің сәнін әрлендіре түсуші еді. Бірақ оның өлең жазатын өнерін білгенім жоқ. Осы кітабының бір бөлімі түгелдей өлеңмен жазылған екен. «Жылы-жылы сөйлесең – жылан да інінен шығады» дегендей, шын көңілден жазылған шумақтары көңілге қонымды-ақ.

Сайып келгенде, досымның бұл еңбегі өзінен тараған ұрпаққа ғана емес, оны қолына алып, зейін қоя оқыған адамға туыстықтың, достықтың бағасын білуге, аға ұрпақты қастерлеуге, кейінгі толқынға жол сілтеуге септігін тигізері сөзсіз. Тек соны ұға да ұғына білсек болғаны!

Ескерту: бұл Сайран Жақыповтың "Ата-бабаларынан немерелеріме дейін" деп аталатын кітабына алғысөз ретінде жазылған пікір.



Солдан оңға қарай: Амандық Жантеміров, Еркін Сейтулин (Құдабаев), Сайран Жақыпов, Жаулбай Халықов (Ыбраев).

5. ИМАН-ТАРАЗЫ

ЖЕРЛЕУ РӘСІМІН БӘСЕКЕГЕ АЙНАЛДЫРМАЙЫҚ

Осыдан бірнеше жыл бұрын Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төралқасында барлық облыстардағы өкіл имамдардың қатысуымен жаназа пәтуасы қабылданған болатын. Бұл пәтуаның талаптары қандай және олар жергілікті жерлерде қалай орындалуда? Осы жөнінде айтып беру үшін ҚМДБ-ның СҚО бойынша өкіл имамы, "Қызылжар" орталық мешітінің бас имамы Қасымхан Исаевқа жолыққан едік.

– Қасымхан қажы Абдуллаұлы, Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының жаназа пәтуасы неге негізделіп жасалды?

– Бисмиллаһи-р-рахмани-р-рахим! Жаназа пәтуасын шариғат үкімдері мен қазақтың, яғни мұсылман қауымының дінімізге қайшы келмейтін, ата-бабаларымыздан бері жалғасып келе жатқан салт-дәстүрлері ескеріле отырып жасалды деуге болады. Онда қасиетті Құран Кәрімнің аяттары, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың, белгілі имам-ағзамдардың хадистері, ғалымдардың пәтуалары, еңбектері басшылыққа алынды.

– Енді әңгімемізді нақты жерлеу рәсіміне қарай ауыстырсақ. Мысалы, адам қайтыс болды делік. Көп адамдар мәйітті оң жағына қаратуды біле бермейді. Бұрын үлкен кісілер мәйіттің басын құбылаға қаратып жататын. Соңғы кезде ол дұрыс емес дегенді айтады. Тіпті, кейбір молдалардың қолында құбыланама (компас) да көрдім. Сонда мәйітті оң жаққа қалай салу керек?

– Адам жан тапсырғаннан кейін іш дәрет алдырып, еденге жайма төсеп, салқын жерге мәйіттің оң жағы құбылаға келетіндей етіліп, жүзі құбылаға бұрылып жатқызылады. Содан соң жағын иек астынан жоғары қарай жалпақ шүберекпен байлап, аяқ-қолын дұрыстап, мәйіттің киімін шешіп, үстіне жамылғы жауып қою керек.

Марқұм дүние салған соң оның қайтыс болғанын жариялап, жерлеуге асығу мұстахаб.

– Сонда мәйіттің басын емес, құбылаға жүзін қаратып қою керек болды ғой?

– Дәл солай.

– Мәйітті жуындырып, кебіндеп, егер жаназасы үйде шығарылса, содан кейін үйден аяғымен шығарыла ма, басымен шығарыла ма? Кейбіреулер адам тірі кезінде үйге аяғымен енеді, өлгенде басымен шығуы керек деп жатады?

– Шариғатта мәйітті қалай шығару талабы жоқ. Сондықтан басымен де, аяғымен де шығара беруге болады.

– Халық арасында дау-дамай демей-ақ қояйық, әртүрлі әңгімелер мен тіпті кереғар пікірлер туғызып жүрген мәселе – жаназа намазын өткізуге құзырлы кісілер туралы болып жүр. Кейбіреулер менің құдам немесе досым еді, жаназасын мен шығарсын деп өсиет етіпті дегенді алға тартып, кеуделеп, сол жердің имам, молдасына бағынбайтындар да кездеседі.

– Әбу Ханифа (р.а.) мазхабында жаназа намазын өткізуге әуелі патша

немесе мүфти, ал жергілікті жерде бұйрықпен тағайындаған имамдар мен молдалар құзырлы, басқаларының ешқандай құқығы жоқ.

– Біздің бала кезімізде өзіне-өзі қол салатын адамдар өте сирек кездесетін. Ондай бола қалса молдалар жаназа шығармайтын, мәйітін зираттың сыртына қоятын. Қазір ондай оқиғалар көптеп кездесетін болды. Бірақ олардың жаназасы шығарылып, көппен бірге жерленіп жатыр. Осы дұрыс па?

– Үлкен-кіші, ер немесе әйел болсын әрбір мұсылманға жаназа намазын оқу парыз. Алайда, белгілі бір себептермен жаназа оқылмайтын кісілер болады. "Ат-Табиинде" жаназа намазы оқылмайтын адамдар қатарына төмендегілер жатқызылады:

1. Бүлікші, мұсылмандарға қарсы қару қолданып, соғыс ашқан кісілер.
2. Қарақшылық шабуыл кезінде өлген тонаушылар және сол сияқтылар.
3. Өзіне-өзі қол салғандар (асылып, атылып, терезеден құлап, у ішіп, әдейі пойыз астына түсіп, суға қарғып) т.с.с.
4. Ата-анасын өлтіргендер.

Оларға қорлық болу үшін жаназа шығармайды. Абайсызда өзін-өзі білмей өлтірген адамды жуып, жаназа намазын оқу керек (мысалы, жауды өлтіремін деп абайсыздан өзін өлтіріп алған). Сол сияқты өзге дінге, секгаға кірген кісінің жаназа намазы оқылмайды және олар мұсылмандар зиратына жерленбейді.

– Өзінің тұрмыс жағдайына байланысты доңыз баққан немесе оның етін сатқан адам өлсе, оған жаназа намазы оқыла ма?

– Шошқа етін сатқан да, оны баққан да шариғат бойынша күнәһар. Бірақ ол ислам дінінен шықпайды. Сондықтан ондай адам дүниеден өткенде жаназасы оқылады.

– Басқа дін өкілдеріне тұрмысқа шыққан мұсылман әйелі қайтыс болса, жаназа намазы шығарыла ма?

– Әрине, қазақ қыздарының басқа дін өкілдеріне тұрмысқа шығуына шариғатта рұқсат етілмейді. Сонда да ондай жағдай орын алып, ол әйел өзге дін қабылдамай, өз дінінде қалған болса, онда жаназасы шығарылады.

– Әдетте мәйітті қойып болғаннан кейін молда Құран оқиды. Содан кейін алдын ала белгілеп қойған адамдар "төрт бұрыш" оқуға кіріседі. Ол оқитын адамдар жолына қарай, не құдалары, не басқа рудың адамы, не ауыл ақсақалы бола ма, іріктеліп алынып, қолына бір кесінді мата әкеліп береді де, оны "сен оқисың" деп міндеттейді. Ол аят оқи ала ма, жоқ па, онда шаруасы болмайды. Оқи алмайтын болса, ол үшін молда оқып береді. Сөйтіп, зират басында ұзақ мерзім болуға тура келеді. Осы дұрыс па?

– Шариғатымызда мата таратып, төрт адамға "төртбұрыш" деп Құран оқыту жоқ, бірақ Құран оқытып, сауабын өліге бағыштау бар. Қабір басында Құранды бір адам оқыса да жеткілікті. Ауа райының ыстық-суықтығын, әрі бейіт басына барған кейбір адамдардың қарт, науқас және асығыс екендіктерін ескеріп, бірнеше адамның ұзыннан-ұзақ Құран оқымағаны жөн. Құранды кейіннен толықтай хатым етіп, сауабын бағыштауға да болады.

– Қайтқан кісіге әр жұмада Құран оқыту үшін ас дайындап, молда шақыру қажет пе?

– Бұл – нәпіл садақа түріне жататын амал. Яғни, істесеңіз сауабы өліге жетер деп үміт етіледі. Бірақ жасалмаған жағдайда күнә емес. Сондай-ақ Құран оқыту үшін міндетті түрде ас дайындап, дастарқан жаю да шарт емес.

Дастарқан жаймай-ақ, кез келген уақытта өзіңіз білген аятты оқып, сауабын марқұмға бағыштай беруге болады. Ал егер көп кісі шақырсаңыз, жұртқа діни уағыз-насихат, ғибратты әңгімелер айтылуы үшін имам, молдаларды шақырған жөн.

– Мәйітке арнап жетісін, қырқын, елу екілігін және жылын беру шариғатта бар ма?

– Ас беру шариғатымыздың міндетті түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар болмайды. Бірақ, жалпы алғанда, жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екенін хадистерден және кейбір Құран аяттарынан байқаймыз. Сондықтан жетісі, қырқы, жылы деп нақты күндерді санап жатпай-ақ, кез келген күні сауабын қайтыс болған кісіге бағыштап жоқ-жітіктерге, мұқтаж жандарға тамақ таратып, ас беру абзал. Ал мұқтаж жандар қатарына жатпаса да, туған-туыс, жора-жолдастарын жинап ас беруге де шариғат қарсы емес.

Жетісі, қырқы және жылы шариғатта белгіленбегендіктен, оны тек рәсімдік атау ретінде ғана орындаса болады. Сондай-ақ "жетісінде мәйіт ісінеді, қырқында бүйтеді, ал елу екінші күні еті мен сүйегі ажырағанда мәйіт қатты қиналады. Сондықтан ас беріп, дұға жасау керек екен" деген таяз түсініктердің исламда ешбір негізі жоқ.

Дінімізде міндетті түрде қарызданып немесе өзіне қажетті қаржыңды жұмсап, өлі атынан үлкен мал сойып, садақа бер деген үкім жоқ. Ас ысырапқа жол берілместен атқарылуы тиіс.

– Қайтқан кісінің 5, 10, 15, 20 жылдығы деген атпен ас беруге бола ма?

– Жағдайы бар адамға қайтқан кісінің артынан құдайы ас беруге шариғатта тыйым салынбаған. Бірақ, сол үшін қарызданып, несие алып, өзіне қиындық тудыру дұрыс емес. Ол ысырапкершілікке жатады.

– Бақилық болған адам жерленгеннен кейін басына 40 күн барып дұға оқиды деп бір кісіге ақшалай садақа береді немесе бір қой атайды. Бұл қалай?

– Жаназа пәтуасында ондай жоқ.

– Жасыратыны жоқ, дініміз де, біліміз де еліміз егемендік алғаннан бері ғана дами бастады ғой. Қаншама адам мешіттердегі сауат ашу курстарында оқып, хат танып жатыр. Бұл әлі жеткіліксіз. Бұрынғы кезде молда алдынан оқып білім алғандар қазір некен-саяқ. Ал қарияларымыздың көбі аяттарды жаттап алған, кейбіреуі қате оқиды. Соған қарамастан қабір басында болсын, дұғада болсын кимелеп Құран оқитындар бар. Тіпті, тыңдап отырғанда құлаққа жағымсыз естіледі. Осыны қалай тоқтатуға болады?

– Бұл да түйінді мәселелердің бірі. Қария адамдарға "сен қате оқисың" деп айту қиын. Олай айтсаң, сау басыңа сақина тілеп алуың мүмкін. Ал жаназа пәтуасы бойынша Құранды ҚМДБ-ның бұйрығымен тағайындалған имам мен молдалар ғана оқуға тиіс. Өйткені, олар сараптамадан өтеді. Былтыр біздің облыстың елу бес ауыл молдасы сараптамадан өтіп, бұйрық алды. Енді қай жерде болсын Құран оқуға солар ғана құқылы.

– "Өлім байдың малын шашады, кедейдің артын ашады" дейді. Расында да, тұрмысы нашар адамдар байлардан қалмаймын деп туысы өлсе қарызға, не банктен несиеге ақша алып, дұғасын, үшін, жетісін, қырқын, жылын өткізіп жатады. Сөйтіп, бірнеше жылдап оны өтеумен әлек болады. Сосын дастарқанды тойда беретіндей тағамдармен толтырады. Дұғаға келетін адамдардың аз-көбіне қарамай, жылқы сояды. Оның үстіне жағалы киімдер, жыртыс үлестіреді. Не деген ысырап?!

– Біріншіден, бұл амалдарды дініміз жүктеген, міндетті түрде істелуі тиіс "парыз" амалы деп түсінбеген жөн. Бұларды жасамаған жағдайда ешкім күнәһар болмайды. Екіншіден, ешкім кәдесіне жаратып, пайдасына асыра алмайтын бір жапырақ жыртыс таратқаннан гөрі, сол жыртысқа кететін қаржыны жетім-жесір, жоқ-жітіктерге таратқан әлдеқайда сауапты. Үшіншіден, қайтыс болған кісінің киімін ертеректе "тәбәрік" ниетімен елге тарататын. Ал бүгінде бұл жағымсыз әдетке ойысқан сияқты. Кейбіреулер кісінің күнделікті киімін емес, керісінше, дүкеннен жаңадан сатып алынған жағалы киімді таратуды шариғат қағидасы секілді талап етіп жатады. Тіпті, бәз біреулер "ұят болмасын" деген түсінікпен қарызданып, қымбат киім алып, аяғы бұл іс өзгелермен бәсеке, бақталастыққа да ұласып жатады. Сондықтан мұндай амалды атқармаған жөн.

– Әрине, имам-молдалардың үнемі айтып отыруының арқасында қазір көпшілік жерлерде жағалы киім, жыртыс тарату тоқталып келеді. Есесіне тақия, жайнамаз, орамал беруге көшкендік байқалады. Аудандық мешіттер имамдары мен ауыл молдаларының айтуына қарағанда, кейбіреулер "Әкем, не шешем өлгенде таратылсын деп сандыққа жинап қойған дүниелерін таратпағанда не істеймін" десе, енді біреулері "жол беруді тыюды менен бастамаңдаршы" деп жалынатын көрінеді. Осы дұрыс па?

– Ол да дұрыс емес. Мұны да бара-бара тоқтату – парызымыз. Бұл бір күнде күрт тоқтай қоймайды. Халық арасында тағы да үгіт-насихат жұмысын жүргізіп, қайткен күнде де тоқтатудың амалын жасауымыз керек. Ысырапшылдыққа жол беруге болмайды. Халықтың қамын ойлауымыз керек. Жерлеу рәсімін бәсекеге айналдырмайық.

– Әңгімеңізге рахмет!

ОН ЕКІ АЙДЫҢ СҰЛТАНЫ

Ислам дінінде жыл – он екі айдың сұлтаны болып есептелетін Рамазан айы да өрмек жүзінен ауып барады. Бұл – екі дүние бақытына жеткізетін әрі күллі мұсылманның ата заңы – Құран Кәрім түскен мүбарак ай. Рамазан айында барлық мұсылманға ораза ұстау парыз. Осыған орай біз Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының біздің облыс бойынша өкіл имамы, Қызылжар орталық мешітінің бас имамы Қасымхан қажы Исаевқа жолығып, отыз күн ораза ұстау қайдан шыққан, қазіргі дінімізге, ділімізге бостандық берілген заманда ислам парыздарының бірін адамдар қалай орындауда, Рамазан айында тарауық неге оқылады, Қадір түні деген не және басқа да сұрақтар қойған едік.

– Біздің жасымыздағылардың саналы ғұмыры қызыл империяның дәуірлеп тұрған кезімен тұспа-тұс келді. Сондықтан бізді дінге қарсы қоя тәрбиеледі. Әсіресе, ислам діні қоғамға қауіпті делінді. Бұл діннің уағыздары да сол кездегі үгіт-насихат жұмысымен үндесіп жатқандықтан, сонысымен қауіпті деп есептелінді. Өйткені, ислам діні өтірік айтпауға, қылмыс жасамауға, біреудің ала жібін аттамауға және басқа да қоғамға жат қылықтарға бармауға шақырады. Бірақ бұл уағыздарды діндар адамдар ашық айта алмады. Баталарда қол жайған коммунистер мен комсомол мүшелері қуғынға ұшырады. Тәубе, қазір

жағдай мүлдем басқаша. Кешегі атеистер – партия, кеңес қызметкерлері, әсіресе, мұғалімдер жаттап алса да аят оқып, кейбіреуі сәждеге жығылып, ораза ұстауда. Құдай өзі кешірер, солардың ішінде шын көңілмен емес, басқалардан ерекшелену үшін ораза ұстайтындар да бар сияқты. Өйткені, ондай адамдарды ауызашарға шақырады, төрге отырғызады. Осы ойыма қалай қарайсыз, соңғы кезде халықтың ораза тұтуында өзгешелік байқала ма?

– Құран Кәрімде: "Алла тағала таза болғандарды және тәубе етушілерді жақсы көреді", делінеді. Осы аятқа сүйенетін болсақ, Алла тағала егер бір адам тәубесіне келгісі келсе, әлбетте, тәубе есіктері тәубе етушіге әрдайым ашық. Ол коммунист немесе атеист болса да. Оған дәлел, қазір Кеңес одағы кезінде тәрбие алған көптеген адамдар намаз оқып, ораза тұтып тәубесіне келуде. Және Пайғамбарымыз хадисінде: "Күнәсіне тәубе қылған кісі күнәсіз адам сияқты", деген. Ислам дініне кірген адамның бұрынғы істеген күнәлары кешіріледі. Осы кісілер мұсылман болып, тәубеге келіп, тура жолда болғаннан кейін үлкенге құрмет жасау – Пайғамбардың бұйрығы.

– Менің нағашы атам Ахметтің Шәймердені Құранды оқып отырып, қазақша мағынасын айтушы еді. Қазіргі Жамбыл ауданының Жаңажол ауылында Исахмет қари болатын. Екі көзі су қараңғы болғандықтан, жұрт ол кісіні Соқыр қари деп атайтын. Құранды жатқа білетін. Жыл сайын Ташкенттен келген мұсылман күнтізбесін Ақбалықтағы нағашыма әкеліп оқытып, оразаның қай кезде басталатынын, Айт мейрамдарының қай күндерге келетінін және басқа да даңқты оқиғаларды біліп алатын. Сол діндарлардың айтуына қарағанда, ораза бір-ақ күн болғанға ұқсайды. Ислам діні таратыла басталғалы христиандармен соғыс оты өршіп, осы күнге дейін созылып келеді емес пе? Бірнеше жылға созылған қанды қырғында ораза ұстауға мұрша болмаған. Ол кезде қазіргідей күнтізбе де жоқ қой. Артынан естерін жинап, мұсылмандықтың бес парызының бірі - ораза тұтуға келгенде оның қай күн екенін тап басып болжай алмаған. Сосын барып дінбасылар әйтеуір бір күні дөп келер деген оймен мұсылмандарға оразаны бір ай ұстауға міндет еткен көрінеді. Әрине, қазіргі Ислам діні жер бетінде дәуірлей бастаған шақта дінді уағыздаушылар ондай құпияны айта да бермеуі мүмкін ғой. Сонда да бұл әңгімеге негізі болар бір сыр жатқан шығар-ау.

- Бұл өте қате түсінік. Өйткені, Құранның 185 аятында: "Рамазан айы адамдарға тура жол нұсқаушы, ақ пен қараны айырушы, бекем тұтынатын жолбасшы ретінде Құран түсіріле бастаған ай. Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын" делінген. Осы аяттан біз бір күн емес бір ай ораза ұстау керек екенін түсінеміз. Өйткені, Алла тағала ашық түрде Рамазан айы туғанын көрген адам бірден ораза ұстайтын болсын деген және келесі айдың тууымен ораза аяқталады. Мұсылман күнтізбесі бойынша айдың саны он екі, жаңа ай туғанда айдың басталғанын білдіреді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) айтты: "Жаңа айды көріп, ораза ұстаңдар, жаңа айды көріп айт жасаңдар".

- Менің бала кезімде, шамасы 1956-58 жылдарда ораза тап осы кезге тура келді. Жаз ұзақ, күн ыстық болатын. Ауыздарының беріктігіне қарамастан, шалдар қолшалғымен шөп шабады. Бастарына ақ орамал байлайды, үстеріне ақ киім киеді. Кейбіреулері тіпті қалың киініп алады. Сонда ішке ыстық түспейді дейді олар. Нағыз Ислам дініне қатты бой

ұрғандар солар-ау деп ойлаймын.

Менің басымнан мынадай бір оқиға өтті. Бұл өткен ғасырдың жетпісінші жылдары еді. Қыс мезгілі, ораза айының іші. Облыстық мемлекеттік автоинспекцияның басшыларының бірі, майор Мұқаметжан Гокин бір демалыста қыдырып қайтуды ұсынды. Екі отбасы, яғни төрт адам оның "Победасымен" жолға шықтық. Дубровное ауылында оны қонаққа шақырған адамды тауып алдық. Қысқы соғымнан бір асым етті жеп, денемізді қыздырып, билеп, сол үйде ұзақ болдық. Бірақ біздің жолбастаушымыздың қабағы онша ашыла қоймады. Соны сезген үй иесі бір қойын сойып, тағы ас қылдырды. Өйткені, бір кінәсімен қолға түскенде МАИ қызметкеріне қой сойып, қонақ қыламын деп уәде берсе керек.

Не керек, екінші асқа отырдық. Біз осы үйге келгенде ұйықтап жатқан екі қария да оянып табақ басына келді. Содан кейін бізге тиісе бастады. "Сендер мұсылман емессіңдер ме, ораза ұстаудың орнына арақ ішіп жүрсіңдер"... деп сөгуге айналды. Әңгімесін тыңдап болғаннан кейін мен жауап бердім. "Біз коммунистіміз, сондықтан ораза ұстасақ қызметтен қуыламыз. Ал қонақтап жүргеніміз, балаңыздың өзі шақырған. Құдай, әйтеуір, ораза ұстайын деп ауыз бекіткен адамға рақымшылық жасай ма, әлде көңілі таза құлын қоштай ма, оны біз білмейміз. Өздеріңіз де шын көңілден ораза ұстап отырмаған тәріздісіздер. Өйткені, ұйықтаған адам сілекейін жұтуы ықтимал. Шариғат бойынша ішке сұйық кетпеуге тиіс, осыны білесіздер ме?" дедім. Екеуі бір-біріне қарап, жым болды. Осының бәрін айтып отырғаным, ораза ұстап күні бойы ұйықтап, кешке ауыз ашар кезде тұрған дұрыстыққа жата ма?

- Оразаның шариғаттағы мағынасы таң атқаннан күн батқанға дейін ішіп-жеуден және нәсіқұмарлық сезімдерінен тыйылу. Ораза мынадай жағдайларда бұзылмайды: ұмытып ішіп-жесе, тамаққа түтін немесе топырақ, шаң, ұнның тозаңы, қардың ұшқыны, жауынның тамшылары еріксіз кірсе, түкірік (сілекей) немесе мұрынды тарту арқылы бір нәрсе тамаққа кетсе. Тістердің арасында қалған тамақ қалдықтары ноқаттан кішкене болса. Гүл, әтір секілді жақсы иістерді иіскеу. Ораза ұстаған адамның ұйықтауына болады. Ораза ұстаушының ұйқысы да ғибадат еткен болып саналады.

– Ораза күндері осы Қызылжар орталық немесе басқа да мешіттерде қандай болмасын ас беруге тыйым саласыздар. Ауызашар беруге ғана рұқсат. Егер Рамазан айы ішінде біреу қайтыс болса, онда асты қайда бермек? Кешке дейін тостырып қоятындай жұрттың бәрінің аузы берік емес қой?

– Рамазан айында ақыл-есі дұрыс, балиғат жасына толған, денсаулығы бар барлық мұсылмандарға ораза ұстау парыз болып саналады. Рамазан айында жағдайы бола тұрып, ораза ұстамау үлкен күнә. Алла тағала бізді бұл айда ішіп-жеуден тыйды. Осы себептен мешіт асханасында ас беру мәселесіне шариғат талабына сай амал етеміз.

– Ораза күндері ауыз ашқаннан кейін тарауық намазы оқылады. Оған көп адамдар жиналады. Осы тарауық намазының сауабы қандай? Сосын тағы бір айта кетерлігі, бұл намаз өте кеш бітеді. Бұл кезде қалада жолаушылар көлігі тоқтап қалады. Балаларында, немерелерінде автокөліктері бар қарияларды мешітке әкеліп-әкететін де болар. Ал ондай мүмкіндігі жоқтар намазға келе алмайды ғой.

– Рамазан айында әр күні құптан намазынан кейін, үтір намазынан бұрын тарауық намазын оқу - ерлерге де, әйелдерге де сүннет. Тарауық намазы – 20 рәкат. Тарауық – "тынығу", "демалу" деген мағыналарды білдіреді. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.) тарауық намазының сүннет болу мәселесіне қатысты:

"Алла Рамазан айында ораза ұстауды парыз қылды. Мен сендерге Рамазанның кештерінде намаз оқуды тарауықты сүннет қылдым. Кім Алла тағалаға шын көңілмен иман келтіріп, қайырымын тек Алладан ғана күтіп ораза ұстап, намаз оқыса тарауыққа қатысса анасынан жаңа туғандай күнәлары кешіріледі", – деген.

Тарауық намазы Рамазан айында оқылатын сауабы мол ғибадат. Рамазан айы – Алланың нөсерлетіп төгіп тұрған рақымынан құр қалмау үшін құлдарына сыйлаған мүмкіндігі.

Қаламыздың орталық және қалалық мешіттерінде намазға келген жамағаттарды үйлеріне жеткізу үшін арнайы автобустар ұйымдастырылған.

– Жалпы ауыз ашыру деген не? Оның сауабы қандай? Кімдер ауыз ашыруға тиіс?

– Ораза ұстағандарға ауызашар берудің сауабы мол, әрі ол мұсылман баласына тән қонақ күту ғұрпы болып табылады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Ораза ұстаған кісіге ауыз аштырғанға ораза ұстаған кісінің сауабындай сауап жазылады. Бұдан ораза ұстаған кісінің сауабы кемімейді", деген. Аузы берік адамға бір құрма немесе зәйтүн тәрізді азық беру де ауыз аштырудың сауабына кенелтеді. Бірақ міндетті амал емес. Шамасы келген әрбір адам ауыз аштыра алады.

– Жыл сайын ораза айы ішінде мұсылмандар пітір садақасын беруге тиіс. Мұндай садақа не үшін беріледі және сауабы қандай?

– Пітір садақасы – адам болып жаратылғанымызға шүкіршілік ету және мол сауапқа кенелу мақсатында берілетін Рамазан айына тән садақа.

Пітір садақасының шарттары: мұсылман болу, еркін болуы және нисап мөлшеріндегі байлыққа ие (85 грамм алтын) болу. Пітір садақасы дүние-мүліктің емес, жан басының садақасы болғандықтан, зекеттегі сияқты негізгі қажеттілігінен артық дүние-мүлікке бір жыл толуы шарт емес. Пітір садақасы Ораза айт күні таң атысымен уәжіп болғанымен, оны Рамазан айы басталысымен алғашқы күннен бастап-ақ беруге де болады. Бұл садақаның Ораза айт намазына дейін берілгені дұрыс.

Түрлі себептермен аталмыш мерзімнен қанша кешіктірілсе де, пітір садақасы міндетті түрде берілуі тиіс. Пітір садақасын берерде ниет ету керек. Бірақ пітір садақасын берген кісіге оның садақа екенін айту қажет емес. Пітір садақасын білім жолындағы студенттерге беру де үлкен сауал.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) өз сөзінде "Кімде-кім біреудің қажетін өтесе, Алла тағала оның қажетін өтейді". Сондықтан оның сауабы:

1. Мұқтаждарға көмектесу;
2. Оразаның қабыл болуына себепші;
3. Өлім есеңгіреуінен құтылады;
4. Қабір азабынан құтылуына себепші болады;
5. Қоғамдық тұрғыдан жоқ-жітіктерді қамтамасыз етеді;
6. Олардың бір-біріне деген сүйіспешілігі артады.

Сондықтан пітір садақасын адамгершілік міндет деуге болады.

– Өзіміздің жерлесіміз, жуырда ғана туғанына 110 жылдығы тойланып өткен академик-жазушы Сәбит Мұқанов жастайынан жетім

қалып, еңбек жолын баламолдалықтан бастаған ғой. Нағашым Ахметтің Шәймерденнің үйіне ораза ішінде келген Қари сыртқа шыққанда Сәбең құманын ұстап тұрады. Осы сәтте аспан жап-жарық болып кетеді.

– Сәбит, не көрдің? – дейді Қари.

– Жаңа жұмақтың аузы ашылды ғой, – дейді Сәбең.

– Не дедің?

– Екі дүниенің рақатын бер! – дедім дейді бала молда.

Сонда "Құдай менің аузыма ештеңе салмады ғой" деп жылап жіберіпті Қари.

Бұл Қадір түні болса керек. Шынында да, Сәбең бұл өмірдің рақатын көрді ғой. Сонда Қадір түні деген не? Оның қай күні болатыны қалай есептеп шығарылады? Өйткені, оны бір Құдайдан басқа ешкім білмейді ғой.

– Қадір түні жайлы Құранның "Қадір" сүресінде: "Біз оны (Құран) Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін сен білесің бе? Қадір түні мың айдан да қайырлы. Бұл түні раббыларыңның рұқсатымен барлық періштелер және рух (Жәбірейіл) әрбір іс үшін жер жүзіне түседі. Бұл түн есендікке толы болады. Ол таң шапағына дейін жалғасады", – делінген.

Ардақты пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Кімде-кім Қадір түнінің мол сауабына сеніп, ықыласпен өткізсе, күнәлары кешіріледі", деп бұйырады.

Адамдарға дүниеде және ақыретте бақытты болудың жолын көрсететін дініміздің қасиетті кітабы – Құран Кәрім Пайғамбарымызға Рамазан айында Қадір түнінде түсе бастаған. Қадір түнінде хазірет Мұхаммед (с.ғ.с.)-ға пайғамбарлық міндеті жүктеліп, Ислам таңы осы түнде атқан.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бұл түннің Рамазанның соңғы он не жеті күніндегі (21, 23, 25, 27) тақ түндердің бірінде екенін айтқан. Алайда, ислам ғұламаларының көпшілігі оның 27 түні екендігін мақұлдаған әрі бүкіл мұсылман әлемі мұны осылайша қабылдаған.

Айша анамыз Пайғамбарымыздан (с.ғ.с.): "Уа, Алланың елшісі! Егер Қадір түніне жетсем, қандай дұға оқиын?", деп сұрағанда, ол: "Аллаһумма, иннәкә афуун, тухиббул афуа, фағфу анни, яғни "Аллам, сен кешірімдісің, кешіруді жақсы көресің, мені кешіре гөр!" – деген.

Бұл қасиетті түнді Алланың разылығы үшін ғибадат жасап, Құран Кәрім оқып, тыңдап, Пайғамбарымызға салауат айтып, уағыз-насихат тыңдап, Алладан кешірім тілеп, оны зікір етіп, бір құдіретпен жаратылған жаратылыстар жайлы терең ойға беріліп, жақсы-жаман істеріне есеп беріп, жиі-жиі дұға жасап өткізген дұрыс.

– Әңгімеңізге рахмет!

МАЛ ШАШҚАННАН НЕ ПАЙДА?

"Ұлы сөздің ұяттығы жоқ" демекші, халқымызда "Өлім байдың малын шашады, кедейдің артын ашады" деген сөз бар. Осы сөздің мәнмаңызы қазір де кемімей тұр. Бақилық болған адамды жерлегенде әлі барлар байлығын көрсетуге тырысса, дәулеті төмендер несие алып, солардан қалмаймын деп қарызға белшесінен батып жатады. Ал марқұм болған адамды соңғы сапарға шығарып салудың өзі де бір бәсеке-науқанға айналған сияқты. Кейбір шала молдалар осындайда көрініп қалғысы келеді. Міне, осындай ұнамсыз көріністер Қазақстан

мұсылмандары діни басқармасының біздің облыс бойынша өкіл имамы, "Қызылжар" орталық мешітінің бас имамы Қасымхан қажы Исаевқа жолығып, бірнеше сұрақ қоюға мәжбүрлеп отыр.

– Қасымхан қажы, Қызылжар өңірінде бақилық болған кісіні жөнелтуде кейбір келеңсіз жайттар орын алып жүр. Өзіңіз бас болып қазір Қызылжар маңындағы зираттарда кісі жерлегенде молдалар аятты қысқа оқитын болды. Бұл, әсіресе, жолға немесе басқа шаруасына асығып отырған адамдарға дұрыс. Әйтпесе, зират басында жарыса аят оқып, уақыт алу күннің жауынында, қысқы аязда қиындық тудырушы еді ғой. Сондай-ақ мешіт асханасында, қаладағы мейраманаларда ас бергенде де имамнан немесе оның орнына келген діни қызметкерден басқа ешкім аят оқымайтын болды. Мұны да құптамасқа болмайды.

Десек те, бұл ауылдық жерде тыйылмай отыр. Кейбір молдалар мәйітті шығарғанда ұзақ аят оқиды, сосын уағыз айтады. Зират басында төрт бұрышты былай қойғанда оған қоса әр ауылдан келген молда келсін-келмесін пәлен сүрені құдама немесе бәленге бағыштаймын деп оқи жөнеледі. Сөйтіп, қаншама жұртты мезі қылып, ұстап отырады. Ол - ол ма? Кейбір ауылдарда ас бергенде әр табақтан бір не екі адам аят оқиды. Олардың әрқайсысына 200-500 теңгеден немесе одан да көп садақа беріледі. Сондықтан мәтінін дұрыс білмесе де, аят оқитындар көбейіп бара жатқан тәрізді. Осыны қалай бір тәртіпке келтіруге болады?

– Адам дүниеден өткеннен кейін оның ағайындарына және жалпы мұсылмандарға мынадай нәрсе міндеттеледі: ең әуелі мәйітті жуындыру, кебіндеу, жаназасын оқу және жерлеу. Осы айтылған мәселелер Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы қайтыс болған кісіге байланысты шариғат үкімдері мен дінімізге қайшы келмейтін салт-дәстүр, әдет-ғұрпты қамтитын жаназа рәсімдерінің пәтуасы, яғни діни шешімдер шығарған болатын. Бұл пәтуа еліміздің барлық мұсылмандары үшін жерлеу рәсімін бір ізге, бір жобаға келтіру мақсатында жасалған. Барлығымыз осы пәтуаға сәйкес амал етуіміз міндетті. Сұрақтарға келер болсақ:

1. Жаназа намазы оқылғаннан кейін Құран да, уағыз да айтылмайды.

2. Қабір басында Құранды бір адам оқыса да жеткілікті. Ауа райының ыстық-суықтығын әрі бейіт басына барған кейбір адамдардың қарт, науқас және асығыс екендіктерін ескеріп, қабір басында бірнеше адамның ұзыннан-ұзақ Құран оқымағаны жөн.

3. Ас бергенде де молда немесе бір адамның атқарғаны жеткілікті, қиындатпау керек.

4. Шариғат бойынша Құран оқығаны үшін ақша берілмейді. Марқұмға садақа деп берсе ол басқа.

5. Құранды тәжиуд яғни Құранды дұрыс оқу ережесін білетін адам оқығаны дұрыс.

– Тағы бір жағымсыз жайт бар. Ол – мал шашу. Адам дүниеден өткеннен кейін марқұмды немесе оның балаларын білетіндер, бірге еңбек еткендер садақасы деп азын-аулақ ақша береді. Бұл қайғылы отбасына аздап болса да қаржылай көмек болсын деген ниет қой. Ілік-жіліктері, құдалары одан да көбірек көмек көрсетеді.

Қабір басында мәйіттің жанына бірнеше үлкен сөмке әкеліп қояды. Іштері толған жаңа киімдер, жыртыстар. Әлгі дүниелер таратылып беріледі. Содан кейін қалғаны ас берген орында таратылады.

Құдаларға шапан, костюм-шалбар беріледі. Қалғандарына екі метр жыртыс, ешкімнің киюіне жарамайтын арзан көйлектер. Бірақ әр көйлек арзан болғанымен, үй иелеріне ол қымбатқа түседі. Мысалы, бес жүз теңгеден екі жүз көйлек алсақ, 100 мың теңге емес пе? Басқа шығын қаншама? Қайран желге ұшқан ақша-ай!

– Жыртыс жырту, киім үлестіру, біріншіден, бұл амалдарды дініміз жүктеген, міндетті түрде істелуі тиіс парыз амалы деп түсінбеген жөн. Бұларды жасамаған жағдайда ешкім күнәһар болмайды.

Екіншіден, ешкім кәдесіне жаратып пайдасына асыра алмайтын бір жапырақ жыртыс таратқаннан гөрі оған кететін қаржыны жетім-жесір, жоқ-жітіктерге таратқан әлдеқайда сауапты.

Үшіншіден, қайтыс болған кісінің киіп жүрген киімін ертеректе "тәбәрік" ниетімен әрі киімдері босқа тұрмасын деген түсінікпен елге тарататын. Ал бүгінде бұл жақсы дәстүр уақыт өте келе басқа бір жағымсыз әдетке ойысқан сияқты. Қайтыс болған кісінің бас киімінен бастап шұлығына дейін түгендеп, дүкеннен жаңадан сатып алынған судай жаңа киімді таратуды шариғаттың қатаң талабы секілді қалтқысыз атқарып жүр. Тіпті, "ұят болмасын" деген түсінікпен қарызданып, қымбатын алуға ұмтылып, аяғы өзгелермен бәсекелестік пен бақталастыққа да ұласып жатады. Жаңа киім сатып алып тарату, яки таратылуын талап ету дұрыс емес екенін және исламның адамзатқа түсірілген жеңіл дін екенін ұмытпауымыз керек.

Жағдайы бар адамдардың хайыр ихсан (қайырлы іс) ретінде киім, орамал үлестіруі, сондай-ақ ақша таратуы сияқты әдет-ғұрыптар шариғатымызға қайшы келмейді. Бұл амалдар нәпіл (артық сауапқа кенелу) садақалар саналады. Тек оны атақ-даңқын шығару, не мақтаныш, жарыс мақсатымен жасауға болмайды. Бірақ сол үшін қарызданып, несие алып өзіне қиындық тудыру дұрыс емес. Ол ысырапшылдыққа жатады.

Осы пәтуа Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының барлық облыстардағы өкіл имамдарының қатысуымен ҚМДБ-ның төралқасында талқыланып бекітілген. Бұл пәтуа кітапшасы барлық облыс, аудан, ауыл молдаларына жеткізілді. Сондай-ақ республикалық діни газетіміз "Ислам және өркениетте", "Иман" журналында және облыстық "Солтүстік Қазақстан" газетінде де бірнеше рет жарияланды.

Шариғат бұйырған амалды орындап, тыйым салған амалдардан тыйылуымыз керек.

– Әңгімеңізге рахмет!

КЕШІРІМ ЖОЛЫН ҰСТАНАЙЫҚ

Барша мұсылман қауымы қуана қауышып, қимастықпен шығарып салатын Рамазан айының аяқталуына санаулы-ақ күн қалды. Денсаулығы көтеретін жамағат тамыз айының ұзақ күндеріне шыдап ауыз бекітті. Бұрындары қариялар айтып отыратынындай, түннің ұзақтығы сүт қайнатымдай ғана уақытқа созылуда. Сондай түндердің бірі – Қадір түні. Ол биыл 26 тамыздан 27-сіне қараған түнге сәйкес келеді.

Қасиетті Қадір түні дегеніміз не, ол қалай өткізіледі, ораза кезінде ауыз аштырудың мәнісі неде, пітір садақасын не үшін береді, Ораза

айтының мәні не? Осы сауалдарға түсінік беру үшін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы, "Қызылжар" орталық мешітінің бас имамы Қасымхан қажы Абдуллаұлына жолыққан едік.

– Қасымхан қажы, ең алдымен оразаңыз қабыл болсын!

– Бірге болсын! Алла қуат берсін!

– Сұхбатымды мына бір оқиғадан бастасам ба деп отырмын. Жамбыл ауданының Ақбалық ауылындағы жетіжылдық мектепте оқыған кезімде үш жыл нағашым Ахметтің Шәймерденінің үйінде тұрдым. Тақуа адам еді. Күнұзаққа Құран оқиды да отырады. Мені шақырып алып қазақша мағынасын түсіндіреді. Сол нағашым Сәбит Мұқанов әке-шешесінен айрылып, жетім қалғанында әдейілеп барып, үйіне алып келіпті. Сөйтіп, ол балаларды оқытатын ұстаз болады. Оразаның іші екен, нағашымның үйіне қари келеді. Тарауық намазы алдында қаримен бірге қолына құман ұстап бала-молда Сәбит те тысқа шығады. Осы кезде аспан аппақ болып кетеді.

– Сәбит, не көрдің? – дейді қари.

– Жұмақтың есігі ашылды ғой, – дейді Сәбит.

– Не дедің, қандай тілек айттың? – дейді қари.

– Екі дүниенің рақатын бер, дедім, – дейді Сәбит.

Сол кезде "Менің аузыма Құдай ештеңе салмады ғой", деп қари жылап жібереді. Сәбит көзі тірісінде осы оқиғаны айтып отырушы еді. Шынында да, ол кісі бұл дүниенің рақатын көріп өтті. Ал, Қасымхан қажы, сонда Қадір түні тілеген тілектің орындалатыны болғаны ғой, сірә?

– Алла тағала Құран Кәрімнің "Қадір" сүресінде былай дейді: "Негізінде Құранды Қадір түнінде түсірдік. Мұхаммед (с.ғ.с.) Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні мың айдан қайырлы. Періштелер және Жәбірейіл (ғ.с.) ол кеште Раббыларының рұқсаты бойынша барлық істерді атқару үшін жерге түседі. Ол бейбітшілік кеші таң рауандағанға дейін жалғасады". Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) бір хадисінде: "Кімде-кім Қадір түнінің қасиетіне сеніп, сауап жасай отырып, ғибадат етсе, өткен күнәлары кешіріледі", – деп бұл түннің аса маңызды, ерекше түн екенін ескерткен.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Сендер Қадір түнін Рамазан айының ақырғы он күндегі тақ күндерден іздеңдер", – деген. Ол биыл 26 тамыздан 27-сіне қараған түнге сәйкес келіп отыр.

Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистеріне, сахабалардың біліміне сүйене отырып, исламтанушы ғалымдар оразаның 27-ші түнін "Қадір түні" деп белгілеген. Бірақ Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оразаның соңғы он түнінде де құлшылық жасаудың сауабы мол екенін айтқан болатын. Сондықтан осы күндері Рамазан айының басқа күндеріндегіден де гөрі Алла тағаладан шын жүректен біліп-білмей істеген күнәларға кешірім сұрап, сауабынан үміттеніп, қазіргі тұрмысымызға, жер басып, жарық дүниеде өмір сүріп жүргенімізге шүкіршілік ете жалбарынуымыз қажет.

Қадір түні – бізге, мүминдерге Алла тағала берген шексіз мейірімділік белгісі, үлкен ілтипаты. Бұл түнді Алла ризашылығы үшін намаз оқып, Құран оқып, дұға етіп, дұрыстап өткізуіміз керек.

Айша анамыз бір күні Пайғамбарымызға:

"Я, Расулаллаһ! Қадір түнінде қайтіп дұға етейін?" – деп сұрайды.

Пайғамбарымыз былай деп жауап береді: **"Былай де: "Аллаһумма**

тннақа ғафуун тухиббуль ғафуа фағфу ғанни". Мағынасы: **"Иә, Алла, Сен кешірімдісің және кешіргенді жақсы көресің. Мені ғафу ет!".**

Сүйікті Пайғамбарымыз үйреткен бұл дұғаны біз де Қадір түнінде қайталайық. Қасиетті түндерді Алла ризашылығы үшін нәпіл намаз оқу, қаза намаз оқу, Аллаға тасбих айту, Құран оқу, Пайғамбарымызға салауат пен сәлем айту, күнәларымыздың кешірілуі үшін Алладан кешірім өтініп, дүние және ақыретке байланысты тілектерімізбен дұға қылып, қолымыздан келгенше қайырымдылық іс-шаралар өткізіп, кедейлерді қуанту сияқты ізгі істермен өткізуіміз керек.

– Әдетте Қадір түнінде мешіттерде халық көп жиналады. Әсіресе, жастар. Десек те, Қадір түнін үйде отырып-ақ қарсы алуға болмай ма?

– Әрине, үйде отырып-ақ Қадір түнін қарсы алуға болады. Бірақ мешітте қарсы алудың жөні басқа. Мұнда имамдар Құран оқиды, зікір айтады. Оның үстіне жиналған қауым имамдардың уағызын тыңдайды, өздерін толғандырып жүрген сауалдарына жауап ала алады. Сондықтан Қадір түнін мешітте өткізудің сауабы көбірек болады. Оның үстіне биыл Түркиядан арнайы келген қари Сүлейман Қисаоғлы Құран хатым етеді.

– Ораза кезінде мұсылман отбасылары ауыз ашырады. Бұл тірілер үшін бе, әлде аруақтарға дұға оқытуға арналған амал ма? Оның сауабы қандай?

– Осы Рамазан айында әрбір мұсылманның жасаған игі іс-әрекеттеріне сауап еселеп жазылады. Соның ішінде ауыз ашырудың сауабы ерекше. Бұл ең бірінші – тірі адамдардың өздері сауап алуы үшін жасалатын амал. Ал жамағатты жинап, ауыз ашырғаннан кейін, әрине, аруақтарға дұға оқылады, Алла тағаладан олардың күнәларын кешіру, жұмақтан орын беру сұралады. Сондықтан ауыз ашырудың тірі адамға да, бақилық болғандарға да тигізер сауабы көп.

Рамазан айында мұсылманға парыз амалдарды орындаған адам өзге айларда істегендегілерінен еселенген сауапқа ие болады. Ораза ұстаған адамдардың аузын аштырса, оның біліп-білмей істеген күнәлары кешіріліп, бақилық болғанда тозақ отынан азат етілуіне септігі тиеді. Егер өзі ораза ұстамаса, оған аузын бекіткен адамдардікіндей сауап жазылады. Ауыз ашыру үшін аста-төк табақ тарту, дастарқанда орын қалмайынша тағам қою міндет емес. Ораза ұстаған адам тоятындай азық-түлік болса жеткілікті. Оған дәлел: бірде сахабалар Мұхаммедке (с.ғ.с.) "Уа, Алланың Расулы! Біздің әрбіріміздің ораза ұстағанды тамақтандыруға шамамыз жете бермейді", – деген екен. Сонда Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): "Ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға Алла тағала сауабын береді", – деген екен.

Осы Рамазан айында жасалған басқа да қайырымдылық шаралардың сауабы өзге уақытта істеген барлық жақсылықтағыдан артық болатынын ұмытпағанымыз жөн.

– Осы Рамазан айында атқарылар міндеттердің тағы бірі – пітір садақасын беру. Пітір садақасы не үшін беріледі және оның сауабы қандай? Пітір садақасының мөлшері Қазақстанның әр өңірінде әртүрлі. Мысалы, Алматыда әр адамға 100 теңге болса, Қызылжарда – 150 теңге. Бұл сәйкессіздіктің себебі неде? Жамағат "Алматыда тұратындар бізден кедей болып па?" деген сұрақ та қояды. Бұл жайлы не айтасыз?

– Пітір – араб тілінде жаратылыс деген мағынаны білдіреді. Яғни, бұл – жан садақасы. Кейбір діни ғұламалар оны "дененің зекеті" деп атаған.

Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Рамазан айында берген пітір садақасы ораза ұстаушыны бос сөздерінің кірінен, әдепсіз айтқан сөзінің күнәсінан пәктейді және кембағалдар үшін азық екенін, сондай-ақ тозақ отынан құтылатынын, барлық күнәларынан тазаратынын, ұстаған оразасы қабыл болатынын, жәннатқа кіруге уәжіп болатынын, сол жылғы істеген істерін қабыл ететінін, сират көпірінен қиналмай өтетінін, мизан таразысында сауап жағы басым болатынын айтқан.

Пайғамбарымыз Мұхаммедтің (с.ғ.с.) заманында пітір садақа төрт азықтан берілген. Олар: бидай, мейіз, құрма және арпа. Оның үкімі Ханафи мазһабы бойынша жазылған Фиқһ кітаптарында кеңінен баяндалған. Қазіргі уақытта кейбір азық-түліктер жергілікті базарда саудаланбауы және күнделікті қолданыстан шығып қалуы пітір садақа мәселесін қайта қарау керектігін талап етуде.

Астана қаласында үш ірі және онға жуық шағын көк базарлар бар. Сол базардың біреуінде де бидай да, арпа да сатылымда жоқ. Бұл жағдай басқа облыс пен аудандарда да солай. Сондықтан Ханафи фихһ пәтуаларын негізге ала отырып, бидай орнына пітірді күнделікті қажеттілігімізге айналған ұн және оның өнімдерімен (талқан, макарон, вермишель, т.б.) есептеп шығарған дұрыс.

Пітірді азық түрінде немесе оның бағасын шығарып ақшалай беруге де болады. Оның бағасы жергілікті базардағы бөлшек нарықпен есептелуі тиіс. Әбу Йусуф (р.а.): "Бидайдың орнына ұн, ал ұн мен бидайдың орнына бұл екеуінің дирһамын (ақшасын) берген абзал", – деген.

Астана базарындағы қазіргі таңдағы баға бойынша пітір садақа берілетін азық-түліктің бағасы төмендегіше:

Ұн бойынша – 170-260 теңге (85 тг./кг.х 2 кг. – 130 тг./кг. х 2кг.).

Мейіз бойынша – 3000-6000 теңге (1500 тг./кг. х 2 кг. – 3000 тг./кг. х 2 кг.).

Құрма бойынша – 11 200 теңге (2800 тг./кг. х 4 кг.).

Сонымен пітір садақа берілетін бидай ұнының ең төменгі бағасы бойынша биылғы пітір садақа мөлшері кісі басына 150 теңге болып бекітілді. Алайда, мейіз және құрманың бағасы бойынша пітір садақасын беруге де болады. Ал Алматыда ол 100 теңге шамасында.

Кім бұл бағаны ауырсынса, білсін: пітір садақасын беру күнделікті қажетінен артық байлығы нисапқа жететін қалталы мұсылмандарға ғана міндет. Ал жағдайы жоқ азаматтар өздерінің қалауы бойынша бере алады. Пітір садақасын кедейлерге, мұқтаж жандарға, жетім-жесірлерге, мешіттерге беруге болады.

– Тамыздың 30-шы жұлдызында үш күнге созылатын Ораза айты басталады ғой. Ол қандай мереке және қалай аталып өтіледі?

– Бұл мереке бір айлық оразадан кейінгі жалпыхалықтық ауызашар іспеттес. Кей ғалымдар бұл айтты "Ифтар", яғни "ауызашар айты" деп те атаған. Айттың алғашқы күні мұсылман адам ерте оянып, дәрет алып, таза, жаңа киім киіп, жұпар иіс сеуіп, айт намазына қатысуы міндетті. Ораза айтында ата-ана мен қарияларға сәлем беріп, батасын алу, сырқат адамдардың көңілін сұрау да ізгілікті амалдарға жатады.

Ораза айты күндері бұрын ренжісіп қалған кісілермен татуласып, қатынас үзіліп қалған туыстардың, дос-жарандардың үйлерінде болып, жағдайларын білу де маңызды. Алла тағала: "Сен кешірім жолын ұстан, жақсылыққа бұйыр, надандықтан бет бұр", – деп мұсылмандарды барынша кешірімді болуға шақырған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы және Орта Азия мүфтилер кеңесінің төрағасы, бас мүфти, шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі де мұсылман халқын үнемі қайырымды, төзімді болуға, барлық ұлттармен ынтымақтастыққа, достыққа, татулыққа шақырады. Ораза алдында дүкендерде арақ-шарап сатпау, тойларды ішімдіксіз өткізу, коммуналдық және басқа қызметтерді он пайызға арзандату, құмар ойындар ойнамау жөнінде Үндеу жолдады. Бұл бастама барлық қазақстандықтар сияқты біздің өңір мұсылмандары арасында да қолдау тапты. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы ішкі және сыртқы саясатының арқасында еліміздің көркеюімен бірге ислам діні де өркен жайып келеді. Биыл сүйікті Отанымыз үшін ерекше жыл. Қазақстанның Тәуелсіздік алғанына 20 жыл толғалы отыр. Осы мерекелі жылы егемен еліміз Ислам ынтымақтастық ұйымының тізгінін қолға алып, жер жүзі мұсылмандарын бірлікке бастап отыр. Осыған шүкіршілік етейік, қол жеткенді баянды ете білейік, кешірім жолын ұстанып, жақсылық жасауға тырысайық.

– Әңгімеңізге рахмет!

(2011 жыл.)

БІР КИСУАНЫҢ ТАРИХЫ

Қызылжар қаласының тұрғыны Ергөкше Исахмет немересі «Қызылжар» орталық мешітіне Меккедегі Қағбаны жабатын кисуаның кесіндісін табыс етті. Бұл он тоғызыншы ғасырда тоқылған матаны ұлы әжесі – Исахметтің бәйбішесі Бәтім баласы Сабырға аманат етіп тапсырса керек.

Орта жүздің Уақ руынан тараған Шайгөз тегінің ұрпағы Тілемісте Ташат, Қортан, Торсан атты үш ұл болған. Ең кішісі – Торсанның болыс болып, Қостанай облысының қазіргі Ұзынкөл және Солтүстік Қазақстан облысындағы Жамбыл аудандарының біраз бөлігін алып жатқан аймақты басқарғаны жерлес жазушыларымыз Сәбит Мұқанов пен Ғабит Мүсіреповтың шығармаларынан баршаға таныс. Тарихи деректерге қарағанда Торсан 1848 жылы туып, 1920 жылы қайтыс болған. Торсаннан Шери мен Бәкен деген екі ұл болған. Кеңес өкіметі орнап байлардың малын тартып алып, өздерін қуғын-сүргінге ұшыратқан кезде Тілемістің ұрпақтары Ресейге қашып кетеді. Шериден туған Қажымұқан, Мұрат, Мағау деген балалары Түмен облысының Маслянка стансасында тұрады. Бәкеннің баласы Сүният кезінде «Советский спорт» газетінің Қазақстан бойынша меншікті тілшісі болып істеді, Қазақстан жазушылар одағында қызмет атқарды.

Ал Тілемістің үлкен ұлы Ташатқа келсек, ол өте өткір, айтқанынан қайтпайтын, бірбеткей адам болса керек. Сол кезде орыстың отарлаушы саясатына қарсы шыққан адам болған. Орынборда губернатордың қабылдауында болып, одан рулық жіктеуді, қазақтардың арасында іріткі салуды тоқтатуды талап еткен. Әңгіме ұрысқа ұласып, Ташат губернаторды ұрған. Шуды естіген қабылдау бөлмесіндегі күзетші таяқ жеген губернаторды столдың астынан әзер алып шыққан.

Осы қылмысы үшін Ташат сотқа тартылып, Сібірге, яғни Омбы облысының Березники селосына жер аударылған. Онда бірнеше жыл болып, Ташат өзі туып-өскен Қостанай облысының қазіргі Ұзынкөл ауылы маңындағы атақонысына қайтып оралады. Қыс осы жерде қыстап, жазда малын

Өгізбалық маңындағы жайлауда бағып отырған. Қазір осы маңдағы үлкен көл Ташаттың есімімен аталады.

Елге оралған Ташат осы жаққа жер ауып келген Қарабай қажымен танысады. Сөйтіп ол араб, парсы, орыс тілдерін жақсы білетін, халықты Мекке-Мәдинаға қажылыққа бастап барып жүрген Қарабай қажыға еріп жолға шығады. Бірақ Ташат сол сапарынан елге оралмайды. Мәдинаға барған жерінде қатты ауырып, бақилық болады да, сонда жерленеді. Бұл он тоғызыншы ғасырда болған оқиға еді.

Ташатта Исахмет, Мырзахмет, Шаяхмет және Сұлтанмахмет деген төрт ұл болады. Әкесі жантәсілім етерде жолсерігіне қажылық сапарында қасиетті Қағбаны жабуға арнайы тоқылған қисуа кесіндісін балаларына ала баруын аманат етеді. Бұл жолдан аман оралған Қарабай қажы қисуа кесіндісін Ташаттың үлкен ұлы Исахметке әкеліп береді. Қисуа Исахметтің бәйбішесі Бәтімнен баласы Сабырға қалады. Кеңес өкіметі кезінде сандықта тығылып келген осы қисуаны Сабырдың баласы Ергөкше Исахметов «Қызылжар» орталық мешітіне әкеліп табыс етті.

Жалпы, Тілемістің үш ұлына да сәтті қажылық сапар бұйырмаған. Үлкен ұлы Ташат Мәдинада жерленсе, қажылық сапардан келе жатқан жолында кемеде қайтыс болған ортаншы ұлы Қортанның денесі теңізге тасталған. Осыдан келіп ақсақалдар Торсанды қажылыққа жібермеген. Академик-жазушы Ғабит Мүсіреповтың айтуынша Торсан өз орынына орыс, араб тілдерін білетін бір адамды бәдел қажылыққа жіберсе керек. Ол осы сапарда жарты жылдан астам жүріп келген. Үстіне кигені еуропалық киім, қолындағы ыдысқа құйылған сұйықты зәмзәм суы деген.

Бәдел қажылығын бекітіп, ақсақалдардың батасын алу үшін Торсан жылқы сойғызып, төңіректегі ауылдардың адамдарын шақырады. Шалдар бірінен соң бірі әлгі кісіге Меккеге, Мәдинаға байланысты сұрақтар қояды. Енді бірі:

- Мұхаммед пайғамбарымыз (с.ғ.с.)-тің аяғын қойып пыраққа мінген тасын көрдің бе?- деп сұрақ қояды.

Сұрақтың көптігінен мезі болуынан ба, әлде ол тастың тарихын, қайда екенін білмегендігінен бе, ашуланып орынынан тұрып кетеді.

Арнайы жіберілген адамның Мекке, Мәдинада болғанына шүбә келтірген жиналған халық тарай тастайды Ас та ішілмейді.

Осы арада түсінікті болуы үшін тас туралы айта кетейін. Кейбір киссаларда айтылғанындай Мұхаммед Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) Меккеден Ирусалимдегі Әлақса мешітіне барғанда және ол жерден көкке көтерілгенде сол жерде жатқан тасқа аяғын салып пырағына мінеді. Пырақ аспанға көтерілгенде тас та бірге қалықтай бастаған. Осы кезде Пайғамбар(с.ғ.с.) тасқа қал деп бұйырады. Сол тас осы күнге дейін жоғарыға көтерілген күйінде ешбір тіреусіз қалықтап тұрса керек. Бірақ сұрақ қойған адам ол тастың Меккеде емес, Әлақсада, қазіргі Израиль жерінде екенін білмесе керек.

Кисуа кесіндісін қабыл алған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша өкіл имамы, «Қызылжар» орталық мешітінің Бас имамы Қасымхан Абдуллаұлы Ергөкше Исахметовке осы баға жетпес сыйлығы үшін алғыс айтты. Қисуаның кесіндісі арнайы беті шынымен жабылған рамаға керіліп, мешіттің намаз оқитын үлкен залына ілініп қойылды.

6. ҚОЙЫН ДӘПТЕРДЕН

СӘЛЕМ БЕРУДІҢ ПАЙДАСЫ

Ол кезде Жамбыл ауданының орталығы Жекекөлде (Благовещенкада) болатын. (1970 жыл желтоқсан – 1997 жыл сәуір). Мен облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетінде қызмет істейтінмін. Редакцияның тапсырмасымен осы ауданға іссапармен шықтым. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы (ауданда әр жылдары Мақтай Рамазанов, Мінайдар Жақыпов, Мәркен Ахметбеков, Шәймұрат Смағұлов, Жүсіп Бәшіров басқарды) менің жаныма аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері Иван Линник деген азаматты ертіп берді.

Бас инженер екеуміз "Жамбыл" совхозында болып, шаруашылығымен танысып, өзіме қажетті деректерді алдық. Содан кейін жолсерігім жаңа салынған үйлердің бірінің жанына келіп тоқтады да:

– Мені осында партком хатшысы етіп сайламақшы, мынау менің отбасым түсетін үй еді, көріп келе қояйыншы, – деп Иван Линник автокөліктен түсе жүгірді.

Үйді көріп, көңілі толып, қуанып келген жолсерігім, рульге отырды да, Благовещенкаға қайта бет алдық. Біраз жүргеннен кейін шағын қорабы бар "Уазик" сөнді де қалды. Бензині бітіпті. Күн салқын. Бұл автокөлік көп жүре қоймайтын сүрлеу жол еді. Қар жаңа түсе бастаған, бірақ қара жер толық жабылмаған. Оң жағымызда шамасы 5-6 шақырымдай ауыл көрінеді. Ол Амангелді ауылы.

– Сіз кабинада отыра тұрыңыз, мен мына ауылдан бензин іздеп келейін, – деді де жолсерігім Амангелдіге қарай жаяу тартты.

Мен кабинада отырмын. "Неғып бір көлік өтпейді" деп қоямын ішімнен. Кабина іші суи бастады. Бір кезде арт жақтан үстінде қызыл-жасыл шамы бар автокөліктің келе жатқаны байқалды. Милицияның автокөлігі екен. Тоқтаттым. Бензин сұрадым.

– Аға өзімде де бензин аз, бере алмаймын, – деді жас қазақ жігіті.

Сөйтіп, тұрғанда кабинада отырған денелі, ақсары, қара мұртты, жасы егде тартқан адам көзіме түсті. Автокөліктің алдын орағытып, оң жағына шықтым да, есікті ашып сәлем бердім. Қазақта "жылқы кісінескенше, адам жөн сұрасқанша" демей ме. Жөн сұрастық, бір-бірімізге қайдан келе жатқанымызды, қайда бара жатқанымызды айтыстық.

– Күн кешкіріп қалды, жолсерігім бензин іздеп анау ауылға кетіп еді, әлі жоқ, Благовещенкада мені ас қылып тосып отырған үй бар еді, ұят болды-ау! – дедім.

– Ол кім үйі? – деді қария.

– Өзімнің туған ағамдай болып кеткен Аманжол Шамқайыровтың үйі, – дедім.

– Е, мен де сонда бара жатырмын ғой, әңгімені сонда жалғастырармыз, – деді де жүргізушіге қарап:

– Құй бар бензиніңді мына жігіттің мәшініне, Благовещенкада тағы құйып аларсың, – деп бұйыра айтты.

Жүргізушіде үн жоқ. Бір шелек бензинді өзінің көлігінің багынан ағызып алып, менің автокөлігімнің багіне құйып берді де алға тарта жөнелді. Уазиктің

кілті орнында тұр екен, тұтатып алып, Амангелдіге қарай жолсыз жермен мен де тарта жөнелдім. Ауылға келсем жолсерігім бензин таба алмай жүр екен. Мені көріп таңғалды.

– Бұл кезде ол жермен ешкім жүрмеуші еді, бензинді қайдан таптыңыз? – дейді.

Мен мән-жайды түсіндірдім. Благовещенкаға келгесін жолсерігім мені Аманжол Шамқайыровтың үйінің алдына түсіріп кетті. Көп кешікпей манағы жолда кездескен нағашысы да келді. Ас ішіп, әңгіме-дүкен құрдық. Ол Хамит Молдыбаев деген ақсақал екен, Аманжолдың шешесінің інісі. Өлең шығаратын өнері бар, ескілікті әңгімелерді көп білетін болып шықты. Аманжол ағамыз да, оның шешесі де қалжыңдап сөйлеуге шебер болатын. Бұл өнер қайдан жұқты деп ойлаушы едім, нағашысына тартқанына көзім жетті.

Аманжол Шамқайыров менен екі жас үлкен еді. Әкесі соғыста қаза тапқан болуы керек. Інісі Амандық Құдабаев, шешесі – үшеуі Ақбалықта тұрды. Жапырайған шым үй, жалғыз сиырлары болды. Кейде қыста отындары бітіп қалады. Мен совхоз комсоргы болғандықтан қыс ат мініп жүремін. Сол атпен орманға барып ағаш кесіп әкелеміз. Ешкімнен қорықпаймыз, өйткені жездем Сәбит Садықов орманшы.

Тұрмыс жағдайларының нашарлығына қарамастан Аманжол ағамыз Батыс Қазақстанға барып, кәсіптік-техникалық училищеде оқып, электрик мамандығын алып келді. "Озерный" совхозы орнап, Ақбалық көлінің жағасына осы төңіректегі Қарақамыс, Жаңажол, Ақбалық, Жалтырша, Нұрымбет, Озерный, Октябрь ауылдарына жарық беретін электрстансаға моторист-электрші болып орналасты. Сөйте жүре, сырттан оқып жоғары білім алып, Жамбыл аудандық электр желілері басқармасының бастығына дейінгі қызметке көтерілді. Інісі – Амандық Құдабаев та жоғары білім алып, совхоздарда, содан кейін Тимирязев аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас инженер болып істеді. Екеуі де дүниеден ерте өтті. Ақбалықтағы зиратқа жерленді, ағайынды екеуі қатар жатыр.

Ол жасы біразға келіп қалғанда үйленді. Үлкен адамдар кейде үйленбей жүргенін меңзеп, "жасың нешеде" деп сұрағанда, "Ес біліп қалдық ғой" деп қалжыңмен жауап беретін. Жеңгеміз Нұрзипа, қыздарымен қазір Астанада тұрады.

Ағайымыз Аманжол Шамқайырұлы өте кішіпейіл, бауырмал, жолдастыққа адал азамат болатын. Кейде Жамбыл ауданына жолым түсіп бара қалғанда мазаларын алмай-ақ қояйын деп хабарласпасам да, көзіне түсіп қалсам болғаны үйіне алып барып, дәм татқызбай жібермейтін еді. Ол әрқашан маған:

– Үлкен болсын, кіші болсын кездескен адамға сәлем берген абзал, одан ештеңең кетпейді, – дейтін.

Өзі де солай істейтін. Сәлем берудің бір пайдасын жоғарыда баяндағанымдай, автокөліктің бензині таусылып, айдалада тұрғанда көрдім емес пе! Ендеше сәлем беруге жалықпайық!

ПІРАДАРҒА ҚҰМАН...

Бұл өткен, жирмасыншы ғасырдың орта шенінде болған оқиға. Ол кезде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Қарақамыс ауылы Қостанай облысына қарайтын. Осы ауылдың төл тумасы Қабден Сембаев Қостанай облыстық қаржы басқармасының бастығы болып істейтін. Ұлы Отан соғысы аяқталысымен Кеңес одағында алғаш шыққан "Победадан" кейін "Волга" деп аталатын жеңіл автокөлік жасала бастады. Ондай көліктер саудаға түсірілмейтін, бастықтар ғана мінетін. Қабден ағамыз осы ГАЗ-21 маркалы автокөлігімен алғаш ауылға келгенде ұста дүкені басында жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырған шалдарға әдейі соғып, машинаның ішіндегі орындығын жайып, көрсетіп, қажет болса төсек орынында пайдалануға болатынын айтып, оларды таңғалдырғаны әлі есімде.

Қостанайда біздің ауылдың арқасүйер тағы бір азаматы болды. Ол – Бекен Аханов, бір жағынан жерлес, екіншіден – Байғасқа Кендірбаевтың қызы Гүлсімге үйленген. Азан шақырылып қойылған аты Бегайдар. Бекен Жұсіпұлы жетім қалып, жастайынан мал баққан. Ақша жинап барып, оқуға түсіп, білім алып, қатардағы мұғалімнен жетім балалар мектеп-үйінің директорлығына дейін көтерілген. Оның ұйымдастырушылық қабілетін, білімділігін, адамдармен сөз табыса білетіндігін байқаған облыс басшылығы қызметін біртіндеп өсіре бастайды. Сөйтіп, облыстық оқу бөлімі бастығының бірінші орынбасары, Қостанай облыстық партия комитетінің білім және ғылым бөлімінің меңгерушісі, ең соңында партиялық комиссияның басшысы қызметтерін атқарды. Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагер, 2012 жылы дүниеден озды.

Қарақамыс ауылынан облыс орталығында шаруалары болып Қостанайға барғандардың көбі осы екі үйге тоқтайтын. Ал Гүлсімнің әкесі Байғасқа мен тетелес өскен ағайыны Тәпел Ақсақалов екеуі Қостанайға жиі барып, моншаға түсіп, аунап-қунап қайтатын. Ол кезде кездескен жүк автокөлігінің қорабына отыра беруші едік. Сондай бір сапарларында екі ақсақал Қостанайдан бертін келе жатқан бір жүк көлігіне мінсе керек. Ол машина жолдағы бір қазақ ауылының маңынан басқа жаққа бұрылып кететін болғандықтан екеуі түсіп қалған. Шамасы Ақсуат ауылы болса керек. Тас жолдың бойында, көлді жағалай созылып жатқан ауыл. Жолда біраз тұрғанмен ешқандай көлік өте қоймаған. Күн қараңғылана, үйлерде шамдар жағыла бастаған.

Не істеу керек? Олардың естуі бойынша, бұл ауыл тұрғындары жол-жөнекей соғатын қонақтардан мезі болды ма екен, үйлеріне ешкімді жібере қоймайтын көрінеді. Екеуі осы ауылда қонып шығудың амалын ойластырады. Сөйтіп, ауыл шетіндегі мұржадан түтін шығып жатқан бір үйге келіп, терезе қағады. Ішкі жақтан терезе алдына келген адамға:

– Үйде кім бар, пірадарға құман алып шығыңдаршы, дәрет алатын еді, – дейді Байғасқа.

Пірадар деген сөзді естігесін үй іші абыр-сабыр болып, біреуі далаға құман алып шығады. Әлгі адамға рахмет айта отырып, Байғасқа ақсақал пірадармен екеуінің алыс жолдан келе жатқанын жеткізеді. Ол жаққа өте нашар халде жатқан сырқатты емдеуге арнайы шақырумен барғандарын, оған және басқа да бірнеше адамға пірадардың шипасының тигенін айтады. Өздерін әкеле жатқан көліктің сынып қалып, қарсы кездескен біреулер қайта

сүйреп әкеткенін, сөйтіп жаяу қалғандарын қынжыла баяндайды.

Дәрет алып жатып, араб тілінде Құран аяттарын аузынан бір тастамай оқып отырған қарияны үй иесі шынында да бақсы екен деп ойлайды. Екі шалды үйге кіргізіп, дастарқан жайып, бар тағамдарын алдарына қояды, астарына жұмсақ құстөсек салып береді. Олар таңертең жайымен тұрғанша бұл үйдің маңына біраз адам жиналып та үлгереді. Өйткені шағын ауылда ештеме жасыра алмайсың, хабар бірден тарап кетеді емес пе? Таңертең ерте өріске мал айдағандардың бәрі ауылға "бақсы-емшінің" келгенін естіп қалса керек.

Енді не істеу керек? Шегінетін жер жоқ. Сырқаттарды қабылдап, ем-дом жасамай болмайды. Екі шал дәрет алған болып, үй сыртына шығып уағдаласады да сырқаттарды қабылдауға кіріседі. Пірадар Тәпел ақсақал төрге, ал оның көмекшісі Байғасқа есік жақта отырады. Емшіге көрінуге баратын адам ең алдымен Байғасқаның алдына келіп, сырқатын айтады. Ол адам Тәпелдің алдына барған кезде Байғасқа егер оның басы ауырса басын, іші ауырса қарнын басып дегендей белгі беріп отырады. Емшіге қаранғандар "ауруымды айтпастан тапты" деп риза болып шығады. Емші оларға әртүрлі ем қолдануға кеңес береді.

Бұлардың емшілік қасиеті ауылға тез тарайды. Қалталарына ақша да түсе бастайды. Оларды түгел қабылдаса бұл күні оларға қонуға тура келетін түрі бар. Енді жас ет еп, ыстық сорпа ішу жағын ойластырады. Сөйтіп отырғанда тұрмысқа шыққалы біраз жыл болса да нәресте көтермеген жас келіншек келеді алдарына. Оған "емші" бір ту қара қойдың терісіне орап тастау керектігін, сонда бала көтеретінін айтады. Сөйтіп, қой сойылады, жас келіншекті теріге орап тастайды. Кешке ауыл ақсақалдарымен бірге әңгіме-дүкен құра отырып жас ет пен сорпаға тойып алады.

Сөйтіп, екі шал бұл ауылда үш күндей қонақтайды. Содан кейін оларды Ұзынкөлге дейін әкеліп салады да, тағы кездескен көлікпен лаулап отырып үйге жетеді. Артынан ұзын хабардан өздері қой терісіне ораған келіншектің нәрестелі болғанын естиді. Қостанайға тағы бір сапарларында сол үйге әдейі соғып, қайырлы болсын айтады. Келіншектің күйеуі қой сойып қарсы алып, екеуінің үстеріне шапан жауып, қонақ қылады.

Бір айта кетерлігі, Тәпел ақсақал, өзі тұстастары сияқты, молда алдынан дәріс алған, арабша сауаты бар адам еді. Ұнатпаған адамын "петнә" дейтін. Қазір білсем, ол арабша "фитна" жамандық деген мағынаны білдіреді екен. Оның жұмбақтап сөйлеген сөзін өзінің туыстары, балалары ғана түсінетін. Сөзге шешен, айласы бастан асатын адам болатын. Тіпті, бір жылдары баласы Қамзаға айтып отырып, ақырзаман болады, дайындалыңдар, садақа беріңдер деп хат жаздырғаны да бар. Бұл хат Құдайдан түсті, оны көшіріп, көмінде үш үйге таратпаған адам о дүниеде тамұққа күйеді деп қорқыта жазылған. Артынан ақсақалдар зерттей келе оның ауылға молда болғысы келіп, осындай әрекет жасағанын анықтаған еді. Топырағы торқа, жаны жәннатта болғай!

"ТҰЛПАР"

Еліміз егемендік алғанға дейін өңірімізде екі облыстық – "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") және "Ленинское знамя" (қазіргі "Северный Казахстан") газеттері ғана шығып тұрды. Облыстық телевидение мен радиода қызмет істейтін журналистері іссапарға жеңіл автокөлікпен шығып тұрады. Ал облыстық газет редакциясында ондай мүмкіндік жоқ. Редакциядағы екі автокөліктің бірі – "Волганы" редактор мінеді, "ГАЗ-69"-ды облыстық партия комитетінің шұғыл тапсырмасы болса ғана іссапарға пайдаланады. Көбіне бастықтардың тамыр-таныстары, болмаса "жоғары жақтың" сыйлы қызметкерлері мініп кетеді. Сондықтн редакция қызметкерлері аудандарға автобуспен барады.

Әсіресе, күз бен қыстың басында іссапарға шығу көбейеді. Бұл кезде келесі жылға газет тарату науқаны басталады. Ондайда іссапарға он-он бес күнге бір-ақ жібереді. Аудан орталығына жеткеннен кейін партия комитетінің үш хатшысының бірінде болып, іссапар мақсатын, қай жерге баратын жоспарыңды айтасың. Олар ауылдарға баратын көлік, жолсерік тауып береді. Ауылға жеткен соң бөлімше басқарушысын, не бастауыш партия ұйымының хатшысын, пошта тасушыны қасыңа ертіп, үйді-үйді аралап, үгіттеп газетке жаздыртасың.

Аудандарға іссапарлар барысында талай қызық оқиғаларға да тап боласың. Бірде Мамлют ауданындағы асыл тұқымды мал зауытына осындай тапсырмамен бардым. Шаруашылық директоры Петр Моринец маған бас агроном, Социалистік Еңбек Ері Тұрғын Баймановты ертіп беріп, бөлімшеге бардық. Бір қазақ үйіне барып, газетке жазылу жөнінде әңгімелесіп шықсақ менің етігім жоқ. Үй иесі жағалай іздеп, қора сыртындағы шөптің арасынан тауып әкелді. Ит алып кетсе керек.

Осындай іссапарға шыққанда бухгалтериядан аудан орталығына дейін барып-қайтуға жететін жолақы және тәулігіне 1 сом 30 тиын көлемінде тамаққа ақша береді. Редакция қызметкерлерінің ерлер жағы кім іссапарға шығады деп елеңдеп отырады. Қолыңа ақша тисе болғаны "ер азығы мен бөрі азығы жолда" деп соңыңнан қалмайды. Әйтеуір ол ақшаны ішіп бітірмей тынбайды. Кейде ол ақша жетпей қалса қалтаңнан қосуға тура келеді.

Бірде ауыл шаруашылығы бөлімінің әдеби қызметкері Ерғали Әбілмжінов іссапарға шығатын болады. Ақша қолына тигеннен кейін жанына ерген жігіттермен мейрамханаға барады. Ол кезде орталықта екі-үш мейрамхана болатын. Солардың біреуінде ауыл шаруашылығы бөлімінің меңгерушісі Дүйсенбі Әуелбековты тосады. Біраз тосқаннан кейін редакцияға телефон шалып, Дүйсенбіні сұрайды. Ондағылар Дүйсенбінің "Северный Казахстан" газеті редакциясының қызметкері Валентин Глазковпен кетіп қалғанын айтады. Сонда Ерғали:

– Дүйсенбінің қазақтың тұлпары тұрғанда орыстың ақсақ мәстегімен кеткені несі? – деп таңғалыпты.

Орыстың ақсақ мәстегі дейтіні Валентин Глазковтың бір аяғы ауыратын, ақсақ еді. Содан кейін Ерғали Әбілмәжінов "Тұлпар" атанып кетті. Алматыға көшіп барып, Есіл ауданындағы Өрнек ауылының тумасы, жерлесі, кезінде Мәдениет министрі, опера және балет театрының директоры болып істеген Кенжеболат Шалабаевпен бірлесіп, орыс және шетел жазушыларының бірнеше кітабын қазақ тіліне аударды.

ДОСТАРЫМДЫ ҮЙЛЕНДІРГЕН ЕДІМ

Құран Кәрімде екі адамды қосқанға көп сауап жазылады делінген екен. Мен өз сауабымды ойлаған жоқпын, екі жартының бір бүтін болуына ықпал ете отырып, солардың бақытты болғанын қаладым. Алдымен, интернатта оқып жүргендегі алғашқы махаббаттан бастайын. Біз тоғызыншы сыныпқа барған 1960-61 оқу жылы Жаңажол орта мектеп-интернаты жабылып, сонда оқитындар Озерныйға келуге мәжбүр болды. Араларында қыздар көп екен. Өзімізше бозбала болып, қырындап, шумақтарының ұйқасымы келсін-келмесін өлең шығарып дегендей, мәз-майрам болып қалдық.

Солардың ішінде құдашам Зайраш Асанова да бар еді. Бойшаң, пысық, қараторының сұлуы деп айтпай-ақ қояйын, әдеміше келген қызды сыныптасым Жауылбай Халықов (қазір Ибраев) ұнатып қалыпты. Екеуінің арасында жарасымды достық орнады. Сол жылы "Путешествие за три море" деген кинофильм көрдік. Сонда орыс саяхатшысы Афанасий Никитиннің Үнді еліне саяхаты, онда Чампа деген қызға ғашық болуы баяндалады. Осы кинодан кейін біз Жауылбайды – Афанасий, Зайрашты – Чампа деп атап кеттік.

Келесі оқу жылында Жаңажол орта мектебі қайта ашылды да ол жақтағы ауылдардан келген балалар сонда оқитын болды. Ол кезде қазіргідей ұялы телефон түгіл, жай телефон да жоқ еді. Хабарласу қиын. Бір демалыста мен Жалтыршаға баратын болдым. Апам Кенжеш өте бауырмал адам еді, қойынына жатқызып, күтіп алатын. Ұйықтап жатыр едім:

– Амандық тұр! – деген қатты дауыстан оянып кеттім.

Тұрсам, кереуеттің жанында Зайраштың шешесі Рақима құдағиымыз тұр.

– Ие, Жауылбай сенен хат беріп жіберген жоқ па? – дейді.

– Қайдағы хат! – деймін түк білмегенсіп, көзімді сүрткен болып.

– Мына хат туралы айтып тұрмын, – деп Жауылбайдың Зайрашқа жазып берген хатын көрсетеді.

Мен ұйықтап жатқанда ілулі тұрған костьюмімнің қалтасынан алып қойыпты. Өзіме біраз ұрысты-ай келіп. Қылмыс жасағандай, жаман састым.

Целиноград (Астана) ауыл шаруашылығы институтында оқып жүргенде Жауылбай жазғы демалысқа келді де, екеуміз Бауман стансасынан поезға мініп Қайранкөлге бардық. Ол кезде Зайраштар сонда тұратын. Түнгі қараңғыда үйлерін тауып алып, терезе қақтық.

– Бұл кім? – деген Зайраштың дауысы шықты.

– Мен Амандықпын. Бірақ ешкім есікті ашпады. Шешесінің екеуміздің келгенімізді сезіп қалғанын түсіндім. Бұл жерден енді кетпей болмайды. Вокзалдың сырт жағында тұратын ілігіміз Шаяханның үйіне барып, тамақтанып жатып қалғамыз. Рақима құдағи түнделетіп осы үйге келіп, тағы сілкілеп кетті. Бірақ тағдыр жазып тұрса, ешкім бөгет бола алмайды ғой. Жауылбай институтты бітіріп келіп, Қызылжардағы №60 мехколоннаға инженер-электрик болып орналасып, ақыры екеуі қосылды. Бір ұл, бір қыздары бар.

Құдағиымыз Рақиманың неге олай істеп жүргенін ол кезде біз түсінбеппіз. Оның мәнісі былай екен. Өзінде ер бала болмаған соң, балалар үйінен Ермек Молдахметовты бала қылып алған. Құдағидың ойы екі қызының – Мәрияш пен Зайраштың бірін соған қоспақшы болған. Жігіт жуас, шаруақор еді. Бірақ қыздар "аға болып жүрген адамға қалай тұрмысқа шығамыз" деп көнбеген. Ақыры ол жігіт үйленіп, өз бетімен кетті де, құдағиымыз Рақима Жауылбай

мен Зайраштың қолына келді. Жақсы күтті, оларға риза болып, батасын беріп аттанды о дүниеге.

Екінші оқиға. Редакцияда қызмет істеп жүріп, демалыста ауыл жаққа бардым. Ол төңіректегі елді-мекендердің бәрі менің туған ауылымдай. Құдайға шүкір көрісі де, жасы да сыйлайды. Сол ауылдарды аралап, көрілерге сәлем беріп жүргенімде, бізден екі сынып жоғары болса да интернатта бірге тұрған Жеңіс Молдахметов (Есмағанбетов) кездесе кетті. Қызылжардағы педагогика институтын бітіріп, мұғалім болып істеп жүрген.

– Оқуыңды бітірдің, қызметің бар, жасың болса келді, енді үйленбейсің бе? – дедім.

– Үйленем. Бірақ ондай келісіп тұрған ешкімім жоқ, – деді.

– Ендеше кеттік, мына Ақбалық ауылында клуб меңгерушісі, әрі кітапханашы болып істейтін Меңтай деген қыз бар, сонымен таныстырайын...

Қазақ қарын бөле бола береді ғой. Меңтай менің нағашы апам Бөкес Сибанбаеваның қайынсіңлісі. Ақбалықта оқып жүргенде де, мұғалім болып істегенде де Аю тұқамының төрт-бес үйімен бауырласып кеткенмін. Сондықтан Меңтай келеңсіз оқиғаға тап болғанда арын сақтауға, намысын қорғауға қол ұшын бергенмін. Ол былай болған еді. Меңтайдың Ақбалықта клуб меңгерушісі әрі кітапханашы болып істегенін жоғарыда айттым ғой. Бір күні Озерныйдың бір орыс жүргізушісі клубқа келіп Меңтайға хат тапсырады. Оқыса: "Сізді Озерный селосында өтетін клуб меңгерушілерінің жиналысына келуге міндеттеймін. Аудандық мәдениет бөлімінің бастығы" деп жазылған.

– Мен оған қалай барамын, көлігім жоқ қой, – дейді Меңтай.

– Сол үшін мені әдейі жіберді, – дейді сол кезде жүргізуші.

Меңтай клубты жауып, кабинаға отырады. Ауылдан біраз алыстап, орманға жеткенде бір адам қол көтереді. Жүргізуші тоқтап әлгі адамды отырғызып алады. Жолда келе жатқанда:

– Ал, Меңтай енді менің жарым боласың, – дейді әлгі жігіт.

Қыз көнбей, олай бұлай жұлқынғанымен, екі жақтан қысқан жігіттер оны бұлтартпайды. Сөйтіп олар Озерныйдан да асып Бауман совхозының орталығына келіп, жігіт алып қашып келген қызын туысы, бас аграномның үстіне түсіреді. Біраз отырғаннан кейін, көнген кейіп білдіріп, дәретханаға шыққан болып, қашып кетеді. Ол үйден алысырақ кетіп, бір орыстың үйіне келіп, мән-жайды айтады. Селоны кезіп жүріп жігіттер қыздың жасырынған үйін тауып алады. Сөйткенше орыс кемпірі учаскелік инспекторға хабарлап үлгереді. Бұл арада орыс шалы қолына шалғы алып, жігіттерді үйге енгізбей тұрады. Учаскелік инспектордың келе жатқанын көріп, әлгі жігіттер машиналарымен қашады. Бірақ көп ұзамай қолға түседі. Милиция сол түні қызды үйіне жеткізеді.

Осыдан кейін Меңтай Сұлтанова ауданға барып арызданғанымен милиция бөлімінің бастығы оған құлақ аспайды. Ақыры редакцияға шағымдануына тура келеді. Бұл жөнінде "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газетінде қыздың өзінің атынан "Арсыздық" деп аталатын үлкен материал жарық көрді. Іс сотта қаралып, жігіт екі жылға бас бостандығынан айырылды, аудандық милиция бөлімінің бастығы қызметінен босатылды.

Сөйтіп, Жеңіс пен Меңтайды таныстырдым. Бірін-бірі ұнатып, қыз тұрмысқа шығуға келісімін берді. Енді алып қашуымыз керек. Сол күні нағашы апамның үйінде қондық. Қуанышымыз кеудемізге сыймайды. Бірдемелерді айтып, күле беретін көрінеміз.

– Перінің балалары, неге күле бересіңдер, – деп қояды Бөкес апам.

Келесі күні Жаңажолға кеттік. Қырсық болғанда жаңбыр жаумасы бар ма? Жердің миы шықты. Уағдаласқан уақытта баруымыз керек. Көлігімізді "Беларусь" тракторына тіркеп шықтық. Машинаны Жалтырша мен Ақбалықтың арасындағы шағын шоқтың жанына тастап кетуге тура келді. Жеңіс те сонда қалды. Трактормшы екеуміз Ақбалыққа келдік. Клубта кино жүріп жатыр. Меңтай жоқ. Туыстары Қажымұрат ақсақалдың үйіне жақындасақ, терезден немере сіңлісі екеуі қарап тұр екен. Меңтайды трактормға мінгізіп алып, кері тарттық.

Артынан білсек, үйден шығарда Меңтай шешесіне ұсталып қала жаздапты. Көйлектерін орамалға орап, терезеден сыртқа лақтырып жатқанын шешесі көріп қалыпты. Өйтіп, бүйтіп, үйден әрең шығыпты. Артынан Ақбалыққа тағы бір барғанымда жігіттер "Сұлтандікіне жолама, сені өлтіреді" деп қорқытқан болды. Отағасыға барып сәлем беріп, қайырлы болсын айттым. Балық аулауды жақсы көретін. Балықтың жас сорпасына тойып алдым. Жеңіс пен Меңтай үлгілі отбасына айналды, балалары өсіп, ер жетті.

Осындай мен қосқан бірнеше жұп, дәм-тұздары жарасып, ақарлы-шақарлы отбасын құрды. Олар маған, мен оларға ризамын.

"ЗЕКТІҢ БАСТЫҒЫ"

Кеңес өкіметі тұсында "дін апиын" деп молдалардың соңына жарық алып түскені баршаға аян. Көбі атылып кетті, енді біреулері итжеккенге жер аударылды. Мешіттердің барлығына дерлік жабылды. Қызылжар қаласының ортасындағы жалғыз көкмешіттің тұрған жері көпқабатты үй салуға керек болып, бұзылып тасталды. Сол кездегі молдалар мен қария адамдар қалалық атқару комитетінің есігін тоздырып, ақыры Бензострой ықшам ауданының шеткері аумағынан жер алып, мешіт тұрғызды. Осындай жағдай тұтастай Қазақстанға ғана емес, алып Кеңес одағының барлық аумағына тән еді.

Еліміз егемендік алып, зайырлы мемлекет құрылғанына қарамастан дініміз бен ділімізге бостандық берілді. Тұншығып жүрген халық дінге бет бұра бастады. Соның арқасында елді-мекендерде мешіттер мен намазханалар салу үрдісі кең қанат жайды. Қазақстан егемен ел бола бастаған 1991 жылы Қызылжар өңірінде бір-ақ мешіт болса, 2012 жылы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының Солтүстік Қазақстан облысы бойынша филиалдарының саны 64-ке жетті, оған қоса 46 намазхана бар.

Міне, осынша мінәжат үйлерінде қызмет ететін имамдар мен молдалар тапшы болып отыр. Оның ең басты себебі оларда жалақы, біразында баспана, автокөлік жоқ. Сондықтан жастар Алматыда әдейі ашылған "Нұр" Қазақ Египет ислам университетіне, Астана, Алматы, Павлодар қалаларындағы медресселерге оқуға барғысы келмейді.

Осы жәйт ескеріле отырып, 2012 жылдан бастап ҚМДБ-ның жанынан "Зекет" қоры ашылды. Оның мақсаты кәсіпкерлерден, зекет беруші мұсылмандардан жиналған қаржыға имамдар мен молдаларға жалақы беру, жетім-жесірлерге, мүгедектерге, қарияларға қаржылай көмек көрсету. Осы қордың филиалы біздің облыста да ашылды. "ҚМДБ зекет қорының" өкілі болып, облысқа белгілі азамат, кезінде шаруашылықтарда, аудандар

көлемінде басшы қызметтер атқарған Нұрлан Жұмабаев тағайындалды.

Жаз айларында ҚМДБ-ның СҚО бойынша өкіл имамы, "Қызылжар" мешітінің Бас имамы Қасымхан Исаев, мешіттің заңгері Қуаныш Беркімбаев, "ҚМДБ Зекет қорының" СҚО бойынша өкілі Нұрлан Жұмабаев өңірдің барлық аудандарында болып, әкімдермен, кәсіпкерлермен, жамағтпен кездесулер өткізіп, қордың мәні мен мақсатын түсіндіреді. Облыс әкімі Серік Біләлов осы мәселеге орай арнайы отырыс өткізіп, қала, аудан әкімдеріне осы игі іске көмектесуге тапсырма берді. Барлық аудандарды аралап болғаннан кейін, енді Петропавл қаласының әкімі Болат Жұмабековпен кездесіп, кәсіпкерлердің қашан, қай жерде басын қосып, әңгімелесу міндеті тұрды. Сөйтіп, Нұрлан Жұмабаев қала әкімінің көмекшісіне телефон шалып, өзінің "Зекет" қорының бастығы екендігін айтып, Болат Жұмабековтың өзін қабылдауға қашан қолы тиетінін біліп беруді өтінеді. Көмекші өкілдің өтінішін орындауға уәде береді.

Бірақ көмекшіден хабар бола қоймайды. Қайта-қайта мазаларын алмайын деп Нұрекең де телефон соқпай, хабар күтеді. Сөйтіп жүргенде екі айға жуық уақыт өтеді. Шыдамы таусылған өкіл көмекшіге тағы телефон шалып, мән-жайды қайта түсіндіріп, хабар күтіп жүргенін айтады. Сонда көмекші:

– Ағай кешіріңіз, мен Сізді "зектің" бастығы деп ұғынып, қала әкіміне қалай айтарымды білмей жүр едім, енді түсіндім, – депті.

Қала әкімі Болат Жұмабеков "Зекет" қорының бастығын сол күні-ақ қабылдап:

– Сіз неге хабарласпай кеттіңіз, мәселе ұзаққа созылып барады ғой, – депті.

– Көмекшіңіз менің айтқанымды дұрыс түсінбей, Сізге айтуға бата алмай жүрсе керек деп айта алмадым, үндемей құтылдым, – дейді Нұрлан Жұмабаев.

Естімеген елде көп деген осы екен-ау, сірә!

ОРЫС МАУЫЗДАҒАН ҚОЙ

Бұл 1964-65 жылдары болған оқиға еді. Сол кезде мен Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданына қарасты Озерный совхозында комсомол комитетінің хатшысы болып істейтінмін. Осында мектепте оқып жүргенде-ақ қоғамдық жұмыстарға белсене араласатынмын. Тіпті, аудандық милиция бөлімі маған штаттан тыс учаскелік инспектор куәлігін беріп, кез-келген автокөлікті тексеруім үшін қолыма алатаяқ ұстатқан. Сөйтіп, қоғамдық тәртіп бұзғандарды жөнге салуға, мас күйінде автокөлік айдап жүргендерді тоқтатып, шара қолдануға тура келетін. Учаскелік милиционер демалысқа шыққан кезде орнында да қалып жүрдім.

Жаздың жаймашуақ күндерінің бірінде немере ағам Қараман Сағындықұлы мені үйіне шақырды. Барсам үй алдында «ГАЗ-69» жеңіл автокөлігі тұр (бұл сол кездегі бастықтар мінетін ең жақсы көліктердің бірі), ішке енсем, беймәлім екі адам отыр. Ағай совхоз жұмысшылар кооперативінде (совхозрабкооп деп атайды) дайындаушы (заготовитель) болып істейтін. Ол кезде үнді шайы, кілем, тоңазытқыш, кір жуғыш машина, мотоцикл, т.с.с. тапшы тауарлар дайындаушылардың қолында ғана болатын.

Өйткені ондай тауарлар көп мөлшерде жүн, тері тапсырғандарға берілетін.

Байқаймын қонақтар, сондай тапшы тауарлар іздеп келіп отырғанға ұқсайды. Екеудің бірі – жүргізуші де, екіншісі – колхоз басқармасының төрағасы екен. Ет жеп, арақ-шарап ішіп дегендей, әңгіме-дүкен құрып, біраз отырдық. Қабылдауымызға риза болған меймандар бізді қонақ болып кетуге шақырды. Ақыры, басқарма төрағасы бізге соғымдық бір жылқы беруге уәде етті.

Күз де келіп жетті. Қазақ осы кезде қыстың қамын ойлайды. Ағайым, Қараманда Урал мотоциклі бар, бірақ жүргізуші куәлігі жоқ. Менде де жүргізуші кулігі болмағанымен жоғарыда айтқанымдай, штаттан тыс учаскелік инспекторлық куәлігім бар. Соны демеу көріп, мотоцикл руліне отырып, Қорған облысына сапарға шықтық. Бұрын ол жаққа бара қоймаған едім, Петухов ауданында құстың түрлерімен аталған елді-мекендер көп екен. Большекуриное, Малокуриное, т.с.с. кете береді. Біз Маховое селосына баруымыз керек.

Ақыры, селоны тауып келдік те, колхоз басқармасының төрағасына жолықтық. Күн кешкіріп келе жтыр еді. Ол бізге Аяғанов дегеннің үйіне барып орналасуды ұсынды.

– Біз оны білмейміз ғой, қарсы ала қояр ма екен? - деп едік.

– Мен жіберді десеңіздер болды, - деді

Сөйтіп, Аяғановтың үйін тауып алдық. Үй иесі жұмыста екен. Шопан болса керек. Әйелі, шешесі және бір-екі баласы бар көрінеді. Қайдан келгенімізді айтып, танысуымыз мұң екен басқарма төрағасының жүргізушісі келіп, бізді автокөлігіне отырғызып алды. Қайда, не үшін бара жатырғанымызды сұрасақ, ештеме айтпайды. Бір жерге келсек, қоршау бос тұр, қойлар жоқ. Содан кейін жүргізуші автокөлікті жалт бұрды да селоға қарай бет алды. Қораға келсек, қойдың бәрі қамалған екен. Жүргізуші күзетші – шопанға:

– Анау семіз қой бар еді ғой, соны ұстап бер! - деді.

Жағалай қуып жүріп, екеуі бір үлкен қойды ұстады да машинаға салды. Сөйтті де жүргізуші біз түскен үйдің қорасының алдына келіп тоқтай қалды. Үп-үлкен қойды үшеулеп қораға енгізе беріп едік, жүргізуші қайдан алып шыққанын білмеймін, қойды пышақпен мауыздап жіберді. Біздің қорада абыр-сабыр болып жүргенімізді естіген болуы керек әйел үйден атып шықты. Аяғы байланбай мауыздалып, жерде қан-қан болып жатқан қойды көрген әйел:

– Қойды кім байыздады? - деді жұлып алғандай.

– Мына жігіт, - деп орыс жүргізушісін нұсқадық.

– Ойбай, - деп бетін жыртты да, - енеме сендер бауыздады деп айтайын, әйтпесе бұл қойдың етін жемейді, - деді.

Біз «жарайды» деп уәде бердік.

ШӘЙЛАРЫҢ ҚАЙДА?

Әкемнің немере қарындасы Жәнапияның жолдасы ерте қайтып, апайымыз жастай жесір қалады. Шиеттей екі баласы – Бұлан мен Сәруарды әкелері бар замандастарынан кем қылмай өсіремін деп қаншама қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткереді. Өйткені балаларының жастық шағы ел басына күн туған Ұлы Отан соғысы жылдарына дөп келеді. Бұғанасы қатпаған балалар колхоздың жұмысына тартылып, ересектермен бірге еңбек етеді.

Екі баланың кішісі – Сәруар Бірімжанов жастайынан пысық болып өседі. Әскери міндетін атқарып келгенде кеудесіне тағылған жауынгерлік даярлықтың үздігі белгілері мен медальдарды көргенде оны нағыз батыр деп ойлайтын едік. Ол кезде апайымыз балаларымен көршілес Октябрь ауылында тұрды. Сәруар алғашында колхоздың, артынан совхоздың жұмысына белсене араласып, ісіне тыңғылықты, ұйымдастырушылық қабілеті мол екенін көрсеткен. Сөйтіп, Сәруарды "Озерный" совхозының басшылығы Қарақамыс ауылына бөлімше басқарушы етіп тағайындайды.

Осыған орай, Бірімжановтар отбасы апайымыздың төркініне көшіп келеді. Ағасы Бұлан қой фермасына шопан болып орналасады. Көп жыл аға шопан болып істеп, бірнеше ордендермен, медальдармен марапатталды, кезектен тыс "Москвич" жеңіл автокөлігін сатып алды. Әкем Мырзахмет жиендерімізді жақын тартып, әсіресе Сәруарға өзінің соғыс жылдарында трактор-егіс бригадасын басқарған кездегі тәжірибесін айтып отыратын еді.

Облыстық "Ленин туы" ("Солтүстік Қазақстан") газеті редакциясында төрт жыл қызмет істегеннен кейін, яғни 1970 жылы Қызылжардың Жастар кенті деп аталатын ықшам ауданында қалалық атқару комитетінің күрделі құрылыс бөлімі салған бес қабатты үйден екі бөлмелі пәтер алған едім. Бұған дейін бойдақ жүргенде де, үйленгесін де әр жерде пәтер жалдап тұрғаныма қарамай ауыл жақтан қалаға оқуға келген жастардың біразын бірге сүйреп жүретінмін. Екі бөлмелі пәтер алғаннан кейін ондайлар тіпті көбейді.

Бір күні әкеммен жиен-ағамыз Бұлан Бірімжанов қонаққа келе қалды. Жәй да қонақжай едік, әкем мен жиен-ағам келгесін тіпті асты-үстіне түсіп, ет асып, барымызды алдарына тостық. Әңгіме барысында Бұлан Қалима екеумізге қалаға, оның ішінде біздің үйге неге келгенін айтты.

– Үлкен қызым Дариханы осында тігіншінің оқуына енгізген едім. Оқитын жерінде жатақхана жоқ екен. Пәтерден пәтерге ауысып, жағдайы келмей жүр. Бөтендерің емес қой, егер мүмкіндік болса өз қолдарыңа алсаңдар қайтеді? – деді Бұлан.

– Жиен-ағау, сол үшін әкемді әкелмесең де мәселені шешетін едік қой. Жастар бір-бірімен сыйысса, зал бәріне жетеді, тұрсын, – дедім.

Сөйтіп, жиеншарымыз Дариха біздің пәтерге ауысты. Екі бөлмелі пәтерімізде кімдердің тұрғаны, қалай тұрғаны жөніндегі әңгіме бөлек. Қызымыз оқуын бітірді, артынан әртүрлі жұмыс істеді. Біраз жыл ағаштан астау, төстаған сияқты қазақтың ұлттық бұйымдарын шығаратын фабрикада еңбек етті. Тұрмысқа шықты. Ардақ, Жанна деген екі баланы дүниеге әкелді, немере, жиендері бар. Алдымен екі бөлмелі, артынан төрт бөлмелі пәтер алуларына көмектестім.

Кімге болмасын, жұмыс істеп жүрген ұжымында өзімен сырлас, аралас-құралас жүретін достар табылады. Дариханың Булаев (қазіргі М.Жұмабаев) ауданының Жданов совхозынан келген Күләпаш Жұсыпбекова деген қызбен достасып, бірге жүреді. Ауылдан апасына келіп жүрген інісі Ақансері

Күләпашпен танысып, ақыры үйленеді. Ол кезде Боранбай құдамыз "Жданов" совхозының тың игерген жылдары пайда болған Восточное бөлімшесін басқаратын. Құдалығында болып, құйрық-бауыр жесіп, артынан араласып кетіп едік. Құда да, құдағи да, жиеншарымыз – Ақансері де, әкешешесі Бұлан мен Сұлушашта бақилық болды.

Бір қызығы, Ақансері мен Күләпаш қосылғаннан кейін, көп ұзамай Боранбай құдамыздың баласы Балтабай жиен-ағамыз Бұланның інісі Сәруардың қызы Баянды алып қашады. Қызық оқиға болды да қалды. Бір күні құдалар ат-шапан айыбын тартуға Қарақамысқа келеді. Апайымыз Жәнапия оларға ашық қабақ таныта қоймайды. Құдалар мән-жайды айта бастағанда:

– Бұл не деген масқара, біздің бір құдалығымыз да жететін еді ғой. Енді жұртқа қалай қараймыз, – деп ұрсып тастайды құдаларды апайымыз.

Сөйткенде құда апайымыздың алдына орамалға түйілген ақшаны тастай беріп:

– Мынау анасының ақ сүті құдағи, осыған риза болыңыз! – депті.

– Әй, перінің балалары, шәйларың қайда! – деп айғайлап жіберген екен апайымыз сол кезде, ауыз үйде жүрген келіндеріне.

"Алтын көрсе періште жолдан таяды" деген осы екен-ау! Сөйткен Балтабай мен Баянның да, құдайға шүкір, балалары ер жетіп келеді. Баян Қызылжарда кірпіш өндіретін зауытта қызмет ете жүріп, Алматыда сырттан оқып заңгерлік білім алды. Кәсіпорында партия ұйымының хатшысы болды. Солтүстік Қазақстан облыстық, республикалық жоғарғы соттарда жауапты қызметер атқарды. Қазір Ақтөбе облыстық сотының судьясы. Немере-ағамыз Сәруар Астанада, Қазақстан Республикасы Парламентінде заңгер болып қызмет істейтін қызы Әлияның қолында тұрады. Жеңгеміз Мәкен 2011 жылы бақилық болды.

МАШИНА – Б/У...

Шіркін жастық шақ-ай, шаршау дегенді білмейсің ғой. Ол кезде қазіргідей аптасына бес күн жұмыс істеп, екі күн демалу деген жоқ. Облыстық газет күн сайын шығады. Сенбі күні күндізгі сағат үшке дейін жұмыс істейміз. Сағат төртте Петропавлдан қазіргі Жамбыл ауданындағы Бауман стансасына автобус аттанады. Жол жөнекей Пресновка, Петровкаға, Ольговкаға, Жаңажолға, Жалтыршаға, содан кейін біздің ауыл -Қарақамысқа соғады. Түнде келеміз де, туған-туысқандарда болып, жексенбі күні таңертең ерте сол автобусқа мініп қайта Қызылжарға аттанамыз.

Сондай сапарымыздың бірінде түні бойы жаңбыр жауып, таңертең автобус Қарақамысқа сақпай кетіп қалыпты. Енді не істеу керек. Немере інім Алпысбай, бөлімше басқарушысы еді, машинамен Озерный, Бауман, Қарақамыс ауылдарына баратын жол қиылысына, яғни көлік көп жүретін жерге әкеліп тастап кетті. Жолдасым Қалима екеуміз тоғыз жолдың торабында көп тұрдық. Жанымыздан жап-жас балалар «Жигулимен» зыр етіп былай да, олай да өтеді. Осындайда сағың сынып, дәрменсіз хал кешеді екенсің. Таныс біреу жаныңнан машинамен өтіп бара жатса ұялғаннан теріс қарайсың.

Осы жағдай түйткі болса керек, тез ақша жинап, жетпегенін қарызға алып «Урал» мотоциклін алдық. Көзіміз ашылды! Кез келген уақытта ауылға немесе Қалиманың төркіні Пресновкаға тарта жөнелетін болдық. Бірақ жауын-шашында мотоциклмен жүру қиын екен. Жауынның астында жүру

қиындығын айтпағанда, үсті-басың саз-балшық болып, малынып келесің. Не керек, сатып жіберіп, жаман болса да шатыры бар көлік алуға бел байладық. Сөйтіп, Пресновкадан, құдамыз Тобылжан Жамантіковтің ескі «Москвичын» сатып алдық. Одан кейін облыстық телерадиокомпаниясының жарамсыз болып қалып сатылып жатқан «УАЗ» машиналарының біріне құрық салып дүкендерден қосалқы бөлшектер алып, іске жараттым. Оны сатып «Нива», одан кейін «Ауди-80» автокөлігін міндім. Соңғысын алуға Рудныйдағы інім Амантай мен балам Аяш қаржылай көмектесті.

Шетелдің көліктері адамға жайлы жасалған ғой. Аудиге мінгеннен кейін қайта «Ниваға» отырғың келмейді. Бірақ аласа екен. Орындығын қанша төмен түсіргенмен төбесіне басым тие берді. Оның үстіне ылғи дұғаға, жаназаларға баратын болдым. Ағам Сапи, жеңгем Әсима қайтты, басқа да туыстарым бақилық болды. Бұл құтты көлік болмады ғой деп ырымдап, сатып жібергім келіп жүрді.

Бұл 2007 жылдың жазы болатын. Бір жексенбі күні автокөлік сататын базарға бардым. Ойым: өзіме қолайлы, «Аудиді» сатсам, соның құнына сатып алуға болатын көлік қарау. Машинадан көп неме жоқ, маркалары да, бағалары да әртүрлі. Сөйтіп жүргенімде қазіргі жолдасым Бәтима Сағындыққызының жиен-ағасы Қапез Байұтдинов қарсы кездесті. Ол баласы екеуі машина қарап жүр екен. Амандық-саулықтан кейін мен оған:

- Сіз «Джип» мініп көрдіңіз ғой, мәнісін білесіз, ана жерде сондай бір машина тұр екен көреміз бе? - деп қолқа салдым.

Алып Кеңес өкіметінің шаңырағы ортасына түсіп, одақтас Республикалар дербес мемлекетке айналған алғашқы жылдары біздің облысқа сонау америкадан келіп егін еккен «Голден грейн» («Алтын масақ») фирмасының мамандарының бәрі «Джип» мініп жүретін. Осы фирма банкрот болғанда техникасын түгелдей сатып кеткен. Содан біздің облыста Оңтүстік Кореяда жасалған «Санионгтардың» үшеуі қалған екен. Солардың бірі, міне саудада тұр. Екі орыс жігітімен саудаласып көріп едік, тоғыз мың АҚШ долларын сұрады. Машинаның ол - жақ бұл жағына шығып қараған Қапез Жапабайұлы оңашалай беріп:

- Мына «Джиптен» айырылма, қалай да сатып алайық, – деді.

Содан кейін мен жігіттерге айырбас ұсындым. Бұл ұсынысымды қабыл алған олар менің «Ауди-80» машинамды көріп, үсті-басы саздығына қарамастан, айырбасқа көнетін сыңай танытты.

- Аудиды қаншаға бағалайсыздар? - десті.

- Төрт мыңға.

- Аудидің үстіне төрт мың қоссақ айырбасқа көнесіңдер ме? – деді сөзге араласқан Қапез Жапабайұлы.

- Саудагерлер бір-біріне қарады да, ыммен ақыл қосып, келісті.

- Қақа-ау, менде онша ақша жоқ, келісіп қойған адамымнан үш мың алармын, сонда әлі бір мың керек болады ғой, - деп қиналдым.

- Бұйырып тұрғанда алып қал, мә, - деп Қапез Жапабайұлы қалтасынан суырып алып, бір мың доллар ақшаны қолыма ұстатты.

Күн жексенбі болса да нотариусқа барып, құжаттарын рәсімдеп үлгердік. Әрине, бұл саудама зайыбым қуана қойған жоқ.

- Осыншама үлкен машинаның не керегі бар, бұрынғының өзі жақсы еді

ғой, – дегені де бар.

Бірақ мұндай көліктің шаруаға пайдасы барын артынан көзі жетті. Пәтерімізді жөндеген кезде дүкендерден ауыр да, ұзында құрылыс материалдарын ешкімге жалынбай, өз көлігімізбен әкеліп алып жүрдік. Осылайша машина ауыстырғанымды дос-жарандар естісе керек. Бірде қонақта отырғанымызда інішектеріміздің бірі:

– Аға, машина алды деп естіп жатырмыз, қайырлы болсын! – деді.

– Ой, рахмет інішегім, қуанышыма ортақ болып тұрғаныңа алғысымнан басқа айтарым жоқ. Бірақ оңған дүние жоқ. Алған машинам да б/у, қатыным да б/у, – дедім.

Жиналған жұрт қыран-топан күліп жатыр. Осы әңгіме артынан біраз адамдарға тарап кетіпті. Артынан Көкшетауға құдалыққа барғанда күлкі болсын деп осы әңгімені айттым. Қонақта отырғандар тоқалдан ши шыға ма, деп қауіптеніп, үнсіз қалды. Сол кезде:

– Енді Ресейден свежопригнанная деп айтсайшы, – демесі бар ма Бәтиманың.

Бұл жолы да жұрт күлкіден булығып кеткендей болды.

2012 жылғы қаңтар айында Бәтима Сағындыққызы алпысқа толды. Мейрамханада той жасадым. Сонда:

– Сіздер, құрметті қонақтарым, бүгін ерекше, бұрын-соңды өздерің болып көрмеген тойда отырсыңдар. Бұл – тоқал тойы! – деп хабарладым.

Сол бір кеш есте қаларлықтай болып өтті. Қонақтар тоқал тойынан жақсы әсер алып тарасты.

– Әбеке, Сіз дұрыс жасамадыңыз. Енді біздің әйелдеріміз: «Жұрт тоқалға той жасап жатқанда, бәйбішеге неге той жасамайсың» деп пәле салады-ау, – дегендер де болды.

АҢДАМАЙ СӨЙЛЕГЕН...

Атақты жерлесіміз, бүкіл қазақ халқының сүйікті перзентіне айналған академик-жазушы Сәбит Мұқанов туған жерге келген әр сапарында қасына белгілі ақын-жазушыларды ерте келетін. Сондай сапарларының бірінде жерлесімізге танымал ақындардың бірі еріп келді. Қадірлі қонақтарды Петропавл әуежайынан қарсы алғаннан бастап жерлестері алақандарына салып көтеріп кеткендей болушы еді.

Қызылжардан Сәбит ауылына бет алған жазушыларды жолда Мамлют, Преснов (Жамбыл) аудандарының басшылары нан-тұзбен қарсы алып, қадірлі меймандардың уақыттары болса қонақ қылып жіберетін. Сол жолы ауылдан қалаға қайтып келе жатқан қонақтарды Мамлют ауданының басшылары қарсы алып, арнайы дайындалған дастархан басына шақырды.

Жасыратыны жоқ, Кеңес өкіметі тұсында дастарханда арақ-шарап әрдайым сыңсып тұратын еді ғой. Тілектер айтылып, рюмкелер соғыстырылып, бір-бірімізге мақтау сөздер айтып, бір жасап қалатын кез. "Бір аяқ қымыздың екі аяқтық желігі бар" дегендей ішкен адамның артық кететін кезі де болады. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, татар азаматы Мақсұт Камелетдинов деген еді. Қазақша да, орысша да таза сөйлейтін. Майдалап сөйлеп, қонақтарға кезектестіре сөз беріп отырған оған Сәбеңе

еріп келген ақын:

- Татардың тілі ащы..., - деп айта берді.

Қайта-қайта қайталанған қисық сөзге хатшы байыппен:

- Ағатай-ау, ол мақалдың жалғасы да бар емес пе. "Татардың тілі ащы болса, қазақтың биті ащы" демеуші ме еді? - деді.

Сөйтіп, сазайын тартқан ақынның аузына құм құйылғандай болды. "Аңдамай сөйлеген, ауырмай өледі" деген осы екен-ау.

Ауыл ахуалы

БІР АУЫЛДА 60 МӨР, 70 ЖОБА

Шаруа қожалықтарының басшылары бірігіп, іріленудің орнына әрқайсысы бір-бір пәпке ұстағанына мәз болып, ырду-дырдумен жүр. Әйтпесе, талай жылдан бері не өнім, не табыс жоқтығы бір ойландыдар еді. Әлде оларды ауылдың болашағы толғандырмай ма?

Былтыр Аққайың ауданына қарасты Аралағаш ауылына жолымыз түсіп, "Құдағидан неге үйренбейді?" деген мақала (4 ақпан) жазған едік. Онда Рублевка селосында тұратын Ольга Довранскаяның "Барыс" шаруа қожалығын ұршықша үйіріп, бір қауым елдің несібесін айырумен қатар мектепті, ардагерлерді қамқорлыққа алып, қосалқы шаруашылықты да өркендетіп отырғаны, ал онымен көршілес Аралағаш ауылының қырыққа бөлініп, құлдыраудың аз-ақ алдында тұрғаны жайлы баяндаған болатынбыз. Сөзіміздің аяғын "жолын білмесе, ауылы аралас, қойы қоралас Ольга құдағидан (қызы қазақ жігітіне тұрмысқа шыққан) ақыл-кеңес алғанның еш артықтығы болмас еді" деп түйіндегенбіз.

Содан бері арада бір жылдан астам уақыт өтті. Нендей өзгерістер барын білмекке ниеттеніп жүр едік. Мемлекет басшысының облысқа жұмыс бабымен келгенде облыстың астықты алқаптың 31 пайызын иеленіп отырғанын, облыста ұсақ шаруа қожалықтарының тым көптігін атап көрсеткен болатын. "Бұлай жұмыс істеуге болмайды. 500, 1000 гектар жер. Ал осыған ол не сатып алады? Комбайнды, Джон Дирді ме? Шамасы жетпейді ой. Сондықтан шаруашылықтардың іріленуін, бірігуін, сонымен бірге жаңа техника сатып алатын, өнімнің сапасын жақсарта алатын, кәсіпорындарын салып, өзінің өнімін өңдей алатын қуатты құрылымдар болатынын түсіндіріп, ұғындыру керек. Сала сонда ғана бәсекелестікке төтеп береді. Әлбетте, бұл ұсақ ауыл шаруашылығы құрылымдары болмайды дегенді білдірмейді", деген еді Елбасы.

Біз іссапарға шығар алдында облыс әкімінің бірінші орынбасары Серік Сүлейменовке жолығып, бірқатар деректерге қанықтық.

– Былтыр мәшине-трактор паркін түбегейлі жаңартуға қол жеткіздік. 8,2 миллиард теңгенің егіс кешендері мен ауыл шаруашылығы техникалары сатып алынды. Мұның бәрі ірі ЖШС-лар мен қуатты агроқұрылымдарға тиесілі. Ал ұсақ шаруа қожалықтарының сатып алу, болмаса лизингтік жеңілдікті пайдалану мүмкіншілігі жоқ. Оларды іріландіруді өткен жылы бастаған болатынбыз. Талдау барысы 2,5 мыңдай шаруа қожалығын қайта ұйымдастыру қажеттігін алға тартып отыр. Жан-жақты үгіт-түсінік жұмыстарының нәтижесінде 1200 шаруа қожалығы бірікті. Соның өзінде қазір олардың иелігінде әлі 1,2 миллион гектар егістік алқап бар. Мемлекет басшысының талабынан кейін арнайы комиссия құрылып, жер-жерлерде болып, жағдаймен танысып қайтты. Бір нәрсе айқын, ол – шаруалардың бірігудің тиімділігін түсіне бастауы. Ешқандай мәжбүрлеу, не болмаса күштеу

жоқ. Алайда, кейбіреулер ірі агроқұрылымдарға қосылсақ, ертең алдап кетеді, қазіргі барымыздан айырылып қаламыз деген түсінік жетегінде жүр. Алты мыңнан астам шаруа қожалығының төрттен бірі көктемгі-күзгі дала жұмыстарын өз күштерімен атқаруға қауқарсыз болса, ертең жерге меншік иесін қалай қалыптастырамыз? Өңірдің ерекшеліктеріне және кәсіпкерлік түрлеріне қарай ұсақ шаруашылықтар болмай қоймайды. Егіншілікте агроөнеркәсіп кешені құрылымдарын ірілендіру бірінші кезектегі міндет санаулы тиіс, – деді С.Сүлейменов.

Майда-шүйде шаруа қожалықтары қаптап кетті қазір. Және оларды кімдер басқарып жүр? Ауыл шаруашылығы саласына үш қайнаса сорпасы қосылмайтын кездейсоқ біреулер. Агроном секілді білікті мамандардан жұрдай. Қуатты шаруашылықтар ауа райының қолайсыздығына қрамастан өнімділікті 15 центнерден әсте кемітпейді. Өйткені, үш танапты ауыспалы егіс жүйесін қатаң сақтай отырып, келесі жылға пар қалдыруды әсте ұмытпайды. Ал ұсақ шаруашылықтардың тұқымдық дән жинап алуға да күштері жетпей жүр. Жеңілдікті несие алуға кепілге қоятын мүлкі жоқ. Тыңайтқыш, гербицид сіңірмегеннен кейін жер құнарынан айырылып, азып-тозбағанда қайтеді? "Ортақ өгізден оңаша бұзауды артық" санайтындар жыл басынан бері 252 ұсақ шаруа қожалығын құрып үлгеріпті. Сонда әрқайсысына қанша гектар егістік алқаптан келеді дейсіз ғой? Бар-жоғы 105 гектардан.

Өткен жылғы мәліметтерге көз жүгіртсек, Тайынша ауданында 161 шаруа қожалығының әрқайсысында айналдырғаны 100 гектар астық алқабы болған. Қажетті техника мен сапалы тұқым жетіспегендіктен өнімділік 5-7 центнерден ғана айналған. 90 қожалық мүлдем егін сеппеген. Айыртау ауданында 25 шаруашылық санда бар да санатта жоқ. Есіл ауданында 73 шаруашылық техникаға зәру. Жерді аздырып-тоздыруға ешкімнің қақысы жоқ. Бүгінде облыста 307 шаруа қожалығы жерді игеруге күші жетпей, егін орнына арамшөпті қаулатып жібергені үшін арнайы есепке алынған. Енді оларға Жер Кодексіндегі тиісті баптар бойынша шара қолданбай болмайды.

Біз ат басын тіреген Аққайың ауданында өткен жылы 449 шаруа қожалығының жартысына жуығы гектар басы шығымдылықты 3-5 центнерге ғана жеткізген. 24-і жерге дән сіңіре алмаған, 154-нің техникалары тозған.

Аралағаш ауылдық округінің әкімі Сейілжан Тастеміров округте бір кездері шаруа қожалығының 75-ке дейін жеткенін айтады.

– Қайта бұл азайғаны ғой. Соның өзінде көпсініп отырмыз. Егін екпек түгіл салық қарыздары 300 мың теңгеден асып кетті. Қалт-құлт етіп күн көріп отырғаннан кейін өзгені қайтып жарылқай қояр дейсің? Қайта ауыл тұрғындарының жер үлестерін "Зенченко және К" командиттік серіктестігі алғалы көзіміз ашылып, тұрмысымыз оңала бастады, – дейді ауыл әкімі.

Шынында да аралағаштықтар серіктестіктің бас директоры Генадий Зенченкоға дән риза. Солардың бірі Әбу Әбілмәжінов былай деді:

– Отбасымыз түгел жер үлесімізді осы серіктестікке бердік. Күзде толық есептеседі. Алған пайым отбасымды, мал-құсты асырауға толық жетеді. Адамдар жұмыспен де қамтылып жатыр.

Ауыл тұрғыны Бектұрсын Нұртазин әу баста өз алдына шаруа қожалығын құрған екен. Тапқаны тамағына жетпей, сегіз жыл қатты қиналыпты. Енді, міне, отбасымен Г.Зенченконың қарамағына көшкелі қосалқы шаруашылықпен емін-еркін айналысады. Қанат Құрманғалиев пен Жәлелбек Мұқанов басқаратын шаруа қожалықтарын, қарыздарына қарамастан,

серіктестік өз қарамағына алыпты. Кейбірі әлі әрі-сәрі күйде. Солардың бірі – Жанарбек Мұқанов. Ол былтыр сепкен тұқым мөлшерінде ғана өнім жинапты. Қарызы бастан асады. Тіпті, жанар-жағармай мен тұқымға кепілге қойған ауыл шаруашылығы техникаларынан айырылып, аузы күйсе де, биыл тағы да себемін деп құлшынып отыр. Қалай дейсіз ғой? Баяғы қазақы жолмен – қарызданып-қауғаланып... Бір туысы жанар маймен көмектеспекші. Алған тұқымын екі есе бағасына қайтаруға делдалдарды зорға көндіріпті. Осылайша тағы бір рет бағын сынап көрмекші. Әйтпесе деп күмілжиді. Оның түп-төркінінен "бірікпегенде енді қайда барамын" деген емеурінді ұқтық.

Біреуге үзілді-кесілді қарсылардың бірі – Мағжан Қазиев. Оның егіншілікпен шұғылданғанына бесінші жыл. Қарауында 40 гектар жері бар. Енді іскер азаматқа туған-туыстары қосылып, егістік 90 гектарға ұлғайыпты. "Ержан" шаруа қожалығы жетекшісінің "Ірі агроқұрылымдарға сенімі жоқ. Ертең тақырға отырғызып кетуі ғажап емес. Осы күнімізге де зар болып қалармыз", – деген сақтығын түсінуге болады. Кезінде "Голден Грейн групп" агрофирмасы талай қазақ ауылдарын қан қақсатып кеткен болатын. Аудандағы Аралағаш, Новороссийское елді мекендерін Ф.Фатхуллин, М.Танақұлов дегендер өз "қамқорлықтарына" алып, ақыры банкроттыққа ұшыратқандары бар. "Аузы күйген үрлеп ішеді" демекші, бәлкім, соны меңзеп тұрған болар.

Бірігудің экономикалық жағынан өте тиімді екеніне жарқын мысалдарды осы ауылдан-ақ келтіруге болады. Г. Зенченко басқаратын серіктестік аралағаштықтардың 1500 гектар егістігін екі жылдан бері бастан-аяқ өңдеп беріп жүр. Ұсақ шаруашылықтар гектар берекелігін 4 центнерге әрең жеткізсе, мұнда – 17 центнер. Серіктестік қарамағына алған отбасылардан мектепте бар-жоғы 20 бала оқиды. Соған қарамастан 80 оқушыны тегін тамақтандырады. Мектепті жөндетіп берді. Бұл ауыл шетінен өнерпаз. 70 жылдардан бері халық театры жұмыс істейді. Бірақ оның өнерін тамашалайтын мәдени ошақ жоқ болатын. Иесіз қалған клубты күрделі жөндеуден өткізіп, қатарға қосты. Ауыл бұдан ұтпаса, ұтылған жоқ.

Серіктестіктің осындағы сенімді өкілі Аманжол Есентаев әр сөзін нақты мысалдармен тиянақтай сөйлеп, өз ойын былай жалғастырды:

– Бір-бір шаруа қожалығының құлағын А.Алпысов, Б.Ғабдуллин секілді осы ауылдың тумалары ұстап отыр. Тәжірибелері мол, ұйымдастыра біледі. Неге солардың маңайына топтаспасқа? Олар да қарсы емес. Тіпті, қарыздарымен қоса алуға бейіл.

Рас-ау, ең болмаса осындай ұсақ шаруашылықтар – "бір жеңнен қол, бір жағадан бас" шығара білсе, көп мәселе өз-өзінен шешілер еді. Аралағашқа қоңсы қонған Дайындық ауылының тоғыз жыл бұрынғы көрінісін еске алайықшы. Тарап кетудің аз-ақ алдында тұрған ауылға Біржан Шаймерденов басшы болып келді. Келді дейміз-ау, жерлестері өздері қолқалап қойды. Қазір ше, адам танымастай өзгерді. Егістік жер он мың гектардан асады. Жаңа техникалар жетіп артылады. Мешіт үйін салдырды, Мәдениет үйін қалпына келтірді. Мектепке көмегі өз алдына. Биыл Даңқ мемориалын орнатып берді. Серіктестік жұмысшылары үш жылда 27 жеңіл көлікке ие болды. Жарты шығынын шаруашылық өтеді. Ал Дайындықпен көршілес Қызылжұлдыздың болашағы жоқ. Елтай Зікірин жетекшілік еткелі Полтавка селосының түтіні түзу. Демек, "бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады".

Өмір ЕСҚАЛИ, "Егемен Қазақстан,"Амандық ЖАНТЕМІР,
журналист ("Егемен Қазақстан" газеті)

КӘДЕГЕ ЖАРАҒАН ҚОРШАУ

Кеңес өкіметінің тұсында біреудің мүлкін біреу ұрлаушылық онша бола қойған жоқ. Үй иелері бір жаққа шыға қалса, құлып ілмей-ақ, есікті тіреп те жүре беретін. Есесіне, қазынаның дүниесін қағып кету әдете айналған еді. Кімнің қолында не бар немесе жол-жөнекей бірдеме қараусыз жатса іліп әкететін. Зауыдтарда ондай адамдарды қолының ілгіші барлар (несуны) деп атайтын. Қанша күрескенмен ұсақ ұрлықты тоқтату оңай болмаған.

Сондай ұсақ ұрлықтың бірі есіме түсіп отыр. Бірде қаладан өзім туып-өскен, қазіргі Жамбыл ауданына қарасты Қарақамыс ауылына барсам, көршіміз әрі жиен-ағамыз Сәруар Бірімжановтың үйінің маңындағы картол отырғызған огород қой отарының қоршауымен қоршалып тастапты. Қыруар қоршау. Мынаны совхоз басшылары көрсе жақсы болмайды-ау деп ойладым. Бұл кезде Сәруар Бірімжанұлы қой фермасының бригадирі болатын.

Ол кезде басқа жақта тұратын адам ауылға келгенде міндетті түрде ағайын-туғандардың үйіне кіріп, сәлем беріп шығатын. Сол дәстүр бойынша жиен-ағамыздың үйіне кіріп шықтық. Апайымыз, әкемнің немере қарындасы Жәнапия өктем адам еді. Жолдасым, Қалима екеуміз сәлем бере енсек болғаны:

– Әй, қатын, інім келіп отыр ғой, ас қыл, шәй қой! - деп келіні Мәкенге бұйыра сөйлейтін.

– Бәріміз әңгіме дүкен құрып отырған шақта жиен-ағамнан қой отарының қоршауымен огородты қорықпай қалай қоршап тастағанын сұрадым. Сонда ол:

– Мұның тарихы қызық, - деді де сөзін одан әрі жалғастырды. - Өзің білесің қой фермасы ауылдан үш шақырымдай жерде ғой. Шопандар да, ферма басшылары мен мамандары да жұмысқа қыс болса атқа шана жегіп барамыз. Өйтетініміз кешке үйге қайтарда шанаға шөп, жем салып аламыз. Мұнымыз заңсыз болса да қалыптасқан әдет. Бір күні жұмыстан кейін ауылға бет алдым. Орта жолға жете бере астыма қарасам не шөп, не жем алмаппын. Енді үйге құралақан қалай бармақпын? Кері оралдым. Фермаға келсем, фуражир, яғни жепшөп қоймасының меңгерушісі кетіп қалыпты. Не істеуім керек? Сөйтіп, дағдарып тұрғанда үйіліп жатқан қоршау көзіме түсті. Әйтеуір үйге бос бармайын деп шанаға екі-үш қоршауды салып алдым. Сол әдетпен күнде таси-таси огородқа жететін қоршау әкеліппін,-деді.

БАРЫМТАШЫ

Әкем Мырзахметтің немере ағасы Сағындық Темірбаев тақуа адам еді. Ауыл молдасы болатын. Ораза кезінде ол шошаланың үстіне шығып азан шақырмай ешкім ауыз ашпайтын. Атамнан қарызға ақша алғандардың кейбірі қайырып жатса, енді біреулері ұмыттырып кететін. Бопалай атам (ол кісі немерелерін уатқанда "бопалай-бопалай" дегесін осылай аталып кеткен) ақшасын ешкімнен сұрап бармайтын. "Қарыз сұрап келген адамның бір беті ақ, бір беті қара болып тұрады, бар болып тұрып бермей жіберсең екі беті де қарайып кетеді" дейтін. Сол Бопалай атамның қолына қотыр шығып,

Қызылжардағы қазір Қан орталығы орналасқан ғимараттағы тері-венерологиялық аурулар диспансерінде бір айдай емделді.

Атам ауруханадан шыққан соң, екі-үш күнге сұранып, екеуімізге Озерныйға дейін ұшатын ұшаққа билет алдым. Енді ертең жол жүреміз деп отырғанда үйге екі қайнағам – Пресновта тұратын Едрес Жақсыбаев пен Железное селосында тұратын Аманжол Нұрғалиев келе қалды. Аманжол "Москвич" жеңіл автокөлігін сатып алыпты, енді оны қаладағы базадан алып шығу керек. Одан тез және машинаның дұрысын алып шығу үшін таныстық қажет. Облыстық тұтынушылар қоғамына қарасты базаның бастығы Сыпко деген адамды жақсы білетінмін. Менің көмектесуімді сұрап екеуі жатты да жабысты. Бармауға ұялдым. Машинаны түске дейін алып шықтық. Олар түстен кейін қайтуға тиіс болатын. Машина жүргізуге әкелген Едрес "менде жүргізуші куәлігі жоқ" деп шалқасынан түсті.

Енді не істеу керек. Қайнағам Аманжол маған тағы жабысты. Ұшаққа алған билеттерімізді қайта қайырып бердік те, төртеуіміз жолға шықтық. Машина айдаушы мен. Сол күні кештете Железное селосына жеттік. Түні бойы жауын жаумасы бар ма!. Ертеңіне жердің миы шығып қалды. Атам екеуіміз аудан орталығы Пресновкаға әрең жеттік. Автостанцияға келсек жердің саз болуына байланысты Бауман стансасы бағытына автобус жүрмейтін болыпты. Селоның екінші шетінде тұратын атам Мағзұм Досмановтың үйіне әзер дегенде жеттік. Сол үйден ат жегілген арбамен күнде автостанцияға келіп біліп тұрдық. Үшінші ме, әлде төртінші күні ме, автобус жүретін болып жолға шығып едік, Айымжанның тұсынан қайта оралдық.

Енді қайда барамыз. Автостанцияға жақын тұратын Едрес қайнағамның үйіне баруға тура келді. Жер құрғап, автобус қатынасы ашылғанша, екі-үш күн тағы сонда болуға тура келді. Едрестің әкесі Нұрғалидың жасы атам Сағындықпен шамалас еді. Сөйлемейтін, тұйық адам болатын. Сәлем бергенде де ерінін кейде жыбырлатады, кейде үндемей отыра береді.

Бұл кісінің кезінде баукеспе ұры болғанын бәрі біледі. Бірақ ол туралы ешкімге тіс жарып айта қоймайды. Жәй отырғасын әңгіме керек.

– Ата, Сізді ұры Нұрымбет деп атайды. Ренжімесеңіз, енді оған біраз уақыт өтіп кетті ғой, қызық оқиғалар болған шығар, бір-екеуін айтсаңыз қайтеді, уақыт өтеді ғой, – деймін.

– Ешкімге тіс жарып көрген емес едім, ол сонау патша өкіметі тұсында болған оқиғалар ғой, айтсам-айтайын, – дейді ақсақал.

– Ол кезде қазіргідей жұмыс жоқ. Кедей-кепшік байдың жалшылығында болады. Біреулері малын бақса, екіншілері – үй шаруасымен айналысады, енді біреулері – сауда-саттық жасайды, ал ат құлағында ойнайтын сайдың тасындай жігіттерді барымташылыққа ұстайды. Мен сол барымташылар қатарында болдым. Малды алыстан айдап әкеліп, Болатпай базарына (Жамбыл ауданындағы Новорыбинка ауылының маңында болған Қазақстандағы үлкен мал базарларының бірі) әкелеміз, байлар оларды орыс көпестеріне мануфактураға, үйге қажетті заттарға айырбастайды. Бізге байлар содан түскен пайдадан үлес береді. Сөйтіп, отбасымызды асыраймыз.

– Сонда қолға түсіп қалмайсыздар ма?

– Әрине, ондай қорқыныш бар ғой. Малы ұрланғандар полицияға арызданады. Олар бізден ұрыларды сұрайды. Біз оларға "барымташылар анандай жерде, оларға мына жолмен бару керек" деп айналма жолға салып

жібереміз. Ал өзіміз тура жолмен барып, оларды тосып алып, алтатармен атып тастаймыз. Сөйтіп ұрлықтың ізі үзіледі.

– Сізді қараңғы түнде жоғалған қамшысын тауып алған қырағы адам деседі, осы туралы өз аузыңыздан естісек, – деп қоямын.

– Ол былай болған еді. Ақмола жақтың бір байы мал барымталап әкелу үшін баукеспе ұрысын маған жіберіпті. Екеуміз екі атпен жолға шықтық. Баратын жеріміз алыс. Күндіз орман арасында тығылып, түнде жүріп отырамыз. Сол жолы бауы қалай қарымнан шығып кеткенін білмеймін, қолымдағы қысқа сап қамшымды жерге түсіріп алдым. Аттан түсіп, мықыныма қыстырылған қабықты жағып, іздеп көріп едім, таба алмадым. Көп айналуға уақыт жоқ, алға жүріп кеттік. Атбасар маңынан біраз малды алдымызға салып кері оралдық...

Осы кезде Бопалай атам аңқаулықпен:

– Сонда мал өздеріңдікі ме? – дейді.

– Қайдағы өзіміздікі болсын. Сонау Атбасарда біздің мал бола ма. Біздікі барымталық қой, – дейді Нұрымбет.

– Ә-ә! – деп басын изейді атам.

– Содан күндіз малды орман ішіне қамап, түнде жүріп отырдық. Бір орман маңына келгенде жолсерігіме осы арада сәл кідірейік дедім. Сөйттім де, қынамдағы қабықты жағып, тағы жерге түстім. Көп кешікпей бара жатқанда жоғалған қамшымды тауып алдым.

– Қаншама жер жүріп келіп, айдалада әрі қараңғы түнде қалың шөптің арасына түсіп қалған қамшыны қалай тауып алдыңыз?

– Олай қарай бара жатқанда қамшым түсіп кеткен жердің маңындағы орманның ішінде ерекше аспанға ұмтыла өсіп тұрған қайың ағашын көріп, есте ұстап қалып едім. Сонда жолсерігім:

– Мен Ақмола өңіріндегі ең баукеспе ұры саналушы едім, сен менен де асып түстің, жарайсың! – деп арқамнан қақты, – деп әңгімесін аяқтады Нұрымбет ақсақал.

Бір-екі күннен кейін жер кеуіп, автобустар жүре бастады да, атам екеуміз Қарақамысқа жол тарттық. Сөйтіп, біреуге көмектесемін деп, бір апта бейнет көрген едім.

ӨЛІМНЕН ҰЯТ КҮШТІ

Қазіргі Жабыл ауданына қарасты Майбалық аулының тумасы Сәли Имақов көп жылдар бойы Совет аудандық (Аққайың) атқару комитетінің төрағасы болып істеді. Сол ауданда ғана емес, тұтастай облыс көлемінде зор беделге ие болған адам еді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, Социалистік Еңбек Ері Петр Яковлевич Пилипенкомен қоян-қолтық еңбек етіп, ауданды өркендетуге көп еңбек сіңірді. Сол кісі маған бірде басынан өткерген мынандай оқиғаны айтқан еді.

– Ауданымыз облыс орталығына әрі жақын, әрі экономикалық көрсеткіштеріміз жақсы болғандықтан өңір басшылары Алматы, Мәскеу жақтан келген лауазымды тұлғаларды көбіне бізге әкелетін. Бірде Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің хатшыларының бірі келді. Оны бірінші хатшы екеуіміз қарсы алып, совхоздарды аралатып, жетістіктерімізді көрсеттік, риза болды. Содан кейін дәстүр бойынша қонақасы беретін болдық.

Әдетте келген қонақтарға қой етін асып, бас тартылатын. Бұл жолы келген хатшы орыс болғандықтан ба, әлде ерекше құрметтегілері келген бе, ас-су дайындаушылар доңыз асыпты. Қонақтарды партия комитеті қарсы алғандықтан, қандай тағам дайындалып жатқанына назар аудара қоймаған едім, даяғашылардың мына қылықтарына таң қалдым да қойдым. Даяғашылар доңыз етін табақтап әкеліп үстел үстіне қойды да басты қонаққа ұсынды.

Талай жерде болып, қазақ дәстүрін жақсы біліп алған хатшы басты алды да екі құлағын кесіп, бірін маған ұсынбасы бар ма? Жердің тесігі болса кіріп кетердей күй кештім. Содан кейін ауданға ат басын бұрған қадірлі мейманларға қандай ас мәзірі жасалып жатқанын тікелей бақылап отыратын болдым. Өлімнен ұят күшті емес пе?!

АШЫНҒАННАН ЖАЗЫЛҒАН ХАТ

Бұл 1963 жыл болатын. КПСС орталық комитетінің қаулысына орай ауыл, селода тұратын әрбір отбасында бір сиыр, бір жылқы және үш қойдан ғана ұстауға, ал қала тұрғындары мүлде мал ұстамауға тиіс еді. Осы кезде халық арасында "Маленков берген байталды Хрущев келіп қайта алды" деген сөз тарап кеткен. Өйткені, Иосиф Сталин қайтыс болғаннан кейін (1953 жылы) орынына Маленков деген тұрып, халықтан май, жүн, жұмыртқа есебінде салық жинауды тоқтатып, малды қанша ұстасаң да рұқсат берген. Содан кейін оны орнынан түсіріп, билік басына Никита Хрущев келіп "халық нанды астатөк пайдаланады, тіпті малдарына береді, сондықтан мал басын азайту керек" деп соққан болатын.

Осы қаулыны жүзеге асыру барысында жергілікті билік басындағылар ойларына келгенді істеген. Әсіресе, сол кездегі Преснов (қазіргі Жамбыл) ауданына қарасты Озерный селолық кеңесінің төрағасы Айтқожа Сүлейменов жанына учаскелік милицияны алып, Қарақамыс, Озерный, Ақбалық, Октябрь, Жалтырша, Жаңажол, Нұрымбет, Бауман ауылдарының жекеменшік малын қоршауға қаматып, басы артық дегендерді дайындаушылардың машиналарына иелерінің еркінсіз арттырып, аттандырып отырды. Дайындаушы өзінің інісі Молдаш Сүлейменов екеуі сиырлардың семіз, сүттілерін басқа ауылдарға апарып айырбастап, кейбіреулерін сатып ақша қыла бастады. Төрағаның басқа да қылмыстары толып жатқан еді.

Мен осы туралы Республикалық «Ара» журналына «Араны ашылған Айтқожа» деген тақырыппен хат жазып жіберген едім. Осы хатты Солтүстік Қазақстан облысы партия комитетінің нұсқаушысы Қалиқан Мәмбетов келіп тексеріп, онда көрсетілген деректер анықталғаннан кейін селолық кеңестің кезектен тыс сессиясын өткізіп, төрағасы Айтқожа Сүлейменовті қызметтен босатып кетті.

(Қолжазбаның көшірмесін беріп отырмын).

Арана ашылған Айтқожа.

Жазғы күні. Желақ айналып жерге түскендей ыстық. Ауылдық кеңесінің алдында пақаларға жер таппай тұрған екі-үш қарт ағайдар әңгімелесіп тұрды. Әңгіме жайға посёлкелік советтің председателі Сүлейменов Айтқожа туралады. Қарттардың бірі:

– Ай, осы Сүлейменнің көптік ауызы-ақ табындарап болды-ау бізді, осыдан да құтылып көз ашынлар күн болар ма екен?- деп бір күрсініп алды.

Қарттар бұл сөзді Сүлейменовтың ашуландық қалықтарын нағағандықтан айтып тұрған еді. Бұл уақытта Сүлейменов көлеңкеге салынған күн түлеге салық үйінде шаңжақтай жатып посёлкелік совет мүшелерінің сары қамызбен емен атып жатқан кезі болатын. Ол посёлкелік советтің төрағасы мен күрең бүйен жамба жолымен жүріп ретпен үлгірген. Бұл жалқаларда мал дайындау пункты заготовительдерімен бірлесе отырып, екеуін де құлатуда шеге айырбастап, біреуін өз алдына түзіріп алған болатын. Айтқожаның шаңжақтай жатып, жауапты жұмысқа да қарамай сары қамызды сапаруға да осыдан еді.

– Ассалаумағалейкум! – деп салтаңдықпен сәлем берген заготовитель Қарағандыдан келген Сүлейменов.

– Бақты қатырмай, жүр, біздікіндегі соғымнан төріміз алып кет, – деп өз жұмысына да қарамай үйіне қарай сүйрелей алып жөнелді. Төрінкі беріп жатып:

– Теріме алу сол бір, бұрынғы заготовительдер мұнақ алғай болай беретін, – деді.

Стандартта жылқы терісі он жеті жілограммнан, ал бақсы алты соң жиырма жеті тиынан аспайтынын жақсы білетін жас заготовитель бұл кісінің айтып тұрғанына ойланып қалған, – деп ойлап, мысқылмен түсті де:

– Терің із он жеті жілограмдық екен, – деп алып жүре берді.

Артынан заготовитель:

– Мынау терің іздің алты соң жиырма жеті тиын ақшасы еді, – деп ұсынып берілі еді, Сүлейменов:

– Алу бермесең, алмаймын, – деп бұралып жүре берді.

Мұндай уақиғалар Сүлейменов пен заготовительдер 1960 жылдың жазғы айларында Сүлейменов Айтқожа мен Сүлейменов Молдаш екеуі ақпал тұрғындарында арнаулы мал бар деп халыққа ашуландық әрекеттер жасады. Тағы түсте Қарағаштың ауылының тұрғыны Оразбаевтар ағайынды үйінен айырып шығып, Ораймаев Жұмарттың қайтыс болған інісі Батырханнан қалған екі балаңнан ешуақ сұйық қорек қалып отырған жалғыз сиырын айдағанда Сүлейменовтар күшпен тартып алды. Ол сиырды Ақбалық ауылындағы Оспанов Қатзаға үш мың (екі ақшатек) сомға сатып кетті.

Ауыл тұрғындарының малдарын өлшеп, орден жауынан арнаулы бақамен алды да, от дайындау пунктіне қымбат бағамен өткізіп, соның ақшасын Сүлейменовтер өзара бөліске салады. Тәсілі: Баратежиров Ч, Оразбаев Ж, Тілеңгатбаев К, Жақтемиров М, Бектасов С және тағы басқа он бес шақты адам малдарының, жарты ақшасын Сүлейменовтердің сұйығында кетті. Оразбаев бұл әрекетке қорлыққа шыдай алмай, Сүлейменовтердің заңсыз екі балаңның сиырын тартып әкеткендігі туралы Қостанай облыстық атқару комитетіне арыз жолдаған болатын. Бұны тексеруге келген адамдар Сүлейменов – Біздің сөзімізде сондай формулярда адалы жоқ, – деп алдап текшіріп қайтарған.

Арана ашылып жеңіске кенікпен Сүлейменов 1957 жылы посёлкелік советке арналып алынған „ИЖ-56" маркалы үш доңғалақты мотоциклын 1958 жылы совхоз инженері Юрьевскийге дефектілік акт жазғарып өзінің тұрған інісі Сүлейменов Жұматтқа 1500 сомға (екі ақшатек) сатты.

Осындай пайдалардың және ұрлықтың нәтижесінде Сүлейменов бұрынғы үйді жеңеінейі алты бөлмелі ақ орда салып та үлгірді. Ұрлықпен салған үй жұрт көзіне түсеуін деді ме екен көшедегі жарық қалық ағаштың тек ортасынан орнатты.

1961 жылы Ақбалық егіз жылдық мектебіне бір жүк машинасы берілген болатын. Ол машинаны 1962 жылы Сүлейменов пен мектеп директоры Төлешов Жарзақалы екеуі дегдемсіз бір атқа айырбастағанда, оны соғатқа жөнелтіп алды. Сұйтіп екеуі тегін етті арпайлы ағып, шалқамайға батуда. Қайран ел бір жүк машинасы-ай, оқушылар игілігіне ғаламдай, Сүлейменов пен Төлешовтың құлқынында кетті-ау.'

Сүлейменовтың жұмыс уақытында көңілсіз болғанда ертеңдегі көп-ақ. Ол ауылдық тауар-тағыметаймына көк мектебінде өлгеден бір түрлі ақшақтап ала жөнелді.

арасында жиі кездесіп отыратын-ды. Осы мәселе төңірегінде совхоз жұмысшылар кооперациясы жиналысында айтылып Сүлейменовке тиісті ақшасы берілсін, ұялтылған болатын, бірақ не керек оңдеген ауыз оны ерікке қоймады „ақша, ақша" деп тиынын алған соң құлатаннан соңына қайта түсті.

-50 қайда ?-деп қор соққан қалжайтын болды.

Сүлейменов халық тілегінен гөрі өз қара басының мүддесін ойлайтын, оны басқа адамдардан жоғарырақ ұстайтын қауқарсыз, әрекі, толас жақсылардың бірі. Ол кәсіпшілердің шағымдарына, тілектеріне, келген істерінің орындалуына көлкетсіп, құрғақ жауап берудің орнына, олардың боқтап, не басқа да жат сөздер айтып қарсы алуды өзіне лайықтырақ көретін адам. Қызмет бабын пайдаланып мемлекет қаражаттарын өз басы пайдасына жұмсап келе жатқан зұлаттың бірі.

Сүлейменов Озёрный поселкелік советінде председатель болып қарағанда хатшы болмаған адам совхоз көлемінде сирек кездесері. Жұмыс қарамағында істеген адам үш ай, алты ай, не әрең бір-ақ жыл қызмет істей алады.

Мысалға: Байжиенов И, Сұлтанов Қ, Балуанов Ә, Машиков Ө, Молдахметов Қ және тағы басқа да адамдар бірі қызметке орналасса, бірі шығып жатты, ақыры бұлардың бірі жақпай қазір басқа кіші алды. Ол кісі де „алла-тіпті, Айтқожаға қайтсет жағам," деп иманын үйіріп, алаңға сайланды.

Бұл адамдардың жақпайтын себебі де бар. Ол мынау: Сүлейменовтың әдетімен қонаққа шақырып арақа суарып отыру, болмаса „қай жеріңіз қашпа" деп алдында құрша жорғалап жүру керек екен.

Ең соңғы төрт жылдай қызмет істеген хатшы Молдахметов Қабдығәліш пен Сүлейменов Айтқожа екеуі бітіре отырып үкіметтің он бір мың сомын жеді.

Бұл деривияда анықталып Сүлейменов пен Молдахметов тәуелсіз тергелгенде Сүлейменов:

-Мені айтпа, алтынан ені өзім құтқарып аламын,- деген соң Молдахметов:

-Бұл ақшаны жеген өзім,- деп тәуелсіз берді.
Сұйтіп желінген ақшаның бәрі Молдахметовтың мойнына жазылды.

Барған жерінен ақылғанбет іліпее көңілі жай таппай алаңдаған, онда барып, мында барып жүгіруін ақыры елімізіл шағады. Бұқайына көнбеген адамдар:

-Сені жұмысыңнан шағыртамын, сен менің бір теңкеңнен қалмайтын,- деп боқтап, масаттап қорқыта жүреді.

„Жасқардың ұлығына жеңілік дегені,"-деп Сүлейменов „Айтқожа аузын ашса жемей, көзі көргенді алмай қоймайды.

Жаңа-жолда қонақ үйдің ет жеп отырған Сүлейменовтың көзіне таяқтаға көйлек ортан жіліктің түсті. Көрсе қызарлық бұйрығымен тұрып - Осына ал, осына ал,- деп мазасын алып болмады. Осы ретте Сүлейменов ортан жіліктің қағазға орап жан қалтасына салған да:

-Балам алдымнан шықар,- деп, қарқ-қарқ күлді.

Міне көрсеқазар Айтқожаның арманының ішті қалай ашылғанын екі ақпалық болатын шығар.

Халыққа ағайындық, бюрократтық, дандайсандық, тәкаппарлық тұрғыда қарау бұл ғасырда ата коммунист, поселкелік советтің председатері Сүлейменов жолдасқа лайықсыз-ақ.

Жолдас Ара! Айтқожаның коммунистік қоғамға театпайтын ағайындық мінездері мен алды алып, үкімет мүлкін теп дағдаланған ауызынан ауыздықтамалар мезгілі болар ма екен?

7. ПІКІРЛЕР. ҚҰТТЫҚТАУЛАР.

С ЛЮБОВЬЮ К РОДНОЙ ЗЕМЛЕ

“Знаешь ли ты свой род до седьмого колена?”. С таким вопросом с красиво иллюстрированной обложки своей книги, вышедшей недавно в Петропавловске, обращается к молодежи известный журналист, деятель культуры Республики Казахстан, неутомимый краевед Амандык Жантемиров.

Книга “Жеті атаңды білесің бе?” Не принадлежит к числу фолиантов. Но читателю она дает обширные знания по разным аспектам казахской национальной культуры, народной традиции и духовной жизни. Правда, за последние два десятилетия в периодической печати появились сотни статей на эту тему. Но ценность книги Амандыка Жантемирова, пожалуй, в том, что автор дает всю эту объемистую, часто трудноперевариму информацию в синтезированной форме, обогащая ее своими личными наблюдениями, материалами, относящимися преимущественно к особенностям культуры, традиций и обычаев казахов нашей области.

Неудивительно поэтому, что значительное место в книге автор отводит иллюстрации генеалогических ветвей своего рода Керей. Изложенные в сжатой форме исторические вехи эпохи Керейского ханства, думается, вызовут интерес у студентов-историков. Из книги мы также узнаем, что автору известны восемь видов кумыса, национального напитка казахов, отличающегося целебными свойствами.

Не каждый современный джигит знает, как построить юрту, из каких элементов она состоит. Даже не все люди старшего поколения знают казахскую этику гостеприимства. Например, мясные блюда у казахов с учетом возраста гостя его степени родства, общественного положения делятся на четыре вида. Исходя из этого, каждой категории гостей подается блюда только с определенными частями мяса. Полезно знать, что шейную часть у казахов не принято подавать уважаемым аксакалам, а грудинкой угощют зятя...

С глубоким знанием народных традиции скотоводства Амандык Жантемиров пишет, что казахи различают семь возростных категорий коня. Существуют три способа доения кобыл. Не случайно в казахских пословицах и поговорках часто встречаются выражения связанные с традициями коневодства.

– В последние годы появилось множество публикаций на тему национальных обычаев и традиций, – говорит Амандык Жантемиров. – Но каждый регион Казахстана имеет в этом отношении свои особенности. Скажем, в Западно-Казахстанской области гостей встречают не так, как у нас. В южных регионах более распространен шубат, чем кумыс. Юрты также отражают специфику регионального стиля. Учитывая это многообразие, я сделал попытку дать молодежи больше сведений о национальных традициях казахов нашего края. Написать книгу меня побудило также то, что в год 20-летия независимости Казахстана со дня основания моего родного аула Каракамыс, что в Жамбылском районе, исполнились 85 лет. В течение длительного времени я по крупицам собирал материалы о своем ауле.

Рассказы хранителей и знатоков народного быта и обрядов легли в основу этой книги. Надеюсь, она принесет пользу всем, кто с уважением относится к культурному, духовному наследию наших предков, особенно молодежи.

Марат ЕРМУКАНОВ

ТОҚСАН ЖЫЛДЫҢ ТАРИХЫ

"Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі" атты кітап жарық көрді

Журналистика саласында 45 жыл еңбек етіп келе жатқан Амандық Жантеміров – көргені мен түйгені мол қаламгерлердің бірі. Еңбегі ел назарында жүрген әріптес ағамыздың ісі қандай мағыналы болса, өмірі де сандай дәрежеде мазмұнды. Ақыл-парасатын ел игілігіне жарата білген, ұрпақ алдындағы парызын атқарып келе жатқан ағамыз "Солтүстік Қазақстан" газетінің 90 жылдығы қарсаңында "Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі" деген кітап шығаруды ұйымдастырды. Бүгін оқырмандар назарына кітап авторымен болған сұхбатты ұсынып отырмыз.

– Амандық Мырзахметұлы, журналистика саласында жарты ғасырға жақын еңбек етіп келесіз, өмір арнасында осы жолды таңдап алуыңыздың себебі неде?

– Қазақта "Қиялдың шамын ұстап, алға ұмтыл. Талмай еңбек етсең, жеңістің жемісін көресің" деген жақсы сөз бар. Қағаз бен қалам менің қос қанатым сияқты. Журналист болу бала кезімдегі арманым еді. Сондықтан да өмір деген арнадан сусындап, өз мақсатыма ұмтылып келемін. Еңбек жолымды осы газетте бастадым. Мен тек мақала жазумен ғана шектелген емеспін,1988 жылы облытық телерадиокомпанияға қарасты радиода, кейін теледидарда жұмыс істеп, аға редактор қызметіне дейін көтерілдім. Бұл тынымсыз еңбектің жемісі деп ойлаймын. Кейін, 2006 жылдан бастап газет жұмысына қайта ауыстым. Тағдырдың берген бір сыйы болар, бүгін 90 жылдық мерекені ұжыммен бірге қарсы алып отырмын. Бұл да менің өмірімдегі өлеулі оқиғалардың бірі болып табылады. Ең бастысы, қолымнан келгенше еңбек етіп, газет өміріне өз үлесімді қосып келемін. Менің көңілімді көншітетіні де осы.

– Газеттің 90 жылдығына орай басылып шыққан кітаптың мазмұнына тоқталып өтсеңіз?

– Бұл кітапта газеттің тоқсан жылдық шежіресі жазылған. Ең алғашқы "Кедей сөзі" деген атпен шыққан газеттің тыныс-тіршілігі мен кейін "Бостандық туы", "Кеңес ауылы", "Ленин туы" және "Солтүстік Қазақстан" деп өзгертілген бір басылымның өмірі, онда қызмет еткен білімді, білікті қаламгерлер туралы деректер жинақталған. Жалпы кітап сегіз бөлімнен тұрады. Әр бөлім өз құндылығымен қымбат.

Баспасөз құралы – бір ұрпақтың екінші ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті, сондықтан да кітап шығаруды ағалық парызымыз деп ойлаймын. Әрине, тоқсан жылды толық қамту мүмкін емес. Бірақ газет өміріндегі маңызды оқиғалар түгел жазылды, ең бастысы осы.

– Бір басылым үшін 90 жыл деген аз уақыт емес, оның өткен кезіне де тоқталып өтсеңіз?

– Бұрын бәрі де басқаша еді. Ол кезде газетті уақытында шығарып тұруда көп қиыншылықтар болды. Мәселен, қорғасыннан әріп теретін линотип,

ротация (баспа) машиналары ол кезде жоқ. Барлық жұмыс қолмен атқарылатын. Кей жағдайда газет басатын машинда жұмыс істейтін адам болмай қалатын. Мұндай кезде Қызылжардағы партия және кеңес қызметкерлерін даярлайтын мектептің курсанттары түнгі уақыттарда осы жұмысқа тартылып, баспаханада еңбек ететін. Сөйтіп, газеттің уақытында шығуына көмектесетін. Қазір заман талабына сай технологиямен жұмыс істейміз. Газетіміздің саны да, сапасы да көңілден шығарлықтай. Ал қаламгерлер қатарына келер болсақ, ол күн санап жастармен толығып келеді. Бұл – жақсылықтың нышаны. Себебі, жас буын жаңа леп әкеледі. Ал бұл газет үшін өте маңызды.

– Өзіңіз айтқандай, қазір газеттің сапалы шығуына жастар жағы да белсене араласып жүр. Осы жайында айтар ойыңыз қандай?

– Көріп отырғандай, қазір газетте түрлі қосымшалар шығады. Мұның барлығы – жастардың еңбегі. Олардың ойы да, өмірге деген көзқарасы да жаңаша. Жастар газетті жаңа өмірге жетелейді, жаңа тыныс береді. Бүгін тұсауы кесіліп отырған кітаптың болашақта жалғасы солар болары даусыз. Оны ұйымдастыратын да, шығаратын да осы жастар. Ендеше жас буынның еңбегіне тек сәттілік тілейміз.

– Әңгімеңізге рахмет!

Әңгімелескен Алма ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ,
"Солтүстік Қазақстан"

ИСТОРИЯ ГАЗЕТЫ

В Петропавловске вышла книга Амандыка Жантемирова "Немеркнущая летопись земли Кызылжар".

А.Жантемиров – один из старейших журналистов нашей области, он имеет опыт работы на радио и телевидении. Но судя по этой книге, наиболее им любима работа в газете "Солтүстік Қазақстан". 90-летию этого издания и посвящено исследование.

Надо сказать, 5 лет назад (и тоже – к юбилею) была издана книга другого ветерана газеты "Солтүстік Қазақстан" Сабыра Саутбаева и взяв в руки книгу Жантемирова, я не удержался от вопроса: "Какой смысл в вашей работе, Амандык Мурзахметович? Дописали историю?"

– Книга Сабыра, ныне покойного нашего коллеги, – это сборник воспоминаний, которые записаны со слов журналистов разных времен. Она имеет свою ценность. Я попытался исследовать каждый период нелегкой судьбы издания, каждый его год. И скажу ответственно: написал полную историю газеты.

– Знаю, что в соответствии с административным делением нашего края газета для казахского читателя начала выходить в Омске в феврале 1920 года. Наверняка страницы книги об этом времени – самые любопытные.

– Организация выпуска газет не только на русском, но и на языках других народов новой страны связана с политикой, проводимой Лениным. Это приветствовалось интеллигенцией, грамотными людьми. В нашем случае стоял между тем вопрос об алфавите. С 1920 по 1929 год газета (первое название в переводе на русский – "Голос бедноты") печаталась арабским алфавитом. К сожалению, в архиве области первых ее номеров нет. После запроса в Книжную палату РК, в архивы Омска, Новосибирска, Москвы мы

получили фотокопии нескольких страниц. Поскольку я в Каз ГУ им. Кирова изучал арабский язык, то смог прочесть их.

– О чем же писали в то время?

– Сибирское бюро РКП/б/ и Акмолинский губернский революционный комитет, чьим органом был "Голос бедноты", назначили на должность первого редактора – выпускника Омской учительской семинарии Мукана Айтпенова. Это было свяано с тем, что учитель публиковался в журнале "Айқап" и своим словом стремился содействовать развитию языковой культуры, образования, здравоохранения. Понятно, что с назначением на должность у молодого редактора появилась забота подобрать штат. В те годы главным критерием профессионального соответсвия людей, пришедших в газету, было их желание поддержать социальную справедливость.

– С чем связано последующее переименование газеты?

– Могу предположить, что с личностями новых редакторов. В 1921 году редакция газеты переезжает в Петропавловск. Здесь она стала называться "Знамя свободы". Некоторое время редактором был поэт-пророк Магжан Жумабаев. В 1929 году редакцию возглавил Сабит Муканов, впоследствии один из наиболее известных писателей Казахстана. Кстати, в 1929 году газета называлась уже "Советский аул" и выходила в латинской транскрипции. Далее был переход на кириллицу.

В 1932 году название вновь меняется. В течение шести десятков лет советское поколение читателей знает ее как "Ленин туы" ("Ленинское знамя"). В 1993 году, в связи с обретением Республикой Казахстан суверенитета, сессия областного маслихата утверждает название "Солтүстік Қазақстан".

О многом говорится в книге "Немеркнущая летопись земли Кызылжар". Мой старший товарищ, деятель культуры, почетный журналист Казахстана Амандык Жантемиров, перелистывая только что отпечатанную книгу, улыбается:

– Вот, писателем под старость лет стал...

Тут надо сказать, что эта книга у Амандыка Мурзахметовича – не первая. В прошлом году он издал сборник очерков "Край мой отчий – Актомпак", отметив тем самым свое 65-летие. И, предполагаю, в замыслах новые работы.

Александр ЯРЕМЧУК

ВЕДУЩИЕ К УСПЕХУ

В преддкерии праздника очередная группа североказахстанцев получила награды в честь юбилея независимости страны.

– Казахстан был первым в проведении реформ в СНГ. Благодаря дальновидной политике Лидера нации мировое сообщество признало казахстанский путь успешным, – сказал заместитель акима области Фархад Куанганов, открывая торжественную встречу. – Накануне юбилея суверенитета страны Нурсултан Назарбаев отметил, что высокие результаты государства – это заслуга каждого гражданина Казахстана, труд всех казахстанцев привел нас к успеху. Именно поэтому награды, полученные накануне праздника, особенно важны и почетны.

Юбилейную медаль "Қазақстан республикасының тәуелелсіздігіне 20 жыл" из рук заместителя акима области получили директор областной

филармонии Ботагоз Акмагамбетова, индивидуальный предприниматель Анваршох Амироев, собственный корреспондент газеты "Егемен Қазақстан" Омир Ескали, пресс-секретарь областной мечети "Қызылжар" Амандык Жантемиров. Медалями также были награждены за значительный вклад в развитие и становление государственности и укрепление суверенитета РК директор русского областного театра драмы имени Н.Погодина Дидар Малаев, художественный руководитель театра Виктор Шалаев, директор регионального филиала компании "Виктория" Бахытжан Самиева, руководител музейного комплекса "Резиденция Абылай хана" Гульнар Сыздыкова, начальник отдела департамента Комитета контроля медицинской и фармацевтической деятель Министерства здравоохранения РК по СКО Светлана Стригалева.

Нагрудные знаки министерств здравоохранения и образования, Почетные грамоты и Благодарности акима области получили еще несколько наших земляков. Памятным подарком и дипломом за подписями вице-министра культуры и председателя общественного объединения "Колыбель солидарности" за вклад в развитие гражданского общества в Казахстане наградили Наталью Белецкую (НПО "Экосфера"), Евгения Пенькова (МО "Поиск молодых и здоровых"), Раушана Киргизбаева (ТОО (Реклам сервис"), Мариям Бапанову (управление здравоохранения) и коллектив газеты "Северный Казахстан".

ҚҰТТЫҚТАУ
Құрметті Амандық Мырзақметұлы!

Сіз бүгін оқиғаларға толы жарты ғасырды артқа салып, ер жасы елуге келіп отырсыз. Уақыт – ұшқыр. Күні кеше ғана Қарақамыс ауылында өзіңіздей қарадомалақтармен бірге мектеп табалдырығын аттаған едіңіз. Аталардың "Мұғалім бол" деген батасын алып, еңбек жолындағы алғашқы қадамыңызды мектепте ұстаздықтан бастадыңыз. Өз құрбы-құрдастарыңызды үлкен істерге жетелеп, жастар ісінің ұйтқысы болдыңыз.

Дегенмен Сіздің шығармашылыққа бейімділігіңіз, өмірге деген өздік көзқарасыңыз журналистикаға жетелеп, қолыңызға қалам ұстадыңыз. Жоғары оқу орнын тамамдап, "Ленин туы" газетінде 20 жылдан астам қызмет еттіңіз, уақыт оза облыстағы белгілі журналистер қатарынан нық орын алдыңыз. Сіздің қаламыңыздан шыққан мазмұнды, айшықты мақалалар мен очерктер, әрине, оқырмандар жадында,бүгін де Сіздің журналистік үніңіз облыстық радио арқылы кең тарауда.

Журналист-шолушы, радиобағдарламалары ассоциациясы директорының орынбасары ретінде Сіз шығармашылық еңбекті тиімді ұйымдастыруға күш салып, жас әріптестеріңізді үйретуге, тәжірибеңізбен бөлісуге жалықпайсыз. Сіздің осындай ағалық қамқорлығыңыздың нәтижесінде олардың қаламдары ширап, шығармашылық шеберліктері өсе түсуде.

Сіздің еңбек ұжымының қоғамдық өміріндегі алар орныңыз да ерекше.

Бүгінгі мерейтой үстінде әріптестеріңіздің Сізге деген жүрек түкпірінен шыққан шынайы алғыстарын қабыл алыңыз. Бұдан былай да ақжарқын мінезіңізден айнымай, бойыңыздағы күш-жігеріңізді аямай еңбек ете

беруіңізге тілектеспіз. Қаламыңыз талмай, шығармашылық табыстарға жете беріңіз.

Деніңіз сау, өміріңіз ұзақ болсын, құрметті Амандық Мырзақметұлы.

Солтүстік Қазақстан облыстық телерадиокомпаниясы ұжымы.
3.1994 ж.

За плечами у Вас 50 лет интересной, насыщенной событиями жизни! Все помнят Ваши неординарные, яркие по форме и содержанию статьи и очерки. Нельзя не отметить и Ваше активное участие во всех сферах общественной жизни коллектива! От коллег Вам искренняя благодарность, Вас знают и ценят, уверены, что и дальше Вы будете также энергичны и отзывчивы, и порадуете нас Вашими творческими удачами!

Крепкого Вам здоровья и счастья, уважаемый Амандык Мурзахметович!

Коллектив Сев. Каз .облтелерадиокомпаний
3.1994г.

Жантеміров Амандық Мырзахметұлы

1944 жылы 25наурызда Қостанай облысына қарасты Пресногорьков ауданының Қарақамыс ауылында (қазір Солтүстік Қазақстан облысына қарайды) дүниеге келген. Озерный орта мектебін бітіргеннен кейін осы ауданның Жалтырша бастауыш мектебіне (1962 ж) мұғалім болып орналасты. 1964 жылы Ақбалық сегізжылдық мектебіне тарих, физика, денешынықтыру, сурет пәндерінің мұғалімі болып ауысты. 1965 жылы Озерный совхозының комсомол комитетіне хатшы болып сайланды.

1966 жылғы 25 мамырда Солтүстік Қазақстан облыстық "Ленин туы" (қазіргі "Солтүстік Қазақстан") газетіне әдеби қызметкер болып орналасты. Осы газет редакциясында жауапты хатшының орынбасары, хабар, еңбекшілер хаттары және бұқаралық жұмыс, ауыл шаруашылығы бөлімдерінің меңгерушісі қызметтерін атқарды. Редколегия мүшесі болды.

1988 жылдан облыстық телерадиокомпанияда облыстық радионың редакторы, директордың орынбасары, директоры, облыстық теледидарда бас редактор қызметтерін атқарды. 2006 жылы газет редакциясына қайта шақырылып, бас редактордың орынбасары қызметінен зейнеткерлікке шығып, тағы үш жыл қызмет істеді. 2011 жылғы ақпан айынан 2013 жылдың мамыр айына дейін "Қызылжар" орталық мешітінде баспасөз хатшысы болды.

С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде оқып журналист мамандығын алған. Петропавлда марксизм-ленинизм университетін тамамдады. СССР және Қазақстан журналистер одағының мүшесі. ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі. "Тың және тыңайған жерлерді игергені үшін", Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесінің, "Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медалдарымен марапатталған.

"Атақоныс – Ақтомпақ", "Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі", "Жеті атаңды білесің бе?", "Сағындырған ауылым" кітаптарының авторы.

С.М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту ордені Қазақ мемлекеттік университетінің
журналистика факультетін бітірушілер
1967 – 1973 жылдар

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ

МҮШЕЛІК БИЛЕТ № 504

ЖАНТЕМІРОВ

Амандық Мырзахметұлы

Қазақстан Республикасы Журналистер Одағының мүшесі

1970 ж.

2002 ж.

СОЮЗ ЖУРНАЛИСТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ЧЛЕНСКИЙ БИЛЕТ № 504



ЖАНТЕМИРОВ

Амандык Мурзахметович

Член Союза Журналистов Республики Казахстан

ВЛАДЕЛЕЦ НАСТОЯЩЕГО БИЛЕТА НАХОДИТСЯ ПОД ЗАЩИТОЙ СОЮЗА ЖУРНАЛИСТОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Председатель Правления Союза Журналистов РК *С. Матаев*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

КУӘЛІК № 1318

ЖАНТЕМІРОВ

АМАНДЫҚ МЫРЗАХМЕТҰЛЫ

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің

МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Берілуіне мәрмәттелген

МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И ИНФОРМАЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

УДОСТОВЕРЕНИЕ № 1318

ЖАНТЕМИРОВ

АМАНДЫК МЫРЗАХМЕТОВИЧ

Удостоен (а) знака Министерства культуры и информации Республики Казахстан

МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

Министр
Е.Ертысбаев



№ 174

Союз журналистов Казахстана

За выдающиеся заслуги
и весомый вклад в развитие
казахстанской журналистики

Жантемиров

Амандык Мырзахметұлы

награждается почетным знаком
«Қазақстанның күрметті журналисі»

Председатель правления
Союза журналистов РК
С. Матаев

KAZAKHSTAN UNION OF JOURNALISTS АЛМАТЫ



А № 938018

УДОСТОВЕРЕНИЕ

В соответствии с Указом Президиума Верховного Совета СССР от 20 октября 1956 года

Жантемиров
Амандык

от имени Президиума Верховного Совета СССР награжден медалью „ЗА ОСВОЕНИЕ ЦЕЛИННЫХ ЗЕМЕЛЬ"

От имени Президиума Верховного Совета СССР медаль вручена

31 октября 1967 г.

секретарь исполкома Северо-
(должность и подпись лица,

м. п. Казахстан. обл. совета д/т
вручившего медаль)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 10 қарашадағы Жарлығы бойынша

Жантемiров
Амандық
Мырзахметұлы

"Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл" мерекелік медалiмен наградталады

Қазақстан Республикасының Президенті



Постанов. от 11/XII-81 г.
№ 995-Н

УДОСТОВЕРЕНИЕ

№ 57785

ЗА ДОСТИГНУТЫЕ УСПЕХИ В РАЗВИТИИ НАРОДНОГО ХОЗЯЙСТВА СССР

Главный комитет ВДНХ СССР
НАГРАЖДАЕТ

БРОНЗОВОЙ
МЕДАЛЬЮ
ЖАНТЕМИРОВА
Амандыка

Главный комитет Выставки достижений народного хозяйства СССР




ГРАМОТА

Северо-Казахстанский
областной комитет профсоюза
НАГРАЖДАЕТ
ПОЧЕТНОЙ ГРАМОТОЙ
ЖАНТЕМИРОВА АМАН-
ЖИКА
Участника первого слета
молодежно-молодежных коллективов
области.

16/III
1965 г.

Секретарь ОК ЛКСМК: /А.Смагулов/



ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

Товарищ ЖАНТЕМИРОВ АМАНЖИК МУРЗАХМЕТОВИЧ –
заведующий отделом сельского хозяйства газеты "Ленин туы"
награждается Почетной грамотой Северо-Казахстанского
областного комитета Коммунистической партии Казах-
стана за активную работу по пропаганде марксизма-
ленинизма, коммунистическому воспитанию трудящихся.

Секретарь
Северо-Казахстанского
обкома КП Казахстана

26 февраля 1980 Э.Джуманов



ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

[illegible] АМАНДЫК МУРЗАХМЕТОВИЧ - диктор
Петропавловской студии телевидения, собкор республиканского
агентства "Хабар" в связи с 60-летием образования области,
за большой личный вклад в развитие ее культурного потенциала,
пропаганду достижений и патриотическое воспитание северокази-
станцев, многолетний и добросовестный труд в журналистике,
высокое профессиональное мастерство.

[illegible] области

10 октября 2000 года
г.Петропавловск



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АЛҒЫСЫ

ЖАНТЕМІРОВ

АМАНДЫҚ МЫРЗАХМЕТҰЛЫНА

Сіз жүйрік облыс экономикасының ауқымды, кешенді реформаны шебер және оптимал пайдаланғаны үшін алғыс білдіремін. "Даулет" сәбилер цилы реформаларды елге, жеңдеріңізді іскерлікті дамыту жолдарымен және ағарту ісіңізді ой-өрім мықты адамдармен танытқаныңыз.

Сіз тілектің, жаңа ізгіліктің кеңдігіңіз мен шығармашылық табыс, денсаулық және игілік тілеймін!

Солтүстік Қазақстан облысының
әкімі Қажымұрат Нағманов

Петропавл қаласы
2000 жыл 28-ші маусым



ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫ


Әлеуметтік-экономикалық өңірлік бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мемлекеттік ақпараттық саясатқа кәсіби және белсенді қатысқаны үшін және Қазақстан Республикасының Баспа, телевизия және радио күніне байланысты

ЖАНТЕМІРОВ
Амандық Мырзахметұлы

МАРАПАТТАЛАДЫ

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі С. Білялов

Петропавл қаласы
2008 жылдың маусым



МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ, ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО СОГЛАСИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ПОЧЕТНАЯ ГРАМОТА

НАГРАЖДАЕТСЯ

Жантемиров
Амандык Мурзахметович

За активную пропаганду социально-экономического развития страны и в связи с профессиональным праздником-Днем печати

Министр М. Кул-Мухаммед

г. Астана июнь 2001 г.



КУӘЛІК

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, облысын дамытуға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына өзіндік үлес қосқаны, жастарды қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеуге белсенді қатысқаны үшін

Солтүстік Қазақстан облысының журналистика ардагері

АМАНДЫҚ МЫРЗАХМЕТҰЛЫ ЖАНТЕМІРОВ

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Серік Білялов сыйлығының иегері болып табылады

Серік Білялов

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі



Құрмет грамотасы

«Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрі Жантеміров Амандықты ақпараттық қызмет пен қоғамдық келісім саласындағы ұзақ жылдық жемісті еңбегі үшін марапаттайды

«Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі» РМК

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз....3
1. Қарақамыс деген ауыл бар
Ауылым – алтын бесігім....4
Ата-баба рухына тағзым....7
Демеушілер....10
Арқа сүйер азаматтары бар....11
Үмітпен кіріп, сеніммен шықты....13
Қапсыт (Аткелтір)....14
2. Қиын да қызығы мол мамандық
Балалық шағым, бал шағым....63
Алғашқы мақала....67
Орындалған арман....71
Біз де тілші болғанбыз....75
Баспахана қиындықтары....80
Қиын да қызығы мол мамандық....85
"Қызылжардан сөйлеп тұрмыз"....87
Қонақ аз отырып, көп сынайды....93
3. Тұғыры биік тұлғалар
Елтінжалдың еркесі еді....96
Мен білетін Ғабең....99
Хаттар сыры....102
Аналардың анасы....111
Жазықсыз жапа шекен еді....115
Қазақ жерін қызғыштай қорғаған....118
Әлемге әйгілі Вольф Мессинг....120
Батыр барлаушы....123
Мінезін майдан шыңдаған....127
Әмина апай....129
Білікті басшы, адал азамат болатын....132
Алтын жұлдызды Хайни-Жамал....135
Жұлдызы жарқыраған диқан....138
Қайран, Бөкес апам-ай!....143
Күлкісі құлағымнан кетпейді....146
4. Елу жыл өткен соң
Интернатта оқып жүр....151
Қош бол, алтын ұя мектебім....156
Встреча через полвека....161
Дос туралы сөз....162
5. Иман-таразы
Жерлеу рәсімін бәсекеге айналдырмайық....164
Он екі айдың сұлтаны....167
Мал шашқаннан не пайда?....171
Кешірім жолын ұстанайық....173
Бір қисуаның тарихы....177

6. Қойын дәптерден

Сәлем берудің пайдасы....179
Пірадарға құман....181
Тұлпар....183
Достарымды үйлендірген едім....184
Зектің бастығы....186
Орыс мауыздаған қой....187
Шәйларың қайда....189
Машина б/у....190
Аңдамай сөйлеген....192
Бір ауылда 60 мөр, 70 жоба....193
Кәдеге жараған қоршау....196
Барымташы....196
Өлімнен ұят күшті....198
Ашынғаннан жазылған хат....199

7. Пікірлер. Құттықтаулар

С любовью к родной земле....202
90 жылдың тарихы....203
История газеты....204
Ведущие к успеху....205
Құттықтау....206
Жантеміров Амандық Мырзахметұлы....207

Амандық ЖАНТЕМІРОВ

САҒЫНДЫРҒАН АУЫЛЫМ

Бұл кітапқа облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің бұрынғы және қазіргі фототілшілері Василий Шейкин мен Амангелді Бекмұратов, Талғат Тәнібаев, інім Амантай Жантемiров, интернаттың 1961-1962 жылдардағы тәрбиешісі Әмиль Сейдалиң, сондай-ақ әр жылдары өзім түсірген фотосуреттер пайдаланылды.

Мәтінді терген Әсел Смаилова
Безендіруші Айгүл Умарова

2013 жыл, тамыз.
Таралымы 150 дана.
«Полиарт» ЖШС

Амандық Мырзахметұлы ЖАНТЕМІРОВ



Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстанның құрметті журналисі, „Атақоныс–Ақтомпақ“, „Қызылжар өңірінің өшпес шежіресі“, „Жеті атаңды білесің бе?“ және „Сағындырған ауылым“ кітаптарының авторы.